The above set of exercises develops the preparatory stage of context-oriented communication and allows you to go to the stage of modelling typical situations and variations within the basic model of situations. The creators and adherents of the cognitive-linguocultural methodology of foreign language education have proposed various sets of sequential actions that prepare modelling situations, but preserve the logic of having a single common algorithm for going through the steps for modelling typical situations and their variations. So, for example, when researching and formulating intercultural and communicative competence in the field of commercial international communicative activity (A.B. Tynyshtybaeva) - the so-called commercial-communicative stage of training includes a sequence of levels that simulate real communication, namely: 1) acquaintance with a model (dialogue) corresponding to a standard (typical) situation, as well as its analytical preparation and understanding using a series of communicatively-oriented exercises, 2) strategic development and tactical skills for each standard model of the situation, 3) modelling of situations such as the standard for the development of flexible professional communication skills. 4) business and professional games to illustrate the achieved level of communicative and professional competence.

Discussion. Thus, the model as an object for gaining knowledge and a tool for transforming the original (or research) object allows you to realize the main functional goal: using the similarity law to establish uniform corresponding relations between two objects to acquire knowledge about the original object, based on abstract and logical mental processes. Modelling is characterized by features based on activities, transformations and processes, which are especially important for deciding whether it can be applied in communication theory [1, p.160].

It should be noted that the idea of modelling the situation to the formation of intercultural and communicative competence is the most unusual, maybe even unique. This can be explained by the complexity of diversity since the number of verbal processes found in the course of social interaction is so great that it is difficult to predict. Therefore, the modern interpretation of the concept of "communication" is dominated by a socio-psychological analysis of the system of interpersonal and social communication, since a very complex system of connections connecting a person with the outside world is manifested through the intercultural communication.

The legitimacy of the definition of communication as the implementation of the entire system of human relations is also confirmed by the fact that human society itself is unthinkable outside of communication, which acts in it as - a means of uniting people; - as an environment for personality development during social relations (at the micro-level); - as a social environment in which an individual unites with others through interpersonal relationships and communication (at the micro-level); - as a secondary social category related to the system of social interaction in the context of the primacy of social relations (interpersonal and social), since verbal communication is generated by the system of social relations that exist between people. This socio-psychological approach is justified not only by the active nature of communication but also by the idea of synthesizing activity and communication - the leading concept of Soviet psychology. After all, collective activity, whether intellectual

or work-related, takes a combined form of collective activity and communication, and therefore these two concepts must be analysed in unison.

However, accepting the essential unity of “activity” and “communication”, the researchers did not come to a consensus on the nature and status of their relationship. There are three main views: 1) “activity” and “communication” are two parallel aspects of social life that are interconnected as processes; 2) “communication” is a special element of “activity”, while “activity” creates the conditions for “communication”; 3) “communication” is a special type of “activity” (“communicative activity”). In addition to these views, which are based on the assignment of different roles to two concepts, others support - a broader interpretation of the unity of the two concepts, where communication and the aspect of collective activity are a special derivative of common activity. This raises communication to the level of the most important aspect of activity – verbal and cogitative, while the activity itself is defined as objective content since its essence and function are manifested through the content of the communication. From this point of view: 1) communication is included in all types of activities 2) communication plays the role of organizing, generalizing and planning activities, as well as other characteristic functions, such as studying, influencing, etc.

It is worth paying attention to the study shown by Tran, T.Q., Duong, T.M. that the ICLT (Intercultural communicative language teaching) model as one of the productive models was seen as an effective form of intercultural language education to facilitate the achievement of learners’ intercultural communicative competence; (both language competence and intercultural competence). Generally, both the learners’ language competence and intercultural competence developed in a similar pattern, which indicates that learners can learn intercultural content through language content and vice versa. This study might suggest that in a long term the ICLT model can equip learners with intercultural communicative competence to become intercultural speakers who can be fluent in a foreign language and function appropriately and effectively in the context of globalization. However, there should be radical changes in teaching methodology which shifts its current approach to intercultural language approach. The ICLT model should be experimented at various educational levels in different contexts to further confirm the effectiveness of this model. Additionally, different supportive factors on learners’ ICC development should be scrutinized to facilitate the process of learners’ intercultural language learning [5].

Conclusion. As a result of this, it is correct to begin modelling the educational process with stereotypical communicative situations that reflect sociocultural or linguocultural models of cooperation between people that are characteristic of representatives of a particular socio-and linguistic culture. "Communicative situation" as an integral component of intercultural communication has all its inherent characteristics and characteristics of intercultural communication. Since the process of intercultural communication can be represented as a sequence of communicative acts to facilitate cooperation between communicators, as already mentioned, an individual, the specific communicative act is still able to reflect the characteristics of the entire communication process. This means that the simulation can occur within the reduced parameters, while at the same time still corresponding to the original object as a whole.

References:

1. Kunanbaeva S.S. *Modern foreign language education: methodology and theory*. – Almaty, 2005. – 262 p.
2. Kulibaeva D.N. *An innovative model for the formation of internationally standard levels of foreign language proficiency in international schools*. – Almaty 2002. – 216 p.
3. Abdurazova P.A., Raiymbekov Y.B., Daukeyeva A.A. *Theoretical modelling as a method of developing the awareness of students' knowledge in chemistry classes in high school // Bulletin of Kazakh national pedagogical university after Abai, Series «Pedagogical sciences» №1 (61), 2019. – 402 p.*
4. Geykhman L.K. *Interactive teaching of communication as a model of intercultural communication*. // *Vestnik MSU. Series 19. Linguistics and intercultural communication*. - 2003. – No. 3.
5. Tran, T.Q., Duong, T.M. *The effectiveness of the intercultural language communicative teaching model for EFL learners*. *Asian. J. Second. Foreign. Lang. Educ.* 3, 6 (2018). *PubMed Central and Web of Science (Clarivate Analytics)*. <https://doi.org/10.1186/s40862-018-0048-0>
6. *The Law on Education of the Republic of Kazakhstan. No. 389-13 of the Republic of Kazakhstan. 06/07/99. Astana city.*
7. *The concept of development of education of the Republic of Kazakhstan for 2015 on 04.11.2004.*
8. *The concept of development of foreign language education of the Republic of Kazakhstan. Almaty, 2004.*
9. *The concept of language education of the Republic of Kazakhstan (draft)*. – Almaty, 2010
10. *A model program for the practical course of the main foreign language*. – Astana, 2003
11. Andreeva G.M., Yanoushek Y. *The interrelation of communication and activity. Communication and automation of joint activities*. – M., 1987.

МРНТИ 14.01.21

М.М. Зұлтыхарова¹, Г.Т. Садуақас¹, М.Ж. Сұлтанбек²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

²Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті PhD, аға оқытушы
Түркістан қ., Қазақстан

«АКАДЕМИЯЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада «академиялық дарындылық» ұғымының генезисі, даму ерекшеліктері сипатталады. «Академиялық дарындылықтың» философиялық категориялары: интеллект; акт; қабілет; ойлар мен мадақтар жолы; даналық; адамдарға қатысты айырмашылық; жоғарғы идеялар; монадалар; диадалар; триадалар пайымдаушылық; шығармашылық белсенділік; «вегетативтілік»; «сезімдік»; «рационалдық»; жетік бақыт, дианоэтикалық ізгілік; ойланушының көптілігі (дуальдылығы); ішкі даму; генерация динамикасы; өздігінен дамитын және атемпоральды болмыс ғылыми түсініктеріне талдау жасалады. Сонымен қатар психологиялық білім бойынша категориялары: керемет менгеру қабілеттілігі; оқу қабілеті; туа біткен қасиеттер; нақты қатынастардың жеке конгломераты; жоғары интеллект; жылдам ойлау; креативтілік; талант; дана(мінез-құлық) түсініктеріне сипаттама беріледі. Мақалада интеллектуалдық танымдық дамудың жоғары шегі; терең білім алу; қалыптан тыс табысты нәтижеге жетуге бағытталған іс-әрекеттің жоғары деңгейі; пәндер мен қызмет түрлеріне ерекше қабілеттер; пәндік мазмұнды түсінуге жоғары бейімділік түсініктері педагогикалық тұрғыдан «академиялық дарындылықтың» мазмұнын құраушылар ретінде баяндалады.

Мақалада диагностикалық жұмыстар жайлы талданады. Айқындау экспериментінің мақсат, міндеттері, оның ұйымдастырылу алгоритмі ұсынылады. Айқындау эксперименті «6В01301-бастауыш білім беру бағдарламалары» бойынша білім алушыларға А.И. Савенковтың «Дарындылық картасы» әдістемесінің негізінде жүргізілді. Сауалнама арқылы студенттердің академиялық дарындылығы АКТ, музыка, көптілділік, бизнес-инновация сфералары бойынша анықталып, оның нәтижелері беріледі. Ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

Түйін сөздер: дарындылық, академиялық дарындылық, академиялық үлгерім, креативтілік, шығармашылық белсенділік, интеллектуалдық танымдық даму, жеке конгломерат, талант, монада, диада, триада.

Зұлтыхарова М.М.¹, Садуақас Г.Т.¹, Сұлтанбек М.Ж.²

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

³ *Международного казахско-турецкого университета Ходжи Ахмеда Ясауи*

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПОНЯТИЯ «АКАДЕМИЧЕСКАЯ ОДАРЕННОСТЬ»

Аннотация

В статье раскрывается генезис понятия «академическая одаренность», особенности ее развития. Философские категории «академического одаренности»: интеллект; действовать; способность; образ мыслей и похвалы; мудрость; различия в людях; лучшие идеи; монады; диады; триады рассуждений; творческая деятельность; «вегетативность»; «эмоциональный»; «рациональный»; совершенное счастье; дианоэтическая добродетель; множественность (двойственность) мыслителя; внутреннее развитие; динамика генерации; анализируются научные концепции саморазвивающегося и вневременного существования. Также существуют описание категории психологического образования: отличное мастерство; умение читать; врожденные качества; индивидуальный конгломерат специфических отношений; высокий интеллект; быстрое мышление; творческий активность; талант; единиц (поведения). В статье говорится, что понятие «верхняя граница интеллектуально-познавательного развития; глубокие знания; высокая активность, направленная на достижение выдающихся результатов; специальные способности к дисциплинам и деятельности; высокая склонность к пониманию содержания предмета описывается педагогическая как составляющая содержания «академического одаренности».

В статье анализируется диагностическая работа. Предлагаются цель, задачи эксперимента, алгоритм его организации. Эксперимент проводился на основе методики А.И. Савенкова «Карта одаренности» для студентов по образовательная программа «БВ01301-начальное образование». Анкета определяет академические способности студентов в области ИКТ, музыки, полиязычия, бизнес-инноваций и представляет результаты. Подготовлены научно-методические рекомендации.

Ключевые слова: одаренность, академическая одаренность, академическая успеваемость, креативность, творческая активность, интеллектуально-познавательного развития, индивидуальный конгломерат, талант, монада, диада, триада.

Zulpykharova M.M.¹, Sadvakas G.T.¹, Sultanbek M.Zh.²

¹Kazakh national pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

*²Khoja Akhmet Yassawi International KazakhTurkish University
Kazakhstan, Turkestan*

THEORETICAL ASPECTS OF THE CONCEPT OF «ACADEMIC GIFTEDNESS»

Abstract

The article describes the genesis of the concept of «academic giftedness», features of its development. Philosophical categories of «academic giftedness»: intellect; act; ability; way of thoughts and praise; wisdom; differences in people; top ideas; monads; diads; triads of reasoning; creative activity; «vegetativeness»; «emotional»; «rational»; perfect happiness, dianoetic virtue; multiplicity (duality) of the thinker; internal development; generation dynamics; the scientific concepts of self-developing and atemporal existence are analyzed. There are also categories of psychological education: excellent mastery; ability to read; innate qualities; individual conglomerate of specific relationships; high intelligence; quick thinking; creativity; talent; the concepts of units (behavior) are described. The article states that the upper limit of intellectual cognitive development; deep knowledge; high level of activity aimed at achieving extraordinary results; special abilities for disciplines and activities; The concept of high propensity to understand the subject content is described education as a component of the content of «academic giftedness».

The article analyzes the diagnostic work. The purpose, tasks of the experiment, the algorithm of its organization are offered. The experiment was carried out on the basis of the method of A.Savenkov «Giftedness Map» for students of «БВ01301-primary education programs» The survey identifies student's «academic giftedness» in the fields of ICT, music, multilingualism, business innovation, and presents the results. Scientific and methodical recommendations are prepared.

Keyword: giftedness, academic giftedness, academic performance, creativity, creative activity, intellectual and cognitive development, individual conglomerate, talent, monad, dyad, triad.

Кіріспе. Әлемнің ақпараттануы мен жаһандану жағдайына көшуі еліміздің экономикалық және саяси өміріндегі елеулі өзгерістер барысында білім беруді түбегейлі қайта құру проблемасын туындатты. Қазіргі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – шығармашылық трансформациялық іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыруға және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, қалыптан тыс ойлаудың инновациялық түрі бар, бәсекеге қабілетті, білімді, құзыретті тұлғаны қалыптастыру.

Сәйкесінше, дарындылық мәселесінің өзектілігі артып, білім беру желісін қайта бағыттау қажеттілігіне және дарынды тұлғаны анықтау, оны дамыту үшін жағдай жасауға баса назар аударылуда. Білім берудің тиімділігі сол, оның қоғам қоятын талаптарды қанағаттандыру қабілеті педагогтардың кәсіби міндеттерді орындауға дайындық деңгейіне байланысты, олардың арасында дарындылықты анықтау және дамыту ерекше орын алады.

Бұл ретте Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасындағы мақсаты, жан-жақты дамыған білімді, мәдениетті, дарынды, отаншыл, ұлтжанды ұрпақ қалыптастырудағы іс-әрекеттерге басымдық берудің қажеттілігін түсіну деп берілген. Ал «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасының екінші аспектісі – ғылым саласын дамыту, еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруда парасатты ойлау, білім, ғылымды шебер үйрену өнерінің дамуына жағдай туғызу және қолдау. Бұл ұлттық жобاداғы интеллектуалды ұлт құрау үдерісінде студенттердің *ойлау, үйрену қабілетінің* басымдығына назар аудару басты мәселе.

Әрбір кәсіби даярлау жағдайындағы білім алушылар (студенттер, болашақ мамандар) – еліміздің болашақ ұлтты құраушы тұлғалар дейтін болсақ, парасатты ойлау, үйрену өнері ғылыми-философиялық

тіркестердің аспектілері бізге келесідей мүмкіндік жасайды. Олар: *жаңа теория жасау, терең білімді игеру, кәсіби алғырлық, жоғары біліктілік, ұлттық мүддеге қызмет ету, жасампаздық, озық технология иегері, ақпараттық өрлеу дескрипторы, жаңа философиялық пайымгер (креативтілік), рухы биік кемелді болу.*

Ендеше, парасатты ойлау, үйрену өнерінің аспектілері **«академиялық дарындылықты»** дамытудың қозғаушы күші болады. Осыған орай, жоғарыда көрсетілген аспектілер студенттердің академиялық дарындылығын дамытуда функционалды жағынан тірек категориялар болары анық.

Біздің зерттеуіміздің көкейтестілігін анықтайтын тағы бір мемлекеттік құжат, ол Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың **2020-2025** жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болмақ. Бағдарламада білім беру жүйесінің негізгі тұстарын SWOT-талдаумен көрсетеді. Мұнда SWOT-талдаудағы күшті жақтарының кейбірі: *педагог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету; білім беру мазмұнын жаңарту; ЖОО-дарының академиялық еркіндігін кеңейту; өсу нүктелерінің болуы,* - деп көрсетілген. Ендеше, мұндағы SWOT-талдаудың күшті жақтары болашақ бастауыш білім алушыларының академиялық дарындылығын дамытуда негізге алынуы қажет деп санаймыз. Олай деуге негіз бар. Соңғы он жыл көлемінде ЖОО-дағы бастауыш білім беру саласының өсу нүктелері бұрынғыдан жоғарылады. «6B01301-бастауыш білім беру» бойынша студенттерді қазіргі күні *«Бастауыш білім бизнес инновациялармен»; «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі көптілділікпен»; «Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен»; «Бастауыш білім ағылшын тілінде»* біліктіліктері бойынша кәсіби даярлау жүзеге асырылып жатыр. Демек, болашақ бастауыш білім алушыларының танымдық сала ерекшеліктеріне сай қабілеттілігі мен академиялық дарындылығы бойынша кәсіби даярлауға бағыт-бағдар беріледі. Сондықтан «академиялық дарындылықты» зерттеудің теориялық немесе практикалық маңыздылығы дарындыларды анықтау, таңдау және дамыту мәселесінің көбінесе академиялық тұрғыда туындайтындығымен түсіндіріледі. Өйткені, дарындылықтың бұл түрі адам қызметінің ең кең салаларының тәжірибесін игерумен байланысты, әсіресе кәсіби жолда өзін-өзі анықтаудағы қандай да бір кәсіпке бағыт алу кезеңінде маңызы жоғары.

Біз, ең алдымен «дарындылық» феноменінде ізденушілік жұмыстарды зерделеуде айтарлықтай зерттеулер саны артқандығын алға шығарамыз, оларды жүйелеуді жөн санаймыз. Философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде білімнің әр түрлі саласы (философия, психология, генетика, физиология, педагогика) кешенді пәнаралық зерттеуді талап ететін дарындылық табиғаты күрделі әрі көпқырлы болғандықтан ғалымдар оны әр түрлі қырынан **қарастырды:**

- *дарындылықтың мәнін анықтау* (J.Guilford, J.Renzulli, R.J. Stemberg, R.Terman, E.Torrance, И.П. Павлов, Л.Выготский, Қ.Б. Жарықбаев, У.Б. Жексенбаева, Л.М. Нарыкбаева, Н.Бельская, Л.Венгер, Н.Лейтес, А.Матюшкин, А.Хуторский, т.б.);

- *дарындылықтың салалары мен түрлерін бөлу* (математикалық (Ж.О. Умбетова, В.А. Крутецкий т.б.); көркем сурет-бейнелеу (Г.И. Кудина, А.А. Мелик-Пашаев т.б.); әдебиеттік (Е.А. Корсунский, З.Н. Новоявленская т.б.); өнердің алуан түрі бойынша дарындылықты (немесе жалпы көркем дарындылық) (Н.В. Гончаров және т.б.); музыкалық (В.В. Кузьмин және т.б.); психомоторлық (М.И. Гуревич, т.б.);

- *дарындылық диагностикасы* (Рубинштейн, Г.Айзенк, Ю.Бабаева, Д.Векслер, Г.Гарднер, А.Савенков, Н.Литвинова, В.Д. Щадриков және т.б.);

- *дарындылықты зерттеудің тарихи аспектілері* (Л.Выготский, А.Балацинова, О.Мазяр, Б.Шаповалов, т.б.);

- *дарындылықты дамыту мәселелері* (Н.Лейтес, А.Матюшкин, А.Савенков А.Хуторский, Г.Мелхорн, т.б.);

- *дарындылықты дамытуға жеке көзқарас* (Н.Лейтес, т.б.);

- *дарындылықты тумалы нышандар негізінде дамуы мәселесі* (Д.Хебб, Б.Г. Ананьев, Б.М. Теплов, В.Д. Щадриков, А.В. Брушлинский, т.б.) ғылыми еңбектерде көрініс береді.

Біздің елімізде «дарындылық» бойынша жұмысты жетілдірудің мынадай бағыттары бойынша зерттеулер зерделенді:

- *дарынды балалармен жұмысты ұйымдастырудың басқару аспектісі* (У.Б. Жексенбаева, Г.Х. Буханова, Б.А. Нурмагамбетова, А.Т. Туралбаева, т.б.);

- *мектепке дейінгі шақта балалардың дарындылығын дамыту* (Г.С. Байтүреева, О.А. Жумадилаева т.б.);

- *дарындылықты дамыту шарттары* (Л.М. Нарыкбаева, С.В. Кузнецова, И.А. Бевз, Н.Н. Телепнева, Ж.К. Елеупаева, Л.Казангапова, т.б.).

Жоғарыда біршама ғылыми ізденістерден топтастырылған зерттеулерді көрсетіп отырмыз. Ендігі кезекте дарындылықтың түрлері, оның ішіндегі академиялық дарындылықтың генезисі, білімдеп бойынша даму ерекшеліктері жайлы баяндайтын боламыз.

Бізге «академиялық дарындылық» ұғымын қамтамасыз ететін негізгі философиялық категорияларды түзуде келесідей: *интеллект, акт, қабілет, ойлар мен мадақтар жолы, даналық (адамның адамға қатысты ие болатын білімі), адамның өзіне қатысты бірегейлілік, басқа адамдарға қатысты айырмашылық, жоғарғы идеялар, идеяларды монадалар, диадалар, триадалар ретінде пайымдаушылық, шығармашылық белсенділік, «вегетативтілік», «сезімдік», «рационалды», жетік бақыт, дианоэтикалық ізгілік(кәмілдікке жету, «phronesis» – байыптылық және «sophid» – даналық), ойланушының көптілігі (дуальдылығы) - ойланғанның көптілігі, ішкі даму, генерация динамикасы, өздігінен дамиды және атемпоральды (уақыттан және жаңғырудан тыс) болмыс, т.б. ғылыми түсініктер бастауы сипат берді.*

Зерттеудің әдіснамасы. Бұл бөлімде біз, «академиялық дарындылықтың» қандай да бір қабілеттер жиынтығынан басталып, өзіндік даму, қалыптасуы бар ұғым екендігін негізге ала отырып сипаттама береміз. Студенттердің академиялық дарындылығын дамытудың әдіснамалық негіздерін басшылыққа алатын боламыз. Бұл үшін бізге зерттеу логикасының құрылымына сай әдістерін таңдау қажеттігі туындайды, Зерттеу әдістері:

- теориялық: талдау, жинақтау, абстракциялау, нақтылау, контент-талдау;

- эмпирикалық зерттеу әдістері: объекті іздеу, сауалнама, диагностикалау, бақылау, математикалық өңдеу.

Грек философиясы мен гуманистік-қайта өрлеу идеялары мен үрдістеріне дейінгі аралықта «академиялық дарындылықтың» генезисі және қалыптасуы бірнеше ғасырларды қамтиды. Ендеше, философиялық ойларды хронологиялық ретпен талдап өтейік.

Парменид VI ғасырдың екінші жартысында Элеяда (қазір Велиа) дүниеге келіп, б.з.д. V ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген философ. «Табиғат туралы» деген оның поэмасында жалпы қабілеттілік, ол – **ойлар мен мадақтар жолы**. Парменидтің маңызды қағидаларының бірі – **шынайылық жолы** («дұрыс жөнделген шындықтың жүрегі»): болмыс бар, оның болмауы мүмкін емес; бейболмыс жоқ, және оның болуы мүмкін емес, деп тұжырымдайды [1]. Парменидтің философиялық пәлсапасынан «академиялық дарындылық» шынайылық жолында ойлардан құралып, өңделіп, түбінде мадақтар жолын көрсетеді деп айқындаймыз.

Сократтың ілімі: «...адам маңыздылығының ашылуы неде?» деген сұраққа жауап іздеді. Сократ адамға тоқталды, бірақ мәселені тереңдете отырып: «Шындығына келетін болсақ, мені даналықты іздеуден басқа ештеңе басқара алмайды. Ал осы даналық дегеніміз не? Бұл нақты мағынасында бұл адамзаттың **даналығы** (яғни, **адамның адамға қатысты ие болатын білімі**), осы білімділікке қатысты, мүмкін мен дана шығармын» деп көрсетті. Қорытындысында Сократ үшін «жанның ұраны өзін өзі танып-білу, сол себепті ол сананы билейді» ұраны алдыңғы шепте болды. Сократтың өз іліміне сыни рефлексиясы осылай қалыптасты [1,75 б.]. Сократтың еңбектеріне талдау жасауда «академиялық дарындылық», ол – даналық, адамның адамға қатысты ие болатын білімі деген негізгі түйінді аламыз.

Платонның біртұтастық пен бүтіндікті «өлшем» ретінде немесе ұйқастық ретінде анықтағанын айта аламыз». Платонның мінсіз әлемінің құрылымын түсіну үшін екі мәнді тараптар туралы атап өту қажет. Бірыңғайлық және диада ұстанымдарынан шығатын идеяларды уақытша үдеріс ретінде түсінбеу керек. Оның мақсаты – өздігінен дамиды және атемпоральды (уақыттан және жаңғырудан тыс) болмыс тәртібін дискурсты үлгіде қолжетімді ету. Демек, алғаш осындай белгілі бір **идеялардың туындауы**, сосын келесілерінің туындауынан идеялардың хронологиялық рет бойынша үдемелілігі, онтологиялық қасиеттің басымдылығы болып табылады. Мұндай мағынада алғашқы бастамадан соң бірден **«басты» идеялар** туындайды [1,124 б.]. Платон кейбір идеяларды **монадалар, диадалар, триадалар** және т.с.с. ретінде пайымдауы мүмкін, себебі олар ішкі үйлесімі немесе басқа идеялармен қарым-қатынас типі бойынша сәйкес келеді.

Грек философиясында Аристотель: «Адамдар философиялай отырып, білімді басқа біреудің **тәжірибелік пайдасы үшін емес, өздері үшін іздейді**», – деп жазды. Барлық гректің ой танымы осыны дәлелдеді. Аристотельдің «академиялық дарындылық» жайлы пікірі, ол – өзін-өзі тануға арналып, бірегейлілікті алға шығарады. Аристотельдің тілімен айтқанда, бұл **шығармашылық белсенділігінің** өнімі. Оны «вегетативтілік», «сезімдік», «рационалды» деп түрлерге бөліп қарастырған. Оның философиясы ең бай білім жолы. Дианоэтикалық ізгілік және **«жетік бақыт»**. Рационалды жанның кәмілдікке жетуі – **«дианоэтикалық» (грекше «екі»+«ноэсис»)** ізгілік болып табылады. Рационалды

жанның екі қырқағидалармен қарым-қатынас жасайды. Осы жерден екі дианоэтикалық ізгілік туындайтындығын, **«phronesis» – байыптылық және «sophid» – даналықты** бөліп зерттейді [1, 189 б.] .

Александр Афродисийский (б.з. 198-211 жж.) Семптим Север тұсында Афинада оның философия кафедрасы болған. Александр өзінің **зияткерлікті** түсіндіруімен белгілі, және оның идеялары ортағасырлық, сонымен қатар ренессанстық санаға елеулі әсер етті. Александр адамдық зияткерліктің үш түрін бөліп көрсетеді: 1) материалды, немесе физикалық, **зияткерлік**, яғни таза мүмкіндікті, танымның әлеуеттілігін; 2) өз әлеуетін қалыптастыра отырып, түрді материядан бөліп, өзінің **ойлау қабілетін** арттыратын зияткерлік; 3) әрекет етуші немесе **тиімді интеллект** [1,197 б.]. А.Афродисийскийдің философиялық ойларынан «академиялық дарындылық» бірнеше интеллект түрлерінен құралып отырғандығын негізге аламыз.

Плотин (Платонның шәкірті) (б.з. 205-270 жж.) ілімі бойынша белсенділік – бұл әлі құрастырылмаған (интелигибельді материя сияқты әлдене); формаға ие болуы үшін ол: 1) өзінің бірінші бастамасын аңдауы, онымен нәрленуі және толуы мақстында айналуы қажет. Содан соң 2) бұл күш өзіне қайтып келуі және өзінде жүзеге асуы керек. Бірінші кезеңде субстанция-болмыс пайда болады, ал екіншісінде – ойдың өзі. Осылай ойланған мен **ойланушының көптілігі (дуальдылығы), сонымен қоса ойланғанның көптілігі** туындайды [1, 198 б.].

Философ Авиценнаның ықпалы **«Генерация логикасын»** құрады. «Гносеологиялық тұрғыдан алғанда, бұл ақыл **потенциядан ақтқа**, интеллекттің енжар жағдайынан индивидуумның саналы әрекетіне өтуді қамтамасыз етеді. Осындай нәрсе иррадиация жолымен (соның арқасында **кәдуілгі интеллект** бар), универсалды ұғымдардың көмегімен абстракцияланушы нақтылықтың жолымен (**белсенді интеллект**), сондай-ақ индивидуалды интеллекттің жоғарғысына өтуі арқылы болады және бұл соңғысы мейлінше күрделілігінің арқасында тек таңдаулыларға (**қасиетті интеллект**) ғана тиесілі» деп пайымдайды [1,84 б.]. Ендеше біз, Авиценнаның еңбектерінен «академиялық дарындылыққа» мазмұны «кәдуілгі, белсенді, қасиетті интеллекттердің» тобынан тұратындығын байқаймыз.

Жоғарыда талданған философиялық тұжырымдар «академиялық дарындылықтың» бастауы ретіндегі мазмұнға ие. «Академиялық дарындылықтың» генезисі, оның қалыптасуы алға жылжуды көрсетеді. Бірақ бұл тұста психологиялық даму ерекшелігі мен сыртқы әсерлер аралық рөл атқарады. Ендеше біз, келесіде «дарындылық», «академиялық дарындылық» ұғымдарының психологиялық тұрғыдағы талдауларына тоқталамыз.

Қ.Б. Жарықбаев өзінің еңбегінде: «Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық деп атайды. Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке қызметінің тума типіне (**мида уақытша байланыстардың тез жасалып, берік орнығуы**, жүйке үрдістерінің қозғалғыштығы динамикалық стереотиптердің шапшаң жасалып, оңай өзгеруі, т.б.) байланысты болып келеді. Дарынның дамуына қолайлы жағдай туса, ол ерте көзге түсетін болады», - деп сипаттайды [2].

Психолог ғалым В.Юркевич академиялық дарындылықты **керемет меңгеру**, яғни **оқу қабілеті** ретінде анықтайды. Академиялық дарынды тұлға пәндік мазмұнмен жұмыс істеу тәсілі бойынша репродуктивті іс-әрекетте білімді игеруге, түрлендіруге және қолдануға бағытталған. Сонымен қатар, «академиялық дарындылықтың» маңызды сипаттамаларының бірі – сырттан алынған ақпаратты селективті, белсенді түрлендіруге негізделген танымдық қажеттілікті талап етуінде. Ғалымның пікірі бойынша академиялық дарынды тұлға жаңа білімді қалыптастыруға бағытталған өнімді әрекетке назар аударады. Зерттеуші дарындылықтың бұл түрімен ерекше оқу қабілеттері бірінші орынға шығатынын айтады. Академиялық дарындылықпен интеллекттің жоғары немесе орташа деңгейі орын алады. Дарындылықтың бұл түрімен сипатталатын адамдар, ең алдымен, **жақсы меңгере алады, яғни үйренеді**. Олардың танымдық саласының ерекшеліктері (ойлау, есте сақтау, зейін), олардың мотивациясының кейбір ерекшеліктері ілімді олар үшін жеткілікті етеді [3].

В.Рафикова жеке тұлғаның құрылымына, оның қажеттіліктері мен мотивациялық сипаттамаларына қатысты теориялық ережелерге сүйене отырып, академиялық дарындылық белгілі бір дарынды тұлғаның бірегейлігін анықтайтын **туа біткен** және алынған білімнің, дағдылардың, дағдылардың және оларды алу әдістерінің, жеке қасиеттер мен нақты қатынастардың **жеке конгломераты** деп санайды [4]. В.Рафикованың тұжырымы бойынша академиялық дарындылықты барлық пән, сала бойынша жоғары оқу жетістіктерінің көрінісі ретінде түсіндіріледі.

Тағы бір психологиялық зерттеулерде А.Ю. Буров [5], Л.А. Данилевич [6], В.М. Онацкий [7], дарындылықтың бұл түрінде жеткілікті **жоғары интеллект** негізгі орын алады, бірақ оқуға ерекше қабілеттер бірінші орынға шығады. Академиялық дарынды студенттер, ең алдымен, **жақсы меңгере алады, үйренеді**. Олардың танымдық саласының ерекшеліктері - ойлау, есте сақтау, назар аудару,

олардың мотивациясының кейбір ерекшеліктері – білімді олар үшін оңай, ал кейбір жағдайларда тіпті жағымды етеді. Ойлаудан мадақтар жолына өтуде дарындылықтың осы түріне жатады. Дарындылықтың академиялық түрінің де өзіндік кіші түрлері бар – оқу қабілеті жоғары студенттер бар, олар кез-келген әрекетті **оңай игереді**, барлық ғылымдарда, т.б. айтарлықтай **жетістіктерге жетеді**, ал оқу қабілеті жоғарылаған студенттер тек бір немесе бірнеше жақын қызмет салаларында (ақты ғылымдар, гуманитарлық ғылымдар) көрінеді.

Мысалы, психологиялық зерттеулерде ЖОО-дарының білім беру жүйесінде студенттік шақта **ішкі бақылау локусының** дамитыны анықталған (А.Р. Ерментаева [8], И.Ю. Кулагина, В.Н. Коллюцкий [9], В.С. Мухина [10] т.б.). Ішкі бақылау локусы: өзін бағалауы, өз-өзін қабылдауы, эмоциялық күйзелісті, өз қадірін білуі, қанағаттану сезімі т.б. болады. Егер академиялық дарынды студенттерде бұл болмаған жағдайда оның даму механизмдері табысты бола алмайды. Алайда, академиялық дарынды болуда **интегралды сипаттамалардың** орын алуы үшін студенттердің когнитивті дамуы, олардың субъективтілік, тұлғалық қасиеттері маңызды болады. Мұндай қасиеттерге: жоғары мотивация, мақсаткерлік, еңбексүйгіштік, табандылық, тиянақтылық, ұқыптылық, ізденушілік, **интеллектуалдық танымдық дамудың жоғары шегі** т.б. жатады.

«Академиялық дарындылық» үшін келесі терминдер маңызды: зияткерлік қабілеттер, мотивация, креативтілік. Академиялық дарындылықты көрсететін тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін тек дарындылықпен бірге жүретін белгілер ретінде қарастыруға болады. Сондықтан осы психологиялық ерекшеліктер оның сөзсіз болуы туралы қорытынды жасау үшін емес, бұл жерде академиялық дарындылықты болжауға негіз бола алады.

Психологиялық зерттеулердің нәтижесінде «академиялық дарындылық» - «тамаша меңгере білу, яғни үйрену» деген тұжырым жасаймыз. Дарындылықтың бұл түрінде жеткілікті жоғары интеллект бар, бірақ оқытудың ерекше қабілеттері бірінші орынға шығады.

Академиялық дарындылықты зерттеу педагогикалық психологияда (Б.Ананьев [11], В.Дружинин [12], Н.Менчинская [13], Н.Лейтес [14], М.Холодная [15] және т. б.) психологтар жүргізген оқу үлгерімімен байланысты. Оқыту – оқытудың сәтті нәтиже беруіндегі белгілі бір рөл атқаратын ақыл-ой белсенділігінің ерекшеліктері.

Жалпы академиялық дарындылық зияткерлік қызметтің барлық түрлерінде көрінеді: ғылым, медицина, оқыту, инженерлік даму және т.б.

1. IQ деңгейі жоғары адамдар 135-140-тан асады (оларды шартты түрде «**жылдам ойлы**» деп атауға болады).

2. «**Тамаша білім алушы**» академиялық жетістіктерінің деңгейі жоғары тұлғалар.

3. Креативтілікке («**креативтер**») тесттерде анықталған шығармашылық көрсеткіштердің даму деңгейі жоғары тұлғалар)

4. Нақты қызмет түрлерін орындауда жоғары табысты, үлкен көлемдегі нақты білімі, белгілі бір салада үлкен практикалық тәжірибесі бар тұлғалар («**құзыретті мамандар**»).

5. Белгілі бір салада ерекше жетістіктері бар, белгілі бір дәрежеде қоғамдық танылған нысандары бар адамдар («**талантты**»).


6. Адам мінез-құлқын, адам өмірін («**дана**») болжауды талдаумен байланысты ерекше зияткерлік мүмкіндіктері бар адамдар [16].

Ғалым А.Т.Туралбаеваның еңбектерінде: «Қалыптан тыс табысты нәтижеге жетуге бағытталған **іс-әрекеттің жоғары деңгейін** қамтамасыз ететін біртұтас құрылым» деп дарынды тұлғаға нақтылау жасалады [17].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, академиялық дарындылық жеке тұлғаның психологиялық және психофизиологиялық қасиеттерінің күрделі полифункционалды жүйесіне негізделген жеке тұлғаның интегралды сипаттамалары деп санаймыз.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей және ғалымдар Д.Б. Богояленская, М.Е. Богоявленская өз зерттеулерінде Д.Эпифания дарындылықтың академиялық, интеллектуалдық және шығармашылық түрлеріне бөлінуі Гилфордтың интеллектуалды теориясы негізінде жіктеледі. Бұл жіктеу екі ережеге негізделген: пәндік мазмұнмен жұмыс істеу әдістері және пәндік материалдың өзі. Мұндағы ережелер академиялық дарындылықты белгілейді [28].

Зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткеніндей, «академиялық дарындылық» ұғымының даму ерекшеліктерінде алғашқы түсініктер философияда, екіншісі психологияда, ал үшінші және қазіргі түсініктер алғашқылары мен педагогикада өрбіді (1-сурет).



Сурет 1– «Академиялық дарындылықтың» қалыптасу кезеңдері

1–суреттегі кезеңдер топтамасынан байқап отырғанымыздай, «академиялық дарындылық» генезисі философиядан туындап, психологиялық зерттеулерде ерекшелініп, қандай да бір қабілеттер жиынтықтарын құрап, педагогикада нақты көріністермен нәтижеге бағытталады.

Зерттеулерден белгілі болғандай, «академиялық дарынды» студенттерден керемет кәсіпқойлар, өз кәсіби жолыда нағыз шеберлері даярланады. Мысалы, ЖОО-да академиялық дарынды студенттер үлкен жетістіктерімен ерекшеленеді. Олар оқудағы ерекше жетістіктерде, ақпараттың үлкен көлемін игерудің жылдамдығы мен жеңілдігінде, барлық пәндер немесе жеке пәндер бойынша жоғары үлгерімде көзге түседі. Сонымен қатар, 1-курсқа қабылданған студенттер кәсіби бағдарланған бағытын, олардың нақты бейімдік пәндерді тереңірек деңгейде зерделеудің артықшылықтарын таңдайды. Осы орайда академиялық дарындылық пен академиялық үлгерімді ажырату керек деп санаймыз.

Академиялық дарындылық – бұл оқу қабілетінің көрсеткіші, білім алушыда академиялық дарындылықтың барлық таңдалған компоненттерінің болуы. Ал **академиялық үлгерім** – бұл академиялық дарындылықтың белгіленген нәтижесі, бағалау бойынша марапаттардың, елеулі жетістіктердің (пәндік мазмұнда, т.б.) болуымен анықталады. Бірақ әр түрлі оқу пәндері бойынша білім алушылардың академиялық үлгерімі әр түрлі болуы мүмкін. «Профильдеу» мен «арнайы дарындылықтың» айырмашылығын түсінуіміз керек, мұнда студенттер белгілі бір пәндер мен қызмет түрлеріне қабілеттерін көрсетеді. Академиялық дарынды тұлға барлық пәндерді оқи алады, өйткені ол оқу қабілетіне ие және жеткілікті уақыт болса, ол аз көңіл бөлген пәндер бойынша артта қалуды да жоққа шығара алады. Көбінесе академиялық дарындылық қызығушылықтың жоғары таңдауымен, өмірдің негізгі хоббиімен байланысты емес салаларын елемей үйлеседі.

Осы орайда М.М. Мұқанов өзінің зерттеулерінде іс-әрекет компоненттерін еске түсіру, санадан өткізу, оның мәнін, түрін өзекті мәселелерін белгілеу, шешу жолдарын анықтаудан тұрады деп тұжырым жасайды [19].

Академиялық дарындылықтың негізі айқын танымдық мотивация болып табылады. Мұнда оқытудың ерекше қабілеттері бірінші орынға шығады, осы типтегі адамдар жаңа материалды оңай игереді және осы процесстен ләззат алады. Академиялық дарындылығы бар жастар терең білімге ие, қызығушылықтары мен мақсаттылығымен ерекшеленеді, арнайы ғылыми т.б. әдебиеттер бойынша өздігімен білім алып, оны терең талдайды және түсінуге бейімділігі жоғары.

Қазіргі уақытта шетелдік және отандық ғылымда арнайы дарындылық бірнеше түрлерге бөлінеді және олар белгілі ішкі көріністер мен даму алгоритмдері бойынша ерекшеленеді. Олар: зияткерлік, академиялық, шығармашылық, әлеуметтік және рухани дарындылық. Алайда зерттеушілердің едәуір бөлігі академиялық және интеллектуалдық дарындылықты екі түрлі ұғым ретінде санамайды, бұл дарындылықтың осы түрлерінің белгілері бар тұлғаны ақыл-ой қабілеттілігінің болуымен байланыстырады.

Зерттеу нәтижелері. Айқындаушы кезеңде біз, зерттеу барысында жинақталған диагностикалық материалдарды пайдаландық. Мұндағы диагностика – педагогикалық үдерістің жемісі мен нәтижесі жөніндегі мәліметтерді алу үшін қолданылатын тәсілдері қызметінде болады.

Диагностиканың мақсаты – оқу-тәрбие жұмыстарын, олардың өнімділік нәтижесімен байланыстыратын дер мезгілінде анықтау, бағалау және талдау дейтін болсақ, 1-курсқа қабылданған білім алушылардың академиялық дарындылығын бастауыш білім беру бағдарламасының мазмұнына сай АКТ, музыка, тіл, бизнес-инновация бойынша анықтауды жөн санадық. Диагностиканың міндеті:

- Білім алушылардың академиялық бейімділігінің барысын мен нәтижесін талдау (АКТ, музыка, тіл, бизнес-инновация);

- студенттердің айқын қабілеттері мен таланттарын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың түрін, деңгейін және т.б. ерекшеліктерін анықтау және айқындау болып табылады.

Болашақ бастауыш білім мамандарының академиялық бейімділігін анықтау диагностикасы олардың кәсіби даярлануға көмегін тигізеді. Біз, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың мақсатын, міндеттерін жүзеге асыруда айқындау экспериментінің ұйымдастырылу алгоритмін ұсынамыз:

1) студенттердің академиялық дарындылығын АКТ, музыка, тіл, бизнес-инновация бойынша педагогикалық бақылау, сауалнама алу;

2) студенттердің «академиялық дарындылық» түрлері, оны дамыту жайлы білімді айқындау және талдау болады.

Көптеген зерттеулердегі тұлға дарындылығын айқындауда көп қолданысқа ие болғандары: *«Дж.Равеннің прогрессивті матрицасы»*, *«Д.Векслер тесті»*, *П.Торренс тесттерінің ауызша емес және ауызша нұсқалары*, *Ф.Вильямстың түрлендірілген жасампаздық тестері*, *А.И. Савенковтың «Дарындылық картасын»* сондай-ақ, танымдық үрдістердің тиімділігін анықтауға бағытталған көптеген әдістемелер. Көңіл бөлетін бір жағы психоайқындау әдістемелерінің көбісі көп уақыт пен арнайы дайындықты қажет етеді, бұл оларды тәжірибеде қолдануда қиындықтар туғызады. Алайда, Дж.Равен (конвергенттік ойлау) мен П.Торренстің (дивергенттік ойлау) әдістемелері көп уақытты қажет етпейтінін де ескеру керек, сондықтан педагогтар оларды студенттердің «академиялық дарындылығын» зерттеуде қолдана алады.

Біз, айқындаушы эксперимент барысында болашақ бастауыш білім мамандарының қай бағыт бойынша дарындылығы басым екендігін анықтау мақсатында А.И. Савенковтың әдістемесінің негізінде авторлық сауалнама жүргіздік [20]. (Сауалнама құрастырушылар – А.Т. Туралбаева, М.М. Зұлпыхарова).

Респонденттер үшін нұсқаулар:

Жауаптар парағының оң жақтағы бұрышына өз аты-жөнін жазады. Сұрақтарға берілген жауаптарды торларға орналастырады. 1-сұраққа жауап 1-нөмірлі торда, 2-сұраққа жауап 2-нөмірлі торда және т.с.с. Барлығы 20 сұрақ. Егер айтылған жағдайда бір нәрсе ұнамаса (-) белгісін қойыңыз; егер ұнаса (+); егер өте ұнаса (++) белгісін қоюға болады.

Педагогтер үшін нұсқаулар:

Студенттердің қабілеттіліктеріне нақты ұсыныстар беру үшін, оның бейімділігі туралы білу қажет. Сізге 20 сұрақ ұсынылып отыр. Әрқайсысына мұқият қарай отырып, студенттің мүмкіндіктерін жоғарылатпай және төмендетпей тырысып белгілеу. Егер студент бір себептермен жауап беруге қиналса, берілген торды ашық толтырмай қалдырып кетуіне мүмкіндік беру. әрбір сферадағы белгілеулерді (+) санап, қайсысында жоғары болса, сол сферада бейімділіктің басым болуы шарт. Сұрақтар парағы: (Әрбір сұрақ «ұнай ма?» сөзімен аяқталады). Бұл әдістемеден 4 сфера бойынша академиялық дарындылықты анықтауға болады. Олар:

- АКТ;
- Музыка;
- Бизнес-инновация;
- Көптілділік.


Дискуссия. Нәтижелерді талдау. Талдаулар қорытындысында «академиялық дарындылық» ұғымының генезисін талдауда, қалыптасу мазмұнын зерделеуде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология институтының «6В01301-бастауыш білім беру бағдарламасы» бойынша 1-ші және 2-ші курс студенттерінің (98 студент) академиялық дарындылығын зерттеу мақсатында эксперименттік алаң құрылып, анықтау экспериментінің жұмыстары ұйымдастырылды.

Айқындаушы экспериментке жалпы саны 98 респондент қатынасты. Оның 52 респонденті бақылау тобында, ал 46 респонденті эксперимент тобында тәжірибеден өтті. Айқындаушы экспериментке

қатысқан 98 студенттің әрқайсысының қай сферада бейімділігі бар екендігін төмендегі 1-кестеден байқауға болады (кесте 1).

Кесте 1 «Академиялық дарындылық» картасы бойынша алынған нәтижелер (А.И. Савенков бойынша)

Таңдау компоненттері		АКТ-ға бейімділігі		Музыкаға бейімділігі		Көптілділікке бейімділігі		Бизнес инновацияларға бейімділігі	
Тобы	Саны	n	%	n	%	n	%	n	%
БТ	52	13	25%	14	26,9%	8	15,3%	17	32,6%
ЭТ	46	13	28,2%	12	26,08%	6	14,2%	15	32,6%



Сурет –2. Бақылау және эксперименттік топтар бойынша академиялық дарындылығын анықтаудың пайыздық нәтижелерінің диаграммасы

Айқындаушы экспериментіндегі жүргізілген сауалнама 98 респонденттің академиялық дарындылығын анықтауға көмектесті. Жалпы алғанда, АКТ, музыка, көптілділік, бизнес-инновацияға байланысты БТ және ЭТ топтарында бейімділік бойынша студенттер саны мен пайыздық көрсеткіштері анықталды. Атқарушы эксперимент нәтижесінде БТ-да жалпы 52 студент қатысып, АКТ–13/25% музыка–14/26,9%, көптілділік–8/15,3%, бизнес-инновацияға–17/32,6%-ды құрады. Ал ЭТ-дағы 46 респонденттің АКТ–13/28,2% музыка–12/26,08%, көптілділік–6/14,2%, бизнес-инновацияға–15/32,6%-ды көрсетіп отыр. Бұл мәліметтерді 1-кестеден және 2-суреттен көруге болады.

Қорытынды. «Академиялық дарындылықты» сәтті жүзеге асыру үшін жеке тұлғаның қалыптасуының білім беру ортасы маңызды, атап айтқанда: педагогтің дайындық деңгейі, оқу орнының тиісті жабдықтарының болуы, дарынды тұлғаның ерекшеліктерін және оның жетістіктерін қабылдауға және сезінуге қабілетті референттік топтың болуы т.б. шартты жағдай деп санаймыз.

Осыған байланысты ПОҚ-ның біліктілігін арттыру және олардың академиялық дарынды студенттермен жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру мәселесі жетекші орындардың біріне шығады.

ЖОО-дарында білім алушылардың академиялық дарындылығын дамытуға дайындығы ПОҚ-ның интегративті сипаттамасы болып табылады, оның орталығы педагогикалық іс-әрекеттің игерілген құндылықтары болып табылатын академиялық дарынды тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау және сәйкестендіруге қатысты оның кәсіби құзыреттілік деңгейін көрсетеді. Дарынды студенттермен жұмыс істеуге дайындық игерілген кәсіби маңызды білімге, дағдыларға, іс-әрекет тәсілдеріне негізделеді. Білім алушылардың академиялық дарындылығын дамытудағы ПОҚ дайындығы – бұл кәсіби білім алу кезінде және өзінің өмірлік кәсіби тәжірибесі кезінде қалыптасқан ішкі жеке білім; бұл жоғары деңгейге жетуі мүмкін тұрақты қалыптасу мен дамуды қажет ететін динамикалық сипаттама. Сондықтан болашақ бастауыш білім мамандарының академиялық дарындылығын дамытуда келесідей ұсыныстар береміз:

- болашақ бастауыш білім мамандарына арналған «Академиялық дарындылықты дамыту негіздері» атты арнайы/элективті курс бағдарламасын даярлау, ЖОО-ның білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларына ендіру;

- «академиялық дарындылықты дамытудың» теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау жұмыстары бойыша ЖОО-дағы ПОҚ-на, білім алушыларға арналған *семинар, брифинг* жұмыстарын ұйымдастыру;
- бейінді сыныптардағы бітіруші түлектер үшін «академиялық дарындылықты» дамытуға *авторлық жобалардың* болуын қамтамасыз ету;
- ЖОО-да «*Academic performance*» студенттер бәсекелестік клубының жұмыс бағдарламасын құру.

Біз, бұл мақаламыз арқылы «академиялық дарындылық» ұғымының теориялық аспектілерін талдадық. Болашақта диагностикалау жұмыстары барысында әзірленген ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды жүзеге асыру қарастырылатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Дж. Реале, Д. Антисери Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: Оқулық. /Ауд. Т.Х. Ғабитов, т.б. – Алматы, 2012. – 628 б.
- 2 Жарықбаев Қ.Б.және т.б. Психологиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы:Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 152 б.
- 3 Юркевич С.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность. – М.: Просвещение, 2000. – 136 с.
- 4 Рафиқова В. М. Педагогические условия формирования академической одаренности школьников: автореферат дис. канд. пед. наук: 13. 00.01. / Венера Мунировна Рафиқова. – Удмуртский гос.ун-т, Ижевск, 2003. – 15 с.
- 5 Буров А.Ю. Критерии и модель академической одаренности / Буров Александр Юрьевич // Интеллектуальная, академическая и творческая одаренность: общее и отличное. Материалы круглого стола 20 января 2012 г., м. Киев. – К.: ООО «Информационные системы», 2012. – С. 6-8.
- 6 Данилевич Л.А. Перфекционизм как личностный фактор академической одаренности: автореф. дис. на соискание науч. степени доктора психологических наук: спец. 19.00.01 – Общая психология, история психологии / Лариса Арсеньевна Данилевич. – Киев, 2010. – 26 с.
- 7 Онацкий В.М. Академическая одаренность и методы ее диагностики //Одаренный ребенок. – 2002, № 2. – С. 51 – 56.
- 8 Yermentayeva A.R., Kenzhebayeva K.S. Features of Social Intelligence of Future Teachers. – 2015. - The Social Sciences. - V.10. – P.1523-1527.
- 9 Кулагина И.Ю., Коллюцкий В.Н. Психология развития и возрастная психология. Полный жизненный цикл развития человека. Учебн. пособие. Издательство: Академический проект, 2018. – 420 с.
- 10 Мухина В. С. Возрастная психология. – М.: Академия, 1997. – 213 с.
- 11 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – СПб.: Питер, 2001. – 288 с.
- 12 Дружинин В. Н. Психология общих способностей. Серия «Мастера психологии»). – СПб.: Издательство "Питер", 1999. – 368 с.
- 13 Менчинская Н. А. Вопросы умственного развития ребенка. – М.:1970. – 815 с.
- 14 Лейтес Н.С. Что значит «одаренный ребенок» // Искусство в школе. – 2003. – №3. – С.3.
- 15 Холодная М.А. Психология интеллекта // Парадоксы исследования. -2-е изд., перераб. и доп. – СПб.:Питер, 2002. – 272 с.
- 16 Выготский Л.С. Психология. Апрель Пресс. – М.:2000. – 1006 с.
- 17 Turalbayeva A., Sultanbek M., Utyurova G., Aidarov B., Uaidullakzy E., Zhumash Zh., Uzunboyly H. The general preparation of the training of elementary school and the family and the education of gifted children school in cooperation principles International Journal of Sciences and Research // Ponte. -2017. - V.73.- Iss.4. – P. 239-251.
- 18 Богоявленская Д.Б., Богоявленская М.Е. Одаренность: природа и диагностика. – М.: АНО «ЦНПРО», 2013. – 208 с.
- 19 Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 1982. – 247 б.
- 20 Савенков А.И. Педагогическая психология: в 2т. – М.: Академия, 2009. – Т.1. – 415 с.

МРНТИ 14.25.09

Б.Т. Есингельдинов¹, Н.К. Аширбаев¹, М.Б. Абсатова²

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

²«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Бүгінгі күні оқу жетістіктерін бағалау орта мектептегі білім берудің көп қырлы аспектілерінің бірі болып табылады, оқу үдерісінде қалыптастырушы, ынталандырушы, анықтаушы, бағыт беруші факторлары рөлін атқарады. Бағалау үнемі жетілдіріліп отырады, ауқымын кеңейтеді. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың даму тарихы білім берушінің іс-әрекетінен бастау алады, бұл жөнінде ежелгі дәуірдегі философтар өз еңбектерінде жазып қалдырған. Бағалау жүйесінің маңыздылығына қатысты әр кезеңде әртүрлі көзқарастар қалыптасты. Қазіргі уақытта жаңа кезеңге сәйкес бағалау қайта қарастырылды, техникалық жаңашылдыққа қатысты бейімделді.

Мақалада әлемдік білім беру кеңістігіндегі бағалау жүйесінің даму тарихы қарастырылды, сондай-ақ, қазақстандық ұлы ойшылдар мен педагогтердің ойлары, пікірлері келтірілді.

В профессиональной культуре социальной педагога выделяются внутренняя и внешняя составляющие. *Внутренняя* – это тот деонтологический стержень и профессиональная подготовленность – то, что усвоено и может получить свое повседневно проявление по профессиональному назначению. *Внешняя* – это то, что находит повседневно проявление в отношении к тому, с кем работает социальный педагог, его социальному окружению, социально-педагогической деятельности, ее результативности.

В процессе профессиональной подготовки социальных педагогов в вузе у них формируются основы и внутренней и внешней составляющей профессиональной культуры, которые включают:

- профессиональную подготовленность, которая характеризует их профессиональное мировоззрение и владение технологиями профессиональной деятельности, методами и методиками их реализации;
- деонтологическую основу личности – осознание своего социоролевого положения как социального педагога, нравственно-выраженную направленность отношения к своей роли, к тому, с кем он призван работать, их социальному окружению, своей профессиональной деятельности и ее результату;
- профессиональное мастерство (искусство профессиональной деятельности), проявляемое в индивидуальном стиле профессиональной деятельности социального педагога;
- культуру профессиональной деятельности;
- складывание и утверждение гражданской позиции выпускника.

Выделенные аспекты профессиональной подготовки социальных педагогов в вузе позволяют определить ее воспитательный аспект – направленность профессионального воспитания студентов, к которому следует отнести:

- педагогическое мировоззрение выпускника;
- деонтологические основы личности социального педагога – чувства долга;
- осознание своего социоролевого положения как педагога;
- культура профессионально-педагогического поведения;
- индивидуальный стиль профессиональной деятельности социального педагога;
- гражданская позиция выпускника.

Педагогическое мировоззрение выпускника формируется всем учебно-воспитательным процессом. Посредством учебного процесса студент приобретает педагогическое знание, на основе которого у него формируется педагогические интересы, мотивы, цели, идеалы по профессиональному назначению – это то, что определяет мировоззрение выпускника, определяет педагогическую направленность его личности. Направленность педагога – это по своей сущности – движитель его повседневного проявления в профессиональной сфере деятельности, в быту, в работе над собой.

Становление профессионального мировоззрения сопровождается профессиональным воспитанием, которое пронизывает и учебное, и внеучебное время. По сравнению с советским периодом профессионального образования, когда весь учебный процесс пронизывался идеологией партийности, этот аспект был уничтожен, но на место его ничего не пришло. Данный факт определил исключительную важность профессионального воспитания, в основе которого лежит деонтологический аспект.

Деонтологическая основа личности социального педагога – это учение о нравственном долге (морально-этических основах деятельности) специалиста (субъекта деятельности – социального

педагога), профессионально занимающегося выполнением функций по профессиональному назначению. Деонтологическая основа включает идеалы, ценности, требования, нормы, принципы и правила нравственно-обусловленного профессионального поведения социального педагога. Она позволяет определить нравственные требования, предъявляемые к личности и профессиональной деятельности педагога.

По своей сущности именно деонтологические основы назначения и профессиональной деятельности социального педагога выступают базисом профессионального воспитания, который пронизывает учебный процесс их подготовки в вузе и внеучебную деятельность студентов. Другими словами формируются деонтологические основы выпускника всем учебно-процессом вуза (колледжа), начиная с первого курса и до выпуска и сопровождается профессиональным воспитанием. Именно через учебный процесс и профессиональное воспитание студентами усваивается: социороловое положение социального педагога; идеалы, ценности, требования, нормы, принципы и правила нравственно-обусловленного профессионального поведения.

В процессе профессионального воспитания студентов у них формируются:

– деонтологическая (деонтолого-педагогическая) направленность. Она определяет профессионально-педагогическую социализированность социального педагога как профессионала и проявляется в его потребностях, интересах, мотивах, целях, идеалах, осознанном отношении к себе как специалисту-профессионалу, повседневно выполняющему особую социально значимую миссию, своей профессиональной деятельности и ее нравственно выраженной результативности [8, с. 102]. Следует особо подчеркнуть, что деонтологическая направленность личности социального педагога определяет мотивационную обусловленность его действий, поступков, поведения, профессиональной деятельности и профессионального самосовершенствования, обусловленные потребностями его профессиональной деятельности. По своей сущности она выступает своего рода *движителем деонтологически обусловленной профессионально-ориентированной социализации студента в период его подготовки в вузе и повседневного проявления по выпуску* в профессиональной сфере деятельности, в быту, в работе над собой, так она определяется его деонтологически обусловленными потребностями, интересами, мотивами, целями и идеалами социально-педагогической деятельности [4];

– деонтологическая готовность социального педагога. Под ней понимается состояние готовности социального педагога, его знаний, умений, навыков к выполнению им социально-педагогической деятельности в соответствии с требованиями профессионального долга (деонтологией профессиональной деятельности) [8, с. 102]. Такая готовность формируется в процессе обучения и профессионального воспитания студентов в вузе на морально-этической (деонтологической) основе овладения профессиональным мастерством (профессиональной подготовленности социального педагога) и предрасположенности его по выпуску к осознанной нравственной самореализации в профессиональной сфере деятельности. В этом плане она характеризует *подготовленность выпускника по профессиональному назначению*. Учитывая, что нравственная (деонтологическая) самореализация лежит в основе долга и должного в профессиональной деятельности социального педагога, его деонтологическую готовность можно характеризовать как *сформированное состояние, определяющее его предрасположенность к повседневной реализации профессионального мастерства на основе нравственного долга*.

– деонтологическая культура профессиональной деятельности социального педагога – это качественная социально-педагогическая характеристика его подготовленности и повседневного проявления в профессиональной сфере деятельности социального педагога в соответствии с требованиями деонтологии (нравственных норм и правил профессиональной деятельности) [8, с. 103]. Осмысление ее существа показывает, что деонтологическая культура социального педагога основывается на нравственно-мировоззренческих установках и включает в себя взаимосвязь его деонтологической направленности и профессиональной подготовленности, определяющие повседневное проявление. По своей сущности она является результатом нравственно-ориентированной подготовки социального педагога через требования профессионально-педагогического долга и проявляется в повседневном поведении, профессиональной деятельности и ее результативности.

Осознанность социоролового положения выпускника как социального педагога – это понимание каждым выпускником того, что он по профессиональному назначению выполняет государственную функцию – непосредственно участвует в формировании личности подрастающего поколения и от его деятельности во многом зависит, какими вырастут те воспитанники, с которыми они работают. Социальному педагогу, как и педагогу вообще, доверяют исключительно ценное в государстве

и обществе – нравственное благополучие и перспективы личностного роста подрастающего поколения. От его деятельности зависит, насколько его воспитанники будут счастливыми в жизни.

Как подчеркивала воспитанница А.С. Макаренко (1888-1939) Г.К. Калабалина (1909-1999): «Нам, педагогам, доверили самое дорогое в жизни – детей, которых мы должны вырастить достойными сынами и дочерьми нашей великой Родины. Поэтому мы всегда должны быть требовательными к себе, повышать свою деловую квалификацию, идейно-политический уровень, расширять общий кругозор, быть активными строителями новой, замечательной жизни...» [2, с. 210]. Ее сын Антон Семёнович Калабалин (1939-2013) о миссии педагога говорил: «Более святой, более мужественной, более героической профессии я не знаю на земле» [3, с. 43] и далее: «Хочу преклонить колено перед теми педагогами, которые идут сегодня в школы, профессиональные училища. Именно от них зависит, какими станут дети.» [3, с. 110].

Осознанность социоролевого положения студента, как будущего педагога, социального педагога, формируется через профессиональное воспитание и в учебное, и внеучебное время. Главным выступает сопровождение профессиональным воспитанием в учебное время изучаемых проблем, связанным освоением вопросов назначения профессионально подготовленного социального педагога, а также технологий и методов его социально-педагогической деятельности по профессиональному назначению.

Культура профессионально-педагогического поведения – это качественная характеристика повседневного профессионального поведения педагога, социального педагога, которая проявляется через:

- культуру личности;
- культуру образа жизни;
- культуру внешнего вида;
- культуру поведения;
- культуру речи;
- культуру профессиональной (педагогической) деятельности.

Такие требования к повседневному проявлению педагога, социального педагога обусловлены тем, что он становится примером для тех, кого он учит и воспитывает. Его авторитетность повышает роль личности и социально-педагогической деятельности в воспитательном влиянии на тех, с кем он работает. Данный факт определяет важность понимания каждым студентом необходимости овладения им культурой профессионально-педагогического поведения и целенаправленной работы над собой еще в процессе обучения и последующей профессионально-педагогической деятельности по выпуску. Именно на это многократно обращал внимание А.С. Калабалин студентов педагогических вузов и педагогов. Приведу несколько его высказываний:

«Если мы любим детей, мы к ним идём красивые... Выходите из дома такими, какими вас хотят люди видеть, дети видеть.» [3, с. 196]; «Важно уважать детей, быть ради них красивыми. Не стесняйтесь подкраситься, на перемене подойти к зеркалу, поправить причёску. Пусть юные человечки учатся у вас аккуратности.»; «Вы должны смотреть на себя в зеркала. Вы идёте на свидание к детям. По вас они будут определять, каков мир, прекрасен или нет. Они на вас будут смотреть и у них на всю жизнь будет формироваться образ женщины.» [3, с. 166] и многие другие.

Культурой профессиональной деятельности студенты овладевают прежде всего на примере профессорско-преподавательского состава. Именно преподаватели вуза, своей личной культурой, культурой профессиональной деятельностью, отношением к ней демонстрируют студентам пример, каким необходимо быть по выпуску. Этот пример выступает одним из методов профессионального воспитания в вузе.

Культура профессиональной деятельности педагога, социального педагога находит свое отражение в его **индивидуальном стиле профессиональной деятельности**. Под ним понимается типичное личностно-ориентированное деятельностное проявление педагога по профессиональному назначению. В нем отражается: сама личность педагога; личностное деятельностное своеобразие педагога, определяющее искусство его профессиональной деятельности. Гуманистическая направленность индивидуального стиля профессиональной деятельности социального педагога складывается под воздействием профессионального воспитания в процесс овладения студентом технологиями и методами профессиональной деятельности, а также накоплением опыта педагогической деятельности по профессиональному назначению в вузе в период прохождения практик и стажировки.

Гражданская позиция социального педагога – выпускника. *Гражданская позиция* представляет собой сложное социальное явление, выражающееся в личностной оценке человека своего положения в

социуме, своих прав и обязанностей, как гражданина своей страны. Следует выделять гражданскую позицию студента и гражданскую позицию выпускника – социального педагога. *Гражданская позиция студента* – это социальное явление, выражающееся в сложившейся личностной оценке студентом своих прав и обязанностей, которая повседневно проявляется в процессе его обучения в вузе, становления его как социального педагога. Под воздействием профессионального воспитания это социальное явление, выражающееся в сложившейся личностной оценке выпускником своих прав и обязанностей, с учетом осознанности своего социоролового положения как социального педагога – гражданина своей страны, которая находит отражение в повседневном деятельностном проявлении.

Какова гражданская позиция социального педагога, таков и личностный пример его для тех, с кем он работает, в выполнении своего гражданского долга перед Отечеством. Этот долг – гражданской позиции, непосредственно связан с выполнением социальным педагогом своих обязанностей по профессиональному назначению. Такая позиция одна из высших оценок уровня профессионального воспитания студентов в вузе, выполнения им своего назначения – обеспечения подготовки профессионально подготовленных педагогических кадров – граждан своего Отечества.

Дискуссия. Представленная концепция профессионального воспитания студентов в процессе их подготовки как социальных педагогов может быть основой для дальнейшего развития теории и практики его реализации в вузе. В ней выделены наиболее важные компоненты становления личностных качеств, деонтологической основы и гражданской позиции выпускников – социальных педагогов по профессиональному назначению.

Заключение. Профессиональное воспитание определяет направленность и содержание воспитательной деятельности по обеспечению профессионального становления каждого студента, стимулированию его профессионально-ориентированной социализации. Оно обеспечивает становление у него педагогического мировоззрения, определяющее педагогическую направленность его личности; осознание своего социоролового положения как педагога; деонтологические основы личности социального педагога, его чувства долга; культуры профессионально-педагогического поведения, индивидуального стиля профессиональной деятельности по выпуску, а также гражданской позиции своего Отечества по профессиональному назначению социального педагога.

Список использованной литературы:

1. Белов В.И. *Профессиональное воспитание в системе современных воспитательных концепций [Электронный ресурс]* - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/professionalnoe-vospitanie-v-sisteme-sovremennyh-vospitatelnyh-kontseptsiy/viewer> (дата обращения 13.11.2020).
2. Калабалина, Г.К. *Педагогические размышления: сборник. – 2-е изд., испр. и доп. / Г.К. Калабалина; сост. и ред. Л.В. Мардахаев. – Москва: Группа МДВ, 2018. – 312 с.*
3. Калабалин, С.А. *Педагогические размышления: сборник. – 2-е изд., испр. и доп. / Г.К. Калабалина; сост. и ред. Л.В. Мардахаев. – Москва: Группа МДВ, 2017. – 256 с.*
4. Кертаева, Г.М., Мардахаев, Л.В. *Формирование деонтологической направленности сознания будущих педагогов / Г.М. Кертаева, Л.В. Мардахаев // ЦИТИСЭ: Электр. науч. журнал. – 2015. – № 4 (4). – С. 17.*
5. Мардахаев Л.В. *Профессионально-ориентированная социализация обучающихся и необходимость ее стимулирования / Л.В. Мардахаев // ЦИТИСЭ: Электронный научный журнал. – 2017. – № 3(12).*
6. Мардахаев, Л.В. *Социальная педагогика: педагогика становления и развития личности : учебник для студентов средних и высших учебных заведений, магистрантов и аспирантов / Л.В. Мардахаев. – Москва; Берлин: Директ-Медиа, 2019. – 260 с. DOI: 10.23681/493546*
7. Мардахаев, Л.В. *Педагогическая культура социального педагога, ее сущность и содержание / Л.В. Мардахаев // ЦИТИСЭ: Электронный научный журнал. – 2020. – № 3(25). – С. 300-313. DOI: <http://doi.org/10.15350/2409-7616.2020.3.26>*
8. Мардахаев, Л.В., Егорычев А.М., Шимановская Я.В. *Деонтология специалиста социальной сферы: учебник. Москва: КНОРУС, 2021. – 266 с.*
9. *Принципы профессионального воспитания [Электронный ресурс]* - URL: https://spravochnick.ru/pedagogika/principy_i_metody_vospitaniya/principy_professionalnogo_vospitaniya/ (дата обращения 13.11.2020).
10. *Профессиональное воспитание // [Электронный ресурс]* - URL: https://career_counseling_support.academic.ru/372/ (дата обращения 25.10.2020).

МРНТИ 14.07.07

Д.К. Момбекова¹ А.Ж. Еримова² А.С. Тазабекова¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

² Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті аға оқытушы

ЖОО БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ МЕТАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу орны білім алушыларының метақұзыреттілігін қалыптастырудағы теориялық аспектілер, әдіснамалық қағидалар баяндалады. «Метақұзыреттілік» ұғымының философиялық мәні: «өз рухын өзіне қарату», «өзін-өзі тану» болып табылады. Ал психологиялық-педагогикалық мазмұны «белсенділікті дамыту», «шығармашылықты дамыту», «білімі мен біліктілікті арттыру» және «дағды қалыптастыру» деп түсіндіріледі. Мақалада «метақұзыреттілік» ұғымының негізгі категориялары «өз білімі туралы білім», «өз саласы бойынша білім», «метадағды», «метабілім» құрайтындығы айтылады. Білім алушылардың метақұзыреттілігін қалыптастыруда таным мен белсенділік, теория мен әдістеменің бірлігі қағидалары басшылыққа алынады.

Білім алушылардың метақұзыреттілігін қалыптастыруда тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілгені жайлы баяндалады. А.Маслоудың «Өзін-өзі таныту» теориясын қамтуға арналған тесті құндылықтық бағдар, креативтілік, қарым-қатынас (коммуникативтілік), танымдық қажеттілік, синергия, өзін-өзі қабылдау критерийлері бойынша жоғары, орта, төмен деңгейлердің сандық/пайыздық көрсеткіштері айқындалды.

Түйін сөздер: метақұзыреттілік, метадағды, метабілім, метаәдіс, өзін-өзі тану, шығармашылық, таным мен белсенділік қағидасы, теория мен тәжірибенің бірлігі

Момбекова Д.К.¹ Еримова А.Ж.² Тазабекова А.С.¹

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

² Международной казахско-турецкий университет Ходжи Ахмеда Ясави

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ МЕТАКОМПЕТЕНТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ ВУЗОВ

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические аспекты, методологические принципы формирования метакомпетентности обучающихся вуза. Философское значение понятия «метакомпетентность» анализируется как «обращение к себе», «самопознание». А психолого-педагогическое содержание трактуется как «развитие активности», «развитие творчества», «повышение знаний и умений», «формирование навыков». В статье отмечается, что основные составляющие понятия «метакомпетентность» это: «знания о своем образовании», «знания по своей области знания», «метанавыки», «метазнание». Также отмечается, что при формировании метакомпетентности обучающихся необходимо руководствоваться принципами познания и активности, единства теории и методики как практики.

Рассматриваются особенности проведения опытно-экспериментальной работы по формированию метакомпетентности обучающихся. Тест А.Маслоу направленный на обеспечение теории самоактуализации выявил количественные/ процентные показатели высокого, среднего, низкого уровней по критериям ценностной ориентации, креативности, общения(коммуникативности), познавательной потребности, синергии, самовосприятия.

Ключевое слово: метакомпетентность, метанавыки, метазнание, метаметод, самопознание, творчество, принцип познания и активности, единство теории и практики.

Mombekova D.K.¹ Yerimova A.Zh.² Tazabekova A.S.¹
¹Kazakh national pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan

²Khoja Akhmet Yassawi International KazakhTurkish University, Kazakhstan, Turkestan

SOME PROBLEMS OF METCOMPETENCE FORMATION OF UNIVERSITY STUDENTS

Abstract

The article describes the theoretical aspects and methodological principles of the formation of meta-subjects of University students. The philosophical meaning of the concept of «metacompetence» is analyzed as «self-appeal», «self-knowledge». And psycho-educational content is treated as «development activity», «creativity», «knowledge enhancement and skills», «developing skills». The article notes that the main categories of the concept of «metacompetence» are: «knowledge about your education», «knowledge about your field of knowledge», «meta-languages», «metaznanie». When forming students' metacompetence, they are guided by the principles of cognition and activity, the unity of theory and methodology.

The paper reports on conducting experimental work on the formation of students' meta-subjects. Test Maslow on the theory of «Self-Expression» identified quantitative/percentages of high, medium, low levels for criteria values, creativity, communication (communication), cognitive needs, synergy, self-perception.

Keywords: metacompetence of meta-languages, meta-knowledge, meta-method, self-knowledge, creativity, principle of cognition and activity, unity of theory and practice.

Кіріспе. Қоғам дамуының тенденциялары мен жаңа өзгерістер жоғары мектеп жұмысына айтарлықтай ықпал етеді. Мұндағы тенденциялардың қатарына ғылым мен тәжірибе арасындағы байлаыстарды күшейту және нығайтуды айтуға болады. Бұл жағдай болашақ маманның кәсіби іс-әрекетін ғылыми-әдістемелік тұрғыда ұйымдастыруға, жоғары мектептегі теориялық білімдер мен практикалық даярлықты дәйекті түрде меңгерулерін талап етеді. Осы ретте бүгінгі талабы инновациялық парадигма білім тұлғаның белсенді түрде интеллектуалдық, заттық, әлеуметтік және рухаи мәдениетке сүйене отырып, өзінің әлем бейнесін жасауына алып келді. Сондықтан бүгінгі түлектің атрибуты субъект ретінде кәсіби іс-әрекетте даярлануы, тұлға дамуына бағдарлануы және *өз білімі туралы білімді түсінуі*, өз механизмдерін басқара алуы қажеттігін алға шығарады. Бұл өз кезегінде метақұзыреттілік ұғымының құрылымы мен мазмұнын талдауды міндеттейді.

«Метақұзыреттілік» ұғымының мазмұны мен мәнін сипаттауда бізге Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласы бойынша нормативтік-құқықтық актілері негіз болып отыр.

Біз, болашақ мамандардың метақұзыреттілігін қалыптастыруды өзекті мәселе деп қарастыра келе, ҚР «Білім туралы» Заңы (1-бап, 9-1 тармақ; 3-бап 8-тармақтары); Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) мазмұнындағы негізгі идеялық түйіндерді талдап өтуді жөн санаймыз.

Ең алдымен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-бап, 9-1 тармағында: «...білім беру – зияткерлік, мәдени дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі»; 3-бабы 8-тармағында: «...оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі» деп атап көрсетіледі [1]. Бұл айтылғандар болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы бәсекелестіктегі білім беру бағдарламаларының мазмұнына сай кәсіби даярлауға мүмкіндік береді және кәсібиліктің, метақұзыреттіліктің қалыптасуына негіз болады.

Қазіргі уақытта өзін-өзі тәрбиелеуге және адамға ақпаратты тезірек, тиімді қабылдауға көмектесетін дағдыларды дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Осы тұрғыда зерттеу мәселеміздің өзектілігін дәлелдейтін келесі бір құжат, ол Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болып отыр. Аталмыш бағдарламада: «...Білім берудің әрбір деңгейіндегі оқыту мазмұны жалпы әдіснамалық шеңберге біріктірілмеген әртүрлі мақсаттар мен күтілетін нәтижелерге құрылады. Қажетті білім, дағды және құзыреттер жиынтығына ие Қазақстан азаматының моделін (бейнесін) айқындайтын өмір бойы оқытудың бірыңғай тұжырымдамасы жоқ. (ұсынылатын білім бағдарламаларының нәтижесіне қарай)...Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу кезінде студент оқытудың бірнеше нәтижесін көрсетуі тиіс. Солардың бірі «оқып жатқан

саласындағы білім және түсінік»; «оқуды өз бетінше жалғастыру дағдысы» деп көрсетілген [2]. Бұл құжаттағы бағдарламалық идея студенттің өз саласында білімі, оны түсінуі, өз бетінше оқуға дағдылануына мүмкіндік бере отырып, оқыту парадигмасындағы «тасымалдаушы–қабылдаушы» білім берудің үйреншікті және қалыптасқан жүйесінен оқытудың соңғы нәтижесіне көшуге, *өзін-өзі оқытуға, оқуға деген қызығушылықты* дамытуға алмасады, яғни бұл метадағдылар мен метабілімнің дамуын айқындайды. Ендеше бізге «метақұзыреттілік» ұғымын құрылымдауда, мазмұнын сипаттауда «*өз білімі туралы білім*», «*өз саласы бойынша білім*», «*өз бетінше алынатын білім*», «*метадағды*», «*метабілім*» т.б. ұғымдық-категориялық аппаратын түзу қажеттігі туындайды. Сондай-ақ, біз «метақұзыреттілік» ұғымының құрылымы, сондай-ақ оның мазмұнын сипаттайтын ұғымдық категорияларды философиялық, психологиялық, педагогикалық білімдер бойынша талдап өтеміз.

Зерттеудің әдіснамасы. Біз, бұл бөлімде «метақұзыреттілік» ұғымының мазмұнын бірнеше білімдер бойынша, сонымен бірге түрлі ғалымдардың зерттеулерінде интерпретациялық жағдайлардың көрініс табуын, әдіснамалық маңызын баяндайтын боламыз.

Философиялық ойларға сүйенсек, антропология адамның болған күйіндегі көрінісін жасаумен шектелмей, оның қандай болу керектігін бейнелейді. Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтың» қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталды.

Философиялық болмысқа бағытталған болжамдарға тыңғылықты талдаулар мен логикалық пайымдаулардың жасалуы «метақұзыреттілік» ұғымының білімдік мәнін ашып көрсетеді. Осы тұрғыда философиялық зерттеулер келесідей жіктеледі:

- «Өз рухын өзіне қарату» идеясын әрі қарай белсенді түрде дамытқан ойшылдардың бірі – Платон (б.з.д. 427-347) [3];

- «Барлық адамдарға өздерін-өзі танып білу және ойлау тән» философиялық тұжырымдаушы Гераклит көне грек философы, материалист, диалектик (б.д.д. шамамен 544- 483) [3, 59 б.];

- «...Тек адамға ғана дүниені тану құштарлығы тән, өйткені оның дамуы ғана ақиқатқа жеткізетін білім жүйесі. Сыртқы органы, табиғатты тану, өзін-өзі тану арқылы ғана адам ең жоғарғы құндылыққа айналады» деп [4], әл-Фараби жалпы философиялық мәселелерді әдіснамалық деңгейлерге дейін көтерді және дүниетанудың тәсілдері мен әдістерінің жаңа түрін табуды басты мақсат етіп қойды. Фараби философиясындағы адамның танымдық қабілеті ерекше орын алады.

Орта ғасырда тұсында метатаным, метадағды түсініктері өзгеріп, жаратушы адамды өзіне ұқсатып жаратқандықтан әрбір адам әлемді өзгертуге үлес қоса алады деген көзқарастардың болғаны белгілі (Пика делла Мирандолла Трактат «О достоинстве человека»). Жалпы жоғарыда талданған тұжырымдар өз кезегінде Қайта өрлеу дәуірінде дамуға мүмкіндік алып, соның нәтижесінде адамның іс-әрекетіне ден қою және оны бағалау, гуманистік ұстанымдар, құндылықтар беки түскені анық [3, 117 б.].

Философиялық талдаулардан «*метақұзыреттілік*» ұғымының бастауы ретінде адамның жан-жақты білім алуын, жетілуін, (математика, тіл, жаратылыстану т.б. ғылымдар тоғысында) оның өзінің алға қарай жылжуын өзі дайындайтын үрдіс деп түсінуге мүмкіндік аламыз. Сондай-ақ, философиядағы «өзін-өзі алға ілгерілету», «өз рухын өзіне қарату», «өздерін-өзі танып білу және ойлау», «өзін-өзі тану» тұжырымдары педагогикадағы «*өзін-өзі білімдендіру*» түсінігін толықтай қамтиды.

Бұл ретте философ Г.Гегельдің тұжырымдамасы бойынша: «Бұл үрдіс абсолюттік идеяға жетудегі өзін-өзі айқындау» деп түсіндіріледі. Адамның дамуы *танымдық үрдістегі* ең маңызды нәтиже екендігін атап көрсетеді. Гегельдің тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, «метақұзыреттіліктің» жоғары категориялары тұлғаның қандай да бір білім саласы бойынша өзін-өзі айқындау, оның нәтижесі таным арқылы қалыптасатындығын айтуға болады [5].



Сурет 1. «Метақұзыреттілік» ұғымының құрылымы

Суреттен байқап отырғанымыздай, метақұзыреттілікті төрт топқа бөлуге болады. Олар: метакогнитивтік, әлеуметтік-мәдени, шығармашылық, коммуникативтілік деп аталады. Ал бұл метақұзыреттілік түрлері өз кезегінде ішкі атрибуттарды түзеді. Қажет сипаттамалары бойынша «метақұзыреттіліктің» құрылымы туындап отыр.

Жоғарыдағы ғылыми талдаулар, ғалымдардың тұжырымдары бойынша: «метақұзыреттілік» – *өзін-өзі тану күзіреттілігін қабылдауды, өзін-өзі зерттеуді меңгеруді жеңілдететін, өз білімі туралы білім және танымның немесе кәсіби шеберліктің жаңа сатысына рефлексиялық механизмдер арқылы тиімді өту мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылымдық кіріс*» деп анықтама береміз.

«Метақұзыреттілік» ұғымының мазмұнын талдауда, оны құрылымдауда болашақ мамандардың метақұзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық маңызы келесі қағидаларды алуды көздейді. Метақұзыреттілікті қалыптастыруда таным мен белсенділік, теория мен әдістеменің бірлігі қағидалары басшылыққа алынды.

Таным және белсенділік қағидасы болашақ мамандардың метақұзыреттілігін қалыптастырудың негізгі қағидаларының бірегейі болады. Осы тұрғыда ең алдымен метақұзыреттіліктің мазмұнына сай еркін және терең ойлау, білімді тану номинациялары басшылыққа алынады. Аталған номинациялар арқылы тұлғаның таным процестері сферасының метақұзыреттілік конструкторы ретінде әлемнің тұтас бейнесі – «адамның әлем туралы түсінігінің көп деңгейлі жүйесі мен әлемнің метабейнесіне» танымның болуы, болашақ дефектолог мамандарды қалыптастыруда танымдық іс-әрекеттерді интерпретациялауда белсенділік таныту негізгі қызмет бола алады. Студенттердің метақұзыреттілігін қалыптастыруда олардың танымдық әрекеттері шеңберін кеңейтуге, белсенділік танытып, оның өмірлік тәжірибелермен, практикамен байланысын күшейту, өз білімі бойынша болып жатқан құбылыстардың мәнін түсіну дейміз. Таным мен белсенділік қағидасын дамытуда, жетілдіруде, іске асыруда теория мен әдістеменің бірлігі қағидасы жетекшілікке келеді.

Теория мен әдістеменің бірлігі қағидасы – болашақ мамандардың метақұзыреттілігін қалыптастыруда маңыздылығы жоғары. Метақұзыреттіліктің қалыптасуы жағдайында ақылдың екі түрі ерекшеленеді. Олар: *теория, әдістеме*.

Теориялық ақыл құбылысты сол күйінде таниды (метақұзыреттілік ұғымын түсінудегі нақтылаулар, дәлелдер т.б.). Бұл – ғылым. Мұндағы ең бастысы – метақұзыреттілік жөнінде зерттеулерге сүйеніп шындықты қалыптастыру. Әдістемелік ақыл іс-әрекетке бағытталған. Ал әдістеме қандай да бір теориялық ереженің ақиқаттығының өлшемі. Бірақ әдістемеге негізделмеген теория шындықты анық бейнелей алмайды. Мұнда теорияны басшылыққа алмаған әдістемедегі тиімсіздіктер орын алады. Теория – өзара байланысты білімдер жиынтығы ғана емес, сонымен бірге болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың бірінші механизмі және ол әдістемеге жол сілтері анық. Әдістеме – білімді жүзеге асыру саласы. Болашақ дефектологтарға академиялық күнтізбеге сәйкес педагогикалық практиканы жүргізуде теориялық білімді меңгерумен қатар дефектологтың кәсіби қызметінің ерекшелігін анық түсінуге, нақты (педагогикалық) жағдайларда алған арнайы, метапедагогикалық білімдер мен біліктерді қолдануға, зерттеулер жүргізуге, өзінің жеке мүмкіндіктерін талдауға және бағалауға, сонымен кәсіби рефлексия жасауға, өзінің педагогикалық қызметінде өзін-өзі бағалауға, өзінің жеке (дара) стилін қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Ұсынылған әдіснамалық қағидаларды негізі ғылыми білім құрылымын анықтауға болатындығын айқындайды. «Таным мен белсенділік», «теория мен әдістеменің бірлігі» қағидалары ақиқаттық, интерсубъективтілік, жүйелілік білімдерін құрылымдайды.

Зерттеу нәтижелері. Біз философиядан келген түйінді ойлардың мәніне талдау жасай келе, «метақұзыреттіліктің» ұғымдық-категориялық аппаратын түзуде білімнің таным және дағды арқылы үрдіске түсетінін айқындадық. Сондықтан бізге ең алдымен «мета», «құзыреттілік» ұғымдарының мазмұнын психологиялық, педагогикалық білімдер бойынша сипаттау қажеттігі туындайды.


Психологиялық зерттеулердегі С.Л. Рубинштейннің пікіріне сүйенсек, «... тұлғаның негізгі екі құрылымы: қажеттілік-мотивациялық, танымдық сферасы» деп көрсетеді. Мұндағы қажеттілік-мотивациялыққа: *қажеттіліктер, мотивтер, қызығушылықтар, қабілеттер, қарым-қатынас, мінез; танымдыққа: қабылдау, ойлау, түсіну, жасау* жатады [6]. С.Л. Рубинштейн ізімен осы психикалық процестердің барлығының өзара шартталғандығын, өзара қабысуын атап өту керек. Себебі, құзыреттіліктің құрылымыда көрсетілетін «дағды» қалыптастыру үшін «білімді меңгеру» маңыздысы болады. Бұл ретте С.Л. Рубинштейн: «Білімді меңгерудің беріктігі кейінгі оларды бекітудегі арнайы жұмысқа ғана емес, материалды алғашқы қабылдауға да байланысты, ал оның саналы түсініліп қабылдануы – бірінші танымдық үрдісте ғана емес, тұтастай онымен жұмыс істеуге байланысты» деп тұжырымдайды. Ғалымның пікірінен біздің пайымдауымыз, тұтастай жұмыс істеуді «құзыреттілік» ұғымының құрылымындағы дағдының маңыздылығына акцент береді. Жалпы алғанда «*тұтастай жұмыс істеу*» бұл, ұйымдастырушылық, тиімді қарым-қатынас (коммуникациялар), нәтижеге жету, топтасу, шешім қабылдау, басқару шеберлігі, сенім және т.б. атрибуттарды анықтап отыр.

А.Н. Леонтьевтің тұжырымдамасына сәйкес студенттерге білім берудегі ең маңыздысы жетістікке бағытталу, өзін-өзі дамыту атрибуттарымен өлшенеді. Сондай-ақ, ғалымның негізгі ойы болашақ мамандарда «*белсенділігін дамыту*», «*шығармашылығын дамыту*», «*білімі мен біліктіліктерін арттыру*», «*дағды қалыптастыру*» ғылыми тіркестермен ерекшеленеді. Бұл айтылғандардың барлығы дерлік «құзыреттілік» ұғымын толықтыра түседі [7].

Ресейлік ғалым О.А. Шабанов өзінің «*Метакомпетенция и метакомпетентность в рамках компетентного подхода в образовании*» атты еңбегінде: «мета» (бұл – үшін, арқылы, осында дегенді білдіреді) ұғымының бір бөлігі ретінде басқа жүйелерді, мысалы, *метатеорияны, метатілді* сипаттау немесе зерттеу үшін қызмет ететін жүйелерді белгілеу үшін қолданылады. Метабілім – білім туралы, оның қалай құрылғандығы және құрылымы туралы білім; бұл білім алу, таным әдістері туралы білім. Метаәдістер – бұл адам проблемаларды шешудің жаңа тәсілдерін ашатын әдістер» деп көрсетеді [8]. О.А. Шабановтың ғылыми нақтылауларынан біз, білімнің мәні – адамның өзіне және сыртқы әлемге қатысты ішкі әлеуетін анықтау және іске асыру. Адамның ішкі және сыртқы байланысы, оның негізгі түйіндік негіздеріне (функционалдық, танымдық, тұлғалық, әлеуметтік) қатысты адами қызметпен қамтамасыз етілетіндігін алға шығарамыз. Бұл негіздерде метаорта бар және ол үнемі дамуда болуы қажет деп түсінеміз.

Бірқатар ресейлік ғалымдардың зерттеулерінде С.А. Михайличенко, Е.В. Сизова, Е.В. Резчикова, А.К. Самойличенко, В.Р. Малахова және т.б., ал қазақстандық ғалымдар Б.Т. Барсай, М.З. Жанбубекова, К.Құдайбергеновалар және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

«Метақұзыреттілік» ұғымының құрылымын анықтауда ең алдымен «мета» жүйесіндегі түйінді негіздер функционалдық, танымдық, тұлғалық, әлеуметтік құзыреттілікті қамтамасыз етуші дескрипторлар көмегімен берері анық. Ендеше осы аталған түйінді ұғымдар яғни, «функционалдық құзыреттілік» (дағды); «танымдық (когнитивтік) құзыреттілік» (білік); «тұлғалық құзыреттілік» (білім, білік); «әлеуметтік құзыреттіліктерге» (білім) жүйеленген құзыреттіліктің біртұтастық нобайын ұсынамыз. (2-суретте).



Сурет 2. Құзыреттіліктің біртұтастық нобайы

Суретте көрсетілгендей, «метақұзыреттілік» ұғымының ішкі мазмұнына жол ашатын құзыреттілік түрлері бойынша адамның байқағыштығы, өзін-өзі бақылауы, кездескен жағдайда дұрыс шешім таба білуі, ойлау процесінің дамуы үшін талдау жасау, салыстыру, сәйкестігінен ажырату, нақтылай білу, жинақтау, қорытынды жасау сияқты дағдылардың болуы қажет екені белгілі болып отыр [9].

Ендеше біз, «метақұзыреттілік» ұғымы өте кең және бірден бірнеше негізгі ойларды қамтуы мүмкін деген қорытындыға келеміз. Соңғы жылдардағы авторлардың интерпретациясындағы «метақұзыреттілік» ұғымы мазмұнын қарастырып көрейік. Қазіргі уақытта «метақұзыреттілік» тақырыбы шетелдік авторлардың ғана емес, сонымен қатар отандық зерттеушілердің де жұмысында өте өзекті.

С.А. Михайличенконың еңбектерінде «метақұзыреттілік» ұғымы деп жаңа білім мен құзіреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін құзыреттер түсіндіріледі. Яғни, «метақұзыреттілікті» жаңа құзыреттерді дамыту және қалыптастыру үшін қажетті механизмдер деп түсінуге болады [10]

А.Р. Ушаков өзінің «Информационные технологии в профессиональной переподготовке сотрудников ФСКН РФ» атты еңбегінде маманның әлеуметтік-кәсіптік құзыреттілігі метақұзыреттіліктен және базалық құзыреттіліктен құралатындығын тұжырымдайды [11]. Ғалымның пікірінше, метақұзыреттіліктің негізгі түйінді тұстары: мәселелерді қоюға және шешуге дайындық, қарым-қатынас құзыреттілігі, аналитикалық және шығармашылық қабілеттер, рефлексия қабілеті, жеке қасиеттері деп танылады. А.Р. Ушаковтың еңбектері бойынша метақұзыреттілік – әлеуметтік-кәсіби құзыреттіліктің әмбебап компоненттері, сонымен қатар, базалық құзыреттілік кәсіби қызметтің (дәлірек айтқанда, болашақ маманның оған дайындығы) ерекшелігін көрсетеді.

Ұсынылған анықтамаларға сүйене отырып, метадағдылар тиімділікті, еңбекке қабілеттілікті немесе оқуды арттыру үшін қажетті негізгі кәсіби және жеке қасиеттер негізінде дамытын кейбір жаңа қасиеттер деп қорытынды жасауға болады. Метақұзыреттілік – бұл қазіргі заманғы тұжырымдама, бірақ көбінесе болашақ мамандармен, жас мамандармен байланысты болуы мүмкін.

Біз білім алушылардың метақұзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша біршама еңбектерді талдай келе, ғалым Ш.Т. Маханбетованың «Тұлғалық бағдарлық білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты кандидаттық диссертациялық еңбегінде көрсетілген болашақ мамандарды даярлауда түйінді құзіреттіліктерді анықтайтын сегіз категорияны негізге аламыз [12]. Біз ғалымның еңбегінде берілген бұл категорияларды кесте арқылы жинақтап ұсынып отырмыз.

Кесте –1. Түйінді құзыреттілік категориялары, оның атрибуттары

<i>Түйінді категориялары</i>	<i>құзыреттілік</i>	<i>Тұлға атрибуттары</i>
Негізгі дағдылар		-сауаттылық және есеп;
Өмірлік дағдылар		- өзін-өзі басқару, басқа адамдармен қарым-қатынас;
Коммуникативті дағдылар		- коммуникация, проблеманы шешу, ұжымдық жұмыс;
Әлеуметтік және азаматтық дағдылар		- әлеуметтік белсенділік, моральдық құндылықтар, ынтымақтастық;
Кәсіп алу дағдылары		- ақпаратты өңдеу, өз бетімен шешім қабылдау, бейімделу;
Кәсіпкерлік дағдылары		- өз бетімен әрекет жасау, іскерлік мүмкіндіктерді іздеу және зерттеу;
Басқару дағдылары		- коммуникация, кеңес беру, талдау қабілеті, жаттығу және үйрету;
Кең дағдылар		- талдау, жоспарлау, бақылау.

Мақала аясында ғылыми зерттеу әдебиеттерін зерделеуде талдау, құрылымдау, ассоциациялау, диагностикалау, бақылау зерттеу әдістері жүзеге асты. Ендеше біз, болашақ мамандардың «метақұзыреттілігін» қалыптастырудың критерийлері бойынша айқындау экспериментін жүргізуді ұсынамыз. Болашақ

мамандардың метақұзыреттілігін қалыптастыру бойынша зерттеу экспериментін ұйымдастыру үшін бірнеше міндеттер қойылды:

- студенттердің метақұзыреттілігін қалыптастырудың жалпы қойылысын айқындау;
- метақұзыреттілікті қалыптастыру үдерісінде кездесетін қиыншылықтарды белгілеу;
- студенттердің метақұзыреттілігі қалыптастыруға арналған диагностикалық тапсырмалардың құрылымы мен мазмұнын жасау.

Жалпы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың міндеттерін орындауда айқындау экспериментінің ұйымдастырылу алгоритмі келесідей:

- а) студенттердің метақұзыреттілік білім деңгейіне педагогикалық бақылау, сауалнама алу;
- б) студенттердің «метақұзыреттілік» ұғымы жайлы білім деңгейін айқындау және талдау болады.

Болашақ мамандармен ұйымдастырылатын зерттеу жұмысының мазмұны бойынша біз айқындау экспериментін жүргіздік. Біздің болжауымызға сай, Гилфордтың «Шығармашылық ойлау деңгейін анықтау» әдістемесі, Джонстың «Креативтілік деңгейін анықтау» әдістемесі; А.Маслоудың «*Өзін-өзі таныту*» теориясы студенттердің метақұзыреттілік деңгейін анықтау құралдары болып табылады [13]. Бірақ бүгінгі мақаламызда тек А.Маслоудың «*Өзін-өзі таныту*» теориясы, оның нәтижелері бойынша баяндаймыз.

Ең алдымен жүргізілген аталмыш әдістеменің нұсқаулығымен қысқаша таныстырып өтуді жөн санаймыз.

«*Өзін-өзі таныту*» тесті өзін-өзі танытуды құрайтын түрлі параметрлерді тіркеп, оны көпөлшемді шама ретінде өлшейді. Шетелде кең таралған, әйгілі тұлғалық бағдарлау сұрақтамасының (РОІ) негізінде құрастырылған. РОІ А. Маслоудың өзін-өзі таныту теориясының негізінде жасалынған. «*Өзін-өзі таныту*» тесті әрқайсысы құндылықтық және мінез-құлықтық сипаттағы екі тұжырымнан тұратын 126 баптан тұрады. Тұжырымдардың қарама-қарсы мағынада болуы міндетті болып табылмайды. Бірақ, сонда да, зерттелушіден осылардың ішінен анағұрлым өз көзқарасына жақынын және әдетте, өз қылықтарына сай келетін пікірді таңдау талап етіледі. Сондықтан біз тек қана «метақұзыреттілік» ұғымының құрылымын анықтап тұрған негізгі атрибуттарды негізге аламыз. Олар: құндылықтық бағдар, креативтілік, қарым-қатынас(коммуникативтілік), танымдық қажеттілік, синергия, өзін-өзі қабылдау.

Дискуссия. Нәтижелерді талдау. «*Өзін-өзі таныту*» тестінің құрылымы өзіміз іріктеп алған бірнеше негізгі шкалалардың мазмұнынан тұрады және өзін-өзі танытудың жеке аспектілерін белгілеуге бағытталған.

Олар:

- *құндылықтық бағдарлар шкаласы*; Адамның өзін-өзі танытатын тұлғаға тән құндылықтарды қандай дәрежеде бөлісетінін өлшейді. Осы және кейінгі шкала бойынша жоғары балл өзін-өзі танытудың жоғарғы дәрежесін сипаттайды.

- *өзін-өзі қабылдау шкаласы*; Адамның өз қасиеттері мен кемшіліктеріне баға беруіне тәуелсіз өзін қабылдау дәрежесін белгілейді.

- *синергия шкаласы*; Адамның тұтас қабылдау қабілетін, ойын мен еңбек, тән мен жан және т.б. қарама-қарсы ұғымдардың байланыстылығын түсіну қабілетін сипаттайды.

- *қарым-қатынас шкаласы*; Субъектінің адамдармен тез арада терең қатынастарды орнатуға, субъект-субъектілік қарым-қатынасты жүзеге асыра алу қабілетін сипаттайды.

- *танымдық қажеттіліктер шкаласы*; Адамның қоршаған орта туралы білімдерді алуға талпынысының көріну дәрежесін өлшейді.


- *креативтілік шкаласы*; Ол тұлғаның шығармашылық бағыттылығын көрсетеді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология институтының білім алушыларына ұйымдастырылды. Экспериментке барлығы 68 студент қатысты. Олардың 36-сы бақылау тобында, ал қалған 32 студент эксперимент тобында болды.


А.Маслоудың «*Өзін-өзі таныту*» теориясын қамтуға арналған тесті құндылықтық бағдар, креативтілік, қарым-қатынас (коммуникативтілік), танымдық қажеттілік, синергия, өзін-өзі қабылдау критерийлері бойынша жоғары, орта, төмен деңгейлердің сандық/пайыздық көрсеткіштерін айқындадық.

Кесте – 2. Айқындау эксперименті бойынша А.Маслоудың «Өзін-өзі таныту» әдістемесі бойынша алынған нәтижесінің бақылау және эксперимент топтарындағы көрсеткіштері

Респонденттер саны	Критерийлер																	
	Құндылықтық бағдар						Өзін-өзі қабылдау						Синергия					
Деңгейлері	Ж		О		Т		Ж		О		Т		Ж		О		Т	
Сандық/пайыздық	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%
ЭТ (32)	9	28	11	34	12	37	8	25	12	37	12	37	8	25	11	34	13	40
БТ (36)	10	27	12	33	14	38	13	36	11	30	12	33	11	30	10	27	13	36
Барлығы:68 респонденттер	19	55	23	67	26	75	21	61	23	67	24	70	19	55	21	61	26	76



Сурет – 3. Эксперимент тобының «құндылықтық бағдар», «өзін-өзі қабылдау», «синергия» критерийлері бойынша жоғары, орта, төмен деңгейлеріндегі нәтижелерінің диаграммасы



Сурет 4. Бақылау тобының «құндылықтық бағдар», «өзін-өзі қабылдау», «синергия» критерийлері бойынша жоғары, орта, төмен деңгейлеріндегі нәтижелерінің диаграммасы


А.М. Маслоудың «Өзін-өзі таныту» әдістемесіндегі ЭТ және БТ-ның 2-кестеде көрсетілген критерийлердің жоғары, орта, төмен деңгейлер бойынша нәтижелерінің сандық және пайыздық көрсеткіштерін талдап өтейік. ЭТ-дағы 32 респонденттердің «құндылықтық бағдар» бойынша ЖД-9 студент, бұл 28%, ОД-11 студент, 34%, ТД-12 студент, яғни 37% құрайды. Ал осы критерий бойынша БТ респонденттері 36, оның ЖД-10/27%; ОД-12/33%; ТД-14/38% студентті көрсетіп отыр. Келесі «өзін-өзі қабылдау» критерийі бойынша ЭТ-на қатысқан 32 респонденттердің ЖД-8/25%; ОД-12/37%; ТД-12/37%-ды көрсетеді. БТ бойынша ЖД-13/36%; ОД-11/30%; ТД-12/33%-ды құраған. Кестедегі үшінші критерий

«синергия», ал мұндағы ЭТ-да ЖД-8/25%; ОД-11/34%; ТД-13/40%-ды нәтижені беріп отыр. Мұндағы БТ-да ЖД-10/27%; ОД-10/27%; ТД-13/36% құрайды.


Кесте – 3. Айқындау эксперименті бойынша А.Маслоудың «Өзін-өзі таныту» әдістемесі бойынша алынған нәтижесінің бақылау және эксперимент топтарындағы көрсеткіштері

Респонденттер саны	Критерийлер																	
	Креативтілік						Қарым-қатынас (коммуникативтілік)						Танымдық қажеттіліктер					
Деңгейлері	Ж		О		Т		Ж		О		Т		Ж		О		Т	
Сандық/пайыздық	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%	п	%
ЭТ (32)	9	28	12	37	11	34	10	31	9	28	12	37	8	25	12	37	12	37
БТ (36)	11	30	13	36	12	33	13	36	10	27	13	36	9	25	14	38	13	36
Барлығы:68 респонденттер	20	58	25	73	23	67	23	67	19	55	25	73	17	50	26	75	25	73

Айқындау экспериментінің көрсеткіштерін диаграмма түрінде ұсынамыз.



Сурет - 5. Эксперимент тобының «креативтілік», «қарым-қатынас», «танымдық қажеттіліктер» критерийлері бойынша жоғары, орта, төмен деңгейлеріндегі нәтижелерінің диаграммасы



Сурет - 5. Бақылау тобының «креативтілік», «қарым-қатынас», «танымдық қажеттіліктер» критерийлері бойынша жоғары, орта, төмен деңгейлеріндегі нәтижелерінің диаграммасы

А.М. Маслоудың «Өзін-өзі таныту» тестіндегі келесі шкалалар бойынша «креативтілік», «қарым-қатынас(коммуникативтілік)», «танымдық қажеттіліктер» басты критерийлер болады. Критерийлердің жоғары, орта, төмен деңгейлері бойынша нәтижелерінің сандық және пайыздық көрсеткіштерін талдауды ұсынамыз. ЭТ-дағы 32 респонденттердің «креативтілік» бойынша ЖД-9 студент, бұл 28%, ОД-12 студент, 37%, ТД-11 студент, яғни 34% құрайды. Ал осы критерий бойынша БТ респонденттері 36, оның ЖД-11/30%; ОД-13/36%; ТД-12/33% студентті көрсетіп отыр. Екінші «қарым-қатынас (коммуникативтілік)» критерийі бойынша ЭТ-на қатысқан 32 респонденттердің ЖД-10/31%; ОД-9/28%; ТД-12/37%-ды нәтиже деп көрсетті. БТ бойынша ЖД-13/36%; ОД-10/27%; ТД-13/36%-ды құраған. «Танымдық

қажеттіліктер» критерийі, ал мұндағы ЭТ-да ЖД-8/25%; ОД-12/37%; ТД-12/37%-дық нәтижені беріп отыр. Мұндағы БТ-да ЖД-9/25%; ОД-14/38%; ТД-13/36% құрайды.

Айқындау эксперименті бойынша жүргізілген тест арқылы алынған деректер эксперименталды қызметтің бастапқы кезеңінде туындаған ұсыныстарды тағы да растайды. Біріншіден, студенттер «метқұзыреттілік» құрылымындағы атрибуттарға, олардың көріністеріне анық мән береді. Мұндағы статистикалық зерттеу нәтижелері студенттердің метақұзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін анықтауға және осы бағыттағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының келесі кезеңдерін іске асыруға, әр критерийлердің даму дәрежесін көрнекі түрде көрсетуге және қалпына келтіруге, оларды жетілдіру үшін метақұзыреттілікті қалыптастыру әдістемесін дайындауға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Біздің бүгінгі мақаламызда «метақұзыреттілік» ұғымының философиялық, психологиялық, педагогикалық білімдердегі сипаттамасы беріліп, оның мазмұны талданып, құрылымы: метакогнитивтік, әлеуметтік-мәдени, шығармашылық, коммуникативтілік топтамасынан тұратындығын негіздеуге мүмкіндік алдық. Сондай-ақ, біз теориялық талдаулар барысында «метақұзыреттілік» – өзін-өзі тану құзіреттілігін қабылдауды, өзін-өзі зерттеуді меңгеруді жеңілдететін, өз білімі туралы білім және танымның немесе кәсіби шеберліктің жаңа сатысына рефлексиялық механизмдер арқылы тиімді өту мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылымдық кіріс» деп нақтылаулар жасадық. Жалпы талдаулар барысында бізге белгілісі, білім алушыларға оқу процесінде де, одан әрі кәсіби қызмет процесінде де ақпаратты, білімді, өзінің зияткерлік дамуы мен рефлексиялық механизмдерін басқаруға мүмкіндік беретін метақұзыреттілік деп түйінделуінде. Ендеше біз, «метақұзыреттілік» ұғымының құрылымы мен мазмұнын талдауда келесідей ұсыныстарды береміз:

- болашақ мамандарға арналған «Метақұзыреттілік негіздері» атты арнайы курс бағдарламасын даярлау, оның тиімділігін қалыптастыру эксперименті жұмыстары арқылы дәлелдеп, ЖОО-ның білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларына ендіру;

- «Метақұзыреттілік» ұғымының теориялық-әдіснамалық маңызын реттеуде ғылыми-әдістемелік семинардың жұмыс жоспарын әзірлеу, оны тәжірибеге ендіру.

Біз, «Метақұзыреттілік» ұғымының құрылымы мен мазмұны тақырыбындағы ғылыми мақаламыз арқылы теориялық-әдіснамалық негіздердің кейбір тетіктерін айқындадық. Айқындау экспериментінің нәтижелеріне сүйене отырып, алдағы зерттеу жұмыстарын жүргізуде жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды жүзеге асыру жоспарланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319-III Заңы. (дата обращения 16.02.2020 г.)

2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) (дата обращения 16.02.2020 г.)

3 Дж. Реале, Д. Антисери Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: Оқулық. /Ауд. Т.Х. Фабинов, т.б. – Алматы: 2012.-628 б.

4 Игнатенко А.А. В поисках счастья. Общественно-политические воззрения арабо-исламских философов Средневековья. – М.: Мысль, 1989. – С. 100-127.

5 Dimitrova D. (2008). *Das Konzept der Metakompetenz: Theoretische und empirische Untersuchung am Beispiel der Automobilindustrie.* Wiesbaden: Gabler. S. 260.

6 Рубинштейн С.Л. «Направленность личности, основы общей психологии». – М.: 1980. – 623-626 с.

7 Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 2004. – 352 с.

8 Шабанов О.А. Методологические основания анализа компетентностной и знаниевой образовательных парадигм // Социально-гуманитарные знания. – 2013. – №10. – С. 81-91.

9 Elmira A. Aitenova, Alua A. Smanova, Aktoty T. Akzholova, Almash T. Turalbayeva, Zhanil K. Madaliev, Ulzharkyn M. Abdigapbarova Construction of Dual System of Preparation of Engineering-Pedagogical Personnel at Higher Education Institute. ASTRA Salvensis, an VII, numär 13, 2019. – P. 345-356.

10 Михайличенко С.А., Буряк Ю.Ю., Афанаскова Ю.А. Метакомпетенции как основа успешной самореализации выпускников на рынке труда // Белгородский государственный технологический университет им. В.Г. Шухова. 2016 год. – С. 94-101.

11 Ушаков А.Р. Информационные технологии в профессиональной переподготовке сотрудников ФСКН РФ: автореферат дис. ... кандидата педагогических наук : 13.00.08. – Краснодар, 2012. - 24 с.

12 Маханбетова Ш.Т. Тұлғалық бағдарлық білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. пед.ғыл.канд. ...диссертация. – Атырау, 2008. – 45 бет.

13 Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2008. – 352 с.

МРНТИ 14.35.01

Г.К. Шолпанқұлова¹, Ш.Ж. Колумбаева², Б.Т. Махметова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ DAҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда кәсіби білім берудегі пәнаралық интеграция мәселесін зерттеу тарихи қалыптасқан бағыт болып табылады және оны ғалымдар терең зерттеді. Алайда, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бағдарланған оқытудағы құзыреттілік тәсілді іске асыру шеңберінде пәнаралық интеграция мәселесі жаңа мәнге ие. Пәнаралық интеграцияның жаңа мағынасының мәні жаһандану, ақпараттандыру, цифрландырудың қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайларына негізделеді. Пәнаралық интеграция жоғары оқу орнының оқу процесі компоненттерінің (мақсат, нәтиже, мазмұн, оқыту формасы мен әдістемесі) қолданбалы бағыты болып табылады және болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекеті мазмұны мен технологиясының оқу пәндерімен өзара байланысынан, сонымен қатар жоғары оқу орнындағы оқыту және тәрбиелеу процестерінің келісімділігінен көрінеді. Білім берудің жаһандануы оған кіретін білім беру жүйелері арасындағы айырмашылықтар жойылатын бүкіләлемдік бірыңғай білім беру жүйесін құру процесі деп түсіндіріледі. Білім беруді ақпараттандыру білім беру саласы оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын іске асыруға бағытталған қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды әзірлеу және оңтайлы пайдалану әдіснамасымен және практикасымен қамтамасыз етілетін процесс болып табылады. Заманауи әлемдегі цифрлық дағдылар қажетті және қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында тиімді өзара әрекеттесу қабілеті ретінде тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларымен толықтырылуы тиіс. Қашықтықтан оқыту процесінде компьютерлік байланысты, виртуалды органы, онлайн дәрістер мен семинарларды пайдаланумен бейнеконференциялар белсенді қолданылады. Қашықтықтан оқытудың ерекшелігі сандық дағдыларды дамытуға ықпал ететін компьютерлік құралдар негізінде оқыту болып табылады, өйткені ол студенттің дербес танымдық іс-әрекетіне негізделіп, белсенді және тұлғалық-бағдарлық сипатты иеленген. Жоғарыда айтылғандар пәнаралық интеграция негізінде болашақ педагогтардың цифрлық дағдыларын дамытуды талап етеді. Бұл мақалада пәнаралық интеграция негізінде болашақ педагогтардың цифрлық дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады, сонымен бірге цифрлық дағдылардың мазмұндық сипаттамасы беріледі.

Түйін сөздер: цифрлық дағдылар, пәнаралық интеграция, интеграция, дағдылар, жаһандану, ақпараттандыру, цифрландыру.

Шолпанқұлова Г.К.¹, Колумбаева Ш.Ж.², Махметова Б.Т.²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Нур-Султан, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан

РАЗВИТИЕ ЦИФРОВЫХ НАВЫКОВ У БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ НА ОСНОВЕ МЕЖПРЕДМЕТНОЙ ИНТЕГРАЦИИ

Аннотация

На сегодняшний день, исследование проблемы межпредметной интеграции в профессиональном образовании является исторически сформировавшимся направлением и изучена учеными достаточно глубоко. Однако, в рамках реализации компетентностного подхода в обучении, на который ориентированы государственные общеобязательные стандарты образования, проблема межпредметной интеграции приобретает новое значение. Сущность нового значения межпредметной интеграции обосновывается современными социокультурными условиями глобализации, информатизации,

цифровизации. Междисциплинарная интеграция является прикладной направленностью компонентов учебного процесса вуза (цель, результат, содержание, форма и методика обучения) и проявляется во взаимосвязи учебных дисциплин с содержанием и технологиями профессиональной деятельности будущих педагогов, а также в согласованности процессов обучения и воспитания в вузе. Под глобализацией образования понимается процесс создания всемирной единой унифицированной системы образования, при которой стираются различия между входящими в нее образовательными системами. Информатизацией образования является процесс, когда сфера образования обеспечивается методологией и практикой разработки и оптимального использования современных информационных технологий, ориентированных на реализацию психолого-педагогических целей обучения и воспитания. Цифровые навыки в современном мире необходимы и должны быть дополнены сквозными навыками межличностного общения, как способность эффективного взаимодействия в нынешних условиях дистанционного обучения. В процессе дистанционного обучения активно применяются видеоконференции с использованием компьютерной связи, виртуальная среда, онлайн лекции и семинары. Отличительной чертой дистанционного обучения является обучение на основе компьютерных средств, которое способствует развитию цифровых навыков, так как основывается на самостоятельной познавательной деятельности студента, носит активный и личностно-ориентированный характер. Вышеизложенное требует развития цифровых навыков у будущих педагогов на основе межпредметной интеграции. В данной статье рассматривается проблема развития цифровых навыков у будущих педагогов на основе межпредметной интеграции, также дается содержательная характеристика цифровых навыков.

Ключевые слова: цифровые навыки, межпредметная интеграция, интеграция, навыки, глобализация, цифровизация.

Sholpankulova G.K.¹, Kolumbayeva Sh.Zh.²,Mahmetova B.T.²

*¹L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan*

*²Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

DEVELOPMENT OF DIGITAL SKILLS FOR FUTURE TEACHERS BASED ON CROSS-SUBJECT INTEGRATION

Abstract

Today, the study of the problem of interdisciplinary integration in professional education is a historically formed direction and has been studied by scientists deeply enough. However, within the framework of the implementation of the competence-based approach in teaching, which is the focus of state compulsory education standards, the problem of interdisciplinary integration acquires a new meaning. The essence of the new meaning of interdisciplinary integration is substantiated by the modern socio-cultural conditions of globalization, informatization, interdisciplinarity, and digitalization. Interdisciplinary integration is the applied focus of the components of the educational process of the university (goal, result, content, form and methodology of teaching) and manifests itself in the relationship of academic disciplines with the content and technologies of professional activity of future teachers, as well as in the consistency of the processes of teaching and upbringing at the university. The globalization of education refers to the process of creating a worldwide unified education system, which erases the differences between the educational systems included in it. Informatization of education is a process when the sphere of education is provided with the methodology and practice of the development and optimal use of modern information technologies, focused on the implementation of the psychological and pedagogical goals of training and education. Digital skills in the modern world are necessary and must be complemented by cross-cutting interpersonal skills, as the ability to effectively interact in the current environment of distance learning. In the process of distance learning, video conferences using computer communication, virtual environment, online lectures and seminars are actively used. A distinctive feature of distance learning is computer-based learning, which contributes to the development of digital skills, since it is based on the student's independent cognitive activity, is active and personality-oriented. The above requires the development of digital skills in future teachers based on cross-subject integration. This article examines the problem of developing digital skills in future teachers based on interdisciplinary integration, and also provides a meaningful characteristic of digital skills.

Keywords: digital skills, intersubject integration, integration, skills, globalization, digitalization.

Кіріспе. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» [1]: білім беру жүйесіне электрондық оқыту жүйесін (e-learning) (бұдан әрі – ЭОЖ) енгізу нәтижелі сапалы білім беруге бағытталған басымдылық ретінде белгіленіп, білім беру ресурстары және технологияларымен барлық қатысушыларды қамтамасыз ету, ал «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»[2]: білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру, ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру міндеттерінің белгіленуі болашақ педагогтардың цифрлық дағдыларын дамыту мәселесін өзектендіре түседі.

Білім беру жүйесінің жалпы әлемдік интеграция және жаһандану тенденциялары, бір жағынан, білім беру үрдісін жекелендіру мүмкіндіктерін ұсынса, екінші жағынан, біртұтас дүниетанымдық көзқарас, ойлаудың интегративті тәсілін, өз бетімен шығармашылық ізденіске қабілеттілігін, құзыреттілігі мен кәсібилігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық технологияны құруды талап етеді. Білім мазмұнын интеграциялауда ғылыми таным қызметінің әдістері мен түрлерін синтездеу маңызды. Интеграция білім мазмұнының негізгі үш компонентінде, атап айтқанда, пәнаралық байланыс әсерімен сапа жағынан өзгертетін білім жүйесінде; пәнаралық байланыс жүзеге асыратын оқу-танымдылық қызметте ерекше қасиетке ие болатын дағдылар жүйесінде; әртүрлі пәндер білімдерін синтездеу процесінде қалыптасатын оқу-танымдық қатынастар жүйесінде көрініс табады.

Сондықтан ғылыми зерттеудің негізгі қағидасы интеграция және жүйелілік тәсіл болып табылатын қазіргі ғылымның мұндай ерекшеліктері білімнің мәні мен мақсатын өзгертуге себепші болатын ғылыми-техникалық революцияның кілті ретінде бүгінгі білімнің даму перспективасы мен заңдылығын түсінуге көмектеседі. Білімнің дамуы танымның гуманитарлық тәсілдері және жаратылыстануда ғылыми әдіснамалық өзара толықтыру принципіне сүйеніп, әлем және оның бейнесі туралы тұтас түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Білім беруде әлемнің интегративті ғылыми бейнесі үш қызмет атқарады: дүниетанымдық, ғылым танымның ажыратылмайтын бөлігі ретінде қарастырылады; әдіснамалық, барлық теорияларды қосу арқылы білім мазмұнында білімді жүйелейді; психологиялық, ойлаудың қазіргі, жүйелі, диалектикалық типтерін қалыптастырады.

Пәнаралық байланыс мәселесін жан-жақты зерттеу педагогиканың ғылыми, теориялық негіздерін дамыту үшін де, педагогтардың практикалық қызметі үшін де өте маңызды. Біздің мақаламыздың *мақсаты* болашақ мұғалімдердің сандық дағдыларын дамыту үшін кәсіби дайындықтағы пәнаралық интеграцияның мүмкіндіктерін талдау болып табылады.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Негізгі әдіснамалық тәсіл интеграцияланған тәсілдеме болып табылады, оның негізіне пәнаралық интеграция принципі – интеграция феноменінің мазмұндық жағы алынады. Пәнаралық интеграция педагогикадағы осы принциптің қосымша ақпарат алу масатында басқа пәннің материалын негізгі курсқа эпизодтық енгізу ретіндегі дәстүрлі түсінігінен айырмашылығы әртүрлі пәндер бойынша білім блоктарын біріктіруге мүмкіндік береді. Интеграцияланған тәсілдеме білім берудегі интеграция мен интеграциялық процестер туралы идеялар жиынтығымен ұсынылады, білімнің бірлігін және көпөлшемділігін, бір мезгілде оның үш компонентін (оқыту, тәрбие, тұлғаның шығармашылық дамуы және олардың өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін) басқарады.

Пәнаралық байланыс жүйеліліктің жалпы әдіснамалық принципінің нақты формасының бірі, ол ақыл-ой әрекетінің ерекше түрін-жүйелік ойлауды анықтайды.

Педагогикалық жүйелердегі интеграциялық процестердің әдіснамасы ғалымдар (В.С. Безрукова, М.Н. Борулава, А.Д. Урсул, А.А. Бейсенбаева, т.б.) зерттеулерінде интеграцияның мақсаты мен міндеттеріне байланысты типтері мен түрлерінің, деңгейлері мен бағыттарының өзгергіштігі бар күрделі процесс ретінде қарастырылады.

Көптеген зерттеушілер (А.Я. Данилюк, В.Н. Максимова, Ә.Мұхамеджанова және т.б.) арнайы әзірленген пәнаралық міндеттер мен олардың жүйелерін шешу білім алушыларға болашақ кәсіби іс-әрекетінде білімді интеграциялау қажеттілігін түсінуге мүмкіндік береді деп тұжырымдайды.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар мәселесін (Г.Б. Ахметова, Б.Б. Баймұханов, Т.О. Балыкбаев, Е.Ы. Бидайбеков, Д.М. Жүсібалиева, Г.Қ. Нұрғалиева, И.В. Роберт, В.В. Гриншкун, Е.С. Полат және т.б.); бағдарламалық құралдарды пайдаланудың әдістемесін (Е.В. Артықбаева, Г.А. Мадьярова және т.б.) жан-жақты қарастырады.

И.В. Роберттің пікірінше, ақпараттық білім беру ортасын құрудың тиімді жолдарының бірі қажетті ресурстарды бірқұрылымға интеграциялау және оны үнемі дамытып отыру. Қоғамды ақпараттандыру ақпараттық ресурсқа әрбір индивидтің қол жетімділігін қамтамасыз ететін қоғамның интеллектуалдық

әлеуетін өсіреді. Сондықтан қоғамдық өндірістің барлық саласында (мәдениет, өнер, білім беру) ақпараттық іс-әрекеттерді меңгерту және ақпараттық технологиялар негізінде өзара әрекеттестікті іске асыру қажет. Оқыту кезінде ақпараттық коммуникативтік технология құралдарын қолдану оқу үдерісінің сапасы мен тиімділігін арттыру, білім алушылардың танымдық қызметінің белсенділігін арттыру, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, қажетті ақпаратты іздеуді оңтайландыру және көлемін ұлғайту, коммуникативтік дағдыларды дамыту міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады [3].

Бүгінгі таңда ақпараттық-білім беру ортасының жекелеген құрамдас бөліктері ішіндегі ғылыми білімді пәнаралық интеграциялау үрдісі болашақ педагогтарға үнемі туындайтын, өзгертін ерекше кәсіби міндеттерді сенімді және құзыретті шешуге мүмкіндік береді, бұл оның цифрлық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

А.А. Бейсенбаева интеграцияны екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдарын тереңірек түсінуіне мүмкіндік беретін жаңаша жүйеленген ішкі бірлік ретінде анықтап, пәнаралық байланыс арқылы білім беруді ізгілендіру тұжырымдамасын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздейді. Феномен ретінде «білімнің пәнаралық интеграциялануы» (БПИ) ұғымын алғаш рет енгізіп, білімді жаңа тұрғыдан оқытудың құралы екендігін, оның іргелес пәндер бойынша блоктық жүйеге топтастырылып, білімнің терең әрі жан-жақты, соның нәтижесінде білім алушылардың жаңа сапалық қасиет деңгейіне көтерілуінің жолы болатынын дәлелдеген [4].

Б.М.Кедровтың пікірінше, ғылымда барлық уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі тенденция қалыптасқан. Біріншісі білім интеграциясына, олардың жалпы жүйеге бірігуіне, арасындағы өзара байланыстарды ашуға, ал екіншісі білім дифференциациясына, олардың ары қарай тармақталуына, бір сала білімінің басқасынан шеттетілуіне бағытталған. Бұл ғылыми білім дифференциациясы мен интеграциясының ішкі бірлігінде ғылымның дамуы жүзеге асырылады [5].

Жоғары білім берудегі пәнаралық интеграция пәнаралық байланыстар негізінде оқу пәндерін блоктарға, кешендерге немесе модульдерге дәстүрлі біріктірумен ғана айқындалмауы тиіс. Пәнаралық интеграция пәндердің мазмұндық негізін сәйкестендіруді қамтамасыз етеді. Бұл сәйкестендіру мысалы: педагогикалық жағдаяттар (қарым-қатынас жағдаяты), кәсіби іс-әрекеттегі мінез-құлық үлгілері (ашықтық, объективтілік, серіктестік, ынтымақтастық) мен АКТ (ақпараттық-коммуникативтік технология) пәнінен меңгерілген цифрлық дағдылармен сипатталады. Екі қағида (пәнаралық байланыс /пәнаралық интеграция) басымдылығы бар интеграцияланған тәсілдеме оқытудың сипатын өзгертеді, яғни интеграцияланған оқыту екі пән мазмұнының үлес салмағының айырмашылығын ескере отырып, құрастырылады.

Зерттеудің нәтижелері және талқылануы. Бүгінде тұлғаның тұтастай әлеуметтік белсенділік контексіндегі цифрлық құрылғыларды, коммуникациялық қосымшаларды және желілерді пайдалана алу, ақпаратты іздеу, басқару, цифрлық контентті құру және тарату, оны сондай-ақ проблемаларды шешуде оны тиімді қолдану, өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық тұрғыдан өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асыру дағдыларының жиынтығы цифрлық дағдылар деп түсіндіріледі.

Цифрландыру, яғни ақпараттың барлық түрлерін цифрлық формаға көшіру қызметтің барлық салаларына енді, ол өз кезегінде басқару тәсілін де өзгертуде. Заманауи басқару теориясында «жұмсақ» дағдыларға (байқау, уақытты басқару, адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау, т.б.), ал «қатаң» дағдыларға (техникамен жұмыс істеу, белгілі бір жұмысты орындау, т.б.) жатқызылады. Қатаң дағдылар адамның іс-әрекеті болса, ал жұмсақ дағдылар сол әрекетті жақтап, оған қосымша сапалар береді.

Әлемдік тәжірибеде цифрлық дағдылардың мынадай бірнеше санаттары анықталған:

- негізгі дағдылар (базалық сауаттылық, жазу, құжаттар мен есеп-шоттарды қолдануды қамтиды), бұл дағдысыз тек төмен білікті жұмыстарды орындауға болады, сондықтан сандық технологиялармен жұмыс жасауда мамандарға осы дағдылардың минималды деңгейін меңгеру қажет;

- трансверсальды дағдылар (топтық жұмыс, үздіксіз оқыту, проблемаларды шешу, қарым-қатынасты дамыту секілді ауыспалы және икемді дағдыларды қамтиды), бұл «икемді» дағдыларсыз мамандар цифрлық техникалық білімін, өзінің барлық әлеуетін іске асыра алмайды;

- сандық техникалық дағдылар (компьютерді және бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға, желілік қауіпсіздік шараларын қолдануға және басқаларға қатысты қалыптасады), бұл дағдылар цифрлық технологияларды қолданатын заманауи жұмыс орындарының тиімді жұмыс істеуі үшін өте маңызды;

- ақпаратты сандық өңдеу дағдылары (ақпаратты іздеу және синтездеу сияқты ақпаратты өңдеуге қатысты жоғары деңгейдегі танымдық дағдылар, мысалы: ақпаратты іздеу және жинау, бағалау, қолдану, құру және беру), бұл АКТ саласында арнайы біліктілік пен мамандық алу үшін қажетті қабілеттерді қалыптастырады [6].

Осы санамалап көрсетілген дағдылардың ішінен бүгінгі таңда негізгі функционалдық дағдылар цифрлық құрылғылар мен онлайн қосымшаларды қарапайым пайдалану үшін қажет, бұл дәстүрлі оқу, жазу және санау дағдыларымен қатар цифрлық сауаттылықтың жаңа жиынтығын меңгерудің маңызды шарты болып саналады.

Цифрлық дағдылар тұтынушыларға өз мүмкіндіктерін кеңейтуде және өзгерістерді енгізуде технологияларды қолдануға мүмкіндік беретін жоғары деңгейдегі қабілеттерді талап етеді.

Бүгінгі таңда ақпараттандырудың құзыреттілік моделі өздігінен білім алуға ұмтылу, өмір бойы оқыту сияқты алғышартты негізге алып, құзыреттілікті еуропалық біліктілік шеңберіне (EQF) сәйкес анықтайды:

- білім (Knowledge) – оқыту арқылы меңгерілген фактілер, қағидалар, теориялар мен тәжірибелер жиынтығы;

- дағды (Skills) – білімді қолдану қабілеті, мұнда дағдының құрамында инструменталдық (белгілі бір материалдар, әдістер мен құралдар), когнитивтік (логикалық, түйсіктік және шығармашылық ойлау) қабілеттер ажыратылады;

- қарым-қатынас (Attitudes) – іс-әрекетке мотивацияны, жауапкершілік пен автономдылықты сипаттайды.

Бұл модель төрт блоктан тұрады, оның аясындағы мынадай негізгі дағдылар тізімі анықталады:

- тұлғалық дағдылар (Human Skills) – сыни ойлау, шығармашылық тәсіл, аналитикалық пайымдау, коммуникация мен ынтымақтастық;

- сала бойынша базалық білімдер (Domain Knowledge) – стратегия, экономика, маркетинг, коммуникация (қоғаммен байланыс, таланттарды анықтау), адамзаттық ресурстарды басқару, зерттеу және өнімді дайындау;

- цифрлық дағдылар (Digital Building Block Skills) - мәліметтерді талдау, базалық мәліметтерді басқару, бағдарламалық қамтамасыздандыру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- бизнес дағдыларды жүзеге асыру (Business Enabler Skills) – жобаны басқару, шешім қабылдау, визуализация және мәліметтерді беру [7].

Пәнаралық интеграциялық мазмұн, яғни әртүрлі сипаттағы білім, іс-әрекет тәсілі және ақыл-ой технологиясының бірігуі болашақ педагогтардың шығармашылық қабілеттерімен қатар цифрлық дағдыларын дамыту мүмкіндіктерінен тұрады.

Кәсіптік білім берудегі пәнаралық интеграция мына бағыттарда зерттелінген: жаратылыстану және кәсіптік-техникалық пәндер интеграциясы (М.Н. Берулава); білім беруді интеграциялау теориясы (А.Я. Данилюк); ғылым мен білім берудегі интеграция (Е.Б. Петрова); жаратылыстану циклінің пәндерін біріктіру (С.А. Сергеев); пәнаралық интеграцияны теориялық-әдіснамалық қамтамасыз ету (Н.К. Чапаев); болашақ педагогтардың АКТ-құзыреттілігін қалыптастырудағы пәнаралық интеграция (С.А. Богатенков, И.Н. Смирнова) және т.б.

М.Н. Берулава жалпы және кәсіптік білім беру интеграциясының тұжырымдамасын дайындап, білім мазмұны интеграциясының құрылымдық-типтік сипаттамасын, факторларын, қағидаларын, қызметін ашып көрсетеді. Оның пікірінше, «білім мазмұнының интеграциясы» жалпы теориялық түсінік, оқу пәні, оқу материалы, педагогикалық әрекет, тұлға деңгейіне қатысты процессуалдық және мазмұндық жақтарының бірлігін білдіреді. Жалпы кәсіптік білім интеграциясының объективті негізіне ғылым, техника мен өндірістегі интеграциялық процестер алынады, оның негізгі бағыты «дидактикалық бейімделген түрде» жалпы және кәсіптік білім интеграциясы. Автор интеграцияның үш типін бөліп көрсетеді, олар: жалпы әдіснамалық, жалпығылыми және жеке ғылыми. Интеграцияның жалпыәдіснамалық типі ғылыми білім жүйесіндегі философияның интеграциялық рөлін күшейтуге бағытталса, жалпығылыми типі оқу процесінде жалпығылыми формалар мен таным құралдарын пайдаланумен байланысты [8].

Интеграция ұғымдық (жалпығылыми ұғым және категория); әдістемелік (жалпығылыми әдістер мен танымдық тұрғылар); проблемалық (жалпығылыми проблемалар); негізгі өзекті (жалпығылыми пәндер); әдіснамалық (әлемнің жалпы ғылыми бейнесі) типтерге жіктеледі. Интеграцияның жеке ғылыми типіне (трансляциялық) таратушылық (жалпы және кәсіптік білім мазмұнының жалпы құрылымдық элементі), объектілік (зерттеудің жалпы объектісі), проблемалық (кешенді мәселелер), алмасу (кешенді ғылымдары) түрлері жатқызылады.

П.А. Данилюк ғылым мен практика интеграциясын ғылыми танымды жетілдіретін генетикалық принцип ретінде қарастырады. Мұның өзіндік ерекшелігі тұтастық бірліктер жүйесін құрайды. Демек, педагогикалық теория ғылымы білім жүйесі ретінде теорияны дамытудың негізі және көрсеткіші

практика болып табылатын ақиқатпен байланысты заңдылықтар туралы тұтас түсінік беруі тиіс. Ғылым мен практика интеграциясын генетикалық қағида деңгейінде қолдану сапалы жаңа жүйені «интегралды білім беру кеңістігін» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ғылым мен практиканың генетикалық қағидасы педагогтың практикалық іс-әрекетіне бағдар беруге, болашақ мамандарды практикалық дайындау процесінде теориялық педагогикалық білімді жаңа әдіснамалық тұрғыдан жүйелі қолдануға мүмкіндік туғызады [9].

Интеграцияның пәнаралық байланыс, дидактикалық синтез, білім берудің тұтастығы деңгейлері бөліп көрсетіледі. Мұнда білім берудің тұтастығы деңгейлері жеке зерттеу пәні бар, интегративті сипатқа ие, ол жаңа оқу пәндерін қалыптастырумен аяқталса, дидактикалық синтез деңгейі, оқу пәндері интеграциясы негізінен кәсіптік циклдегі пәндер базасында жүзеге асырылады. Іс-әрекеттік деңгейде интеграция оқытудың мазмұндық және процессуалдық жақтарының бірлігінде жүзеге асырылса, мазмұндық деңгейде оқыту әдістерін, құралдары мен нысандарын біріктіруді ескере отырып, жүргізіледі.

Демек, жалпы және кәсіптік білім интеграциясының ерекшелігін түсінуде оқу процесінде интеграцияның мазмұндық және процессуалдық жақтарының арақатынасын анықтау негізінде оның жүзеге асырылуы маңызды болып табылады.

Сондықтан білім мазмұны интеграциясының жоғары деңгейі жаңа оқу пәнін қалыптастырумен аяқталатын интегративті сипатқа ие және өзіндік зерттеу пәні бар тұтастық деңгейі болып табылады. Осы деңгейде толық мазмұндық және процессуалдық интеграция жүзеге асырылады. Интеграцияның екінші деңгейі кәсіптік-техникалық цикл пәндері базасындағы дидактикалық синтезбен сипатталады. Бұл жағдайда оқу пәндерінің мазмұндық интеграциясы ғана емес, жалпы және кәсіптік пәндерде оқу сабақтары интеграциясының формасын ұсынатын процессуалдық синтез де болады (интеграцияланған сабақтар, семинарлар, т.б.).

Зерттеу контекстімізде дидактикалық синтез деңгейіне басты назар аударылды. ол әртүрлі оқу пәндерінің кейбір элементтерінің бір курста (тақырыпта, бөлімде, бағдарламада) бірігуімен, сонымен қатар әртүрлі пәндердің ғылыми ұғымдары мен әдістерін жалпы ғылыми ұғымдар мен таным әдістеріне біріктіру, пәнаралық оқу мәселелерін ашудағы ғылым негіздерін біріктіру және жинақтаумен сипатталады.

Пәнаралық интеграция негізінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың мақсаты, принциптері, мазмұны мен нысандарының бірлігі болашақ педагогтардың цифрлық дағдыларын дамытуға мүмкіндік туғызады. Мұнда ғылымның әлемдік даму деңгейіне бағдар беру гуманитарлық, фундаменталдық және теориялық ғылымдар интеграциясы негізінде жүзеге асырылады.

Қорытынды. Пәнаралық интеграция мәселесі бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың цифрлық дағдыларын дамыту шарттарын айқындауға мүмкіндік берді:

- оқу материалының мазмұнын құрастыру және оқыту әдістерін ұйымдастыру арқылы пәнаралық интеграцияны қамтамасыз ету: оқу пәндерінің мазмұнына пәнаралық контентті (гуманистік, жалпы мәдени құндылық, интеграциялық процестердің, өркениеттік дағдарыстың, жаһандық немесе өңірлік проблемалардың мәнін көрсететін жағдаяттардың кешенді әлеуметтік-кәсіби міндеттері түрінде) енгізу. Бұл болашақ педагогтардың әлемде болып жатқан жаһандану процестерін, адамзаттың жаһандық проблемалардың теріс немесе жойқын салдарын түсінуіне, сондай-ақ оларды адамгершілікке бағытталған технологиялар негізінде шешуге дайындығын қалыптастыруға, қазіргі заман жағдайында цифрлық дағдыларын ықпал етеді.

- болашақ педагогтарды даярлаудың мазмұны мен әдістемесін жаңарту; оқытудың белсенді, ұжымдық нысандары мен әдістерімен ұштастыра отырып, проблемалық-зерттеу әдістемелерін енгізу, ғылыми-қолданбалы зерттеулерге, оның ішінде жоғары оқу орындары арасындағы (халықаралық) жобаларға болашақ педагог ретінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын (кейстер, жобалар әзірлеу негізінде) ұсыну. Мұнда кәсіби дайындық барысында педагогикалық құралдардың көмегімен менгерілетін оқу пәндері материалдарына іс-әрекет түрлерін интеграциялау феномені ретіндегі маңыздылығына мән беріледі.

Демек, пәнаралық интеграция білім беру кеңістігін кеңейтеді, әр пән бойынша білімді жаңа жағдайларда бірнеше рет қолдануға мүмкіндік береді және алынған білімді кәсіби қызметте қолдану қабілетін дамытуды болжайды.

Сондықтан пәнаралық интеграция негізінде болашақ педагогтардың мынадай цифрлық дағдыларын дамыту қажет:

- белгілі бір нақты контексте қолданылып, ары қарай дамитын мамандандырылған дағдылар (белгілі бір тілде бағдарламалау);

- әлеуметтік немесе жеке іс-әрекет салаларында қолданылатын қарым-қатынас дағдылары (оқу, жазу, уақытты басқару, командада жұмыс істеу);
- санамыздағы немесе физикалық әлемдегі объектілерді басқарудың әртүрлі режимдерін қамтитын метадағдылар (адамның мінезін анықтайды және қоршаған орта мен ішкі әлеммен жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады);
- адамның өмір бойы қолдануы мүмкін болатын экзистенциалды дағдылар (мақсатты іске қосу және оларға жету мүмкіндігі (ерік-жігер), өзін-өзі тану немесе өзін-өзі іс жүзінде көрсету қабілеті (ақыл-ой, мета-сана), оқу/үйрену/қайта үйрену немесе өзін-өзі дамыту мүмкіндігі).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2011 - 2020 годы. Указ Президента Республики Казахстан 7 декабря 2010 года № 1118*
2. *Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988*
3. *Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты). 3-е изд. – М.: ИИО РАО, 2010. – 354 с.*
4. *Бейсенбаева А.А., Мендигалиева Г.К. Теоретические основы интеграции науки и практики в инновационных типах школ. РИПК СО - Алматы, 1999. – 57с.*
5. *Кедров Б.М. Классификация наук (в 3-х томах). – М.: Изд. ВПШ АОН, 1961-1965. – 580с.*
6. *Asliturk, E. Skills in the Digital Economy: Where Canada stands and the Way Forward. March 2016 / E. Asliturk, A.Cameron, S.Faisal//The information and communications Technology Council, Ottawa, Canada [Electronic Resource]. – Mode of Access <https://www.ictc-ctic.ca/wp-content/uploads/2016/05/Skills-in-the-Digital-Economy-Where-Canada-Stands-and-the-Way-Forward.pdf>. Date of access: 13.03.2019.*
7. *Ala-Mutka K. Mapping Digital Competence: Towards a Conceptual Understanding. URL: ftp://jrc.es/pub/EURdoc/JRC67075_TN.pdf*
8. *Берулава М.Н. Теоретические основы интеграции образования. – М.: Изд-во «Совершенство», 1988. –192 с.*
9. *Данилюк А.Я. Теория интеграции образования. – Росто – на/Д: РГПУ, 2000. – 440 с.*

References:

1. *Ob utverzhenii Gosudarstvennoi programmy razvitiya obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan na 2011 – 2020 gody. [On the approval of the State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2011 – 2020] Ukaz Prezidenta Kazakhstan 7 decabrya 2010 № 1118. [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan on December 7, 2010 No. 1118]*
2. *Ob utverzhenii Gosudarstvennoi programmy razvitiya obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan na 2020 – 2025 gody. [On the approval of the State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020 – 2025 years]. Postavlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 27 decabrya 2019 goda № 988 [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 No. 988]*
3. *Robert I.V. Teoriya i metodika informatizatsii obrazovaniya (psichologo-pedagogicheskii i technologicheskii aspekty) [Robert I.V. Theory and methodology of informatization of education (psychological, pedagogical and technological aspects)] 3-e izd – М.: ИО РАО, 2010. – 354 s. [3rd ed. – М.: ИО РАО, 2010. – 354 p.]*
4. *Beisenbayeva A.A., Mendagaliyeva G.K. Teoreticheskie osnovy integratsii nauki i praktiki v innovatsionnyh tipah shkol. [Beisenbaeva A.A., Mendigaliyeva G.K. Theoretical foundations of the integration of science and practice in innovative types of schools] RIPK SO – Алматы, 1999. – 57s. [RIAS SO – Алматы, 1999. – 57p.]*
5. *Kedrov B.M. Klassifikatsiya nauk (v 3-h tomah). [B.M. Kedrov Classification of Sciences (in 3 volumes)] – М.: Izd. VPSH AON, 1961-1965. – 580s. [M.: Ed. VPSH AON, 1961-1965. – 580p.]*
6. *Asliturk, E. Skills in the Digital Economy: Where Canada stands and the Way Forward. March 2016/ E.Asliturk, A.Cameron, S.Faisal//The information and communications Technology Council, Ottawa, Canada [Electronic Resource]. – Mode of Access <https://www.ictc-ctic.ca/wp-content/uploads/2016/05/Skills-in-the-Digital-Economy-Where-Canada-Stands-and-the-Way-Forward.pdf>. Date of access: 13.03.2019.*

7. Ala-Mutka K. Mapping Digital Competence: Towards a Conceptual Understanding. URL: ftp://jrc.es/pub/EURdoc/JRC67075_TN.pdf

8. Berulava M.N. *Teoreticheskie osnovy integratsii obrazovaniya*. [Berulava M.N. *Theoretical foundations of education integration*] – M.: Izd-vo «Sovershenstvo», 1988. -192 s. [M.: Publishing house "Perfection", 1988. - 192 p.]

9. Danilyuk A.Ya. *Teoriya integratsii obrazovaniya*. [Danilyuk A.Ya. *Education integration theory*] – Rostov-na/D: RGPU, 2000. – 440s. [–Rostov – on/D: RGPU, 2000. - 440p.]

МРНТИ 14.35.01

Г.С. Саудабаева¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Ұтқырлық, біздің мақаламызда студенттердің ортаның өзгермелі жағдайларына жедел бейімделуіне мүмкіндік туғызуда меңгеретін сапа-қасиеті ретінде, әлеуметтік белсенділігін және мансаптық өсуіне талпынысын қалыптастыратын үдеріс ретінде қарастырылады. Сондықтан, мобильділік әрбір студенттің динамикалық дамып келе жатқан әлемнің шақыруына жеке жауабын сипаттайды, онда ол өз айналасын таңдап, шығармашылықпен түрлендіре отырып, психологиялық икемділік пен қабілеттілікке ие болуы тиіс. Бұл мақалада қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің ұтқырлығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қашықтықтан оқытудың өзектілігі осы бағдарламаның мобильдігімен әрбір студенттің жас, физикалық немесе географиялық шектеулеріне қарамастан, ақпарат көздеріне, білім базасына, әдебиеттерге қол жеткізе алуымен сипатталады. Қашықтықтан оқыту - заманауи әлемнің технологиялары – өтетін студент пен оқытушы арасындағы байланыстырушы буын болып табылады, мұнда оқыту үдерісі корпоративтік желіде, Интернет желісі бойынша, сондай-ақ телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен, аудиториядағы сабақтардың орнына – онлайн-семинарлар мен бейнеконференциялар жүргізілуі, жүздесе отырып берілетін ақыл-кеңестің орнына - оқытушымен E-mail, Zoom, Microsoft Teams, Skype және білім беру платформалары арқылы қарым-қатынас жасауы. Демек, қашықтықтан оқыту ХХІ ғасырдың білім беру ортасы, білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара және оқыту үдерісіндегі жүйемен жедел қарым-қатынас ортасы болып табылады.

Түйін сөздер: ұтқырлық, кәсіби ұтқырлық, академиялық ұтқырлық, сандық мәдениет, ақпараттық мәдениет, қашықтан оқыту, қашықтан оқыту технологиясы.

Саудабаева Г.С.¹

¹*Казахский национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ МОБИЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

Мобильность рассматривается как приобретаемое свойство личности, в нашей статье студента, способствующее оперативной адаптации к меняющимся условиям среды, как процесс, в ходе которого формируется социальная активность и стремление к карьерному росту. Таким образом, мобильность характеризует индивидуальный ответ каждого студента на вызов динамично развивающегося мира, в котором он должен обладать психологической гибкостью и способностью, осуществляя выбор, творчески преобразовывать свое окружение. В данной статье рассматривается проблема формирования мобильности студентов в условиях дистанционного обучения. Актуальность дистанционного обучения заключается в мобильности данной программы, где каждый студент вне зависимости от возрастных, физических или географических ограничений, может получать доступ к источникам информации, к базе

знаний, литературе. Дистанционное обучение - технологии современного мира- связующее звено между студентом и преподавателем, у которых процесс обучения может проходить в корпоративной сети, по сети Интернет, а также с помощью телекоммуникационных средств связи, где вместо занятий в аудитории – онлайн-семинары и видеоконференции, вместо живых консультаций – общение с преподавателем через E-mail, Zoom, Microsoft Teams, Skype и образовательные платформы. Таким образом, дистанционное обучение является образовательной средой XXI века, средой оперативного общения участников образовательного процесса между собой и с системой в процессе обучения.

Ключевые слова: мобильность, профессиональная мобильность, академическая мобильность, цифровая культура, информационная культура, дистанционное обучение, технология дистанционного обучения.

G.S. Saudabayeva¹

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

FORMATION OF META-SUBJECT COMPETENCE OF STUDENTS BASED ON INTERDISCIPLINARY COMMUNICATIONS

Abstract

Mobile access to personality traits in our article makes it possible to quickly adapt to changing environmental conditions, as a process that determines social activity and the pursuit of career happiness. Thus, mobility characterizes the individual response of each student to the challenge of a dynamically developing world in which he must have psychological flexibility and the ability to make choices and creatively transform his environment. This article discusses the problem of the formation of student mobility in the conditions of distance learning. The relevance of distance learning lies in the mobility of this program, where each student, regardless of age, physical or geographical restrictions, can access sources of information, a knowledge base, and literature. Distance learning - technologies of the modern world - is a connecting link between a student and a teacher, in whom the learning process can take place on the corporate network, on the Internet, as well as using telecommunications means of communication, where instead of classes in the classroom - online seminars and video conferences, instead of live consultations - communication with the teacher through E-mail, Zoom, Microsoft Teams, Skype and educational platforms. Thus, distance learning is an educational environment of the 21st century, an environment of operational communication between participants in the educational process among themselves and with the system in the learning process.

Key words: mobility, professional mobility, academic mobility, digital culture, information culture, distance learning, distance learning technology.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Ел экономикасын технологиялық жаңғырту жағдайында еңбек нарығы үшін құзыреттіліктің әмбебап жиынтығы, белсенді азаматтық ұстанымы, тұлғааралық дағдылары мен жүйелі ойлау қабілеті бар кадрлар қажет» - деп атап көрсетілген [1].

Бұл белгіленген міндеттер студенттердің тұлғалық сапаларын дамыту, білім нәтижесі ретінде құзыреттіліктерін, инновациялық іс-әрекетте табысқа жету құралы ретінде ұтқырлығын қалыптастырудың ерекшеліктерін арнайы зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Ұтқырлық феномені білім беру саласы үшін ерекше мәнге ие, ақпараттық қоғам және жаңа ғылыми технологиялардың дамуы жағдайында тұрақты кәсіби өсуге және өз бетімен білім алуға дайындыққа аралас іс-әрекет саласына тез бағдарлануды ұсынады.

Қашықтан оқыту жағдайында студенттердің ұтқырлығын қалыптастыру білім беруді жаңарту бағытын бейнелейтін Болон үдерісіне қосылу ғана емес, сонымен бірге қоғамның сұранысына жауап беретін болашақ кәсіби іс-әрекетінде өзін-өзі табысты жүзеге асыратын мамандарды даярлауды да айқындайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы» еліміздегі ұлттық және жоғары оқу орындарының деңгейінде келісілген Болон процесінің қағидаттарын толық және тиісті жүзеге асыруға жәрдемдесу, Қазақстанның жоғары білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, оның еуропалық жоғары білім кеңістігіне интеграциялау, халықаралық үлгілерге сәйкес келетін жоғары оқу орындары дипломдарының мойындалуына қол жеткізу нақты шаралар жүйесі бекітілген. Сонымен бірге академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамытудың

білім беру сапасын арттыру, әртүрлі халықтар мен мәдениеттер арасындағы өзара түсінушілікті жақсарту, халықаралық ақпараттық қауымдастықта өмірге және жұмысқа дайын жаңа буынды тәрбиелеу секілді мақсаттарын іске асыруға мүмкіндік туғызады [2].

Үздіксіз білім беру жүйесінде қашықтан оқыту формасы маңызды рөл атқарады, сондықтан осы оқыту формасының өзіндік ерекшелігінің мәнін, қоғам өміріндегі маңызды рөлін білу қажет.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында: жаппай ашық онлайн-курстардың онлайн-платформасы (бұдан әрі – ЖАОК ОП) – таңдалған онлайн-курстар бойынша қашықтықтан оқуға мүмкіндік беретін ашық онлайн-білім беру порталы» деп анықталады [3].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрінің 2018 жылғы «12» қазандағы № 563 бұйрығына қосымшасында: «академиялық ұтқырлық - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру деп анықталады [4].

Ұтқырлық мәселесі педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдарының өзекті мәселесінің бірі болғандықтан әртүрлі аспектіде зерттелінген:

- индивидтің сапасы, кәсібилігі, қабілеттері негізінде бір әлеуметтік ұстанымнан басқасына қозғалу (көшу) үрдісі;

- әлемнің өзгерістеріне адамның жеке жауаптары;

- динамикалық әлемде туындаған жағдаятта қоршаған кеңістікті шығармашылықпен өзгерту қабілет, психологиялық икемділігі, таңдау жасауы.

«Кәсіби ұтқырлық» ұғымының мәні мен құрылымын анықтауда ғылыми әдебиеттерге талдау жасадық (Л.А. Амирова, Л.Н. Лесохина, И.Л. Смирнова, И.В. Щербатов, т.б.) үрдіс ғана емес тұлғаның сапасы немесе қабілет (Л.В. Горюнова, Ю.И. Калиновский, И.В. Никулина, т.б.) бұл категорияның екі жақты сипаты болашақ мамандардың тұлғалық сапалары мен кәсіби құзыреттілікті меңгеріп, ұтқырлықты талап етеді, сондықтан әрекеттегі бағытын көрсетеді, сонымен бірге адамның ұтқырлық деңгейі мен дәрежесі туралы талқылауға мүмкіндік береді, іс-әрекетте жүзеге асырылады.

Кәсіби ұтқырлық мәселесін қарастыруда ғалымдар (И.В. Василенко, М.Вебер, Э.Дрюкгейм, Д.Л. Фетерман, Р.Н. Хаузер) зерттеулерін талдау функционалдық тұрғыдан кәсіби ұтқырлықты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылғанын, кәсіби ұтқырлықтың ститикалық моделі дайындалғанын көрсетеді.

Сонымен студенттердің болашақ педагог ретіндегі кәсіби ұтқырлығы кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешу және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруды болжау нұсқалары мен тәсілдерін таңдауда болашақ педагог ретінде студенттердің субъектілік белсенділігінің барлық әлеуетті мүмкіндіктерін белсендіретін және қиындық тудыратын жағдаятта тез жауап қайтаруға мүмкіндік беретін тұлғалық сапасы болып табылады.

Студент тұлғасының болашақ маман ретіндегі кәсіби ұтқырлығының психологиялық негізі мотивациялық, интеллектуалдық, еріктік үрдістері, ол кәсіби ұтқырлыққа дайындығының жеке өрісін құруға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту жағдайында болашақ педагог ретінде студенттің ұтқырлығын қалыптастыру үрдісі жоғары оқу орнындағы оқыту үдерісінің барлық субъектілерінің өзара әрекеттестігі негізінде жүреді. Бұл оқытушы мен білім алушының, білім алушылардың қашықтан өзара қарым-қатынасына негізделген білім алу жүйесі, ол білім беру үдерісіне тән барлық компоненттерін (мақсат, мазмұн, ұйымдастыру формасы, оқыту құралдары) ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ерекше құралдарымен сипатталады. Демек, қашықтықтан білім беру ғылыми-техникалық прогрестің жоғары технологиялық өнімі болып табылады, бұл оның бүкіл әлемде белсенді таралуын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда қашықтықтан білім беру жүйесі ең алдымен оқытудың компьютерлік және Интернет - технологияларын үйлесімді ұштастырады. Қашықтан оқытудың қазіргі заманағы кезеңінде сан алуан түрлі интербелсенді әдістер мен формалар қолданылады:

- Чат-сабақ (оқу іс-шаралары синхронды түрде жүргізіледі, яғни бірізгілікте барлық қатысушылар және педагог пен білім алушылар кіреді);

- Веб-сабақ (Интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдаланумен сабақ, лабораториялық жұмыс, семинар, конференция, іскелік ойындар, практикум және қашықтан оқытудың басқа да формалары);

- Телеконференция (электрондық пошта бойынша жіберілімдерді қолданумен өткізіледі);

- Телеқатысу (қатысу атмосферасын қалыптастыру базасында қашықтан оқытудың эксперименталдық тәсілдерінің бірі),

- Виртуалдық ойындар. Қашықтан оқытудың тиімділігіне жету үшін интербелсенді әдістерді қолдану («inter» - өзара «act»- әрекет ету) аса мақсатты болып табылады. Қашықтан оқыту дәстүрлі оқыту формаларын, әдістері мен тәсілдерін жетілдіруді талап етеді [5].

Зерттеушілер (И.А. Тавгень, т.б.) пікірінше, кәсіптік даярлаудағы қашықтықтан оқыту курстары мамандардың белгілі бір құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Соның ішінде, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру болашақ мамандардың кәсіби салалар шеңберінде орындайтын іс-әрекетіне, білігі мен дағдысына негізделеді. Оқылтын пәндер материалын игерудің тиімділігі қашықтықтан оқыту жүйесінде өзіндік орын алатын оқу-әдістемелік, техникалық, ақпараттық және басқа да қамтамасыздандыру түрлерінің сапасына байланысты [6].

Қашықтықтан оқытуды қамтамасыз етудің негізгі құралдары мен түрлеріне жатқызылады:

- инструменталдық (қашықтықтан оқытудың ақпараттық-білім беру ортасында оқу материалдарын ұсыну үшін пайдаланылатын бағдарламалық және ақпараттық қамтамасыздандырулар);

- әдістемелік (оқу материалдарының базасы, оқу материалдарының базасын басқару жүйесі, қашықтықтан оқыту әдістемесі, тесттер және т.б.);

- бағдарламалық (қашықтықтан оқытуда қолданылатын бағдарламалық-жүйелік және қолданбалы бағдарламалар);

- ұйымдастырушылық (қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалана отырып, білім беру үдерісін ұйымдастырудың мемлекеттік және жергілікті заңнамаға сәйкес келетін формалары, сондай-ақ оларды пайдалану бойынша ұсыныстар);

- нормативтік, яғни нормативтік-құқықтық құжаттар (лицензиялық, аттестациялық және аккредитациялық нормалар мен ережелер, заңнамалық актілер, стандарттар, бұйрықтар, өкімдер және т. б.), сондай-ақ қашықтықтан оқытуды жүзеге асыратын, қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде білім беру үдерісін дайындау мен өткізуді регламенттейтін ұйымдардың ішкі нормативтік құжаттары;

- кадрлық (қашықтықтан оқытуды өткізуге және қашықтықтан оқыту жүйесінің білім беру ұйымында оқу материалдарының базасын әзірлеуге және толықтыруға тартылатын оқытушылар құрамы).

- техникалық (қашықтықтан оқытудың ақпараттық-білім беру ортасында қолданылатын есептеуіш, телекоммуникациялық, аудиовизуалды, перифериялық, көбейткіш, офистік және басқа да жабдықтар, сондай-ақ деректерді беру арналары) [7].

Жоғарыдағы бөліп көрсетілген тізбектердің ішінен, қашықтықтан оқытудың техникалық құралдары келесі міндеттерді шешуге арналған: қашықтықтан оқыту курстарын әзірлеу; қашықтықтан оқыту курстарының оқу материалдарын ақпараттық білім беру ортасына енгізу; енгізілген ақпаратты тексеру және түзету мақсатында көрсету; ақпаратты қайта құру (деректерді ұсыну нысанын өзгерту, қайта кодтау, трансляциялау, арифметикалық және логикалық операцияларды орындау, деректер құрылымын өзгерту және т.б.); ақпаратты сақтау; тапсырмалар мен тест жұмыстарын шешудің қорытынды және аралық нәтижелерін көрсету; т.б. Қашықтықтан оқытудың техникалық құралдары аталған міндеттерді компьютердің операциялық жүйесі - жалпы жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етумен бірге шешеді.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің функционалдық және техникалық сипаттамалары едәуір дәрежеде жүйенің және жалпы жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етудің құрамымен анықталады: аппараттық платформаның өнімділігі қашықтықтан оқыту міндеттерін шешу үшін жеткілікті болуы тиіс; қашықтықтан оқыту курстарын әзірлеушілердің қашықтықтан оқыту орталықтарының бағдарламалық-аппараттық құралдар кешенімен жедел өзара іс-әрекет жасау мүмкіндігі; қашықтықтан оқыту жүйесін игеру, пайдалану және қызмет көрсету қарапайымдылығы; қайта құру және одан әрі дамыту үшін қашықтықтан оқыту жүйесінің ашықтығы; қашықтықтан оқытудың әртүрлі жүйелері арасында ақпарат алмасу форматтарын кеңінен пайдалану; қашықтықтан оқытудың әртүрлі жүйелері арасындағы ақпараттық байланыстың болуы.

Заманауи тұлғаның маңызды сипаттарының бірі оның ұтқырлыққа (әлеуметтік, кәсіби, территориялық, тұлғалық, академиялық, т.б.) қабілеттілігі мен дайындығы. Соның ішінде, студенттің болашақ маман ретіндегі кәсіби ұтқырлығын тұлғаның жаңа кәсіби іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін қажетті білім мен білікті меңгеруге, жаңа техника мен технологияны тез және табысты игеруге қабілеттілігі және дайындығы деп түсіндіруге болады.

Л.П. Меркулованың пікірінше, кәсіби ұтқырлық өзара байланысты екі жақтан тұрады: өндірістік қажеттілікті жүзеге асырумен байланысты кәсіби функцияны алмастыру барысында белсенділік көрсетуге дайындық және қабілеттілік. Мұнда кәсіби ұтқырлыққа дайындық кәсіби дағдылар мен

біліктіліктерді қолдану арқылы танымдық компонентті (құзыреттілік, білім, білік), ал кәсіби ұтқырлыққа қабілеттілік тұлғалық компонентті (лидерлікке талпыну, психологиялық ұстанымдар, бейімділік, адекватты қабылдау, жауапкершілік, эмоционалды тұрақтылық) жүзеге асыруды сипаттайды [8].

Л.А. Амирова қосымша білім беру жүйесіндегі болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын дамыту мәселесін қарастырады. Ол педагогикалық жағдай ретінде біріншіден, студенттердің белсенді оқыту және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіру ортасын құру; екіншіден, монологиялықтан оқытудың диалогтік әдістеріне көшу қажет [9].

Ұтқырлық, кәсіби ұтқырлық ұғымын анықтау тәсілдері интегративтік сипатқа ие, біріншіден, педагогтың әлеуметтік тірі жан иесі ретіндегі әлеуметтік және кәсіби іс-әрекет субъектісі болуы, ал екіншіден, әлеуметтік нақтылық пен кәсіби жағдаяттарды құрылымдай отырып, жаңа жағдайда оныобъективті шынайылықпен қабылдап ғана қоймай, өзін-өзі жүзеге асыру жолдарын болжауы,өзінің пікірлері мен құндылықтарын бағалауы, өзгертуі.

Сонымен кәсіби құзыреттілікке дайындық құрылымында болашақ педагог тұлғасының сапасын ашатын өлшемдерді бөлуге болады, маманның ұтқырлығы оның іс-әрекет субъектісі ретіндегі сапалардың жиынтығын қамтиды.

Ұтқырлықтың өлшемдерін анықтауда екі аспектіге, атап айтқанда, ұтқырлық – кәсіби құбылыс (кәсібилік ұтқырлық), екіншіден, ұтқырлық – тұлғаны сипаттайтын сапа-қасиет. Сондықтан болашақ маманның ұтқырлықты көрсетуге дайындығы субъектілік және іс-әрекеттік өлшемдерді енгізеді.

Субъектілік өлшем кәсіби қалыптасу үрдісінде субъект-субъектілі өзара әрекеттестікке сұраныс, ерік белгілерін (шешім қабылдаушылық, тұрақтылық, өзін-өзі меңгеру, дербестік, инициативалық), қиындық жағдаяттарды (қажеттіліктер, мотивтер, дүниетаным, ұстаным, мақсат) жеңуге бағыттылығын және рефлексивтік көрсеткіштерін (жағдаятты бағалау және өзінің мүмкіндіктерін бағалау) сипаттайды.

Іс-әрекеттік өлшемдер өзінің кәсіби дамуын жобалауға және іс-әрекетін жоспарлауға дайындығын, өзгерістерге ашықтығын, мақсат қоюшылығын, педагогикалық міндеттерді шешудегі кәсіби маңызды құзыреттілікке қол жеткізуін, интенсивтілігін, бағыттылығының тұрақтылығын (әлеуметтік, кәсіби, тұлғалық) және іс-әрекеттің жоғары деңгейін қамтиды.

Студенттің ұтқырлығын қалыптастыруда оның үш деңгейін бөліп көрсетуге болады:

- базалық немесе өмірге бағытталған бірінші деңгей, ол қалыптасатын сапаның ықпалдастығын көрсетеді, белсенділік, дайындық, креативтілік және бейімделуді қамтиды. Бұл деңгей жоғары оқу орнында оқыту үдерісінде қалыптасатын кәсіби ұтқырлықты қамтиды;

- іс-әрекетке дайындықты қалыптастыратын екінші деңгей, мұнда студенттің болашақ маман ретіндегі кәсіби қызметке дайындығы (кәсіби икемділігі, кәсіби бейімделу; кәсіби іскерлік; кәсіби жаңашылдық) қалыптасады;

- жалпы кәсіби ұтқырлықты анықтайтын үшінші деңгей, кәсіби педагогикалық іс-әрекетіне дайындығын (кәсіби құзыреттілігі, педагогикалық икемділік, педагогикалық іскерлілік, педагогикалық жаңашылдық) қамтиды.

Бүгінгі таңда кез келген істе жетістікке жету үшін үнемі даму, оқу және жаңа білім мен ақпаратты игеру қажет. Бүкіл әлем бойынша ақпараттық-коммуникациялық желілерді дамыту және кеңінен тарату осы оқыту жүйесін танымал ету үшін мүмкіндік берді. Ең танымал жаппай онлайн-курстар әлемнің жүздеген мың студенттерін жинайды. Оның ішінде, ашық онлайн-курстарға арналған ең танымал платформалар - Coursera, EdX, Udacity, Универсариум, Khan, Hexlet және т.б.

Қорыта келгенде, қашықтықтан білім беру тұтастай алғанда, озық технологиялардың арқасында кәсіби дағдыларды жақсартуға және әлемдегі білім берудің өсуін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қашықтан оқытудың формалары мен әдістерін жетілдіру тиімді оқытуға мүмкіндік туғызады және олардың ішінен уақытты үнемдеу, оқытушы мен студенттің арасындағы тең құқылы өзара әрекеттестік, электрондық білім беру ресурстарының көптеген көздеріне, көлемді электронды кітапханаларға, материалдарға қолжетімділік, сондай-ақ Интернетке қосылу мүмкіндігі бар әлемнің кез келген нүктесінен оқыту мүмкіндігінің болуы және т.б. артқышылықтарымен бірге, оқытушы мен оқушының өзара әрекеттестігі деңгейі мен жылдамдығының төменділігі, уәждемелерге қойылатын және материалды өз бетінше меңгере білуіне қойылатын жоғары талаптардың жүзеге асырылмауы және т.б. секілді кемшіліктері де бар.

Ұтқырлық мәселесін теориялық талдау кәсіби ұтқырлықты тұлғаның сапасы, динамикалық кәсібилік жағдайда (оған сәйкес құзыреттілік пен өзіндік өмірлік ұстаным) іс-әрекетке ішкі мотивациялық-интеллектуалдық-еріктік компонентін жұмылдыруы және бағдарлауы деп қарастыруға негіз болды. Бұл тұлғаның өзінің барлық әлеуеттік мүмкіндіктерін өзектендіре отырып, кәсіби өзін-өзі дамытуын болжау, қандай да бір жағдаяттан тиімді жол табу арқылы шығу күйін білдіреді. Мұндағы интегративтік динамикалық жаңа түзілім болашақ педагог тұлғасы құрылымында өзгеріске ашықтығын, ұтқырлықтың

мәнін жете ұғынуын, аналитикалық ойлау қабілетін, туындаған жағдаятты бағалау біліктілігін, өзінің мүмкіндіктері мен сұраныстарына қатысты құндылық ұстанымдарын, кәсіби өзін-өзі дамыту мотивтерін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. Қазақстан Республикасында Болон процесінің қағидаларын жүзеге асыру жөніндегі аталдығы есеп, 2018 жыл. – Астана: ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық қорталығы, 2018. – 65 б.
3. «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығына өзгеріс енгізуімен).
4. «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы (2016 жылғы 30 мамырдағы № 343 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізуімен).
5. Теория и практика дистанционного обучения: учеб. пособие для студ. высш. пед. учебн. Заведений / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева / Под ред. Е.С.Полат. – М.: Академия, 2004. – 416 с.
6. Тавгень И.А. Дистанционное обучение: опыт, проблемы, перспективы. – Мн. БГУ, 2003. – 218 с.
7. Программно-технические средства дистанционного обучения: Словарь терминов/Сост. А.Н. Сергеев, А.В. Сергеева. – Тула: изд-во ТГПУ им. Л.Н. Толстого, 2010. – 80 с.
8. Меркулова Л.П. Формирование профессиональной мобильности специалистов технического профиля средствами иностранного языка: дис. докт. пед. наук. – Самара, 2008. – 453 с.
9. Амирова Л.А. Развитие качеств мобильной личности на этапе допрофессиональной социализации: монография / Л.А. Амирова, А.Ф. Амиров. – Уфа: Вагант, 2011. – 194 с.

МРНТИ 14.01.11

Т.Г. Мальгаждарова¹

*¹ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясы
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы*

**ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің алдына қойылған міндеттерді тиімді шешуге қабілетті, жоғары кәсіби, оңтайлы теңдестірілген офицерлер корпусын құруға әлеуметтік қажеттілік объективті түрде пісіп-жетілді. Қоғам және мемлекет ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне барабар әскери білім беру жүйесін жобалау әскери ЖОО оқытушыларын кәсіби педагогикалық қызметке даярлаумен байланысты талаптар қоюда. Көп жағдайда елдің әскери қауіпсіздігін, соғыстар мен қарулы қақтығыстардың алдын алуды қамтамасыз ететін әскери кадрлардың сапасы мен дайындық деңгейі, сондай-ақ ең жоғары әлемдік стандарттарға сәйкес келетін кәсіби армия құру олардың табысты қызметіне байланысты болады. Әскери жоғары оқу орындарының жаңа бастаған оқытушыларының кәсіби қызметке дайындығын дамыту мәселесі түрлі педагогикалық және психологиялық зерттеулердің жіті назарында болғанын атап өткен жөн. Қазіргі педагогика мен психологияда педагогикалық білім мен кәсіби шеберлік жүйесін қалыптастырудың түрлі аспектілері қарастырылды. Ғалымдар оқытушыларды кәсіптік даярлаудың жалпы гуманитарлық және арнайы компоненттерін интеграциялау қажеттілігін өзекті екендігін дәлелдеу үстінде. Сонымен қатар жеке тұлғаға бағытталған оқытудың педагогикалық тұжырымдамасын әзірлеу қажеттіктері туындауда, осы мақала сол қажеттіктердің кейбір ішкі мазмұнын ашуға бағытталған.

Түйін сөздер: педагогикалық процесс, жоғары әскери-кәсіптік білім, білім беру ортасы, әскери ЖОО, педагогикалық даярлық, әскери білім, әскери құралымдар, әскери ғалымдар.

Мальгаждарова Т.Г.¹
¹Академия Пограничной службы КНБ РК,
г. Алматы, Республика Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ВОЕННОГО ВУЗА

Аннотация

В статье изучаются социальные потребности в создании высокопрофессионального, оптимально сбалансированного офицерского корпуса, способного эффективно решать задачи, поставленные перед Вооруженными Силами Республики Казахстан обществом и государством. Проектирование адекватной вызовам XXI века системы военного образования связано с подготовкой преподавателей военного вуза к профессиональной педагогической деятельности. Во многом, от их успешной деятельности зависит качество и уровень готовности военных кадров, обеспечивающих военную безопасность страны, предотвращение войны вооруженных конфликтов, а также строительство профессиональной армии, соответствующей самым высоким мировым стандартам. Следует отметить, что проблема развития готовности начинающих преподавателей военных вузов к профессиональной деятельности стала предметом пристального внимания различных педагогических и психологических исследований. В современной педагогике рассмотрены различные аспекты формирования системы педагогических знаний и профессионального мастерства. Учеными актуализирована потребность интеграции общегуманитарного и специального компонентов профессиональной подготовки преподавателей; разработки педагогической концепции личностно ориентированного обучения. Данная статья посвящается раскрытию внутреннего содержания данной деятельности.

Ключевые слова: педагогический процесс, высшее военно-профессиональное образование, образовательная среда, военный вуз, педагогическая подготовка, военное образование, воинские формирования, военные ученые.

*T.G. Malgazhdarova*¹
¹*Academy National Security Service of the Republic of Kazakhstan*

PECULIARITIES OF THE PEDAGOGICAL ACTIVITY OF THE MILITARY UNIVERSITY TEACHER

Abstract

In the article “Peculiarities of Pedagogical Activity of the Military University Teacher” have been examined. In recent years, there has been objective social need to create highly professional, optimally balanced officer corps capable of effectively solving tasks assigned to Armed Forces of the Republic of Kazakhstan by society and state. Designing system of military education that is adequate to challenges of the XXI century is associated with preparation of military University teachers for professional teaching activities. Their success depends on quality and level of readiness of military personnel to ensure country’s military security, prevent wars and armed conflicts, and build professional army that meets highest international standards. The problem of developing readiness of beginning teachers of military universities for professional activity has become subject of close attention of various studies. In modern pedagogy and psychology, various aspects of the formation of system of pedagogical knowledge and professional skills are considered.

Keywords: educational process, higher military professional education, educational environment, military University, pedagogical training, military education, military formations, military scientists.

Кіріспе. Әскери жоғары оқу орындарының қызметті жаңа бастаған оқытушыларының кәсіби қызметке дайындығын дамыту мәселесі түрлі педагогикалық және психологиялық зерттеулердің жіті назарында болды. Қазіргі педагогика мен психологияда педагогикалық білім мен кәсіби шеберлік жүйесін қалыптастырудың әртүрлі аспектілері қарастырылған (О.А. Абдулина, И.А. Колесникова, А.К. Маркова, В.А. Сластенин және т.б.).

Ғалымдар оқытушыларды кәсіптік даярлаудың жалпы гуманитарлық және арнайы компоненттерін интеграциялау қажеттілігін өзектендірді (Б.Г. Ананьев, В.П. Беспалько, Г.А. Бордовский және т.б.);

тұлғаға бағытталған оқытудың педагогикалық тұжырымдамасын әзірлеу (Е.В. Бондаревская, М.Н. Берулава, А.Н. Леонтьев, В.В. Сериков, И.С. Якиманская және т.б.).

Зерттелетін проблема тұрғысынан жоғары әскери-кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық процессті ұйымдастыру және басқару теориялары үлкен мәнге ие И.А. Алехин, А.В. Барабанщиков, В.В. Богуславский; зерттеулерде жоғары оқу орындары үшін оқытушы кадрларды педагогикалық даярлауға байланысты ережелер Э.Ш. Абдюшев, О.А. Абдуллина, Е.В. Бережнова және т.б.

Осылайша, қолда бар педагогикалық зерттеулер әскери жоғары оқу орындарының жаңа бастаған оқытушыларының психологиялық-педагогикалық ғылымдағы кәсіби қызметке дайындығын дамыту мәселесіне белгілі бір көңіл бөлінетіндігін көрсетеді. Алайда, әскери университеттің оқытушыларын даярлау мәселесі таусылды деп санауға болмайды. Көптеген жұмыстар өте маңызды, бірақ тек осы мәселенің кейбір аспектілерін қарастырады [1, 17 б.].

Көптеген жұмыстар жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің оқытушылық жұмысына және университет оқытушысының кәсіби білімін жаңарту мәселелеріне арналғанын байқауға болады, ал әскери университеттердің жаңа оқытушыларының кәсіби қызметке дайындығын дамыту мәселелерін арнайы зерттеу жеткіліксіз екендігі шындық.

Әскери университеттің ерекшелігіне байланысты әртүрлі қиындықтарды жеңу педагогикалық дайындық процесін ұйымдастыру және басқару проблемасының даму деңгейіне, оны әдістемелік қамтамасыз етуге, практикалық әзірлемелердің жеткіліктілігі мен негізділігіне, бастаушы оқытушылардың кәсіби-педагогикалық мәдениетінің жоғары деңгейіне жету тәсілдеріне байланысты көптеген факторлар бар. Сондықтан қазір жоғары әскери кәсіптік білім беру теориясында әскери жоғары оқу орындарының жаңа бастаған оқытушыларының кәсіби қызметке дайындығын дамыту мәселесі жеткілікті түсінілмегенін және оны шешудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары жеткілікті түрде анықталмағанын және негізделмегенін мойындау керек [2, 6 б.].

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Бұл мақалада даму процесін қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелі тәсіл оқытушының кәсіби қызметке дайындығы жүйе ретінде, кәсіби-педагогикалық қасиеттерді меңгеруді қамтамасыз ететін әскери ЖОО-да білім алу жағдайындағы тұлғаларды жетілдіру әдісі ретінде қолданылады. Олардың ерекшеліктерін анықтайтын тұлғалық-әрекеттік тәсіл ісін жаңа бастаған педагогтың кәсіби қызметіне дайындығын дамыту әскери ЖОО-ның әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес әскери жоғары оқу орнының жас оқытушысының кәсіби қызметіне дайындығын оның әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес дамыту ерекшеліктерін анықтайтын жеке-қызметтік тәсіл қолданылған.

Зерттеу нәтижелері. Жоғары әскери оқу орындары оқытушыларының кәсіби-педагогикалық қызметінің проблемасы әскери білім беру жүйесіндегі неғұрлым өзекті мәселелердің қатарына жатады. Адам білімінің заманауи парадигмалары (ақпараттық-педагогикалық, озық, тұлғаға бағытталған, жаһандық білім беру жүйесі) жоғары оқу орнындағы педагогикалық даярлықтың сипаты мен мазмұнына жаңа талаптар қояды. Сондықтан қазіргі білім берудің мақсаттары жеке тұлғаны тәрбиелеу және оның рухани-адамгершілік тәрбиесі, жүйелік тәсіл әдіснамасын игеру ретінде қарастырылады [3, 22 б.].

Осыған байланысты әскери педагогтердің кәсіби қызметін талдау, оқу процесінің педагогикалық сипаттамасын, сабақтың негізгі түрлерін және оқыту деңгейін арттыру үшін қолданылатын педагогикалық технологияларды ашу, әскери педагогтің педагогикалық құзыреттілігінің мәнін және оған қойылатын талаптарды зерттеу, әскери қызметтің сипатымен айқындалатын офицерлік қызметтің ерекшеліктерін қарастыру қажет.

Әскери ЖОО оқытушысының кәсіби-педагогикалық іс-әрекеті мәселелерін зерттеудің жалпы теориялық негізі жүйелер теориясы, объектінің тұтастығының нақты тетіктерін іздеу және оның байланыстарының жеткілікті толық теориясын анықтау; дамыта оқыту теориясы; іс-әрекеттің мәні мен құрылымының тұжырымдамасы болып табылады.

Әскери университеттің қазіргі заманғы оқытушысы енді педагогикалық процессті ұйымдастыру және қажетті білім мен дағдыларды қамтамасыз ету қабілетімен сипаттала алмайтындығын атап өткен жөн. Оның барысында курсанттардың жеке тұлға болуға мүмкіндік беретін қасиеттері мен дағдыларында дамыту мүмкіндігі маңызды болады [4, 64].

Бұл үшін әскери жоғары оқу орындары оқытушыларының кәсіби-педагогикалық даярлығының мазмұнына түзетулер енгізу және әскери білім беру мәселелерін тиімді шешуге әзірлікті дамыту қажет екендігі анық.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау әскери университет оқытушысының кәсіби дайындығын дамыту жүйесіне қойылатын кәсіби-педагогикалық талаптарға байланысты көптеген мәселелер олардың әскери білімінің іргелі теориясының дамуын, жеке педагогиканың дамуы жағдайында оны жүзеге

асырудың жаңа мазмұны мен ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздерін жетілдіру қажеттілігін ескеретіндігін көрсетеді [5, 58 б.].

Пікірталас. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау кәсіби және педагогикалық қызметті отандық ғалымдар әртүрлі бағыттар бойынша зерттегенін атап өтуге мүмкіндік береді: жеке жағдай тұрғысынан жоғары мектепте мұғалімдерді даярлау мәселелері В.А. Слостениннің еңбектерінде жақсы зерттелген [6, 10 б.].

Нақтырақ тоқталатын болсақ, маман-мұғалімдерді даярлау мәселелеріне барлық көзқарастар «мұғалімнің кәсіби қызметі» ұғымымен тікелей байланысты.

Біз зерттеп отырған мәселе тұрғысынан С.И. Ершова әзірлеген әскери педагогтың кәсіби қызметін қалыптастыру тәсілдері қызығушылық тудырады [7, 20 б.]. Оның еңбектерінде әскери педагог біліктілігінің негізгі компоненттері ретінде педагогикалық шеберлік пен дағдылар әскери ЖОО-да дайындық жүйесінің бөлігі ретінде және әскери ЖОО-да курсанттардың ерекше құзыреттерін дамытумен байланысты басынан бастап ілеспе қызмет процесі ретінде әрекет етеді. Біздің жағдайда бұл процесс офицердің әскери университетте мұғалім ретінде қалыптасуымен нақтыланады.

Әскери оқытушының кәсіби қызметін ұйымдастыру мәселесін дамытуға үлкен үлес Л.А. Шипилина ұсынған функционалды теория болды [8, 50 б.]. Бұл әрекеттің сипаттамасында конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативті және гностикалық компоненттер ерекшеленеді. Олардың әрқайсысы жұмыс функцияларының белгілі бір тобына, сондай-ақ педагогикалық іс-әрекеттің құрылымын бейнелеудің жеке формасы ретінде педагогикалық қабілеттерге сәйкес келеді.

Әскери ЖОО оқытушысының кәсіби қызметі деп курсанттардың әскери-кәсіби құзыреттерді меңгеруіне, өздерінің әскери міндеттерін орындау үшін қажетті жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған қызмет түсініледі.

Әскери университеттер оқытушыларының кәсіби қызметі педагогикалық процесс болғандықтан, оның қызметі жалпы педагогикалық заңдарға бағынады. Бұл болжамды теорияны талдау арқылы да, мұғалімдердің педагогикалық дайындығын тәжірибелік-эксперименттік зерттеу барысында да тексеруге болады.

Әскери жоғары оқу орындары оқытушыларының кәсіби қызметі жүйесінің мазмұны, ұйымдастырылуы жәнетиімділігін арттыру әдістемесі көбінесе азаматтық жоғары оқу орындарындағы осындай компоненттерге ұқсас. Бұл үлгі азаматтық және әскери оқу орындарында оқытушылар құрамының педагогикалық даярлығын ұйымдастыруға қойылатын бірыңғай талаптарда да көрініс табады.

Қорытынды. Кәсіби қызметтің маңызды құрамдас бөлігі әскери жоғары оқу орындарының оқытушылары педагогикалық шеберлікті жетілдіру талабы болып табылады. Әскери ЖОО оқытушысының кәсіби қызметіне дайындығын дамытуда табысты оқытушылардың практикалық қызметінің тәжірибесін талдау және оның идеяларын жаңа бастаған оқытушылардың кәсіби қызметіне енгізу маңызды болып есептеледі. Педагогикалық қызметті жетілдіру жаңадан бастаған мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді, ал кәсіби, педагогикалық тұрғыдан дайындалған оқытушылар университетте тиімді педагогикалық қызметке қабілетті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Архангельский С.П. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы // Вестник Академии военных наук. – М., 2012. – № 3. – С.17-20.
2. Асыллов Н.Ж. Проблемы подготовки офицерских кадров в Военном институте в свете Концепции развития высшей военной школы в Республике Казахстан // Сборник научных трудов. Выпуск 2: материалы научно-практической конференции. – Алматы: ВИ КНБ РК, 2014. – С.6-18.
3. Ахметова Э.Ж. и др. Военная педагогика: Учеб. пособие. Часть 2. – Петропавловск, 2015. – 398 с.
4. Ахметова Э.Ж. Педагогическая подготовка преподавателей высших военных учебных заведений: педагогические технологии: Учеб. пособие. – Петропавловск, 2016. – 147 с.
5. Берулава М.Н. Основы современной педагогики. – М.: НОЦ РАО, 2014. – 359 с.
6. Слостенин В.А. Педагогика профессионального образования: Учеб. пособие. – М.: Издательский центр «Академия», 2016. – 368 с.
7. Ершова С.И. Основы педагогического самообразования. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2013. – 94 с.
8. Шипилина Л.А. Методология и методы психолого-педагогических исследований: Учеб. пособие. – Флинта, 2011. – 204 с.

МРНТИ 14.15.15

С.С. Жубакова¹, Б.С. Байменова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Аңдатпа

Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мамандардың құзыреттілігін дамытудың жолдары, бағыттары мен ерекшеліктері терең қарастырылған. Зерттеу барысында құзыреттілік мәселесімен айналысқан бірқатар шетел ғалымдарының зерттеулері мен еңбектері талдауға алынды, соның ішінде кәсіби мамандарды даярлауды дамытуда үлес қосқан Қазақстан ғалымдарының зерттеулері проблеманы шешуге септігін тигізді. Құзыреттіліктің мәні мен мазмұнын ашу үшін «педагогтың кәсіби құзыреттілігі», «инклюзивті құзыреттілік» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымы әртүрлі аспектіде терең қарастырылды. Инклюзивті білім беру үрдісінде болашақ маманның құзыреттілігін дамыту үшін қолданылатын инновациялық технологиялар, белсенді әдістер мен құралдарды пайдаланудың мүмкіндіктерін әртүрлі деректерге сүйене отырып, зерттеген. Зерттеу проблемасына қатысты мәліметтер талданды. Құзыреттілік ұғымына келетін болсақ, ол болашақ маманның өз іс-әрекетіне деген жауапкершілігі мен іскерлігі. Мақалада ғылыми дереккөздердің негізінде «құзырет», «құзыреттілік», «зерттеу құзыреттілігі» «ғылыми – зерттеу құзыреттілігі» ұғымдарына отандық және шетелдік авторлардың берген анықтамалары бойынша талдау жасалынған.

Түйін сөздер: инклюзивті орта, кәсіби құзыреттілік, педагогикалық-психологиялық құзыреттілік, интеграция, коммуникативті құзыреттілік, инклюзивті білім беру процесі, білім беру процесін модернизациялау.

Жубакова С.С.¹, Байменова Б.С.¹

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан., Казахстан

РАЗВИТИЕ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ В ПРОЦЕССЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются пути, направления и особенности развития компетенций будущих специалистов в условиях инклюзивного образования. В ходе исследования были проанализированы исследования и труды ряда зарубежных ученых, занимавшихся вопросами компетентности, в том числе исследования казахстанских ученых, внесших вклад в развитие подготовки профессиональных кадров, способствовали решению проблемы. Для раскрытия сущности и содержания компетенции глубоко рассматривались понятия «профессиональная компетентность педагога», «инклюзивная компетентность» и «профессиональная компетентность» в различных аспектах. На основе различных данных исследованы возможности использования инновационных технологий, активных методов и средств, используемых для развития компетенций будущего специалиста в процессе инклюзивного образования. За основу взяты некоторые данные, касающиеся проблемы исследования. Понятие компетентности, это ответственность и умение будущего специалиста к своим действиям.

Ключевые слова: инклюзивная среда, профессиональная компетентность, психолого-педагогическая компетентность, интеграция, коммуникативная компетентность, процесс инклюзивного образования, модернизация образовательного процесса.

S.S. Zubakova¹, B.S. Baimenova¹
¹L.N. Gumilyov Eurasian national University, Nur-Sultan, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF COMPETENCE OF FUTURE SPECIALISTS IN CONDITIONS OF INCLUSIVE EDUCATION

Abstract

The article discusses the ways, directions and features of developing the competencies of future specialists in inclusive education. The research analyzed the research and works of a number of foreign scientists dealing with competence issues, including the research of Kazakh scientists who contributed to the development of professional training, contributed to the solution of the problem. To reveal the essence and content of competence, the concepts of "professional competence of a teacher", "inclusive competence" and "professional competence" in various aspects were considered in depth. On the basis of various data, the possibilities of using innovative technologies, active methods and tools used to develop the competencies of a future specialist in the process of inclusive education are investigated. It is based on some data related to the research problem. The concept of competence is the responsibility and ability of the future specialist to their actions.

Keyword inclusive environment, professional competence, psychological and pedagogical competence, integration, communicative competence, the process of inclusive education, modernization of the educational process.

Кіріспе. Өркениеттің жаңа кезеңіне көшу, еліміздің экономика, әлеуметтік, саяси, мәдени және білім беру салаларына өзгерістер әкелді. Цифрлы технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде ақпарат индустриясының мүмкіндіктері артты. Бұл жалпы әлемдік жанару, жаһандық тренд.

Ақпарат қазіргі қоғамның ең маңызды мемлекеттік ресурстарының біріне айналуда. Әлемде болып жатқан заманауи үрдістерден қалмау үшін, еліміз барлық жаңалықтарды игеруде. Оған дәлел елбасы Н.Ә. Назарбаевтың пікірі: «Индустрияландыру – бұл бүгінгі бренд, біз ілесіп жүруге тиіс жана бағыт. Мұнда қорқатын ештеңе жоқ. Бізде электронды үкімет бар, халыққа қызмет көрсету орталықтары бар. Мұның бәрі Цифрлы Қазақстанның элементтері» [1].

Үдемелі, үздіксіз дамып келе жатқан ақпарат ағымы білім беру индустриясына үлкен талаптар жүктейді. Осы орайда, ақпараттық қоғам талаптарына бейімделген, құзыретті маман қажет екені сөзсіз. Ол өз кезегінде болашақ маманның құзыреттілігімен байланысты болмақ.

Біз қарастыратын мәселе инклюзивті білім беру жағдайында болашақ маманның құзыреттілігін дамыту.

Бұл біріншіден, болашақ маманның ақпараттық технологияларды сауатты пайдалануымен, екіншіден, инновациялық сұраныстарды қанағаттандыруымен, үшіншіден, инклюзивті ортада ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен педагогикалық үрдісті тиімді ұйымдастырумен ерекшеленбек.

Инклюзивті білім беру біздің елімізде жетілдіруді және жаңаша қарауды қажет ететін стратегиялық бағыт болып табылады. Осы бағытта мемлекет тарапынан бірнеше міндеттер жүктелуде. Атап айтатын болсақ, инклюзивті үрдісті жүзеге асыратын жалпы мектеп санының үлесін 70%-ға дейін арттыру, ерекше қамқорлықты қажет ететін оқушыларға қолжетімді, кедергісіз білім беру аймағын құру және т.б. Себебі, адам капиталы ең басты құндылық болып табылады. Сондықтан да, инклюзияның ерекшелігі баланың физиологиялық, психологиялық, этникалық, діни, нәсілдік ерекшеліктеріне қарамастан тең, құқылы, қолжетімді білім беру. Адам бойындағы табиғи қажеттіліктерді ескере отырып, оқыту, тәрбиелеу және білім беру бүгінгі заманауи педагогиканың негізгі кредосы.

Зерттеу әдістемесі мен нәтижесі. Зерттеу проблемасына байланысты бірқатар кешенді әдістер қолданылды. Атап айтсақ, философиялық, педагогикалық, психологиялық, тарихи әдебиеттерге анализ және синтез жасау. Еуропа және отандық инклюзивті білім беру жағдайына салыстырмалы анализ жасау. Жинақталған мәліметтерді, статистикалық көрсеткіштерді математикалық әдістер арқылы сұрыптау. Эмпирикалық әдістер: бақылау, сауалнама, әңгіме. Интернет ресурстарын қолдану жаһандық ақпараттық инфрожүйе құруға және «ашық білім беру моделі» парадигмасын дамытуға көмектесті. Шетел және отандық ресурстарды қолдану зерттеу тақырыбын тереңдетуге мүмкіндік туғызды. Нормативті базаға, психологиялық-педагогикалық, анықтамалық және әдістемелік әдебиеттерге теориялық анализ жасау; білім беру процесін бақылау; сұрау әдістері (сауалнама, тест); психодиагностика.

Зерттеудің әдіснамалық негізі инклюзивті білім беру бағыты бойынша қабылданған халықаралық, отандық нормативті құжаттар құрайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында осы санаттағы балаларға білім беру қажеттілігі туралы айтып кеткен болатын: «...Бесіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады [2].

ЮНЕСКО-ның қабылдаған Халықаралық құжатында әрбір адам қоршаған ортамен кедергісіз араласуы және білім алуы қажет делінген [3].

Саламанка Декларациясында интеграция принциптері мен ерекшеліктері туралы мынандай мәлімет берілген: «Жалпы білім беру ұйымдарында жүзеге асатын тұтас педагогикалық процесс әрбір баланың қажеттіліктері мен ішкі мүмкіндіктеріне қызмет ету керек» [4]. (Саламанка, Испания 1994 жыл)

Инклюзивті білім беру процесі көптеген ірі мемлекеттерде өз жалғасын тапты, атап айтсақ, Америка, Англия, Норвегия, Швеция т.б. Әр елдің экономикалық, мәдени, саяси ерекшеліктеріне байланысты инклюзивті білім беруге деген көзқарастар әртүрлі сипатта дамыды. Бұны тарихи эволюцияның даму кезеңдерінен байқауға болады. Осыған байланысты ерекше білім беруді қажет ететін балаларға деген қоғамдағы адамдардың ара қатынасы өзгеріп отырды. Дискреминацияға тәуелді болған балалар мен ересектер қоғам тарапынан көптеген қиындықтар көрді. Оларды социумнан алшақтатуға тырысты. Дегенмен де, уақыт өте келе бұл қатынас мақсатты түрде өзгерді. Оған себеп болған Н. Бенк-Миккельсон және Ассоциация директоры Б.Нирьенің «нормалау» түсінігін ендіруі. Ол концепцияның мазмұнында ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларды оқуға, еңбек етуге, сондай-ақ өмірдің қалыпты жағдайына бейімделуге толық құқығы бар екендігін айтылды. [5] Бұл концепция қоғамдағы адамдардың көзқарасын өзгертуге және интеграциялық үрдістің дамуына серпіліс жасады. Нормалау қағидалары жаңаша ойлауға, жаңаша бағалауға мүмкіндік туғызды. Бұл идея көптеген Европа елдерінде жалғасын тапты. Әлемде болып жатқан жаһандық интеграция үрдістері халықаралық деңгейде дамып, мемлекеттің әлеуметтік қолдау стратегиясына айналды. Гуманистік құндылықтарға деген көзқарастарды қайта қарау дәстүрі көптеген әлем деңгейіндегі конференциялардың негізгі тақырыбы болуына түрткі болды.

Соның бірі 1990 жылы Джомтъене (Таиландта) болған дүниежүзілік конференцияны атауға болады. Бұл тәжірибе ұзаққа созылды, оның нәтижесінде бірқатар нормативті құжаттар пайда болды. Ал, отандық ғалымдар өздерінің зерттеулерінде бұл идеяны тереңдетті. Ғалым Р.А. Сулейменова өз еңбегінде инклюзияға мынандай баға берді: «Денсаулық, әлеуметтік, этникалық және экономикалық мүмкіндіктеріне қарамастан, барлық балаларды ақысыз оқу үдерісіне қосуды көздейтін білім беру үрдісі» [5].

Көптеген ғылыми деректерде инклюзивті білім беру бұл қалыпты дамып келе жатқан балалар мен ерекше даму мүмкіндіктері бар балаларды (эмоционалды, интеллектуалды, сенсорлық, этникалық және т.б.) бірлесіп оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесі деп түсіндіріледі.

Инклюзивті білім беру бүгінгі заманауи мемлекеттің жаңа талабы, жаңа бағыты болғандықтан, оны ғылыми тұрғыда саралау және бағалау мақсаты туындайды. Әлеуметтік және табиғи факторлардың әсерінен пайда болған түрлі деңгейдегі ауытқулары бар балаларға білім беретін құзыретті маман қажет.

Әлемде құзыреттілікке байланысты түрлі көзқарастар мен пікірлер қалыптасты. Алғаш рет бұл термин Европа елдерінде кеңінен қолданыла бастады.

Құзыреттілік мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Соның ішінде Ю.Бабанский құзыреттіліктің мынандай аспектілерін ұсынды: басқарушылық аспект, психологиялық аспект, педагогикалық аспект. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ маманның құзыреттілігін дамыту үрдісі жаһандық тәжірибенің маңызды инфрақұрылымына айналды. Осы бағытта көптеген зерттеулер мен еңбектер пайда болды. Бұл тараптан Қазақстандық ғалымдар да қалыс қалған жоқ.

Соның бірі И.А. Оралканова инклюзивті білім беру жағдайында болашақ маманның құзыреттілік өлшемдерін саралай келе, ең негізгі құзыреттіліктерді былай топтастырады:

- құндылықтық бағдарын қалыптастыру;
- психологиялық мүмкіндіктерін ояту;
- оқушының бойындағы толеранттылық;
- эмпатия;
- болашақ маманды педагогикалық оптимизм рухында тәрбиелеу» [6].

Ресей ғалымы Н.Г. Милорадова құзыреттіліктің заңдылықтары мен принциптерін талдай отырып, құзыреттіліктің төрт негізгі компоненттерін ұсынады: әдістемелік құзыреттілік, іс-әрекет құзыреттілігі, гумандық әрекеттесу құзыреттілігі және жеке тұлғалық құзыреттілік. Құзыреттілік

Әлемдегі болып жатқан түбегейлі өзгерістер мен білім саласында жүргізілген мониторинг көрсеткіші уақыт өткен сайын білімі терең, стандартты емес жағдайда тез шешім қабылдайтын құзыретті маманға

деген сұранысты тереңдете түседі. Бұл міндеттер Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілді.

Осы орайда, «құзыреттілік» ұғымын қарастыру тақырыбымызды тереңдей түседі. Е.В. Бондаревская, И.А. Зимняя, А.К. Маркова сияқты ғалымдар құзыреттілік ұғымын болашақ маманның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуымен байланыстырады.

Дамыған мемлекеттердің еңбек нарығында құзыретті маманға деген қажеттілік шексіз. Басты талап: біліктілік, ой-өрісінің тереңдігі, өз пәнін жетік меңгеруі, шеберлігі, фундаментальды білімінің болуы.

Біздің зерттеуімізге Н.Хомскийдің айтқан пікірлері қызығушылық туғызды. Ол құзыреттілікті жеке тұлғаның өз кәсібіне сәйкес қасиеттерді меңгеруі. Білімі, ептілігі және дағдысы.

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде құзыреттілік белгілі бір кәсіптің айналасындағы білімдер мен ептілік тұрғысынан түсіндіріледі.

Н.Ф. Талызина, М.Ж. Джадрина бұл пікірлерге қарсы. Олардың пікірі бойынша, құзыреттілік - өмірлік тәжірибені игеру процесі.

Ғалым В.В. Нестеровтің ойынша, болашақ маман құзыреттіліктің келесі компоненттерін меңгеруі қажет: танымдық, психологиялық, коммуникативті, кәсіби-техникалық т.б.

Қазақстандық ғалым Б.Т. Кенжебеков өзінің диссертациялық жұмысында кәсіби құзыреттілікті белгілі бір әрекеттерді орындауға даярлығы мен тәжірибелік қабілеттілігі - деп дәлелдейді [7].

Жоғарыда ғалымдардың еңбектерін саралайтын болсақ, инклюзивті білім беру, инклюзивті білім беру жағдайында болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша бірқатар еңбектер басылым көріп, тәжірибелер жинақталған. Мәселен, инклюзивті білім берудің теориялық саласы көптеген шетел ғалымдарының (К.Хортон, Д.Брикер, Н.Г. Чанилова, Т.В. Егоров және т.б.) еңбектерінде қарастырылған. Инклюзивті білім берудің кейбір бағыттары қазақстандық ғалымдардың (Р.А. Сүлейменова, А.Н. Алмаганбетова, Р.Ж. Жұмажанова, К.Ш. Құмаржанова және т.б.) еңбектерінде көрініс алады. Алайда осының бәріне қарамастан жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқытудың кәптеген проблемалары ғылыми-теориялық, әдістемелік тұрғыда өз шешімін әлі де болса толық таба қойған жоқ. Әрине бұл проблеманы шешу әдіснамалық, концептуалдық терең ізденуді қажет етеді. Жалпы отандық педагогикада бұл проблеманың болуы заңды құбылыс. Себебі, инклюзивті білім беру мемлекетіміздің жаңа стратегиялық бағыты болып табылады.

Пікіргалас. Қазіргі заманауи педагогикада инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мамандардың құзыреттілігін дамыту тақырыбы аясында көптеген ғалымдар зерттеулерін арнады. Олардың басым көпшілігі құзыреттілікті қызмет жасап жүрген маманның білімі мен тәжірибесі және соған сәйкес шешім қабылдауы десе (Н.Ф. Талызина, М.Ж. Джадрина), екінші ғалымдардың тобы, жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесі және оны орындау дағдысы (Р.А. Сүлейменова, А.Н. Алмаганбетова, Р.Ж. Жұмажанова). Яғни жансыз жаттанды білімді емес, шынайы білімді қабылдауы. Ғалымдардың пікір-таласын тұжырымдайтын болсақ, болашақ маманның құзыреттілігі арнайы ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесін қамтитын процесс. Осы процесте мұғалім өзінің инновациялық белсенділігін көрсетеді. Осы орайда ғалым Б.Кенжебаевтың тұжырымымен келісе отырып, құзыреттілікті былай топтастыруға болады.

Инклюзивті білім беру үрдісінде келесі құзыреттіліктер маңызды:

- Ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мақсатында инклюзивті білім берудің идеясын түсіну;
- инклюзивті білім беру үрдісін жүзеге асыруға мақсатты түрде қарау;
- мектеп ұжымында ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға деген ;
- заманауи әдістер мен технологияларды оқу-тәрбие процесінде қолдану;
- Ерекше қамқорлықты қажет ететін балалардың жас және жеке ерекшеліктерін, ауытқушылық түрлерін білу;
- инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық рефлексияның принциптерін меңгеру;
- оқушылардың, ата-аналардың, пән мұғалімдерінің, әкімшіліктің, қоғамдық ұйым өкілдерінің қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық процесті ұйымдастыра білу;
- оқу бағдарламалары мен оқулықтарды ерекше қамқорлықты қажет ететін балалардың мүмкіндіктеріне бейімдей білуі;
- ерекше қамқорлықты қажет ететін балалардың өзара қарым-қатынас орната білуі.

Қорытынды. Алымдардың зерттеулеріне жасалған талдау мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік берді, құзыреттілік дегеніміз болашақ маманның инновациялық технологияларды терең меңгеруі, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыра алуы, педагогикалық фактілерді болжай білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуы, кедергісіз, қолжетімді орта құруы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 10 қаңтар 2018 ж. мақала газеттен.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 14 желтоқсан 2012 ж. мақала газеттен.
3. Конвенция о борьбе с дискриминацией в области образования: принята Генеральной конференцией ООН по вопросам образования, науки в культуры (ЮНЕСКО) 14 декабря 1960. конференция еңбектері.
4. Саламанка декларациясы (Саламанка, Испания 1994 жыл) конференция еңбектері.
5. Сулейменова Р.А. Методологические подходы к развитию инклюзивного образования Республики Казахстан // Открытая школа. - №7. – сентябрь, 2012. – 40 с. мақала журналдан.
6. Оралханова И. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: док.дисс. – Алматы, 2014. – 163 с. Диссертация.
7. Кенжебеков. Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Астана, ЕҰУ, 2001. – 270 б. кітап.

МРНТИ 14.35.09

Пентина Е.О.¹

¹*Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан*

**ФОРМИРОВАНИЕ НАРРАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ
ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА ЧЕРЕЗ РЕАЛИЗАЦИЮ КОНТЕКСТНОГО ОБУЧЕНИЯ**

Аннотация

В статье раскрывается важность контекстного обучения в иноязычно-образовательном процессе при подготовке будущих учителей иностранного языка. Рассматриваются особенности учета контекстов профессиональной деятельности и реализуемые с помощью него задачи по формированию нарративной компетенции. Порождаемые студентами нарративы являются одной из самых распространенных форм вербальной коммуникации, реализующейся на разных уровнях общения, в зависимости от ситуации и контекста. Предпринимается попытка доказать, что формирование нарративной компетенции в контекстном обучении возможно посредством проблемно-базируемых задач, которые специально организуются преподавателем и обеспечивают активное взаимодействие студентов, их совместную деятельность по поиску решений представленного проблемного контента. Автором приводятся примеры проблемных ситуации, которые раскрывают методический аспект. Предлагаются перспективы дальнейших исследований контекстного обучения и его важность в процессе формирования нарративной компетенции будущих учителей иностранного языка.

Ключевые слова: контекстное обучение, иноязычно-образовательный процесс, нарратив, нарративная компетенция, проблемно-базируемое обучение, коллаборативная деятельность.

Е.О. Пентина¹

¹*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

**КОНТЕКСТІК ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ШЕТ ТІЛІ
МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ НАРРАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУЫ**

Аңдатпа

Мақалада болашақ шет тілі мұғалімдерін даярлауда шет тілі білім беру процесінде контекстік оқытудың маңыздылығы ашылады. Кәсіби қызметтің контекстерін ескеру ерекшеліктері және оларды ескере отырып жүзеге асырылатын нарративті құзыреттілігін қалыптастыру міндеттері қарастырылады.

Студенттер шығаратын нарративтер – бұл жағдайға және контекстке байланысты қарым-қатынастың әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асырылатын ауызша коммуникацияның ең көп таралған түрлерінің бірі. Берілген мақала контекстік оқытуда нарративті құзіреттілігін қалыптастыруы мұғалім арнайы ұйымдастыратын проблемалық-негізделген міндеттер арқылы асырылуы мүмкін болатындығын дәлелдеуге тырысады, ол міндеттер студенттердің белсенді өзара әрекеттесуін, ұсынылған проблемалық мазмұнның шешімдерін табудағы бірлескен қызметін қамтамасыз етеді. Автор әдістемелік аспектіні ашатын проблемалық жағдайлардың мысалдарын келтіреді. Контекстік оқытудың одан әрі зерттеу перспективалары және болашақ шет тілі мұғалімдерінің нарративті құзіреттілігін қалыптастыру процесінде оның маңыздылығы ұсынылады.

Түйін сөздер: контекстік оқыту, шет тілі білім беру процесі, нарратив, нарративтік құзіреттілік, проблемалық-негізделген оқыту, коллаборативті қызмет.

Pentina Y.O.¹

*¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
Almaty, Kazakhstan*

NARRATIVE COMPETENCE FORMATION OF FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS THROUGH THE CONTEXTUAL LEARNING IMPLEMENTATION

Abstract

The article presents the contextual learning in foreign language educational process. Reveals its' importance for future foreign language teachers preparation. The author considers peculiarities of professional activity contexts and its role in narrative competence formation. Narratives created by students are the most common forms of verbal communication, realized at different levels of communicative activity, depending on the situation and context. Narrative competence formation in the process of contextual learning is possible through problem-based tasks that are specially organized by the teacher and provide active interaction of students, their joint activity in finding solutions to the presented problem content. The article provides examples of problem situations that reveal the methodological aspect. Prospects for further research of contextual learning and its importance in the process of future foreign language teachers' narrative competence formation are suggested.

Keywords: contextual learning, foreign language educational process, narrative, narrative competence, problem-based learning, collaborative activities.

Введение. Контекстное обучение – это обучение, в котором на языке наук с помощью всей системы форм, методов и средств, традиционных и новых, динамически моделируется предметное и социальное содержание профессиональной деятельности, осуществляется трансформация учебной деятельности студента в профессиональную деятельность специалиста [1, с. 6]. Контекст специальности будущего учителя иностранного языка, а в целом и основы будущей профессиональной деятельности обязывает преподавателя усиленно вовлекать студентов в размышления, рефлексию и рассуждения о будущей профессии на иностранном языке. Согласно *Бахтину М.М.* «Только в диалоге развивается способность мыслить. В беседе создаются условия для взаимодействия понимающих сознаний» [2, с.13]. Исходя из этого, результаты взаимодействия студентов, обмена идеями, личными рассуждениями, а не скачанными тривиальными фразами из Google, обязательно должны быть озвучены на коллаборативных дебатах, в процессе кумулятивной и исследовательской беседы и конечно же в спорах. Главную роль в данной коммуникативной деятельности играет устный нарратив от первого лица (personal stories, self-narratives). С нашей точки зрения, порождаемые студентами нарративы являются одной из самых распространенных форм вербальной коммуникации, реализующейся на разных уровнях общения, в зависимости от ситуации и контекста. Контекст обеспечивает влияние на студента как внешне благодаря методически управляемой заданной преподавателем ситуацией, так и внутренне на его эмоционально-чувственный мир, раскрывая истинное отношение студента, его понимание, поведение, отношение и реакции.

Специалист в области иноязычного образования, владеющий иностранным языком как средством межкультурного профессионального общения, должен уметь строить логически связанное, аргументированное, четко коммуникативно-ориентированное высказывание, воздействующее на слушающих. В научной литературе это умение принято соотносить с понятием «нарративная компетенция». В силу своих характеристик нарратив может рассматриваться в числе приоритетных способов общения, помогающих установлению взаимопонимания и доверительных отношений между коммуникантами. Формирование нарративной компетенции через реализацию контекстного обучения раскрывается нами в следующем. Мы исходим из того, что порождает идеи, наталкивает на размышления, провоцирует на их выражение и

мотивирует к их обсуждению. С нашей точки зрения, перечисленным задачам отвечают проблемно-базируемые ситуации, которые специально организуются преподавателем и обеспечивают активное взаимодействие студентов, их совместную деятельность по поиску решений представленного проблемного контента. В тематико-текстовых единствах, с которыми мы работаем со студентами, на стадии формирования коммуникативных умений, субкомпетенций и компетенций свободного профессионально-базируемого общения главная роль отводится нарративным текстам с описанием проблемных задач профессионального характера с их последующей доказательной и аргументированной защитой [3, с. 64].

Методология исследования. Теория контекстного обучения как одно из направлений деятельностной теории усвоения социального опыта представлена в трудах таких известных ученых, как Выготского Л.С., Гальперина П.Я., Давыдова В.В., Леонтьева А.Н., Рубинштейна С.Л. Считаю важным отметить, что Вербицкий А.А. приходит к мнению о том, что, «ориентируя студентов на заучивание знаков или их систем, без понимания смысла (контекста), который в них заключается, невозможно сформировать профессионально-направленное мышление и превратить учебную информацию в знания, умения, навыки. Для того чтобы информация стала знанием, студенту нужно совершить в своем сознании двойной переход – от знака (информации) к мысли, а от нее к действию и поступку» [1, с. 55]. Опираясь на данное утверждение, мы заключили, что в иноязычно-образовательном процессе, когда студенты встречают множество новых слов, фраз, определений и концептов, необходима организация четко продуманной деятельности с вокабуляром и проработка каждого этапа, которая приведет к его лучшему усвоению. В частности, это может быть деятельность, направленная на: ведение записи ключевых слов, организацию материала посредством выявления повторяющихся шаблонов, сложение ключевых частей информации в историю, повторение ключевых слов, характерным для себя способом с использованием стратегий.

«Определение значения слова с помощью контекста». Данная техника предполагает работу с вокабуляром через контекст. Именно с помощью ситуации и контекста студент понимает где, когда и как используется новое слово или фраза. Контекст влияет на студента как внешне благодаря дидактически управляемой ситуацией, так и внутренне на его эмоционально-чувственный мир. Также обеспечивается активная деятельность, направленная на усвоение, обработку новой информации и ее запоминание.

«Cloze passages». Это ассоциативная деятельность, которая предполагает заполнение студентами пустых полей, с опорой на контекст. Студенты используют ключевые слова, чтобы заполнить пропуски в предложениях. В предложениях обязательно должны содержаться контекстные подсказки, которые натолкнут на определение правильного ответа.

«Idea completions». Суть данной техники заключается в том, что студенты дополняют начатые преподавателем предложения, в зависимости от содержащихся в них ключевых слов и опираясь на контекст. Студенты заканчивают каждое предложение той идеей, которая представляет определенный смысл и дает преподавателю понять, что значение нового вокабуляра понятно учащимся.

Ал бұл қолда бар мүмкіндіктерді бағалаудың мазмұны мен процедураларын өзгертуді, әлеуметтік-экономикалық факторларды ескеруді, мектеп құрылымы мен микроклиматты алдын-ала зерттеуді қажет ететін басқарушылық және педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігін арттыру сияқты шараларды қамтиды.

Зерттеу әдіснамасы. Қазіргі білім беру инфрақұрылымының бөлігі ретінде білім беру ортасының сапасы білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Манчестер қалалық кеңесінің (MCC) SCRI Senses, Brain and Spaces workshop семинарына қатысқаннан кейін, кеністіктің сенсорлық әсерлері туралы ғылыми білімдерден, оның ішінде неврологиялық процестермен қалай делдал болатындығы 2007 жылдың наурызында жаңа / жанартылған идеялар

мектептерін жобалау, салу және пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу мүмкіндігі бар екендігі белгілі болған. Осы бастапқы сәттен бастап МСС-мен бірлесіп «Оңтайлы оқу кеңістігі» (OLS) атты зерттеу қызметі әзірленді. Бұл жоба білім беру саясатына, басқаруға немесе ұйымдастырушылық құрылымдарға емес, микро деңгейде оқыту мен оқытуға бағытталған [1].

Ғалымдар зерттеу нәтижелері негізінде мектептерді жобалау кезінде оқу процесіне әсер етуі мүмкін маңызды келесі факторларды бөліп көрсетеді:

- ортаның табиғилығы: жарық, дыбыс, температуралық режим, ауаның сапасы, қабырғалар;
- оқшаулану ортасының болуы: таңдау вариативтілігі, икемділік, байланыстылық, трансформация жасауға ыңғайлылық;
- ынталандырудың жеткілікті деңгейі: ортаның күрделілігі, түстердің дұрыс сәйкестігі, құрылымы және оның сенсорлық қасиеттері.

Білім беру ұйымдарының жоғарыда айтылған факторларға сәйкестігін анықтауда Sacers халықаралық шкаласының мүмкіндіктері зор.

SACERS (School-Age Care Environment Rating Scale) – АҚШ - та ата-аналар жұртшылығы тарапынан білім беру ұйымдарының толық күн ішінде жұмыс істеуіне арналған сұраныстарына жауап ретінде және тиісінше мектеп кеңістігінің оқушыларға жайлы болуы, олардың өзара әрекеттесуі, уақытты белсенді өткізуі үшін жағдай жасау мақсатында әзірленген мектептердегі білім беру ортасын бағалау шәкілдері.

Sacers халықаралық шкаласының көмегімен бастауыш және негізгі жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарын бағалау жүйесі білім беру ұйымындағы білім алушылардың денсаулығы мен қалыпты өмір сүру сапасын сақтау жағдайларын (қолайлы орта), білім беру процесін жүргізу жағдайларын, заманауи білім беру технологиялары мен ақпараттық қамтамасыз етуді енгізу жағдайларын, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және дамыту жағдайларын, мектеп кеңістігінде қосымша білім беру жағдайларын бағалайды, сондай-ақ білім беру процесінің барлық қатысушылардың (мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар) өзара әрекеттесулерін бағалайды.

Дискуссия. SACERS мектеп жасындағы білім алушылардың дамуын күшейту критерийлеріне және мектеп жағдайында олардың даму қажеттіліктерін қанағаттандыруға негізделеді.

SACERS шкаласы білім беру ұйымында құрылған кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін зерттеуге мүмкіндік беретін 48 көрсеткішпен ұсынылған. Әрқайсысы 7 балдық шкала бойынша бағаланады, бұл білім беру ортасының даму деңгейін: **қанағаттанарлықсыз, минималды, жақсы, өте жақсы деп** анықтауға мүмкіндік береді.

Бағалау бақылау және білім беру ұйымының қызметкерлеріне нақтылайтын сұрақтар қою негізінде жүргізіледі.

SACERS шкаласының көмегімен алынған деректерді өңдеу барысында: білім беру ұйымының білім беру ортасының сапа индексі; білім беру ортасының жекелеген компоненттері бойынша сапа индексі; білім беру ұйымының білім беру ортасының бейіні бойынша сапасы анықталады. Бұл белгілі бір білім беру ұйымының білім беру жағдайларын дамытудағы **әл-ауқаты мен тапшылықтарын** анықтауға мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымының білім беру ортасының сапа индексі осы көрсеткіштер санына бөлінген SACERS шкаласының барлық көрсеткіштері бойынша жиынтық мәнді білдіреді. Сапа индексі білім беру ортасының даму деңгейін «қанағаттанарлықсыз» (1 балл)-дан «үздік» (7 балл)-ге дейін сипаттауға мүмкіндік береді. Білім беру ортасының сапа индексінің шамасы мектептердің материалдық-техникалық, ақпараттық-әдістемелік, кадрлық және психологиялық-педагогикалық жағдайларының дамуындағы оң өзгерістерді сипаттайды.

Қазақстанда білім беру ұйымдарындағы білім беру сапасын бағалау «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымын бағалау нақты бағыттар бойынша оның қызметіне талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Бағыттарды бағалау кезінде 0,5-тен 2,5-ке дейінгі салмақтық коэффициентіне ие болатын өлшемшарттар пайдаланылады.

Әрбір өлшемшарттарға "uzdik", "zhaqsy", "ortasha", "nashar" бағаларының біреуіне тиесілі болатын дескрипторлар әзірленген.

Бағаға тиесілі балл:

"uzdik" – 4;

"zhaqsy" – 3;

"ortasha" – 2;

"nashar" – 1.

Бағаның пайыздық ара қатынасы төмендегідей анықталады:

"uzdik" – 87-100 %;

"zhaqsy" – 62-86 %;

"ortasha" – 37-61 %;

"nashar" – менее 36 %.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын бағалау осы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары 2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады [2].

Біз төмендегі 1- кестеде SACERS шкаласы мен Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының ерекшеліктерін көрсетуге тырыстық

Кесте -1 – SACERS шкаласы мен Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының ерекшеліктері

SACERS шкаласы	Білім беру ұйымдарын бағалау бағыттары мен өлшемшарттары
1. Ішкі кеңістік және жиһаз	1. Басшылық және басқару сапасы
2. Денсаулық және қауіпсіздік	2. Білім беру сапасы
3. Белсенді қызмет / Ойын-сауық	3. Оқушылардың нәтижелері
4. Өзара әрекеттесу	4. Ресурстар
5. Оқу үдерісі	5. Білім алушыларға қолдау мен қамқорлық
6. Персоналды дамыту	6. Ата-аналармен және жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл сапасы
7. Арнайы қажеттіліктер.	

SACERS шкаласын қолдана отырып, Мәскеу мектептерінің білім беру жағдайларын зерттеу 2015-2016, 2016-2017, 2017-2018, 2019-2019 жж. жүргізілген болатын. Зерттеу Мәскеу қаласының 119 білім беру ұйымдарының негізінде жүргізілген. Аталған зерттеу нәтижелері Е. М. Барсукова, А.К. Белолуцкая, Е.В. Иванова, Т.Н. Леван, Т.Г. Шмис, М.А. Устинова, М.Б. Лозовскийтың «Формирование современной образовательной среды» аты еңбектерінде [3], Е.В. Иванова, И.А. Виноградова, С.А. Зададаевтың «Исследование образовательной среды школы в контексте обеспечения равного доступа к качественному образованию» [4], Е.В. Иванова, И.А. Виноградова, О.В. Нестерова, Е.В. Маякованың «Концепция развития образовательных условий московских школ» [5], И.А. Виноградова, Е.В. Иванованың «Модель развития условий реализации основной образовательной программы начального и основного общего образования с использованием международной шкалы SACERS» [6], «Оценивание условий реализации основной образовательной программы начального и основного общего образования с использованием международной шкалы SACERS» [7]. мақалаларында жарық көрді.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстанда да SACERS шкаласын қолдана отырып білім беру ұйымдарын зерттеу 2020 жылдан бастап қолға алынууда. Аталған шкала бойынша білім беру ұйымдарын бағалау үшін арнайы эксперттер дайындалуы қажет. 2019-2020, оқу жылынан бастап осы мақсатта Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің 7М011- Педагогика және психология (педагогикалық өлшем) білім беру бағдарламасына «SACERS білім беру жағдайларын бағалау» атты пән енгізіліп, оқытылуда.

Пәннің негізгі мақсаты: Магистранттардың жалпы орта білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының білім беру ортасын бағалау кезінде SACERS халықаралық шкаласын қолдану біліктері мен дағдыларын игерулеріне ықпал ету.

Магистранттар алған білімдерін тәжірибеде пайдаланып көру мақсатында Талғар қаласындағы Дарын инновациялық мектебіне барып, өздерінің алғашқы зерттеулерін жүргізуге тырысты. Қазіргі кездегі қашықтан білім беру жағдайына сәйкес магистранттар тек «Ішкі кеңістік және жиһаз» шкаласы бойынша жүргізуге тырысты.

Бұл шкала мыналарды қамтиды: ішкі кеңістікті және үй-жайлардың орналасуын, жылжымалы белсенді қызметке арналған кеңістікті, оқшаулануға арналған кеңістікті, персоналға арналған үй-жайларды, оқу процесін іске асыруға және демалуға арналған жиһазды және т.б. бағалау. Магистранттардың бақылау нәтижелері төмендегідей.

1.1 Ішкі кеңістік:

– дарын инновациялық мектебі шағын бастауыш мектеп оқушыларына арнайы білім беру 200 оқушыға жасақталған білім ордасы. Дарын инновациялық мектеп ғимараты 3 қабатты, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеріп ішкі кеңістіктік жалпы жобасы жақсы ұйымдастырылған, дегенмен мектепте оқушыларды күту залы мен кіре беріс кеңістік аумағы бала санына сәйкес емес.

1.2 Жылжымалы белсенді қызметке арналған кеңістік:

– мектепте парталар орындықтар жылжымалы және оқушыларға ыңғайлы, музыка бөлмесі жылжымалы белсенді жабдықтармен әрлеген.

1.3 Оқшаулануға арналған кеңістік:

– мектепте оқушыға оқшаулануға арналған кеңістік қарастырылмаған

1.4 Үй-жайлардың орналасуы:

– мектепте жихаздардың орналасуы оқушыларға қол жетімді қарастырылған, оқушыларға білім алуға арналған оқу кабинеттері әр сыныптың жас ерекшеліктеріне орай төменнен жоғарыға қарай орналасқан, оқушының білім алуына орай жас ерекшеліктер ескерілген.

1.5 Күнделікті қолдануға арналған жиһаз:

– мектепте күнделікті қолдануға арналған жиһаз парталарды оқушының бойына сәйкес ұзартып немесе қысқартуға болады

1.6 Оқу процесін іске асыруға арналған жиһаз:

– мектепте оқу процесіне арналған жабдықтардың аздығы және қол жетімсіздігі байқалды

1.7 Демалуға және жайлылыққа арналған жиһаз:

– мектепте демалуға және жайлылыққа арналған жиһаз қарастырылмаған

1.8 Белсенді қызметке арналған жиһаз:

– белсенді қызметке арналған жиһаз мектепте қарастырылмаған

1.9 Қосымша білім беру қызметтеріне қол жеткізу:

– қосымша білім беру Дарын инновациялық мектепте қарастырылмаған

1.10 Мектеп персоналының жеке пайдалануына арналған үй-жайлар:

– мұғалімдерге арналған кабинет мектепте қарастырылған, бірақ айтарлықтай талапқа сай емес

1.11 Мектеп персоналының жеке жұмысына арналған үй-жайлар:

– мектеп персоналына жеке жұмысына арналған кабинеттер аталған мектепте қарастырылмаған.

Бақылау нәтижесін семинар сабақтарында талқылау барысында магистранттар: Дарын инновациялық мектепте жихаздар жаңа оқушыға білім алуға барлық жағдай жасалған, мектеп құрлысы ішкі кеңістігі балалар үшін қолайлы, шағын мектеп болғандықтан қызметкерлер айтарлықтай көп емес. Мектептің білім беру ортасын жетілдіруге байланысты:

- компьютерлер мен белсенді тақталар жеткілікті қамтамсыз етілсе;
- ұстаздардың жеке жұмыс жасауына және демалуына жеке кабинеттер болса;
- жиһаздарды әр жылда тесеріп ақауларын реттесе;

- оқушыларға арналған демалыс орны мен дәліздерге жұмсақ жиһаздар қойып демалуға жағдай қарастырылса жөн болар еді деген төмендегідей қорытындылар мен ұсыныстар жасалынды.

Сондай-ақ биылға оқу жылында «Оқушылардың білім беру ортасын бағалауда SACERS өлшеу шкаласын пайдалану технологиясы» тақырыбында бір білім алушы өзінің магистрлік диссертациян алып, университеттің ғылыми Кеңесінде бекітті.

Қорытынды. Қорыта келгенде Қазақстанда SACERS шкаласы білім беру ұйымдарының білім сапасын арттыруға ықпал ететін кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, қаржылық жағдайларды бағалаудың сенімді құралы болып табылады және аталған бағыттағы зерттеулер өз жалғасын тауып, нақты эксперименттік нәтижелерін көрсетеді деп ойлаймыз.

Жалпы SACERS шкаласы арқылы біздің білім беру ұйымдарымыздың білім беру ортасы қаншалықты халықаралық стандарттарға сәйкес келетіндігін анықтауға және оны жетілдіру бағытында қандай жұмыстар атқаруға болатындығына мүмкіндік береді. Ал білім беру ортасының халықаралық стандарттарға сәйкес келеуі оқушылардың білім сапасына ғана емес, олардың оқуға, ізденуге, шығармашылық іс-әрекеттермен айналысуына және жалпы психологиялық ахуалдың жақсаруына әсер ететіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

I.Barrett P., Zhang Y. Optimal learning spaces: Design Implications for Primary Schools. [Электронный ресурс]. URL: http://www.oecd.org/education/innovation-education/centre_foreff_ectivel_earnin_genvir_onmentscele/43834191.pdf (дата обращения: 10.12.2020).

2. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы [adilet.zan.kz > kaz > docs](http://adilet.zan.kz/kaz/docs)
3. *Формирование современной образовательной среды*. ISBN 978-5-358-23116-0 УДК 373.51 ББК 74.202 © Корпорация «Российский учебник», 2019 © ГАОУ ВО МГПУ, 2019. – С. 36-39
4. Иванова Е. В., Виноградова И. А., Зададаев С. А. Исследование образовательной среды школы в контексте обеспечения равного доступа к качественному образованию // *Образование и наука*. Том 21. № 7. 2019. – С. 69-86
5. Иванова Е.В., Виноградова И.А., Нестерова О.В., Маякова Е.В. Концепция развития образовательных условий московских школ ... [www.science-education.ru > article > view](http://www.science-education.ru/article/view)
6. Виноградова И. А., Иванова Е. В. Модель развития условий реализации основной образовательной программы начального и основного общего образования с использованием международной шкалы SACERS // *Научно-методический электронный журнал «Концепт»*. - 2018. - № V4. -0,5п. л. - URL: <http://e-koncept.ru/2018/186030.htm>.
7. Иванова Е.В., Виноградова И.А. Оценка условий реализации основной образовательной программы начального и основного общего образования с использованием международной шкалы SACERS // *Вестник Московского городского педагогического университета*. Серия. Педагогика и психология. - 2017. - № 4(42). – С. 66-79.

МРНТИ 14.39.09

А.А. Дүйсенбек¹, Н.Т. Аблайханова¹, А.Б. Бауыржан¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ИНТЕНСИФИКАЦИЯЛАУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ынтымақтастықта оқыту технологиясының жалпы биологияны оқыту үдерісін интенсификациялаудағы рөлі қарастырылған. Себебі, педагогикалық технологиялардың әртүрлілігінің ішінде білім берудің мақсаттарына барынша сәйкес келетіні – ынтымақтастықта оқытуболып табылады. Авторлар ынтымақтастықта оқыту технологиясын білім беру мазмұнын, мерзімін, тығыздығын есепке ала отырып талдаған. Сонымен қатар, бұл технологияны білім беру үдерісіне кіріктіруде қолданылатын ең тиімді әдіс ретінде қарастырып, отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасаған. Зерттеудің нәтижесінде қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мәселелерінің бірі - білім беру үдерісін интенсификациялау болып табылатындығы анықталды. Осылайша, жалпы биологияны оқытуды интенсификациялаудың негізгі міндеті: оның мақсаттылығын, уәжділігін арттыру және оқытудың мазмұндық жағын кеңейту, оқу әрекеттерінің қарқындылығын арттыру, оқу үдерісін ұйымдастырудың шеберлігін дамыту, оқу-тәрбие жұмысының жаңа әдістері мен формаларын әзірлеу және енгізу болып табылады.

Түйін сөздер: педагогикалық технологиялар, білім беруді интенсификациялау, биологиялық білім, ынтымақтастықта оқыту.

Дүйсенбек А.А.¹, Аблайханова Н.Т.¹, Бауыржан А.Б.¹
¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В СОТРУДНИЧЕСТВЕ В ИНТЕНСИФИКАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА ПО БИОЛОГИИ

Аннотация

В данной статье рассмотрена роль технологии обучения в сотрудничестве в интенсификации процесса обучения общей биологии. Так как, среди многообразия педагогических технологий наиболее подходящий образовательным целям является технология обучения в сотрудничестве. Кроме того, авторы

проанализировали содержание, сроки, плотность обучения и рассмотрели наиболее эффективные методы интеграции данной технологии в образовательный процесс. Так же, в этих же целях провели обзор отечественной и зарубежной литературы. В результате исследования выяснилось, что одной из основных проблем современной системы образования является: интенсификация образовательного процесса. Таким образом, основной задачей интенсификации процесса обучения общей биологии является увеличение мотивации и целеполагания, повышение плотности учебной деятельности, развитие содержательной стороны обучения, развитие умения организации учебного процесса, формирование и интеграция новых методов и различных форм учебно-воспитательной работы.

Ключевые слова: педагогические технологии, интенсификация обучения, биологическое знание, обучение в сотрудничестве.

*A.A. Duisenbek¹, N.T. Ablaihanova¹, A.B. Bauyrzhan¹
¹al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan*

THE ROLE OF COOPERATIVE LEARNING TECHNOLOGY IN INTENSIFICATION OF BIOLOGY EDUCATION

Abstract

This article addresses the role of cooperative learning technology in intensifying the process of teaching general biology. Among the diversity of pedagogical technologies, the most relevant to the aims of education is cooperative learning technology. In addition, the authors analysed the content, timing, density of the training and considered the most effective methods of integrating this technology into the educational process, as well as a review of domestic and foreign literature for the same purpose. The survey revealed that one of the main problems of the modern education system is the intensification of the educational process. Thus, the main task of intensifying the teaching of general biology is to increase its relevance, motivation and content, increase the intensity of training activities, develop the mastery of educational organization, development and introduction of new methods and forms of educational work.

Keywords: pedagogical technologies, intensification of education, biological education, cooperative learning.

Кіріспе. XXI ғасырда адамзат дамудың түбегейлі жаңа кезеңіне аяқ басты. Бұл кезең тарихи даму барысында ақпараттың тек 5-7 жыл ішінде ғана өз өзектілігін сақтай алатындығымен сипатталады. Егер бұрынғы кезеңдерде технологиялар ғасырлар бойы, тіпті одан да ертерек кезеңдерде мыңдаған жылдар бойы үстемдік етсе, қазір олардың жаңарып отыруы өте қарқынды түрде жүзеге асырылуда. Осындай поли ақпараттық кезеңде өмір сүру үшін адамда кең көлемді жаңа ақпаратты белсенді түрде игеру қажеттілігі пайда болды, және осы себепті де оқушының алдында оқу-білім сапасын жоғалтпастан, оны үлкен көлемде игеруге мүмкіндік беретін технологияларды, іс-қимыл әдістерін игерудің табиғи қажеттілігі туындайды. Осылайша, қазіргі білім беру жүйесіне ақпараттық технологиялардың белсенді кіріктірілуіне байланысты, білім беру үдерісін интенсификациялау өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

«Интенсификация» термині энциклопедиялық сөздіктерде «күшейту, қауырттылықты, өнімділікті және пәрменділікті арттыру» ретінде түсіндіріледі [1].

Интенсификация дегеніміз - оқытушылар мен білім алушылардың оқу-тәрбие іс-әрекетінің тиісті дидактикалық жүйесін құру. Мұндай жүйе заманауи материалдық дидактикалық жабдықтармен, білім алушылардың максималды физиологиялық және психологиялық күш-жігерімен, ынтасымен, білім алу үшін мүмкіндігінше қолайлы жағдайлар жасаумен сипатталады [2].

Заманауи педагогика ғылымындағы білім беру үдерісін интенсификациялау мәселесін зерттей отырып Одинцов А.И. мынадай қорытынды жасаған: «Білім беру жүйесін толықтай қайта құрудың негізгі бағыты – оқу үдерісін интенсификациялау болып табылады. Ол мақсатты және жоспарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс және білім алушыны болашақ арнайы білім беру ортасына дайындауы қажет. Білім беру үдерісіне интенсификацияны енгізу: оқудағы формализмді жеңуге, сонымен қатар, оқу үдерісінің құрылымын догматизмнен шығармашылық бағытқа өзгертуге мүмкіндік береді» [3].

Жалпы білім беретін мектептерде биологияны оқыту үдерісін интенсификациялау мақсаттарды, мотивтерді, әдістерді, құралдарды, ұйымдастырушылық формаларды кеңейту арқылы іске асырылады. Оқыту сапасын жақсартудың жолдарын зерттеу барысында білім берудің мазмұнын және білім беру үдерісін толықтай қайта қарастыру қажеттілігі туындайды. Оқытудың белсенді формаларының,

әдістерінің, құралдарының жиынтығын қолдану, сонымен қатар, оларды білім берудің мақсатын, мазмұнын, міндеттерін ескере отырып таңдау, жалпы биологияны оқыту үдерісін интенсификациялауға мүмкіндік береді. Алайда, тек дәстүрлі оқыту әдістерін пайдалана отырып, коммуникативтілік, білімділік, танымдық қабілеттерін дамыту сияқты білім берудің мақсаттарына қол жеткізу белгілі бір дәрежеде қиындықтар тудырады.

Қазіргі уақытта жетекші педагогикалық тәжірибелерде оқытудың дәстүрлі формалары және әдістерімен қатар, білім берудің инновациялық тәсілдері мен заманауи психологиялық және педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылуда [4].

Гуманистік бағыттағы алуан түрлі педагогикалық технологиялардың ішінде, білім берудің эволюциялық жолмен дамуын қамтамасыз ететін, сонымен қатар, дәстүрлі оқыту жүйесін сынып-сабақ жүйесімен органикалық және жеңіл түрде біріктіре алатын технологияларды қарастырған жөн. Мектепте интенсификация жағдайында жалпы биологияны оқыту үдерісінде белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған бірқатар технологиялар кеңінен қолданылады. Осы педагогикалық технологиялардың әртүрлілігінің ішінде қойылған мақсаттарға барынша сәйкес келетіні – ынтымақтастықта оқыту технологиясы болып табылады.

Ынтымақтастық – бұл өзара әрекеттесудің бір түрі, оның барысында субъектілер бірлескен нәтижеге қол жеткізу үшін бірін-бірі түсінуге, қолдау көрсетуге және қол ұшын созуға ұмтылады, бір-бірінің қызығушылықтарын ескеруге және өз еріктерімен белсенділік танытуға тырысады [5].

Қазіргі заманғы жалпы білім беруді модернизациялаудағы инновациялық бағыттардың ішінде ынтымақтастықта оқыту технологиясын білім беру үдерісінде қолдану бірнеше себептерге байланысты оңтайлы және тиімді болып есептеледі:

- біріншіден, қолданыстағы оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесі жағдайында бұл технологиялар оқу процесімен жеңіл үйлеседі және жалпыға бірдей білім беру стандартымен тағайындалған оқытудың мазмұнына ешқандай әсерін тигізбейді;

- екіншіден, бұл технологияларды оқу-тәрбие процесіне енгізу нәтижесінде балама әдістерді қолдана отырып, әр оқу пәні бойынша білім берудің мақсаттарына қол жеткізуге болады.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Зерттеудің әдіснамасын биология пәнінің білімділік мақсаттары мен оның мазмұнының дидактикалық және әдістемелік ерекшеліктері анықтайды. Зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда төмендегідей әдістер кешенді түрде қолданылды:

- Теориялық: әдістемелік, биологиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді теориялық сараптау, білім беру туралы әкімшілік, нормативтік, бағдарламалық-әдістемелік құжаттарды зерттеу;

- Тәжірибелік: тура және жанама педагогикалық бақылау, сауалнама, қорытынды жұмыстарын жүргізу.

Ынтымақтастықта оқыту технологиясы әлемдік педагогикада оқытудың дәстүрлі әдістерінің ең сәтті балама нұсқасы ретінде қарастырылады. Ынтымақтастықта оқыту – бұл тұлғалық-бағдарланған тәсілді қамтитын оқыту әдістерінің жиынтығы [6].

Қазіргі кезеңде мұғалімдердің биологиялық білім берудің жүйесін қалыптастыру мәселесіне деген көзқарасы, сондай-ақ жалпы биологияны оқыту курсына оқушылардың зияткерлік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту мәселесіне деген көзқарастарын анықтау мақсатында оларға келесі сұрақтар қойылды: «Жалпы биология бөлімін оқыту кезінде сіз биологиялық білім, білік және дағдылар жүйесін қалыптастыру барысында қандай мәселелерге тап боласыз?». Биология мұғалімдерінің көпшілігі оқушылардың танымдық қызығушылығының төмендеуі келесі себептерге байланысты болады деп санайды: теориялық материалдың күрделілігі (сұралғандардың 68%), оқушылар зерттелетін материалдың тәжірибелік маңызын әрдайым түсіне бермейді (сұралғандардың 62%). Ал мұғалімдердің келесі бір бөлігі (67%) жүйелі білімді қалыптастыру үшін оқытуға берілген уақыттың жетіспеушілігін алға тартады.

Өз кезегінде оқушыларға ұқсас сұрақтар қойылды: "Сіз биология сабақтарында толық жаттығасыз ба?" - деген сұраққа оқушылардың тек 48,3%-ы оң жауап берді. "Сіз өтілген тақырып бойынша үйде қосымша дайындаласыз ба?" - деген сұраққа оқушылардың 64,8%-ы аз немесе мүлдем дайындалмаймын деп жауап берді. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың 43,2%-ы оған себеп өздерінің жалқаулығы мен күндерін дұрыс ұйымдастыра алмауы деп тұжырымдады, 32%-ы игеруге тиіс материал тым көп екенін атап өтті.

Е.С. Полаттың пікірінше: «Ынтымақтастықта оқытудың басты идеясы – бір нәрсені бірге орындап қана қою емес, сонымен қатар, бірге оқу болып табылады. Ынтымақтастықта оқытудың мақсаты – әр оқушының өзінің даму деңгейіне сәйкес білім, білік және тәрбиелік дағдыларды игеруі және оқушының әлеуметтендірілуі мен оның коммуникативтік дағдыларының қалыптастырылуы» [7].

Көптеген әдебиеттер ынтымақтастықта оқыту технологиясын басқа технологиялармен немесе әдістермен салыстыра отырып, оның оқушылардың топпен бірлесе жұмыс атқару, оқу үдерісіне белсенді араласу сияқты шеберліктерін арттыруда өте тиімді екендігін алға тартады [8].

Джонсон және Джонсон (Johnson and Johnson, 1987), Лобато (Lobato, 1997) және Доминго (Domingo, 2008) мәліметтеріне сүйенсек, ынтымақтастықта оқытуда топтық жұмыс тиімді атқарылуы үшін мынадай бес компонент маңызды болып табылады: позитивті өзара тәуелділік (топ мүшелері бірге жеңіске жетеді немесе бірге жеңіліске ұшырайды), позитивті өзара әрекеттесу (топ мүшелері бір-бірін ынталандырады және қолдау көрсетеді), жеке талаптар немесе жеке жауапкершілік (жекелей сұрақтар мен тесттер), ынтымақтастық қабілеті (көшбасшылық, коммуникативтілік, қақтығыстарды басқару және т.б.) және соңғысы, топтың қызметін бағалау (мүмкін болатын ақаулықтарды түзету үшін) [9,10,11].

Ынтымақтастықта оқыту технологиясында қарым-қатынастың үш жағы ұсынылған:

- ақпараттық, яғни оқушылардың ақпаратты түсінуімен және алмасуымен сипатталады;
- интерактивті, соның арқасында бірлескен қызметті ұйымдастыру және орындау кезінде оқушылардың бірлескен іс-қимылдарының стратегиясын әзірлеу және үйлестіру жүзеге асырылады;
- перцептивті, яғни, қарым-қатынас кезінде оқушылардың бір-бірін барабар қабылдауы және түсінуімен сипатталады. Бұл технологияны жалпы биологияны оқыту үдерісіне кіріктіруде дәрістер, семинарлар, зертханалық практикумдар, сабақ-дискуссиялар, сабақ-диспуттар, сабақ-конференциялар сияқты сабақ түрлері пайдаланылуы мүмкін. Осылайша, қолданылып жүрген семинар-сабақтар түрін, шартты түрде кіріспе, шолу, өзін-өзі ұйымдастыру, іздеу, тандау бойынша топтағы семинарлар, идеяларды қалыптастыру семинарлары, "дөңгелек үстел" семинарлары және т.б. деп бөліп қарастыруға болады.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеудің нәтижесінде ынтымақтастықта оқыту әдісінің коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамытатындығы, зияткерлік эмпатияның дамуына ықпал ететіндігі анықталды.

Ынтымақтастықта оқыту технологиясында ауызша, көрнекі, практикалық әдістермен қатар, гипотеза, ұғымдарды құрастыру, салыстыру, зерттеу, "миға шабуыл", өзін-өзі бағалау сияқты танымдық және шығармашылдық әдістер кешенді түрде қолданылады.

Жалпы биология курсының ерекшелігі оқушылардың табиғи объектілермен өз бетімен жұмыс жасауына мүмкіндігінше көп көңіл бөлуді талап етеді. Жоғарыда келтірілген мәлімдемелерге сәйкес, бірлесіп оқытудың тиімді әдістерінің бірі – экскурсиялар болып табылады. Экскурсия оқушыларға оқыту мазмұнын жан-жақты қамтуға, зерттелетін объектілер мен табиғаттағы құбылыстардың өзара байланысын байқауға, білімді әмбебап қолдана алу дағдыларын игеруге көмектеседі. Зертханалық жұмыстар, экскурсиялар сияқты сабақтың түрлерін ынтымақтастықта оқыту технологиясы бойынша бірлесіп өткізу оқушылардың зияткерлік, зерттеушілік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік біліктерін белсенді түрде қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ, сабақтың тақырыптары қазіргі заманның мәселелерін терең қозғайтындықтан, жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға да өз септігін тигізеді.

Жалпы биологияны ынтымақтастықта оқытудың технологиясын төрт кезеңге бөліп қарастырса болады:

Бірінші кезең – білім беру топтарын қалыптастыру. Топты қалыптастыруда мынадай ерекшеліктерді ескеру қажет:

- Сабақтың міндеттері.
- Оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынасы.
- Оқушылардың оқу білімдері мен дағдыларының деңгейі.

Екінші кезең - топта оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру, ол бірнеше қадамдарды қамтиды:

- Топқа берілген тапсырманы игеру.
- Ең дұрыс шешімді іздеу (талқылау) үдерісі.
- Пікірлерді жинақтау.
- Топтық жұмыстың қорытындысын жасау.

Айта кету керек, топқа берілетін оқу тапсырмасының мазмұны дәстүрлі оқыту формасымен салыстырғанда өзгеше болып келеді.

Біріншіден, стандартты емес мәселені қою ғана оқушылардың бір-бірінің пікірін айқындауға, мәселе туралы пікір алмасуларына мәжбүрлейді, осылайша, топтың жалпы ортақ пікірі қалыптасады.

Екіншіден, тапсырма бүкіл топқа ортақ болуы қажет.

Үшіншіден, оқушылар бөлінген уақыт мөлшерінде жекелей жұмыс істеу барысымен салыстырғанда, топта жұмыс істеу кезінде біршама аз тапсырмаларды орындаулары мүмкін екенін ескеру қажет.

Үшінші кезең – диагностикалық, топтың тапсырманы қаншалықты орындай алғандығын көрсетеді. Топ ішіндегі (шағын топтағы) талқылау үдерісі ұжымдық қарым-қатынас түріне айналады. Топтық шешімдерді ортаға салу сабақтың жоспарланған құрылымына байланысты және әртүрлі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін.

Төртінші кезең – білімді тексеру және бағалау. Оқушылардың білімін тексеру және бағалау тәсілдері бақылаудың дәстүрлі түрлерін (алдын ала, ағымдағы, қайталама, кезеңдік, қорытынды), бақылаудың дәстүрлі әдістерін (бақылау жұмыстары, тесттер, үй тапсырмалары және т.б.), сондай-ақ, ұсынылған жағдайларда белгілі бір іс-әрекеттерді орындауды талап ететін әдістерді (түпнұсқалықты тексеру әдістері) қамтиды.

Жалпы биология сабақтарында ынтымақтастықта оқыту технологиясын жүйелі қолданудың белгілі бір артықшылықтары бар:

- шағын топтарда жұмыс атқару барысында, бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде оқушылар сабақ тақырыбы бойынша түсініксіз сұрақтарды бір-бірінен сұрау арқылы ой алмасады, қажет болған жағдайда оқытушының көмегіне жүгінеді;

- білім алушылар өздерін қоршаған ортадағы құбылыстарды, мәселелерді өздері түсініп қарауға және оларды шешудің мүмкін жолдарын өз беттерімен іздестіруге үйренеді;

- білім алушылар топтың жетістігі тек дайын ақпаратты есте сақтауға ғана емес, сонымен қатар, жаңа білімді өз беттерімен игере алуға және оларды нақты бір жағдайларда қолдана білу қабілеттеріне де байланысты екенін түсінеді;

- оқушылардың өзіндік көзқарасы қалыптасады және олар өз пікірлерін қорғауды үйренеді;

- қарым-қатынас дағдыларын игереді, серіктестік, өзара көмек сезімдері дамиды.

И.Шаран, С.Шаран (Sharan Y., Sharan S.) айтуынша, ынтымақтастықта оқыту технологиясын сынып-сабақ жүйесіне кіріктіруді ұйымдастыру келесідей жүзеге асырылуы тиіс: «Дәстүр бойынша, оқытушы топтық пікірталасты және студенттерге таңдау жасауға және белгілі бір шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін қысқа мерзімді бірлескен тапсырмаларды қамтитын әдістерден бастайды. Топтағы барлық білім алушылар басқарушылық рөлдерде өздерін байқап көру мүмкіндігіне ие болып, бір топта бірлесе жұмыс атқару туралы өз ойларын ортаға салулары қажет. Бірте-бірте мұғалім әр оқушының өзінің білім алуымен қатар, топ мүшелерінің де білім алуы үшін жауапкершілікті арттыратын тапсырмаларды тағайындайды. Оқушылар мен оқытушы ынтымақтастықта оқыту технологиясын тәжірибеде пайдаланып көріп, тиімділігіне көз жеткізгеннен кейін, оқытушы репертуарына ұзақ мерзімді стратегияларды жұмылдырады. Ал ол, өз кезегінде, әр түрлі және күрделі мінез-құлықпен өзара әрекеттесудің түрлерін қажет етеді. Сонымен қатар, бірлескен оқыту әдістерін қолдану мұғалімдерден оқытудың жаңа әдістерін ғана емес, жаңа мінез-құлықты үйренуді де талап етеді» [12].

Т.А. Браш (Brush T.A.) ынтымақтастықта оқытудың тиімді және кемшіл тұстарын зерттей отырып мынадай мәліметтер келтірген: «Бірлескен оқу топтарының топ мүшелерінің үлгеріміне тигізетін әсері туралы бірқатар зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеулердің көпшілігінде бірлескен топта оқитын білім алушылардың жетістіктері жекелей оқитын оқушылардың жетістіктерімен салыстырылған. Соның ішінде, Славин (Slavin, 1983) бірлескен топта оқытуды жекелей оқытумен салыстыратын 100-ден астам зерттеу жұмыстарын жүргізген және олардың басым көпшілігі (шамамен 75%) бірлескен топта оқитын оқушылардың үлгерімі мен жетістіктерінің айтарлықтай жоғары болғанын хабарлайды [13]. Зерттеулер ынтымақтастықта оқыту технологиясы білім алушылардың академиялық үлгерімдерін арттырумен қатар, академиялық үлгеріммен тікелей байланысты көптеген басқа факторларға да әсер ететіндігін көрсетеді» [14].

Славин (Slavin, 1983) сыныпта ынтымақтастықта оқыту технологиясының әдіс-тәсілдеріне зерттеу жүргізіп, мынандай пікір ұсынған: «Ынтымақтастықта оқытудың практикалық тиімді әдістерін зерттеу нәтижесінде төрт негізгі ойын түрінде оқыту модельдері анықталған: Топтық ойындық турнирі; Топтық жетістік дивизионы; Джигсау және Шағын топтық оқыту. Бұл әдістердің таңдап алыну себебі: олардың жақсы дәрежеде зерттеліп қарастырылғандығы және олардың барлығы көптеген сыныптарда қолданылып, оқытудың нақты стратегияларын меңзейді» [13].

Пікірталас. Нәтижелерді талдау. Corner Research сәйкес: Education Data and Research Analysis from Edvantia (2005), «Ынтымақтастықта оқытуға жасалған зерттеулер оның білім алушылардың үлгеріміне жоғары дәрежеде әсер ететіндігін, сонымен қатар үлгерімдерін арттыратындығын және ересектермен және құрдастарымен әлеуметтік қарым-қатынастарын жақсартатындығын көрсетеді» [15].

Ал, А.Равив (Raviv A.), С.Кохен (Cohen S.) және Е.Альфало (Aflalo E.) өз еңбектерінде «Қазіргі кезде ынтымақтастықта оқытудың артықшылықтарына көптеген зерттеу әдебиеттерінде талдау жасалғанымен,

орта мектептегі ынтымақтастықта оқытудың тиімділігі мен артықшылықтарын нақты көрсететін қандайда бір эмпирикалық зерттеулерді кездестіру қиын болып отыр» деп тұжырымдайды [16].

Көптеген жылдар бойы ынтымақтастықта оқыту мәселесі білім беру саласындағы ең көп зерттелген тақырыптардың бірі болып есептелді. Соңғы ширек ғасырда ынтымақтастықта оқыту стратегиялары оқушылардың өзін-өзі бағалауына, үлгеріміне және тапсырманы орындау кезіндегі мінез-құлқына жағымды әсер етуінің арқасында бұл технология дәстүрлі оқытудың танымал балама нұсқасына айналды. Биология пәнінде білім алушылардың тұлғааралық қарым-қатынасын, танымдық қабілеттерін арттыруға ынталандыратын іс-әрекетке негізделген ынтымақтастықта оқыту технологияларын қолдану үлкен жетістікке алып келеді. Бұл технологияларды қолданудың өзектілігі студенттердің белгілі бір білімді игеруіне ғана емес, сонымен бірге, оның жеке басының дамуына, өз бетімен жұмыс істей алу дағдыларының қалыптасуына байланысты болып табылады.

Сонымен қатар, ынтымақтастықта оқытудың құрылымы егжей-тегжейлі және ауқымы кең болып табылады. Бірлескен топ мүшелерінің саны екі немесе одан да көп болуы мүмкін. Топ мүшелерінің әрқайсысы жеке функцияларды немесе тапсырмаларды немесе барлығы да бірдей тапсырмаларды орындай алады. Қандай формада болмасын, ынтымақтастықта оқыту мектепке дейінгі мекемелерден бастап жоғары оқу орындарына дейін және мектептердің барлық түрлерінде кез-келген пәнді үйретуде көптеген уақыт қолданылып келеді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, білім беру үдерісін интенсификациялаудың негізгі мақсаты - біздің мамандардың әлемдік талапқа сай, бәсекеге қабілетті бола алатынына жағдай жасау болып табылады. Осыған орай, дүние жүзіндегі жоғары білім жүйесінің даму тәжірибесін зерттеу және ұлттық білім беру жүйесін халықаралық сапа стандарттарының талаптарына сәйкестендіру - бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр.

Сонымен, жалпы биология сабақтарында ынтымақтастықта оқыту технологиясын қолдану - оқушылардың білім сапасын едәуір арттыратынын көрсетті. Бұл технология жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға, сондай-ақ, оқушылардың адамгершілік-құндылық бағдарларын қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, интенсификация жағдайында жалпы биологияны оқытудың мақсаттарына қол жеткізу үшін, топтық жұмыстың барлық түрлерін модельдеуге мүмкіндік беретін ынтымақтастықта оқытудың әртүрлі нұсқаларын қолдану қажет, оны ұжымдық талқылаумен, рефлексиямен біріктіре отырып, қарым-қатынас мәдениетін, объективті өзін-өзі бағалау және өзіне-өзі талдау жүргізе алу дағдыларын дамытуға ықпал ету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мачнева В.В. *К вопросу об интенсификации обучения иностранному языку в условиях университета.* – 2000. – С. 47. – статья из журнала
2. Безбородова С.В. *Технологии интенсификации учебного процесса в образовательном учреждении* //дис.... канд. пед. наук: 13.00. 01. – 2008. – С. 111-116. - диссертация
3. Одинцов А.И. *Проблема интенсификации процесса обучения в современной педагогической науке / А.И. Одинцов. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2015. – № 3 (83). – С. 829-831. – URL: <https://moluch.ru/archive/83/15174/>. ISSN: 2072-0297. eISSN: 2077-8295. – статья из журнала*
4. Abdulaeva R. et al. *Psychological and pedagogical technologies of actualizing practical orientation of educational environment in a university* //RevistaEspacios. – 2017. – Т. 38. – №. 40.ISSN 0798 1015 – статья из журнала
5. Цквитария Т.А. *Воспитательный потенциал технологии обучения в сотрудничестве* //Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – №. 4-3. – С. 420-423. UDC378.147 – статья из журнала
6. Боброва Н.Г. *Аспекты применения технологии обучения в сотрудничестве при организации практической деятельности учащихся на уроках биологии* // Концепт. – 2014. С. 600-621. – URL: <http://e-koncept.ru/2014/14179.htm>. – ISSN 2304-120X. - статья из журнала
7. Полат Е.С. *Новые педагогические информационные технологии в системе образования.* – М.: Издательский центр "Академия", 2009. С. 272. ISBN: 978-5-7695-6156-6. - книга
8. Cebrián F.J., Moreno J.J., Rodríguez M.G. L. (2014) *Cooperative learning in higher education: differences in perceptions of contribution to the group [Aprendizajecooperativoeducación superior: diferencias en la percepción de la contribución al grupo]* //RUSC. Universities and Knowledge Society Journal. T. 11. – №. 2. – С. 70-84. <http://dx.doi.org/10.7238/rusc.v11i2.1936>. ISSN 1698-580X. – статья из журнала

9. Johnson D. W., Johnson R. T. *Learning together and alone: Cooperative, competitive, and individualistic learning*. – Prentice-Hall, Inc, 1987. – С. 80-85. – книга
10. Fraile C. L. (1997) *Towards an understanding of cooperative learning // Journal of Psychodidactics [Hacia una comprensión del aprendizaje cooperativo // Revista de psicodidáctica]*. №. 4. – С. 59-76. ISSN: 1136-1034. – статья из журнала
11. Domingo J. (2008) *Cooperative learning // Social work notebooks [El aprendizaje cooperativo // Cuadernos de trabajo social]*. Т. 21. – С. 231-246. ISSN: 0214-0314. – статья из журнала
12. Sharan Y., Sharan S. (1992) *Expanding cooperative learning through group investigation*. – New York: Teachers College Press. Т. 1234. – С. 14-21. – статья из журнала
13. Brush T. A. (1998) *Embedding cooperative learning into the design of integrated learning systems: Rationale and guidelines // Educational Technology Research and Development*. Т. 46. – №. 3. – С. 5-18. [Doi:10.1007/bf02299758](https://doi.org/10.1007/bf02299758). ISSN 1042-1629. – статья из журнала
14. Slavin R. E. (1983) *When does cooperative learning increase student achievement? // Psychological bulletin*. Т. 94. – №. 3. – С. 429. [Doi:10.1037/0033-2909.94.3.429](https://doi.org/10.1037/0033-2909.94.3.429). – статья из журнала
15. Strategies E. I. *Research Corner: Education Data and Research Analysis from Edvantia // Retrieved Nov. (2005) Т. 15. – С. 2013. – материалы исследования*
16. Raviv A., Cohen S., Aflalo E. (2019) *How should students learn in the school science laboratory? The benefits of cooperative learning // Research in Science Education*. Т. 49. – №. 2. – С. 331-345. [Doi:10.1007/s11165-017-9618-2](https://doi.org/10.1007/s11165-017-9618-2). – статья из журнала

МРНТИ 14.07.07.

М.О. Еликбаева¹, Н.К. Ахметов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БИОЛОГИЯНЫ ОҚИТУДАҒЫ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Сабақта мұғалімдер мен білім беру ұйымдарының алдына қойылған оқытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері іске асырылады. Бұл сұрақтардың көпшілігін шешу бірінші кезекте оқытушы мен оқушылардың сабақтардағы бірлескен жұмысына байланысты. Сондықтан қазіргі заманғы білім беру жүйесі, әсіресе оқытуда жаңа технологияларды, оның ішінде оқытудың ойын технологияларын тарту саласында елеулі өзгерістерге ұшырады. Олар сабақта оқушылардың ойлау, шығармашылық және т.б. қызметінің белсенділігін арттырады. Бұл ретте сабақтың мазмұны өзгереді, ұсынылған ойын технологиясы аясында бірінші орынға оқушылар мен мұғалімнің бірлескен ойын қызметі тұрады. Мұндай қолайлы жағдайлар оқушыларды мақсатты түрде оқытуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде олар үшін аса маңызды: оқу материалын сын тұрғысынан ойлау, талдау және синтездеу, проблеманы шешу құралдарын іздеу, ұжымда жұмыс істеу, жұмыс нәтижелерін түзету және т.б. қасиеттерді қалыптастырады.

Түйін сөздер: ойын, іс-әрекет, тұлға, психология, технология, тірі ағзалар, ақыл-ой.

М. Yelikbayeva¹, N. Akhmetov¹

¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

GAME TECHNOLOGIES IN LEARNING BIOLOGY

Abstract

The main goals and learning objectives set for teachers and educational organizations implemented in the lessons. The solution of most of these issues directly depends on the cooperative work of the teacher and students in the classroom. Therefore, the modern education system has undergone significant changes, especially in the field of attracting new technologies to learning, including game-based learning technologies. They increase the activity of students' mental, creative, and other activities in the classroom. At the same time, the content of the

lesson changes, and in the framework of the proposed game technology, the cooperative game activity of students and teachers comes to the fore. Such favorable conditions allow for purposeful learning of students, which, in turn, forms their most important qualities: critical thinking, analysis and synthesis of educational material, search for solutions to problems, teamwork, correction of work results, etc.

Keywords: game, activity, personality, psychology, living organisms, mental.

М.О. Еликбаева¹, Н.К. Ахметов¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ БИОЛОГИИ

Аннотация

На уроке реализуются основные цели и задачи обучения, поставленные перед учителями и организациями образования. Решение большинства этих вопросов, в первую очередь, зависит от совместной работы преподавателя и учащихся на уроках. Поэтому современная система образования претерпела существенные изменения, особенно в области привлечения в обучение новых технологий, в том числе игровых технологий обучения. Они повышают активность мыслительной, творческой и др. деятельности учащихся на уроке. При этом меняется содержание урока, в рамках предложенной игровой технологии на первое место выходит совместная игровая деятельность учащихся и учителя. Такие благоприятные условия позволяют целенаправленно обучать учащихся, что, в свою очередь, формирует у них важнейшие качества: критическое мышление, анализ и синтез учебного материала, поиск средств решения проблемы, работа в коллективе, коррекция результатов работы и др.

Ключевые слова: игра, деятельность, личность, психология, живые организмы, мственный.

Кіріспе. Біздің жүйе жағдайында мектеп және колледж оқушылары үшін оқытудың негізгі түрі сабақ болып табылады. Сабақта мұғалімдер мен білім беру ұйымдарының алдына қойылған оқытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері іске асырылады. Бұл сұрақтардың көпшілігін шешу бірінші кезекте оқытушы мен оқушылардың сабақтардағы бірлескен жұмысына байланысты. Сондықтан қазіргі заманғы білім беру жүйесі, әсіресе оқытуда жаңа технологияларды, оның ішінде оқытудың ойын технологияларын тарту саласында елеулі өзгерістерге ұшырады. Олар сабақта оқушылардың ойлау, шығармашылық және т.б. қызметінің белсенділігін арттырады. Бұл ретте сабақтың мазмұны өзгереді, ұсынылған ойын технологиясы аясында бірінші орынға оқушылар мен мұғалімнің бірлескен ойын қызметі тұрады. Мұндай қолайлы жағдайлар оқушыларды мақсатты түрде оқытуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде олар үшін аса маңызды: оқу материалын сын тұрғысынан ойлау, талдау және синтездеу, проблеманы шешу құралдарын іздеу, ұжымда жұмыс істеу, жұмыс нәтижелерін түзету және т.б. қасиеттерді қалыптастырады.

Сонымен қатар, педагогика ғылымдарында ойын технологиялары қолданылады, дегенмен өте сирек. Мысалы, химия бойынша орта және жоғары оқу орындарында оқу ойындарын қолдану мүмкіндігі Н.К. Ахметовтың еңбектерінде жуырда ғана кеңінен баяндалды [1,2, с. 368-400]. Сабақта, ойын технологияларын қолдану экологияны оқытуда жиі қолданылады және Кавтараздың алдыңғы жұмыстарында осындай мысалдар [3, с.67] бойынша тиісті ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде бар.

Педагогикада оқу мақсатында ойын технологияларын қолдану да кеңінен таралған. Әсіресе, бұл орта оқу орындары мен колледждерге қатысты. Бұл биологияның медицина, биотехнологиялар, ауыл шаруашылығы салалары және т.б. үшін негізгі теориялық база болып табылатындығымен байланысты. Сондықтан да биологияны оқыту жаңа заманауи технологияларды қолдануды талап етеді.


Бірақ та педагогика өте алуан түрлі, көп пәннен құралған ғылым. Сондықтан оқыту талаптарына сәйкес келетін оқу ойындарын құру біздің ойымызша, барынша күрделі көп деңгейлі міндет болып табылады. Ең қарапайым бастапқы деңгейде, педагогиканың кез -келген пәні үшін, оқу ойынын құру оқу бағдарламасының жекелеген, жергілікті сұрақтарын тандап, содан кейін осы сұрақтарға сәйкес оқу ойындарын құруға болады.

Осыдан кейін оқу ойындары жоғары деңгейде биологияның негізгі бөлімдерін пәнаралық білімге үйрету үшін құрастырылады. Осының барлығы оқытушыдан тек қана биология пәнінің жақсы білімін ғана емес, сонымен қатар оқытудың ойын технологияларында үлкен рөл атқаратын психологиялық-педагогикалық білімді талап етеді. Оқытушының оқу ойынын қолдануға дайындайтынын осы ретпен көруге болады. [4, с.24]. Ең алдымен ол оқу материалынан оқушылардың білімі үшін ең қажеттісін

таңдап, оны ойын формасына ауыстыру мүмкіндігін қарастырады. Бұл ретте оқу ойындарын олардың оқу мазмұнының маңыздылығы бойынша талдау өте маңызды. Оқушылардың білімі мен іскерлігін жоғары сапалы деңгейде көтере алатын және қолдайтын ойындар мен оларды қолдану технологияларына ерекше көңіл бөлу керек. Оқыту үшін таңдап алынған оқу материалын ойын формасына аудару өте күрделі, бірақ көбінесе мүмкін болады. Мұндай мүмкіндік биологияда келесі мысалда көрсетіледі.

Зерттеу әдістері және әдіснамасы. Жер шарында қазіргі уақытта тірі ағзалардың бір жарым миллионға жуық түрі табылғандығы барлығына мәлім. Сонымен қатар, көптеген биологтар бұл санды кем дегенде бірнеше есе арттыруға болады деп санайды. Әрине, ағзалардың мұндай саны бары түсінікті және дұрыс жіктеуді талап етеді. Жалпы қолдануға ыңғайлы болу үшін талдау объектілерін қандай да бір ортақ қасиеттер негізінде бөлуді, яғни шартты топтар бойынша жіктеу деп түсінуге болады. Сондықтан ағзалардың үлкен саны үшін тиісті жіктеуді құру жауапты және қиын міндет болып табылады. Мұндай әрекеттер биологтармен бұрыннан бері жүзеге асырылды, бірақ та жіктеудің негізі сол кезде пайда болған жеке мақсаттар мен практикалық міндеттердің мәселелерін түсіндіруге арналған. Осыған байланысты ХХ ғасырдың ортасына дейін ұсынылған барлық жіктеулер негізінен жасанды сипатқа ие болды, онда негізге бір немесе бірнеше жеңіл ажыратылатын белгі алынды. Мысалы, Линнеем барлық ағзаларды екі патшалыққа бөлуді - жануарлар патшалығы мен өсімдіктер патшалығы деуді ұсынды. Жанбыр құртынан жыланға дейінгі барлық құрттәрізділерді бір топқа біріктіруді ұсынды.

Биология ғылымның дамуы барысында ағзалар арасындағы табиғи өзара байланыстарға негізделген белгілерден жіктелуді құру көп пайдаланылды. Сондықтан да, анатомияда, физиологияда, морфологияда, биохимияда, жасушалық құрылыста, эмбриогенезде, мінез-құлықта сыртқы және ішкі ұқсас белгілер ескеріле бастады. Бұл эволюциялық өзара байланыстардың аса маңызды ролын атқарады. Осы сыртқы және ішкі белгілердің барлығын салыстыру 1982 жылы Маргелис пен Шварцқа тірі ағзалардың жүйесін (жіктелуін) ұсынуға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта бұл жүйе кеңінен мойындалды және оны биология негіздерін оқыту кезінде қолдануға кеңес береді. Сондықтан оның негізінде биология бойынша оқу ойынын жасау осы мақаланың авторлары үшін қосымша ғылыми, педагогикалық және әдістемелік қызығушылық тудырды. Мақала мәтіні бойынша әрі қарай редакциялық ыңғайлылық мақсатында жүйе авторлар ретінде емес, жіктеу анықтамасы бойынша қолданылады.



*Сурет-1. Маргелис пен Шварцтің тірі ағзалар жүйесі

Маргелис пен Шварцтің жіктелуі негізінде (1-суретті қараңыз) сыртқы және ішкі ұқсас белгілерді салыстырудан басқа қазіргі кездегі тірі ағзалар арасындағы эволюциялық қарым-қатынас жатыр. Бұл ағзалардың эволюциясы бір жасушадан көп жасушаға, яғни күрделіліктің жоғарылауымен құрастырылған. Мұның барлығы оқу ойынын дайындау кезінде екі жақты сипатқа ие. Бір жағынан кіріспе деректердің (белгілердің) көп саны қойылған мақсатты іске асыруды қиындатуы мүмкін, ал екінші жағынан

тиісті ойындарды құру және олар үшін ойын ережелерін анықтау кезінде осы іске асыру үшін мүмкіндіктер санын ұлғайтады.

Маргелис пен Шварц жүйесі бойынша тірі ағзаларды жіктеуге арналған оқу ойынын жасаудың бірінші кезеңінде біз құрылған ойынның көмегімен шешу қажет болатын негізгі міндеттерді анықтадық. Оларды екі негізгі топқа бөлуге болады, олар өз мәні бойынша бір-біріне тең болды. Бірақ олар мазмұны жағынан өзара тығыз әрекетті сақтай отырып ерекшеленді. Осы топтардың бірі оқу ойынын өткізу психологиялық-педагогикалық жағынан қамтамасыз ету болып табылады. Жасалатын ойын мүмкіндігінше осы ойындарға қойылатын талаптарға қатаң сәйкес болуы тиіс, ол туралы бұрынғы жұмыста көрсетілген. Осы оқу ойынына оқыту үшін бізге бөлінген оқу тапсырмаларын объектілер ретінде іріктеп енгізу де аса маңызды болды. Осы міндеттердің қатарына мыналар жатқызылды:

- оқушыларды ағзаларды жүйелеп оқыту қажеттілігі, өйткені жүйелеу негізінде ағзалардың бір-бірімен ұқсастығы мен айырмашылықтары жатыр;

- биологтардың кеңінен танылуына және таралуына ие болған Маргелис пен Шварц жүйесіне оқушыларды оқыту қажеттілігі;

- оқушыларды осы жүйеде қабылданған патшалықтардың орыс және латын атауларына оқыту қажеттілігі;

- оқушыларды патшалықтың жіктеуіндегі әрбіріне тән ерекше белгілерді бөлуге үйрету қажеттілігі;

- оқушыларды тірі ағзалардың бір жасушалығын көп жасушалықтан айыру қабілеті бойынша оқыту қажеттілігі.

Әрине, бір оқу ойындары аясында жоғарыда қойылған барлық міндеттерді толық шешу қиын, бірақ оған мақсатталған тәсілдерді анықтау және бөліп көрсетуге толық мүмкіндік бар.

Сурет-1. Маргелис пен Шварцтің тірі ағзалар жүйесі

Зерттеу нәтижелері. «Тірі ағзалардың жіктелуі» шартты атауын алған оқу ойынын біз ары қарай ұсынамыз.

«Тірі ағзаларды жіктеу» оқу ойыны оқушыларды бірыңғай биологтардың көпшілігімен қабылдаған, оқытудың әртүрлі сатыларын, тірі ағзаларды шартты түрде бөлінген топтар бойынша бөлу туралы білімдерді жіктеуге арналған. Мұндай бөлу тірі ағзаларға ұқсас және әртүрлі белгілерге негізделген, бұл оқушылардың дайындық деңгейінің сапасын есепке алатын ойын жасауға мүмкіндік береді. Ойын жасау үшін жоғарыда айтылғандай, Маргелис пен Шварцтің тірі ағзаларының жүйесі қолданылады (1-суретті қараңыз).

Ойын ережелері. Ойын Маргелис және Шварц жүйесінің сипатын сақтайтын ойын үшін арнайы сызылған алаңда өткізіледі (2-сурет). Сондықтан 2-сурет осы жіктеменің құрамдас бөліктерімен салыстырмалы толтырылған түрде келтірілген. Дегенмен, ойынның өзі әрине, ойын үшін сол уақытта мүлдем бос алаңды толтырудан басталады. Сондықтан, 2-суреттегі патшалықтар мен вирустар туралы мәліметтер ойынның өзін дұрыс пайдалану үшін көмекші материал болып табылады. Бұл үшін 2-суреттегі патшалықтар мен вирустар өкілдерінің белгілері, және патшалар мен вирустардың атаулары жеке дайындалған карточкаларда, ойын үшін алаңдардың тиісті бөлімдеріне кіретін өз өлшемдері бойынша орналастырылады. Мұндай карточкалардың мысалын 3-суретте көруге болады.

Тірі ағзалар					
Вирустар	Prokaryotae (Прокариоттар)	Eukaryotae (Эукариоттар)			
		Protoktista (Протоктистер)	Fungi (Саңырауқұлақтар)	Plantae (Өсімдіктер)	Animalia (Жануарлар)
- жасуша құрылымы жоқ	- көбінесе бір жасушалы	- көбінесе бір жасушалы	- көбінесе көп жасушалы	- көбінесе көп жасушалы	- көбінесе көп жасушалы
- 1,2 млрд. жыл уақыттан бұрын	- 3,5 млрд. жыл бұрын пайда болған	- 1,2 млрд. жыл бұрын	- 1,2 млрд. жыл бұрын	- 1,2 млрд. жыл бұрын	- 1,2 млрд. жыл бұрын

- облигация-лық эндопаразиттер	жасуша диаметрі 0,5-10 мкм	-жасуша диаметрі 10-100 мкм	- жасушадиметрі 10-100 мкм	-- жасушадиметрі 10-100 мкм	-жасуша диаметрі 10-100 мкм
-ерекшелі-гі жоғары	- автотроф-ты және гетеротроф ты	- автотрофты және гетеротрофты	- гетеро-трофты	- автотрофты	- гетеротрофты
	-жылжыма-лы және жылжымай-тын	- жылжымалы және жылжымай-тын	-жылжымай-тын	- жылжымай-тын	- жылжымалы және жылжымай-тын
	- азотты бекітуге қабілетті	- азотты бекітуге қабілеттілігі жоқ	- азотты бекітуге қабілеттілігі жоқ	- азотты бекітуге қабілеттілігі жоқ	- азотты бекітуге қабілеттілігі жоқ
	- жасуша қабырғалары қатты	- жасуша қабырғалары қатты	- жасуша қабырғалары қатты	- жасуша қабырғалары қатты	- жасуша қабырғалары жоқ
	- қарапайым жартысынан жасушалар бөлінеді	- митоз, мейоз немеле олардың ұқсастықтары	- митоз, мейоз немеле олардың ұқсастықтары	- митоз, мейоз немеле олардың ұқсастықтары	- митоз, мейоз немеле олардың ұқсастықтары
	- хлоропласттар жоқ	- фотосинтез хлоропластта жүреді		- фотосинтез хлоропластта жүреді	
Вирус-тар	Эукариоттар	1,2 млрд. жылдан аз уақыт бұрын	Саңыр ауқулақтар	1,2 млрд. жыл	Автотрофты

Сурет-2. «Тірі ағзалардың жіктелуі» оқу ойынына арналған карточкалардың үлгісі

2-суретте вирустар мен патшалықтар белгілері мұндай карточкаларға арналған орындар пунктирлік сызықтармен бөлінген. Карточкалар саны және олардың мазмұны ойынға қатысу үшін іріктелетін патшалық атауларының саны мен мазмұнына және олардың белгілеріне қатаң сәйкес келуі тиіс. Жоғарыда айтылғандар ойынға дайындықтың бірінші кезеңі болып табылады.

Ойынның екінші кезеңінде оқушылар ойынның ережелерімен тікелей танысады. Оқу материалының көлеміне байланысты құрамында 4-6 ойыншыдан құралған топпен ойнауға ыңғайлы. Дайындалған карточкаларды ойыншылардың бірі, ойынға қатысушы оқушыларға шеңбер бойынша таратады. Ережеге сәйкес, бірінші болып өз карточкаларынан құтылатын ойыншылардың бірі ойын жеңімпазы болып саналады. Карточкаларды ойыншылар кезекпен, сағат тілі бойынша шығарады. Сонымен қатар, ойыннан карточкалардың өзін тікелей шығару келесі ережелер мен шарттарға байланысты:

Карточкаларды ойыннан шығару оларды шығарудың белгілі бір реттілігімен байланысты. Тиісті патшалықтың немесе вирустардың белгісі бар карточкаларды шығару, егер ойын алаңында осы патшалықтың немесе вирустардың атауы жазылған карточка қойылған жағдайда ғана жүргізілуі мүмкін. Ойын алаңында «eukaryotae» және «эукариоттар» жалпы карточкалары қойылған кезде ғана патшалық атауымен карточкаларды шығару мүмкін болады.

Кесте-1. «Тірі ағзалардың жіктелуі» оқу ойынына арналған кесте

Сурет-2. «Тірі ағзалардың жіктелуі» оқу ойынына арналған карточкалардың үлгісі

Карточкаларды кезең-кезеңімен шығару алдымен ойыншыдан оның қандай да бір патшалыққа тиістілігін білуді, содан кейін оның белгілерін білуді талап етеді. Белгілі бір патшалықтың латын және орыс атаулары кезектілікті сақтамай қойылады;

- ойыншының бір жолы үшін ол карточканың беткі бөлігін жоғары қаратып, басқа ойыншыларға хабарлай отырып, тек бір карточканы шығаруға болады. Осыдан кейін жүру құқығы келесі сағат тіліне ауысады;

- жол жүру құқығы бар ойыншы, егер ол үшін мүмкіндік болса, оны жасауға міндетті. Мүмкіндік болмаған жағдайда ол бұл туралы басқа ойыншыларға хабарлайды, ал жүру құқығы келесі ойыншыға өтеді;


- қате жүргенде, қате жасаған ойыншы, қате салынған карточканы кері алып кетеді, ал жүру құқығы келесі ойыншыға ауысады. Қарсыластың қатесін байқаған оқушы ойыннан қосымша тағы бір карточканы шығару мүмкіндігіне ие болады;

- ойында оқытушы әдетте бас кеңесші және төреші;

- оқу ойыны ойыншылардың қолында карточкалар жоқ болғанға дейін, ойынның барлық алаңы толтырылғанға дейін жалғасады. Бұл ойын ережесі оқушылардың қажетті білімдерін толық меңгеру және танысу үшін қажет;

- бірінші жүріс құқығы Eukaryotae және «эукариоттар» карточкалары бар ойыншыларға осы тәртіпте жүретін және тиісінше жүретін ойыншыларға беріледі.

Осылайша, жоғарыда келтірілген шарттар мен ережелерден ол жұмыста белгіленген ойын олардың кейбірін атап, оларға тимей-ақ, психологиялық-педагогикалық талаптарын толықтай қанағаттандырады. Осылайша, ойын алаңының тиісті бөлімдерін толтырудың қатаң белгіленген реттілігі, ойыншылардың бар ойын карточкаларының жиынтығына байланысты ойыншыларға ойынның барысы мен бағытын өзі үшін тиімді әсер етуге мүмкіндік береді. Бұл біздің ойында пайдаланылатын карточкалардың әртүрлі ойын құндылығына байланысты. Егер олардың ойын мүмкіндіктерін салыстырсақ, осы мүмкіндіктердің келесі иерархиясын құруға болады (4 суретті қараңыз).



Сурет-3. «Тірі ағзаларды жіктеу» ойынында иерархияны жүзеге асыру мүмкіндігі

Эукариоттың карточкасы барлық патшалықтар үшін жіктелуді құру мүмкіндігін ашады, ал олар өз кезегінде өзінің тиісті белгілері үшін ғана іріктеуге мүмкіндік береді. Сондықтан, латын және орыс тілдеріндегі вирустар мен патшалықтар карточкалары ең үлкен құндылыққа ие, содан кейін тиісті патшалықтар белгілері бар құндылығы төмен ойын карточкаларынан арылуға құқық береді. Патшалықтар карточкаларының болуы оқушыға - ойыншыға басқа ойыншылар үшін оны қиындата отырып, ойын барысын бағыттауға және реттеуге мүмкіндік береді. Бұл қасиет осы сөздің дұрыс түсіну үшін, сол

ойынды, ойын ережелері үшін ұсынылған сипатты дұрыс түсіндіруі қажет. Оқушыларды тірі ағзаларды жіктеу ойыны арқылы оқытудан басқа, оларды логикалық талдау, ойын тактикасы мен стратегиясын құра білу, сыни тұрғыдан ойлау, ұжымда жұмыс істей білу, дербестік және т.б. сияқты қажетті қасиеттерді дамытуға көмектеседі.

Пікірталас. Осы сәттерді жақсы түсіну үшін мысал ретінде 3-суретте көрсетілгендей, ойынға қатысушы оқушылардың біріне, карточкалар жиынтығымен пайда болуы мүмкін гипотетикалық жағдайды қарастырған ыңғайлы. 3 және 4 суреттерден көріп тұрғанымыздай, ойыншы әртүрлі мүмкіндіктерге ие болуы мүмкін. Егер бірінші қадамда ойыншылардың бірі айқын болса, бұл жағдайда біздің мысалдағы «eukaryotae» жазуы бар карточкасы бар ойыншы баруға тиіс, содан кейін басқа нұсқалар болуы мүмкін. Ойынның басқа қатысушыларының жүрісіне жауап ретінде ол екі жолмен жүре алады. Бірінші жол – бұл бірден вирус және Fungi патшалығы ойын карточкаларын енгізе алады. Екінші жол – тиісті мүмкіндікті күту және басқа ойыншылардың қойған патшалық белгілері бар карточкаларынан арылуға тырысу. Алайда, басқа ойыншылардың осы патшалықтардың карточкаларын ойынға енгізгендігін күту керек. Сондықтан, ұту үшін оқушыға резервтегі маңызды карточканы сақтай отырып, мүмкіндігінше екінші жолды таңдау керек. Бірақ бұл жағдайда басқа нұсқа болуы мүмкін, өйткені біздің ойыншының қолында вирустар мен fungi патшалығы карточкалары бар. Олардың кез-келгенінің тиімділігі бірдей, бірақ бұл сіз ойлағандай емес. Бұл жалпы ойында «1,2 млрд жыл бұрын» 4 карточка бар және тек бір ғана «1,2 млрд жылдан бұрын пайда болған». Сондықтан fungi патшалығы ойын карточкаларын енгізу үшін басқа ойыншыларға осы патшалықтың осы белгісі бар карточканы енгізу мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, вирустары бар карточкаларды ойынға енгізу үшін басқа ойыншыларға осы мүмкіндікті бермейді. Бірақ, ойыннан «1,2 млрд жылдан бұрын пайда болған» карточкасын шығаруға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мүмкіндік нұсқалардың көптігіне байланысты осы оқу ойынына ерекше қосымша құндылық пен тартымдылық береді.

Осы оқу ойынының ерекше артықшылықтарына оның көп деңгейлі әмбебаптығын жатқызуға болады. Оған мектеп және колледж оқушылары да, жоғары оқу орындарының студенттері де және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тыңдаушылары да қатыса алады. Мұндай әмбебаптылық оның құрылымының ерекше икемділігімен байланысты, онда деңгей аралық өткелдерде қажетті бірлілік пен өзара байланыс сақталған. Ойынның бірінші деңгейінің негізі-тірі ағзаларды жіктеудің ең негізгі элементтерін білу. Мысалы, патшалардың жалпы атаулары, негізгі белгілер және т.б. Бұл деңгей орта оқу орындарының оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Жоғары оқу орындарының оқушылары үшін жоғары деңгей басталады. Олар үшін, таңдаған мамандығына байланысты, патшалықтың ерекше белгілерін арнайы таңдау арқылы деңгейдің күрделілігін оқытушы жоғарылатады. Бұл ретте оқытушыда осы белгілерді таңдауда кең мүмкіндік бар. Барлығы оқушылардың меңгеруі қажет оқу бағдарламасына байланысты.

Қорытынды. Осылайша «тірі ағзаларды жіктеу» оқу ойыны оқу процесінде көбірек пайдалану үшін ұсынылады. Өйткені оқытудан басқа, білімді бақылау мен бекітудің жақсы құралы бола алады. Жекелеген жағдайларда оқу ойынын оқу процесіне жаңа оқу материалын енгізумен ғана емес, басқа да тәсілдермен күрделене отырып енгізуге болады. Мысалы, оны ойын үшін бос алаңнан емес, тірі ағзалардың жіктеуінен алынған тиісті мәліметтермен толтыруды (2-суретті қараңыз) қолдануға болады. Бұл жағдайда оқушылар іздеу режимінде олардың карточкаларының мазмұнына сәйкес ойын алаңына тауып, оларға тиісті карточкаларын орналастыруы қажет болады. Көрінетін қарапайымдылыққа қарамастан, бұл нұсқаның өзіндік педагогикалық мағынасы бар, өйткені ойнаушы оқушы кез-келген жағдайда зерттелетін сыныптама туралы алғашқы білім алады. Сондай-ақ, ойын бағдарлауға, ойын алдындағы нұсқаларды таңдау, жағдайларды талдау және т.б. қосымша білім алады. Содан кейін оқу ойынын күрделендіре беруге болады және оны жүзеге асыру үшін бос алаңды толтырудан бастау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Грин Н., Стаут У., Тейлор Д. Биология. Учебник. Под ред. Р. Сонера. – М.: Мир., 2007. – Т. 1. – 368 с.
2. Борзова З.В., Дидактические материалы по биологии: Методическое пособие. / З.В. Борзова, А.М. Дагаев. – М.: ТЦ Сфера, 2005. – 400 с.
3. Долгая Т.И. Игровые технологии в учебном процессе / Долгая Т.И. // Школа. 2004. №1. – С. 67.
4. Малыгина А.С. Игровые формы уроков биологии: метод. пособие / А.С. Малыгина. – Саратов: Аквариус, 1998. – 24 с.

МРНТИ 14.35.01

Г.К. Шолтанқұлова¹, Д.Ж. Торғауыт¹

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰРГІЗЕТІН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа

Әлеуметтік педагог өзінің іс-әрекетінде дарындылықты тұлғалық дамуды дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты деп қарастыруды көздейтін интегралды сапа ретінде қабылдауы тиіс. Әлеуметтік педагогтың дарынды балалармен жұмыс істеуге кәсіби-тұлғалық дайындығы танымдық, операциялық-әрекеттік, мотивациялық, рефлексивтік компоненттердің тұтастығын көрсететін және оның дарынды балалармен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру қабілетін анықтайтын құрылымдық-деңгейлік тұлғалық білім алуы болып табылады. Дарынды балалармен жұмыс істеуге кәсіби-тұлғалық дайындығының аталған компоненттері әлеуметтік педагогтың дарынды балалармен жұмысының негізгі бағыттарының ерекшеліктерін ескере отырып, анықталатын танымдық-гносеологиялық, интегративтік және тәрбиелік, аналитикалық-диагностикалық, болжау және үйлестірушілік-ұйымдастырушылық, рефлексивтік, реттеушілік және коммуникативтік функцияларды жүзеге асыруын қамтиды. Әлеуметтік педагог осы бағытта дарынды балаларды анықтау үшін тестілеу критерийлерін әзірлеуі, дарынды балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту бойынша шығармашылық топтар мен жеке бағдарламалар құруы, әріптестерімен шығармашылық байланыстар орнатуы және дарынды балаларға педагогикалық қолдау көрсетуі тиіс.

Түйін сөздер: дарындылық, дарынды бала, әлеуметтік педагог, дарынды балалармен жұмыстардың бағыттары.

*Шолтанқұлова Г.К.¹, Торғауыт Д.Ж.²
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Нур-Султан, Казахстан*

НАПРАВЛЕНИЕ РАБОТЫ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА С ОДАРЕННЫМИ ДЕТЬМИ

Аннотация

Социальный педагог, в своей деятельности, должен воспринимать одаренность как интегральное качество, предполагающее рассмотрение личностного развития как основополагающей цели обучения и воспитания одаренных детей. Профессионально-личностная готовность социального педагога к работе с одаренными детьми является структурно-уровневым личностным образованием, отражающим целостность когнитивного, операционно-деятельностного, мотивационного, рефлексивного компонентов и определяющим его способность к эффективной организации социально-педагогической деятельности с одаренными детьми. Перечисленные компоненты профессионально-личностной готовности к работе с одаренными детьми предполагают реализацию таких функций, как познавательная-гносеологическая, интегративная и образовательно-воспитательная, аналитико-диагностическая, прогностическая и координационно-организационная, рефлексивная, регулятивная и коммуникативная, которые определяются с учетом специфики основных направлений работы социального педагога с одаренными детьми. Социальный педагог в данном направлении должен разрабатывать критерии тестирования для выявления одаренных детей, создание, создавать творческие группы и индивидуальные программы по развитию творческого потенциала одаренных детей, устанавливать творческие контакты с коллегами и оказывать педагогическую поддержку одаренным детям.

Ключевые слова: одаренность, одаренные дети, социальный педагог, направление работы с одаренными детьми,

Sholpankulova G.K.¹, Torgauyt D.J.¹
¹L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan

DIRECTION OF WORK OF A SOCIAL TEACHER WITH GIFTED CHILDREN

Abstract

The social educator, in his activities, perceives giftedness as an integral quality that presupposes personal development as the fundamental goal of teaching and educating gifted children. The professional and personal readiness of a social teacher to work with gifted children is a structural-level personal education that reflects the integrity of the cognitive, operational, activity, motivational, reflexive components and determines his ability to effectively organize social and pedagogical activities with gifted children. The listed components of professional and personal readiness to work with gifted children imply the implementation of such functions as cognitive and epistemological, integrative and educational and educational, analytical and diagnostic, prognostic and coordination-organizational, reflective, regulatory and communicative, which are determined taking into account the specifics of the main directions work of a social teacher with gifted children. A social educator in this direction should develop testing criteria for identifying gifted children, creating creative teams and individual programs for developing the creative potential of gifted children, establishing creative contacts with colleagues and providing pedagogical support to gifted children.

Key words: giftedness, gifted children, social educator, direction of work with gifted children,

Кіріспе. XXI ғасырда білім мен ғылым саласындағы әлемдік білім беру кеңістігіне сәйкес білім алу, жалпы ғаламдық таным мен ойлауды дамыту, ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттыру, өз іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу балалар дарындылығын ерте жастан айқындап, оған қолдау көрсетудің қажеттілігін талап етеді.

Қазақстанда дарынды балаларға әлеуметтік қарым-қатынасты дамытудың жаңа кезеңі басталғанын дәлелдейтін және зерттеу барысында басшылыққа алынған бірқатар нормативті-құқықтық құжаттар бар, олар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы және адамның дарындылығын таныту» өзекті мәселе ретінде енгізілуі [1]; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» үкім қабылдады. Осы Қаулыны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Өкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы №256 қаулысымен Білім және ғылым министрлігі жанында жаңа ғылыми-құрылымдағы білім беру мекемесі республикада дарынды балалармен жұмыс істеу жүйесін ұйымдастыратын «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы құрылды. «Жас таланттарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын» әзірленуі [2]; мемлекет басқарудағы экономика, ғылым, мәдениет, өнер салаларында қабілетті жастардың зерделілік әлеуетін арттыру білім берудің ұлттық моделін құрудағы бағыттың бірі дарынды балалар мен талантты жастарды қолдау «Қазақстан-2030» бағдарламасындағы басты стратегиялық міндеттің бірі деп белгіленуі [3]; «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» деп белгіленуі қарастырылып отырылған мәселенің өзектілігін арттырады [4].

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Болашақ әлеуметтік педагогтарды дарынды балалармен жұмысқа дайындаудың теориялық негіздері мәселесін түсінуде «тарихилық» қағидасының маңызы ерекше. Мұнда тарихилық қағидасының мәні объектіні туындаған белгілі жағдайға сәйкес әрекет нәтижесіндегі тұтас жүйе ретінде қарастырумен анықталады. Сонымен қатар дарындылықтың мәні туралы философиялық ілім; дарындылық, шығармашылық іс-әрекетті арттыруға қатысты психология мен педагогиканың негізі тұжырымдары; іс-әрекет тұғыры (А.В. Брушлинский, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.В. Петровский, С.Л. Рубинштейн, т.б.); тұлғалық бағдар тұғыры (Е.В. Бондаревская, В.И. Сериков, И.С. Якиманская, т.б.); құзыреттілік тұғыры (В.А. Адольф, Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, т.б.); аксиологиялық тұғыр (И.Ф. Исаев, В.А. Сластенин, Е.Н. Шиянов, т.б.) негізге алынады.

Зерттеудің нәтижелері және талқылануы. Қоғамның барлық тарихи кезеңдерінде «дарындылық» феномені практикалық және ғылыми тұрғыда қызығушылық тудырып, сан алуан түрлі аспектіде мынадай бағыттарда зерттелінгені анықталады:

- балалар дарындылығын зерттеудің және дамытудың теориялық-әдіснамалық аспектілері (Д.Б. Богоявленская, Н.С. Лейтес, А.М. Матюшкин, Дж.Рензулли, А.И. Савенков, П.Торренс, В.Д. Шадриков, Н.Б. Шумакова және т.б.);

- әлеуметтік-педагогикалық қызметте болашақ маманның кәсіби даму ерекшеліктері (В.Г. Бочарова, М.А.Галагузова және Ю.Н. Галагузова және т.б.);

- әлеуметтік педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту мәселелері (Б.Г. Ананьев, Т.А. Василькова, Ю.В. Василькова, Ф.Н. Гоноболін, С.Б. Елканов, Ю.Н. Кулюткин, Л.С. Усманова, Г.Н. Штинова және т.б.);

- дарынды балаларды оқыту мен дамытудың негізгі технологиялары мен әдістері (Н.И. Авдеева, Э.А. Аксенова, А.В. Золотарева, А.И. Карманов, т. б.);

- болашақ мұғалімдердің дарынды оқушылармен жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру (Л.М. Нәрікбаева, Ү.Б. Жексенбаева, С.И. Қалиева, А.У. Сатова, Ж.О. Үмбетова, О.А. Жумадуллаева, Г.Н. Әбілмәжінова және т.б.).

Л.М. Нәрікбаеваның зерттеуінде болашақ мұғалімдерді дарынды балалармен жұмыс істеуге дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері ашып көрсетіледі, оның нәтижесі педагогикалық іс-әрекеттің осы аспектісіне қалыптасқан теориялық және практикалық дайындығы болып табылады. Сонымен қатар, оның табысты қалыптастыру шарттарының бірі ретінде зерттеуші студенттің шығармашылық әлеуетін қарастырады [5].

Ү.Б.Жексенбаева балалар дарындылығы мәселесін зерттей отырып, дарындылықты анықтаудың арнайы психометриялық тест; бақылау тәсілдері (оқу және оқудан тыс әрекеттер, зертханалық жағдаяттар); арнайы бағдарлама аясында сынақ сабақтарын өткізу; педагог тарапынан оқушының іс-әрекеті мен мінез-құлқын және оқушы шығармасының туындыларын эксперттік бағалау; сан алуан түрлі зияткерлік жарыстар, байқаулар, олимпиадалар өткізу; арнайы психодиагностикалық тренингтер жүргізу секілді әдістерін бөліп көрсетеді [6].

Л.А. Галкина «әлеуметтік педагогтар арнайы дарындылықты дамыту үшін делдалдық қызметті ғана атқарып қоймайды, дарындылығы бар балаларды қосымша білім беру ұйымдарына, үйірмелерге, секцияларға бағыттайды. Бұл қосымша білім беру жүйелері мұндай балалар дамуының психологиялық ерекшеліктерін, олардың танымдық қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеруі тиіс» - деп есептейді [7].

М.В. Шакурованың пікірінше, әлеуметтік педагогтың білім берушілік-тәрбиелік, қорғау, ұйымдастырушылық-коммуникативтік, диагностикалық, делдалдық, әлеуметтік-компенсаторлық, болжамдық, сараптамалық қызметтерінің ішіндегі ең негізгілері баланың жеке қабілеттерін диагностикалау, есепке алу және дамыту міндеттерін іске асыру, сонымен бірге отбасы, білім беру ұйымдары шеңберінде бос уақытты дұрыс ұйымдастыру, оңтайлы қарым-қатынас ортасын қалыптастыру, айқындалған қабілеттерін дамытуға арналған баланың құқықтарын әлеуметтік педагогикалық қорғау болып табылады [8].

О.С. Гришанованың пікірінше, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың ерекше бағыттары ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: оқушының жеке тұлғасындағы психикалық ауытқуларды, олардың оқуына, мінез-құлқына бастапқы әсерін анықтау, қажет болған жағдайда нақты оқушыларды тереңдетілген диагностикаға жіберу; әртүрлі ауытқулары бар оқушылармен жеке түзету жұмыстарын ұйымдастыру және толық диагностикалауды қамтамасыз ету бойынша медициналық және әлеуметтік орталықтармен өзара әрекеттесу; жеке оқушыларға және топтарға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс; бірлескен тәрбиелік күшті үйлестіру үшін мінез-құлқы ауытқыған балаларды сан алуан түрлі орталықтармен байланыстыру; мұғалімге оқушылармен, сыныппен жұмыс жасауда әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету; оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру[9].

Н.Б. Шумакованың пікірінше, дарынды балалар жоғары танымдық мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін және онсыз олардың әлеуеті іске асырылмай қалуы мүмкін жағдайларға мұқтаж. Бұл оқытудың ішкі дифференциациясы мен даралануы арқылы аралас сыныпта да туындауы мүмкін. Бірақ жоғары дарындылықты дамыту үшін неғұрлым олардың жалпы сипаттамасына арнайы бағытталған қолайлы жағдай жасау қажет. Сонымен қатар дарынды балалардың жеке ерекшеліктерін ескеретін, зияткерлік және шығармашылық қабілеттеріне оқытудың сәйкестігін қамтамасыз ететін бағдарлама құрылады, бұл танымдық тұрғыдан табысты дамуын, жағымды тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын айқындайды [10].

А.И. Савенковтың пікірінше, дарындылық кейбір жағдайда балалардың жоғары эмоционалдылық аффектілерге бейімділігінен көрінеді. Сондықтан кейде ол жасырын, ішкі сипатқа ие болып, қарым-қатынаста шамадан тыс ұялшақтық, ұйықтау қиындықтары секілді эмоциялық деңгейде кейбір психосоматикалық ауруларды тудыруы мүмкін. Жалпы дарындылығы бар балалардың психологиялық-

әлеуметтік дамуының ерекшеліктеріне мыналар жатады: өзін-өзі ақтауға ұмтылу; перфекционизм; дербестік, қалыпты емес; әлеуметтік дербестік; эгоцентризм; көшбасшылыққа ұмтылу; жоғары сыншылдық; мұғалім тарапынан авторитаризм мен қысымды қабылдамау; өзін-өзі бағалау; өзін-өзі реттеу; бақылаудың ішкі локусы; құндылықтардың ерекше жүйесі; моральдық сананың тез дамуы. Мұндай балалардың эмоциялық дамуының ерекшелігі жоғары сезімталдық пен осалдық, сондай-ақ эмоциялық тұрақсыздық болып табылады [11].


Дарынды балалардың жоғарыда аталған ерекшеліктері олардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуімен және оқуындағы мәселелерімен сипатталады. Олардың бір бөлігінің психикалық дамуының әрқелкі болуы бір саланың дамуындағы басқа ортамен салыстырғанда біршама немесе айқын артта қалуын (диссинхрония) негіздейді.

И.Ю. Кулагина дарынды балалардың келесі мектептік мәселелерін ерекше бөліп көрсетеді: дарынды бала оқып жатқан материалды тақырып бойынша жиі білетініне немесе мұғалімнің жақсы түсінуіне байланысты, ол сабақта бөгде істермен айналыса алады, «аспанда қалқиды» немесе оқу үдерісіне араласады, сұрақтар қояды, соның ішінде тақырыпқа байланысты мәселелер бойынша, педагог әрдайым жауап бере алмайды, бұл жанжал тудырады. Сыныптастар оны ерекшеленуге тырысуына қарай ақылгөй деп санайды, бұл оның өз қабілетін жасыруға және «бәрі сияқты» болуға мәжбүр етеді. Сонымен қатар, мұндай балаларда бәсекелестік, эгоцентризм өте дамыған болуы, бөлшектерге назар аудармау, механикалық және қысқа мерзімді немесе есту жадының нашар дамуы, ақылға қонымсыз және түсініксіз сөйлеу секілді мәселелерді басынан өткізуі мүмкін [12].

Сонымен бірге дарындылықтың негізгі теориялары мен тұжырымдамаларына жасалған талдау болашақ әлеуметтік педагогтарды дарынды балалармен жұмысқа дайындау мәселесін ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан шешу үшін белгілі бір алғышарттардың қалыптасқанын көрсетеді:

- әлеуметтік алғышарттар (қоғам мен білім беру жүйесінің нәтижелі педагогикалық іс-әрекет үшін кәсіби-маңызды сапалар кешенін меңгерген педагогтарға сұранысы);
- теориялық алғышарттар (психология мен педагогикада шығармашыл педагогтарды дамыту мәселесінің өзектілігі);
- практикалық алғышарттар (дарынды балалармен жұмыс бағдарламаларында олармен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби сапаларын диагностикалау жүйесін әзірлеу).

Сондықтан болашақ әлеуметтік педагогтардың дарынды балалармен жұмысының арнайы дайындауды қажет ететін негізгі бағыттары қарастырылады (1-сурет).



Сурет 1 – Болашақ әлеуметтік педагогтардың дарынды балалармен жұмысының бағыттары

Суретте көрсетілгендей, әлеуметтік педагогтардың дарынды балалармен жұмысының негізгі бағыттары бойынша мынадай іс-әрекеттері айқындалады:

- ұйымдардың басқа қызметкерлерімен бірге әлеуметтік педагог дарындылық белгілері бар балалардың есебін жүргізеді және анықтайды, мұндай баланың отбасымен байланыс орнатады;

- дарынды бала тұлғасының әлеуметтік бағыттылығын («тәуекел топтарына») қатыстылығы, көшбасшылық бағыты, альтруистік ұстанымдары және т.б.) және белгілі бір іс-әрекет түрлеріне жеке бейімділігін анықтайды;

- ата-аналармен бірлесе отырып, дарынды баланы арнайы ұйымға, секцияға, үйірмеге, клубқа қатыстыру үшін анықтау мүмкіндігін туғызады;

- білім беру ұйымдарының әкімшілігімен бірлесіп, ұйым базасында әртүрлі шығармашылық топтар құру үшін мүмкіндіктер іздестіреді (көбінесе тегін оқыту немесе аз қамтамасыз етілген отбасыларының балалары үшін жеңілдікті шарттар), балаларға заңмен бекітілген жеңілдіктерді іске асыруға қол жеткізуі және балалардың сабақтарына ақы төлеу үшін демеушілік құралдарды іздестіруі бойынша жұмыстар жүргізеді;

- практикалық психологпен бірге баланың дарындылық белгілері бар тұлғалық ерекшеліктеріне кешенді зерттеулер жүргізеді, құрдастарымен, мұғалімдерімен өзара іс-әрекет кезінде оның күрделілігін анықтайды;

- дарынды бала тұлғасының әлеуметтік маңызы бар қасиеттерін дамытудың жеке бағдарламасын әзірлейді және іске асырады.

Осыған орай дарынды балаларды тәрбиелеу және білім беру жұмысының мақсаттары айқындалады: барлық арнайы қабілеттердің негізі ретінде баланың жалпы қабілетін дамыту («ақыл-ойдың бас факторы» немесе «дарындылықтың негізгі факторы»), өйткені қабілеттіліктің табиғи нышандарын қолайлы жас кезеңінде дамыту қажет; баланың интеллектісін дамыту (ойлау, есте сақтау, сөйлеу және басқа да зияткерлік функциялары); баланың ойлау қабілетін дамыту (ойлау, есте сақтау, сөйлеу және басқа да қызметтер).

Дарынды балалармен жұмыс істеудің осы мақсаттары мен міндеттері бастауыш мектеп жасындағы балалардың осы санаттарымен жұмыс істейтін кез келген маманның (соның ішінде әлеуметтік педагогтің) қызметіндегі жалпы бағдары болып табылады. Мұнда болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби біліктілігінің негізгі компоненттері ескеріледі: дарынды балалармен жұмысқа дайындаудың базалық компоненті: жалпы кәсіби педагогикалық дайындығы (пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімі, білігі мен дағдысы); кәсіби маңызды тұлғалық сапалары. Сондай-ақ арнайы компоненттеріне де мән беріледі: психологиялық-педагогикалық білім, білік және дағды; кәсіби маңызды тұлғалық сапасы; кәсіби-тұлғалық ұстанымы; кеңес беру және тренингтер жүйесін құру; шығармашылық шеберлігін дамыту үшін факультатив, үйірме секциялар жүйесін құру; үйрету процедураларын демократияландыру және ізгілендіру, шығармашылық және еркін ахуал туғызу; кәсіби тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік жасау; білім беру инфрақұрылымының ерекшеліктері.

Қорытынды. Сонымен дарынды балалармен жұмыс стратегиясын дайындауда алдымен дарынды балаларды анықтау кезеңдері айқындалды:

1. Алдын ала іздестіру кезеңі (бала туралы ақпараттарды алдын ала жинақтау).
2. Бағалау-коррекциялық кезең (ақпаратты іздеу кезеңінде алынған мәліметтерді нақтылау).
3. Дербес бағалау кезеңі (қосымша сабақтарды жалғастыруды таңдау).
4. Қорытынды іріктеу кезеңі (даму болжамын құру).

Дарынды балаларды анықтауда дарындылықты дамытудың өзекті деңгейін (осы жастық кезеңде жеткен); дарындылықтың нақты көрінісінің ерекшеліктерін (белгілі бір іс-әрекет түрінде өзін-өзі жүзеге асыру талпыныстары); баланың әлеуметтік мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Сонымен бірге дарындылықты айқындау үшін баланы оның бейімділігі мен қызығушылығына сәйкес іс-әрекетке қатыстырып, белсенділік формасын білу маңызды, олар: мектептік ғылыми зерттеу жұмыстары – байқаулар, интеллектуалдық және эвристикалық ойындар, өзін-өзі басқару күндері, қашықтан өтетін олимпиадалар мен байқаулар; көрме, қашықтан оқитын мектептер, интеллектуалдық және мектептік ойындар спартакиадалары, балалар-жасөспірімдер секциялары, балалар мен жастар бірлестіктері, үйірмелер мен студиялар, фестивалдар, пәндік декадалар, әлеуметтік-маңызды акциялар, спорттық жоғары оқу орындарының жарыстары.

Болашақ әлеуметтік педагогтарды дарынды балалармен жұмысқа дайындау жүйесіне талдау жасалады. Балалардың дарындылығын дамыту мәселесін шешу, олардың даралығын ашу үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау, базалық және қосымша білім беру ресурстарын интеграциялау, базалық білім беруге пәнаралық сипаттағы интегративті дамыту курсы енгізу қажет, сонымен бірге зерттеу әдісі оқыту әдістемесінің негізі болып табылады. Сондықтан болашақ әлеуметтік педагогтарды дарынды балалармен жұмысқа дайындаудың теориялық негіздерін, олардың қызметінің мәні мен ерекшелігі қарастырылад.

Бұл болашақ әлеуметтік педагогтардың жалпы дарындылығы бар бастауыш мектеп жасындағы балалармен жұмыс істеуге, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды қажет ететін дарынды балаларды анықтауға және оларға қолдау көрсетуге кәсіби-тұлғалық дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. <http://adilet.zan.kz/>
2. Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 24 мамыр N 3002.
3. Назарбаев Н.А. «Қазақстан-2030»: процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана. – Алма-Ата, 1997.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 Қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>.
5. Нарикбаева Л.М. Развитие профессиональной одаренности будущего специалиста в высшей педагогической школе: автореф. ... доктора пед. наук. – Алматы, 2008. – 38 с.
6. Жексенбаева Ү.Б. Научно-педагогические основы управления системой работы с одаренными детьми в Республике Казахстан: Дисс... канд.пед. наук. – Алматы, 1999. – 149 с.
7. Галкина Л.А. Развитие профессионально-личностной готовности социальных педагогов к работе с одаренными детьми // Ярославский педагогический вестник. Т. II (Психолого-педагогические науки). – 2013. – №4. – С. 139-143.
8. Шакурова М.В. Методика и технология работы социального педагога: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - 4-е изд., стер. – М.: Академия, 2007. – 272 с.
9. Справочник социального педагога /авт.-сост. О.С. Гришанова. – Волгоград: Учитель, 2010. – 271 с.
10. Шумакова Н.Б. Развитие общей одаренности детей в условиях школьного обучения: автореф. ... дис. канд. пед. наук. – М., 2006. – 50 с.
11. Савенков А.И. Одаренный ребенок дома и в школе. – Екатеринбург: У-Фактория, 2004. – 272 с.
12. Кулагина И.Ю. Личность школьника от задержки психологического развития до одаренности. – М.: ТЦ «Сфера», 1999. – 192 с.

МРНТИ 14.07.03

Г.Баялиева¹ Т.Н. Жундыбаева¹

*¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ
ПРОФИЛАКТИКАСЫ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ (ТИПТЕРІ, ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ДИНАМИКАСЫ)
ПЕДАГОГИКАСЫ**

Аңдатпа

Мақала білім алушылардың девиантты мінез-құлқының алдын-алу және түзету педагогикасының теориялық және әдістемелік негіздерін ашады. Ауытқудың мәні, сипаты және ерекшелігі негізделген; девиантты мінез-құлқты болдырмау және педагогикалық тұрғыдан түзету үшін білім беру мекемелерінің объективті мүмкіндіктері анықталды. Сонымен қатар «Девиант» термині ғылымның қай салаларында кең таралғандығы, ауытқушылық туралы шетелдік зерттеушілердің тұжырымдамалық тәсілдерінің алуан түрлерін бірнеше жетекші теориялық бағыттарға, яғни: биологиялық, психологиялық және әлеуметтік ғылымдар деп топтастырып айтылған. Білім алушыларда кездесетін ауытқудың салалары, дейгейлеріне сипаттама берілген. Білім алушының девиантты мінез-құлқын зерттеу оны халықтың басқа топтарынан бөліп және девиацияның өзіне ғана тән әлеуметтік көрсеткіштерін анықтауды талап етеді. Білім алушылардың девиантты сипаттамаларын анықтау кезінде осы жастағы ерекшеліктерді, сондай-ақ қоғамдағы девиацияның жоғары деңгейін тікелей анықтайтын және ұстап тұратын әлеуметтік өмірдің бірқатар жағдайларын ескеру қажет.

Түйін сөздер: девиант, девиантты мінез-құлық, білім алушы, педагогика, әлеуметтану, әлеуметтік ауытқу, субъект.

Баялиева Г.¹, Жундыбаева Т.Н.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПЕДАГОГИКА ПРОФИЛАКТИКИ И КОРРЕКЦИИ (ТИПЫ, ФОРМЫ И ДИНАМИКА) ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ У ОБУЧАЮЩИХСЯ

Аннотация

Статья раскрывает теоретико-методологические основы педагогики профилактики и коррекции девиантного поведения обучающихся. Обосновывается сущность, природа и специфика девиации; определяются объективные возможности учебных заведений предупреждать и педагогически корректировать отклоняющееся поведение. Термин «девиантный» также сгруппирован в ряд ведущих теоретических областей, биологических, психологических и социальных наук, которые, в областях исследований преобладают концептуальные подходы иностранных исследователей к вариациям. Описаны области и уровни отклонений, встречающихся у подростков. Изучение девиантного поведения обучающихся требует его отделения от других групп населения и определения конкретных социальных показателей девиации. При определении девиантных характеристик обучающихся необходимо учитывать возрастные особенности и ряд социальных жизненных ситуаций, которые непосредственно определяют и поддерживают высокий уровень отклонений в обществе.

Ключевые слова: девиант, девиантное поведение, обучающиеся, педагогика, отклонение, социальное отклонение, субъект.

G.Bayaliyeva¹, T.N. Zhundybayeva¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

PEDAGOGY OF PREVENTION AND CORRECTION (TYPES, FORMS AND DYNAMICS) OF DEVIANT BEHAVIOR IN LEARNER

Abstract

The article reveals the theoretical and methodological foundations of the pedagogy of prevention and correction of deviant behavior of students. The essence, nature and specificity of deviation is substantiated; the objective capabilities of educational institutions to prevent and pedagogically correct deviant behavior are determined. The term «deviant» is also grouped into a number of leading theoretical fields, biological, psychological and social sciences, in which the conceptual approaches of foreign researchers to variations dominate in the fields of research. The areas and levels of abnormalities found in adolescents are described. Studying the deviant behavior of adolescents requires its separation from other population groups and the determination of specific social indicators of deviation. When determining the characteristics of deviant adolescents, it is necessary to take into account age-related characteristics and a number of social life situations that directly determine and maintain a high level of deviations in society.

Key words: deviant, deviant behavior, adolescence, pedagogical, sociology, deviation, social deviation, subject.

Кіріспе. Кез-келген қоғамның өмірі әлеуметтік бақылау мен басқарудың маңызды құралы болып табылатын әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық үлгілерінің болуымен сипатталады. Адамзат тарихында қалыптасқан нормативті шарттарға сәйкес барлық мүшелері бірыңғай әрекет ететін қоғам табу мүмкін емес. Орташа нормадан оң немесе теріс бағытта күрт ауытқу қоғамның тұрақтылығын бұзады. Соңғы онжылдықтарда біздің елімізде әлеуметтік нормалардың бұзылуы кең етек алып, бұл мәселені зерттеу ғалымдардың назарына өзіне аударды. «Девиант» термині криминология, педагогика, медицина, құқықтық статистика, әлеуметтану, психология және басқа ғылымдарда кең таралған [1, б.5].

Білім алушылардың, жастардың девиантты мінез-құлқының алдын-алудың теориялық және әдістемелік негіздерін жасау және сәйкес педагогикалық құралдарды жетілдіру бұл жағдайда ерекше маңызға ие девиантты мінез-құлықтың деструктивті және тәуелді формаларының ауқымын кеңейту, девиацияның әлеуметтік негізін жасарту.

Девиантты мінез-құлыққа Ресейлік педагогиканың келесідей классиктері П.П. Блонский, Л.С. Выготский, А.С. Макаренко т.б ғалымдардың, психология саласында Б.Г. Ананьев, С.А. Беличева,

А.С. Белкин, В.Г. Бочарова, В.Т. Лисовскийдің және әлеуметтанушылар А.В. Мудрик, М.И. Рожков, В.Д. Семенов, Л.С. Славина сияқты ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады.

Отандық ғалымдардан педагогикалық тұрғыдан Л.К. Керімов, Г.А. Уманов, И.Трифанов, т.б., психологиялық тұрғыдан М.М. Мұқанов, Ж.Н. Намазбаева және т.б. қарастырған. Қиын балалар мәселесінің әлеуметтік жағдайы Ш.Е. Жаманбалаеваның еңбектерінен көрініс тапқан. Л.К. Керімовтың еңбегінде қиын оқушыны жеке-дара қайта тәрбиелеу тұжырымдамасын және ондағы педагогтың іс-әрекеттің белгілі жүйесі жасалған делінген [2, 123 б.].

Ауытқушылық туралы шетелдік зерттеушілердің тұжырымдамалық тәсілдерінің алуан түрлерін бірнеше жетекші теориялық бағыттарға топтастыруға болады: биологиялық, психологиялық және әлеуметтік ғылымдар [3, 298 б.].

Педагогикалық, тәрбиелік әсерлерді нақты қолданудың негізінен нақты тұлға және оның микроортасы болып табылады, оны қоғам тұтасымен қолдану мүмкін емес. Бұл тұрғыдан алғанда, педагогика мен педагог екінші дәрежелі, өйткені олардың қызметі, олардың ұсыныстары елдегі және әлемдегі адамдардың басым өмір салтымен, қоғамдық өмірдің жалпы процестері мен жағдайларына байланысты. Сондықтан мұғалім күдіретті емес, оның девиацияға әсер ету мүмкіндіктері және девиантты мінез-құлқы бар білім алушыларға жақын ортамен шектеледі. Педагогика, мұғалімдер макроортаның білім алушыларға игізетін кері әсерін толықтай жоя алмайды. Егер, айталық, қоғам аномия, дағдарыс жағдайында болса, мұның сөзсіз салдары адамдардың жалпы мәдениетінің төмендеуіне алып келеді. Мұндай жағдайда мұғалімге макроортаның жағымсыз әсерін бейтараптандыруға бар күш-жігерін жұмсау қажет екендігі түсінікті. Себебі білім алушыларды ақпарат жан-жақты дамыған заманда, мысалы, зорлық-зомбылық мақұлданған, ақша мен сәнді заттарды санаға енгізу культі дамыған бұқаралық ақпарат құралдарынан және олардың көмегімен құрылған қоғамның моральдық-психологиялық атмосферасынан оқшаулау қиын. Психикасы нәзік білім алушылар үшін мұндай көзқарас оның өмір туралы мәңгілік және жарқын мереке идеясын қалыптастырады. Әрине, мұның бәрі оның тәрбиелік және білім деңгейіне әсер етеді. Алайда, өмірден үзіліссіз мерекелерді күту, белгілі бір өмірлік қиындықтарға тап болған кезде, олар қиындықтармен күресе алмайтын, қорғансыз сезінеді. Нәтижесінде ашуланшақтық пен агрессивтілік пайда болады, олар бастапқыда адамға тән адаптивті агрессивтіліктен асып түседі.

Соңғы жиырма жыл ішінде ауытқу кеңістігі едәуір кеңейді. Айқын химиялық тәуелділікке, үнемі өсіп келе жатқан тізім киокультуралық ауытқулар, мысалы құмар ойындарға тәуелділік, сауда, интернетке тәуелділік және басқалар.

Мақаланың мақсаты субъективті-белсенді тәсіл негізінде білім алушылардың ауытқушының қауіп факторларының құрылымын, типтері, формалары және динамикасығалдау болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу көзделіп отыр:

1. Девианттың табиғаты туралы идеялардың дамуын қарастыру.
2. Білім алушы девианттарының қауіп факторларының құрылымын нақтылау.
3. Эмпирикалық зерттеу негізінде жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының факторларын зерттеу, әлеуметтік субъективтілік пен девианттылықтың өзара байланысын анықтау.

Мақаланың зерттеу нысаны - білім алушылардың девиантты ауытқуы.

Зерттеу әдіснамасы. Қазіргі кезде девиантты мінез-құлықты зерттеу екі бағытта қарастырылады: біріншісі – психикалық денсаулық нормасынан ауытқыған мінез-құлық ретінде (жүйке аурулары, психосоматикалық бұзылулар, патологиялық күй және т.б.); екіншісі – «әлеуметтендіру-педагогика-дезадаптация-оқшаулау» құқықтық, мәдени және әлеуметтік нормаларды бұзуымен байланысты әлеуметтік қарсы мінез-құлық. Ауытқуды зерттеуде биологиялық мектептің ең жарқын өкілдері С.Лозбросо, Э.Кречмер, В.Шелдон, Т.Прайс, сонымен қатар, атақты австриялық дәрігер - психиатр, психолог Э.Кречмер ауытқудың биологиялық тұжырымдамасын ұстана отырып, жалпы идеялық негізі-әлеуметтік шындықтың белгілі бір шеңберінде өзінің өмірлік белсенділігін көбейту және жетілдіру қабілетінде әрекет етуші субъектіні қарастыру.

Демек, әдеттен тыс және тәуелді мінез-құлық мәселесі жан-жақты - әлеуметтік-мәдени, жеке және педагогикалық тұрғыдан қарастырылуы керек. Бұл деңгейлерге тән нәрсе - қоршаған орта құбылысы - отбасы, субмәдени, мәдени және білім беру, бұл білім алушы үшін жеке тұлғаны әлеуметтендіру мен өзін-өзі жүзеге асырудың маңызды кеңістігі болып табылады. Аддиктивті мінез-құлықтың профилактикасы педагогикасындағы экологиялық тәсілдің маңыздылығы қалыптан тыс мінез-құлықтың кеңею сипатымен анықталады. Атап айтқанда, тәуелділікті әлеуметтік топтарда таралатын «әлеуметтік инфек-

ция» ретінде қарастыруға болады. Өкінішке орай, қазіргі заманғы педагогикалық білімде проблеманың ауқымы мен тереңдігіне сәйкес девиантты мінез-құлықтың алдын алу мен түзетудің тиімді әлеуметтік-мәдени технологиялары жасалмаған.

Зерттеу нәтижелері. С.А. Беличева девиантты мінез-құлықтағы әлеуметтік ауытқуды былайша топтастырады:

а) пайдакүнемдік бағыттар: материалдық, қаржылық, мүліктік пайда табуға ұмтылумен байланысты заң бұзушылық, теріс қылық. Бұлар: ұрлық, тонау, алыпсатарлық, алаяқтық және т.б.;

ә) кастандық бағыттар: жеке тұлғаға қарсы бағытталған әрекеттер: тіл тигізу, бұзақылық, ұрып соғу, өлтіру, зорлау және т.б.;

б) әлеуметтік енжар түрлері: белсенді өмір салтынан қашқақтау, азаматтық міндеттерден бас тарту, жеке және әлеуметтік мәселелерді шешуге құлықсыз болу [4, 92 б.]. Бұл топқа жұмыстан, оқудан бас тарту, кезбелік, маскүнемдік, нашақорлық, токсикомания, өз-өзіне қол жұмсау және т.б. жатады. Сондықтан да мінез-құлық пен дамудағы ауытқушылықтармен жүргізілетін түзету психологиялық және педагогикалық жұмыстардың болмысы мен табиғатын анықтау үшін арнайы білім беру мекемелерінің ғылыми жаңалықтарына, алдын алу психологиясы мен арнайы педагогика салаларындағы ғылыми зерттеулерге баса назар аудару қажет.

Ниже среднего	4-5	4 мин	Старший дошкольник замечает все ошибки, но не в состоянии их объяснить.
Низкий	2-3	4 мин	За отведенное время ребенок не может найти больше четырех или пяти ошибок.
Очень низкий	0-1	4 мин	За четыре минуты старший дошкольник смог заметить и назвать меньше четырех ошибок.

Таким образом, используя данные методики на констатирующем и контрольном эксперименте, мы сможем выявить уровень познавательной самостоятельности детей старшего дошкольного возраста с целью дальнейшего его развития.

Выводы. Разработанная нами модель развития познавательной самостоятельности детей старшего дошкольного возраста будет эффективной при соблюдении всех вышеуказанных принципов, подходов, требований к использованию кейс-технологий в условиях дошкольного образования.

Механизм по использованию кейс-технологий в дошкольном образовании строится следующим образом:

На первом этапе, дошкольники знакомятся с ситуацией, воспитатель мотивирует детей, создает положительный настрой. После чего, дети совместно с воспитателем выделяют проблему и определяют цель.

На втором этапе, воспитатель активизирует познавательную деятельность детей с помощью правильно подобранных вопросов, поддерживает эмоциональный настрой и осуществляет координационную работу в их поисковой деятельности. В результате рассуждений дошкольники совместно с воспитателем составляют план действий.

На третьем этапе, выдвигают свои аргументы, размышляют, анализируют принятое решение и делают вывод.

Систематичное использование данной технологии в работе с детьми старшего дошкольного возраста будет способствовать развитию словесно-логического мышления, которое начинает активно развиваться на данном возрастном этапе.

Внедрение данной модели будет способствовать не только развитию познавательной активности детей, но и формированию самостоятельности мышления, расширению знаний, приобретению умения, закреплению навыков и воспитанию нравственных качеств у детей старшего дошкольного возраста, не только в процессе организованной учебной деятельности, но и в ходе других режимных процессов.

Список использованной литературы:

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения утвержденный приказом МОН РК от 31 октября 2018 № 604.

2. Леонтьев А.Н. *Деятельность. Сознание. Личность*. 2-е изд., стер. – М.: Смысл, 2005. – С. 304-352.
3. Рабаданова А.А. *Познавательная самостоятельность как педагогическая проблема // Материалы VIII Международной научно-практической конференции, 2016. – 21 с.*
4. Торосян В.Ф., Торосян Е.С. *Проблема формирования познавательной самостоятельности личности в образовательном процессе // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований - 2014. № 11. – С. 259-263.*
5. Шимутина Е.Н. *Использование кейс-технологий в учебном процессе // Образовательные технологии - 2009. № 2. – С. 172-180.*
6. Селевко Г. К. *Современные образовательные технологии*. – М.: Народное образование, 1998. – 125 с.
7. Гладких И. В. *Методические рекомендации по разработке учебных кейсов // Вестник Санкт-Петербургского университета. - 2005. - №2. – С. 169-194*
8. Варданян М.Р., Палихова Н.А., Черкасова И.И., Яркова Т.А. *Практическая педагогика (учебно-методическое пособие) // Успехи современного естествознания. – 2010. – № 2. – С. 58-60; URL: <http://natural-sciences.ru/ru/article/view?id=7692> (дата обращения: 04.11.2020).*
9. Смирнова Е.О. *Развитие воли и произвольности в раннем и дошкольном возрастах*. – М.: Издательство «Институт практической психологии», 1998. – 256 с.
10. Дружинина М.А. *Технология кейс-стади в работе с дошкольниками*. – Тольятти: Издательство ТГУ, 2012. – 89 с.

МРНТИ 14.23.11

С.Ж. Еркебаева¹, А.Е. Жұмбаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мәселелесі жайында жазылған. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселесі өзекті әлеуметтік-педагогикалық мәселе болып отыр, демек балалардың білім деңгейінің оң шешім табуы, педагогтармен және құрдастарымен өзара тұлғааралық іс-қимылдың тиімділігі және жалпы-балалардың әлеуметтік бейімделуі әлеуметтік педагогтарға байланысты болмақ. Мектепке дейінгі жастағы балалардың бірі-біріне деген коммуникативті дағдыларын қалыптастыруда түйінді теориялық ой-пікірлер мен жеке ұғымдарына талдау жасалды.

Мақалада «коммуникация», «коммуникативті дағдынын» жеке ұғымдарына әлеуметтік тарихи түсінігі қарастырылып, қарым-қатынас компоненттерінің іс-әрекет ретінде топтастырылуы, коммуникативтік іс-әрекет, коммуникативтік дағды, коммуникативті қабілеттердің компоненттерін талдауы қарастырылады.

Авторлар коммуникативтік дағдылардың қалыптасуы кезінде жас шамасындағы балаларда құрдас-тарымен жағдайлық іскерлік қарым-қатынастағы қажеттілік пайда болатынын белгілейді. Бірлескен ойын әрекеті қарым-қатынастың мазмұны ретінде болады, құрдастарынан құрметтеу мен қадірлеуге деген қажеттілік туындайды. Қарым-қатынас шеңберін кеңейтуде баладан негізгі сөйлеу тілі болып табылатын қатынас құралын толыққанды игеруді талап етеді.

Сонымен қатар қарым-қатынас компоненттерінің коммуникативтік іс-әрекет ретінде топтастырылды және коммуникативтік дағдының әрекеті жүзеге асырылатын амалдар, коммуникативтік қабілеттердің компоненттері қарастырылды.

Түйін сөздер: жаңарту (модернизация), коммуникативті дағды, мектеп жасына дейінгі бала коммуникация, қарым-қатынас, сабақтастық, мектепке дейінгі жас, іс-әрекет.

Еркебаева С.Ж.¹, Жумабаева А.Е.¹
¹ КазНПУ им. Абая г. Алматы, Казахстан

СУЩНОСТЬ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

В статье рассматривается о проблеме формирования коммуникативных навыков у детей дошкольного возраста. Проблема формирования коммуникативных навыков в условиях обновления содержания образования является актуальной социально-педагогической проблемой, а значит, от социальных педагогов зависит положительное решение уровня знаний детей, эффективность межличностного взаимодействия с педагогами и сверстниками и общая-социальная адаптация детей. Проведен анализ ключевых теоретических представлений и личностных понятий в формировании коммуникативных навыков дошкольников друг к другу.

В статье рассматривается социально-историческое осмысление отдельных понятий «коммуникация», «коммуникативный навык», группировка компонентов общения Как деятельности, анализ компонентов коммуникативной деятельности, коммуникативных умений, коммуникативных способностей.

Авторы отмечают, что при формировании коммуникативных навыков у детей младшего возраста возникает потребность в ситуативном деловом общении со сверстниками. Совместная игровая деятельность выступает как содержание общения, возникает потребность в уважении и уважении со стороны сверстников. В расширении круга общения от ребенка требуется полноценное овладение средством общения, основным из которых является разговорный язык.

Также были сгруппированы компоненты общения как коммуникативные действия и рассмотрены приемы, с помощью которых осуществляется действие коммуникативных умений, компоненты коммуникативных способностей.

Ключевые слова: обновление (модернизация), коммуникативные навыки, коммуникация дошкольника, общение, преемственность, дошкольник, деятельность.

Yerkebayeva S.Zh.¹, Zhumabayeva A.E.¹
¹ *Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

THE IMPORTANCE OF DEVELOPING COMMUNICATION SKILLS IN PRESCHOOL CHILDREN

Abstract

The article describes the problem of forming communication skills of preschool children. In the context of updating the content of education, the problem of forming communication skills is an urgent socio-pedagogical problem, which means that the positive solution of the level of education of children, the effectiveness of interpersonal interaction with teachers and peers and, in general, the social adaptation of children depends on social teachers. The analysis of key theoretical ideas and personal concepts in the formation of communicative skills of preschool children in relation to each other was carried out.

The article considers the socio-historical concept of individual concepts "communication", "communication skills", the grouping of components of communication as activities, the analysis of components of communication activities, communication skills, and communicative abilities.

The authors note that during the formation of communication skills, children of age have a need for situational business communication with peers. Joint game activity exists as the content of communication, there is a need for respect and respect from peers. Expanding the circle of communication requires the child to fully master the means of communication, the main of which is speech.

At the same time, the components of communication were grouped as communicative activities, and the actions in which the action of communicative skills is carried out, and the components of communicative abilities were considered.

Keywords: modernization (modernization), communication skills, preschool child communication, communication, continuity, preschool age, activity.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт мазмұнында бала бойында қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеру, қалыптастыру деп айқын белгіленген. Қазіргі қоғамда баланың жақын адамдарымен коммуникативті тіл табысуы төменгі нәтижені көрсетуде. Оның салдары:

- қоғамның екі тілді соның ішінде орыс тілінің ауызекі тіл ретінде басым болуы,
- баланың күнделікті ұялы телефондардағы ақпараттарды өзге тілде қабылдауы;
- ата-ана мен бала арасындағы коммуникативті қатынастың аздығы коммуникативті тілдік дағдылардың төмендеуіне алып келді.

Коммуникативті дағдылардың қалыптасуының маңыздылығы баланың мектепке бару кезеңінде айқын көрінеді, мысалы қарапайым бала бойындағы дағдылардың болмауы оның құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасын қиындатады, демек алаңдаушылықтың өсуіне әкеп соғады, жалпы айтқанда оқыту үдерісін бұзады. Қарым-қатынасты дамыту - мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің басым негізі, оқу қызметінің табыстылығының қажетті шарты, әлеуметтік-тұлғалық дамудың маңызды бағыты болып табылады. [1, 67 б.].

Жалпы мектеп жасына дейінгі баланың қоршаған ортаға қарым-қатынасы мен жанасуының бірлігі заңының әрекетіне сәйкес, тұлғаның өзінің әлеуметтік ортадағы мәнін саналы ұғыну үдерісінің заңдылықтарын айқындайды.

Алдымен "Коммуникативті" және «коммуникативті дағды» "коммуникация" ұғымдарының теориясына ғылыми тұрғыдан сипаттама бердік.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте "коммуникация" сөзіне: өз ойыңмен, мәліметтермен, идеялармен бөлісу немесе қандай да бір мазмұнды бір санадан – ұжымдық немесе жеке-басқа материалдық тасығыштарда тіркелген белгілер арқылы беру деген түсінік беріледі. [2].

Әлеуметтік энциклопедиялық сөздікте түсінікте "коммуникация" мақсаты өзара түсіністік болып табылатын символдарды беру арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынас әктісі ретінде түсіндіріледі [3].

Оның үстіне, коммуникация тек ақпарат алмасу ретінде ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара іс-қимылдың мағыналық аспектісі ретінде қарастырылады [4].

Мектепке дейінгі педагогикада М.И. Лисинаның, Т.А. Репинаның, А.Г. Рузскаяның көзқарасы басым. Олардың пайымдауынша "қарым-қатынас" және "коммуникативтік қызмет" синонимдер ретінде қарастырылады. М.И. Лисинаның [5, 44-57 б.]

Зерттеушілер Л.С. Выготский, В.Н. Мясищев, В.Штерн, К.Бюлер қарым-қатынас пен психикалық процестердің тығыз байланысын көрсетеді. Олар қарым-қатынасты адамдардың қарым-қатынасын дамыту механизмі, осы қарым-қатынастардың өмір сүру формасы және жеке адамның психикалық әлемінің маңызды аспектілерінің өмір сүру тәсілі ретінде анықтайды [6].

Әлеуметтік түсіндірме сөздікте мынадай ұғымның анықтамасы келтіріледі: "қарым-қатынас-адамның басқа адамдармен қарым-қатынаста қажеттілігін қанағаттандыратын, іс-әрекетпен, дағдылармен, іскерлікпен, тәжірибемен, ақпаратпен тікелей алмасудан тұратын индивидтердің немесе әлеуметтік топтардың өзара іс-қимылы" [7]. "Қарым-қатынас" ұғымымен қатар түсінік пайдаланылады

Ғылыми басылымдарда "қарым-қатынас" және "коммуникация" түсініктері арасындағы айырмашылықты көруге болады.

Ең алдымен, коммуникация – бұл қарым-қатынас, адамнан адамға ақпарат беру, адамдардың танымдық-еңбек қызметі үдерістеріндегі өзара іс-қимылының спецификалық түрі, негізінен тіл көмегімен жүзеге асырылады (сирек басқа да таңбалы жүйелердің көмегімен) [8].

С.М. Вишнякова коммуникацияны "...әріптестердің арасындағы өзара түсіністіктің, қарым-қатынастың неғұрлым жоғары деңгейге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тұлғааралық қарым-қатынас ...» [9, б.130], деп қарастырғанын атап өту керек. Яғни "... тек ұтымды дайындалған ақпаратпен бөлісіп қана қоймай, адамдар арасындағы тікелей көңіл-күй қатынасына мән беру болып табылады...»[10, 28 б.].

Қарым-қатынас барысында әрбір адам бірте-бірте коммуникативтік дағдыларды меңгереді. "Коммуникативтік дағдылар" ұғымын анықтаудың әртүрлі тәсілдері мен көзқарастары бар.

К.К. Платонов. түсінікке келесі анықтаманы былай береді: дағды - адамның санасыз жүзеге асыратын әрекет, яғни адамның бұл әрекетті бұрын көп рет жүзеге асыруының арқасында автоматты түрде жүзеге асыратын әрекет [11, 101 б.].

Сондай-ақ, дағды "автоматизм деңгейіне жеткен және тұтастығымен, поэлементтік сананың болмауымен сипатталатын іс-әрекет", "қайталану процесінде автоматизмге дейін жеткізілген іс-әрекет"

деп қарастырылады. Дағды әрдайым әрекет ретінде қарастырылмайды. Көптеген зерттеушілер осы анықтамаға басқа көзқарас бар. Мысалы, зерттеуші Ю.О. Петров дағдысы автоматтандырылған әрекет емес екенін айтты. Іс-әрекет – бұл ең алдымен процесс, ал дағды-процестің сипаттамасы және оның сапасы [12].

Зайцева К.П. коммуникативтік дағдыларды бірнеше позициядан қарастырады [13]:

- 1) қарым-қатынас ретінде коммуникация (сұхбаттасушының ұстанымын және қойылған міндеттерді іске асыру үшін оны қабылдау қабілетін анықтауға бағытталған коммуникативтік әрекеттер;
- 2) кооперация ретінде коммуникация (жұмыстың тиімділігі мен ең жақсы нәтижеге жету үшін жалпы пікірді іздеу);
- 3) коммуникативтік-сөйлеу әрекеттері (қоршаған адамдарға ақпарат беру құралы ретінде әрекет етеді).

Баланың үлкендермен қатынасы оның білімқұмарлығын дамытуына жағдай туғызады. Ғалымдар баланың білімқұмарлығы, жаңа жағдаяттарға тап болғандағы белсенділігі мен оның үлкендермен қатынас біліктілігін дамыту деңгейлері арасында өзара тәуелділік бар екенін анықтаған.

Балалардың үлкендермен қатынасы олардың өзара достық байланыстарын қалыптастырумен шарттас келеді. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік іс-әрекеттерін қалыптастыру бала дамуының темпіне тікелей әсер береді [8; 92]. Баланың жағдайдан тыс қатынас жасау формасын дамыту нәтижесінде балаларды қоғамдық нормативтік және адамгершілік құндылықтарына баулуға болатындығын да ерекше атауға болады.

Аталмыш құндылықтар балалардың пікір таластыра білу қабілеттеріне ауысып, балалардың мектепте білім алуға деген қызығушылықтарын, зияткерлік және коммуникативтік дайындығын қалыптастырады [12, 156.].

Мектепке дейінгі кезеңде қатынастың екі түрі жүзеге асырылады: үлкендермен, құрдастарымен және айнала қоршаған ортамен. Мектеп жасына дейінгі баланың коммуникативтік іс-әрекетін қалыптастыру мәселесін қарастырғанда балалардың үлкендермен ғана емес, құрдастарымен де белсенді қатынасқа түсетіндігін атауға болады

Коммуникативтік дағдылар туралы айтатын болсақ, Э.И. Аюпова қарым-қатынастың үш қызметін көрсетеді:

1. когнитивті-хабар беру, эмоциялық және интеллектуалдық хабар мазмұнын алу, қарым-қатынастың вербалды және вербалды құралдарын пайдалану, серіктесті түсіну;
2. аффективті - бірлескен қызметтің түрлі нысандарын ұйымдастыру;
3. реттеуші – қарым-қатынасқа қатысушыларды басқару.

А.Б. Ынтықбаева коммуникативтік білік пен дағдылар қатарына қажетті сезімі мен көңіл бөле білу, өзара қатынас орната білу, іс-әрекетке әсер ете білу деп түсіндіреді [14, 156.].

Е.В. Локтева коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру күнделікті дағдыларды (тілдік іскерлік, ауызша және ауызша емес құралдарды қолдана білу, мінез-құлық түрлерін бағалау) жаттықтыру үдерісі болып табылатындығын айтады. Оның құрамына мынадай компоненттер кіреді:

1. Диалогтық, коммуникативтік дағдылар: ауызша (диалогты бастап, оған қолдау көрсетіп, оны аяқтау, өзгені тыңдау, сұрақ қоя білу, өзгенің сұрағына жауап беру, тақырыптық ұжымдық талқылауға қатысу) және қимылды қоса отырып әңгімелесу (әңгімелесіп отырған серігіне қарап тұрып әңгіме жүргізе білуі; әңгіме барысында қимылды, мимиканы, дауыс үні мен ырғағын қолдана білуі).

2. Әлеуметтік дағдылар. Сезімі мен эмоциясын көрсете білуі, үлкендермен және құрдастарымен өзара іс-әрекеттес бола білуі (таныс та, таныс емес те); жағдаяттарға байланысты эмоционалдық жағдайын реттей білуі.

3. Коммуникативтік білікті қалыптастыруға қажетті шарттардың бірі – балалардың тілдік дамуының жоғары деңгейі. Жақсы дамыған тіл бала өмірінде өте маңызды болып табылады [12, 11 б.].

Дағды мен білікті неғұрлым анықтай түскен А.А. Леонтьев «Коммуникативтік дағды толық қалыптасқан әрекеттер, сол әрекеттер және одан да күрделі әрекеттердің қарапайым әрекет негізінде қалыптасуы коммуникативтік біліктің қалыптасу негізін құрайды» - деп дәлелдейді.

Белгілі ғалымдар Е.В. Локтева мен А.А. Леонтьевтің пікірлеріне сүйене отырып, «Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекет үдерісінде қатынас мақсатына жетуде қолданатын дағдыларының жиынтығы олардың коммуникативтік дағдыларын құрайды» деген тұжырымға келдік және ол төмендегідей дағдылардан тұрады:

- баланың үлкендермен, құрдастарымен ауызша, ауызша емес құралдарды қолдана отырып, қатынасқа еркін түсе білуі;

- бірлескен іс-әрекетте жағымды мінез-құлық таныта білуі;
- қатынас барысында өз ойларын еркін жеткізіп, жағымды, жағымсыз әрекеттерді бағалай білуі.

Коммуникативтік дағдылар туралы айта отырып, сөйлеу қызметінің автоматтандырылған коммуникативтік компоненттері бар, олардың қалыптасуына ересектердің үлгісі, құрдастарымен, педагогтармен және ата-аналармен қарым-қатынас жасайды.

"Коммуникативтік дағдылар" түсінігінде балалардың коммуникативтік әрекеттерін, оларды қарым-қатынас барысында дұрыс қолдана білу және қарым-қатынас міндеттеріне сәйкес өз мінез-құлқын қалыптастыру дағдыларын түсінеді.

Психологияда "коммуникативтік дағдылар" – бұл коммуникатордың негізгі доминант коммуникаторын түсінудің адекваттылық дәрежесін көрсететін коммуникациялық үдерістердегі адам бағдарының ерекшеліктерінің сипаттамасы [15].

Жоғарыдағы айтылған анықтамаларға сүйене отырып біз мектепке дейінгі әсіресе ересек жастағы балалардың коммуникативті дағды қалыптасуына былайша анықтама берелік:

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысы баланың құрбы құрдас-тарымен, үлкендермен өзара іс-қимыл жасау қабілетті болуы, шығармашылық ой өрісінің дамуы мен алынған ақпаратты дұрыс түсіндіре отырып, сондай-ақ оны дұрыс жеткізу деп тұжырымдаймыз.

Зерттеудің әдіснамасы: жүйелілік, аксиологиялық, зерттеу, педагогикалық озат тәжірибені зерттеу, бақылау.

Зерттеу нәтижесі: Мектепке дейінгі ұйымда баланың ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде және одан тыс уақытында түрлі жағдаяттармен қалыптастыруға болады. Оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар мен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны сүйене отырып бала бойындағы дағдыларды дамытуға төмендегі білім беру саласы бойынша жүзеге асырылады. Олар:

"Қатынас" білім беру саласы тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде балалар әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп оқу мен мазмұндауды, тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді, белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды игеруді, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінің бірін дамытуды қамтиды.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар:

- қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін біледі және оларды сақтайды;
- ересектермен, балалармен қарым-қатынасқа түсе алады және олардың өтініштерін орындайды;
- сөйлеу тіліне сыни көзқарас таныта алады, грамматикалық дұрыс сөйлеуге тырысады;
- дыбыстарды саралай отырып, интонациялық мәнерлеудің әртүрлі тәсілдерін қолданып, сөздерді белсенді қолданып ойнай алады;

- сөйлеуде антоним, синоним сөздерді қолдана отырып, тілдегі сөздің көп мағыналылығын түсінеді;

Жоғарыда аталған дағдыларды бала бойында қалыптастыру үшін біз коммуникативтік дағдылар құрылымында бірнеше компоненттер саралап алдық.

1. Когнитивті-реттеушілік - ересек жастағы балалардың бойынан қарым-қатынас тәжірибесін алуға, тұлғааралық коммуникативті дағдыларды орнатуға қабілетті жеке тұлғаның қасиеттерін қалыптастыруға, қоғамда өзін-өзі ұстау және коммуникативті ережелерін түсінуге ықпал етеді;

2. Эмоционалдық-мотивациялық – өзара түсіністікке жеткізетін бірлескен екі жақты ақпарат алмасуға қажетті.

3. Іс-әрекеттік--практикалық-тұлғаның білімі мен қарым-қатынасының өзектілігін қамтамасыз етеді, балаға білімді қайта құруға, оларды жағдайға сәйкес қолдануға, тұлғааралық коммуникацияның жаңа жағдайларына ауыстыруға мүмкіндік береді [11, 152 б.].

Осы жоғарыда аталған компоненттерді басшылыққа ала отырып мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамыту жолдарын бірнеше технологиялардың әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асыруға болады.

Мектепке дейінгі білім берудегі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытуда жаңартылған білім мазмұнына сәйкес бала бойында осы дағдыларды кешенді қалыптастыру негізінде мынадай инновациялық технологиялардың түрлері мен олардың стратегиялық әдіс-тәсілдерін алуды жөн көрдік. «Тәй-тәй», Дамыта оқыту, «Жобалы іс-шығармашылық», Зайцев технологияларының әдіс тәсілдемелерін қолдануға болады.

Ондағы бала бойынан мынадай нәтижелерді күтуге болады:

- балалардың іс-әрекетті таңдау мүмкіндігі;
- баланың жан дүниесін түсінуі;
- сөздік қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- ізденімпаздыққа, проблемалық іс әрекетті жасай білуге дағдыландыру;
- бала мен құрдастарының арасындағы қарым-қатынас болуына мүмкіндігі;

Демек, ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнына сәйкес оқыту мақсаттары көздеп отырған коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндігі жоғары.

Мектепке дейінгі білім берудегі 4К тобындағы дағдыларды қалыптастыру мақсатында «Стем», «Ремраунд», «Ой ашар», «Бумеранг», «Ассоциация» әдістері мен түрлі жаттығулар қандай оқыту формасы болмасын нәтижелі орын алды. Аталған әдістердің мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының бойында қай-қайсысы болмасын креативтілікті, сындарлы ойлауды, командамен жұмыс жасау, коммуникативтілікті жетілдіруге басым әдістердің бірден бір әрі ол қазіргі таңда өз нәтижесін беруде.

Нәтиженің талдамасы: Баланың ойлау қабілеттерін арттырып, қызығушылықтарын танытып, ұйымдастырылған оқу қызметіндегі кез-келген жүргізілген іс-әрекетке белсенділіктерін арттыруға мүмкіндігін көрсеткен соң жоғарыдағы аталған әдістерді оқу іс-әрекетінде басым түрде қолдану жүйелі орын алды. «STEAM», «Ремраунд», «Ой ашар», «Бумеранг» әдістерін «Step by step» бағдарламасы бойынша, В.Давыдов, В.Занков, В.Эльконин, В.Эрдиновдың авторлығымен шыққан, әдістерді инновациялық жаңа әдістер жиынақтамадан алынып, балалардың қызығушылықтары мен қатар оң нәтижесінің көрсетуде.

«STEAM» әдісін қолдану шарты: Білім беру ортасында STEAM балалар білім алады және оларды дереу пайдалануды үйренеді. Сондықтан, олар қоршаған ортаның ластануы немесе климаттың жаһандық өзгеруі болсын, нақты әлемдегі өмірлік проблемаларға өскен және тап болған кезде, олар мұндай күрделі мәселелерді әр түрлі салалардан алған білімдерге сүйеніп және барлығына бірге жұмыс істей отырып ғана шешуге болатынын түсінеді. Мұнда тек бір пән бойынша білімге сүйену жеткіліксіз. STEAM тәсіл оқыту мен білім беру біздің көзқарасымызды өзгертеді. Практикалық қабілеттерге баса назар аудара отырып, балалар өз ерік-жігерін, шығармашылық әлеуетін, икемділігін дамытады және коммуникативті дағдыларды қарапайым түрлерін үйренеді. Бұл дағдылар мен білім негізгі оқу міндетін құрайды, яғни білім берудің барлық жүйесі жаңа ұмытылысына бағыттайды.

«Ремраунд» әдісінің қолдану стратегиясы арқылы балалар өз ойларын белгіленген уақыт аралығында қағаз бетіне түсіреді, оң жағындағы көрші балаға ысырады Солай барлығыдерлік жазып болып, сондағы топ жетекшісі өз тұжырымы мен тобының ойын суретке қарап айтып береді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жаңа тақырыптарды жан-жақты ашу, талдау үшін, бір-бірінің ойын тиянақты тыңдап дұрыс жауапты беруге дағдаландыратын коммуникативті дағдыны қалыптастыратын ұтымды әдіс. Бұл әдіс арқылы бала өз қиялындағы түрлі пікір айтуға дағдыланады.

«Ой ашар» стратегиялық әдісі миды, екі көзді, екі қолды жұмысқа жұмылдыру мақсатында логикалық сұрақтар қою арқылы балалардың ойлау, сөйлеу дағдыларын дамытады. Бірнеше суретті тақтаға қойылады бала сол суреттердің бас әріптерінен сөз құрастыады, әрі сөзден кейін сөйлем құрастырады. Бұлда топ бойынша жүргізіледі балалар сөзді айтып тұрғанда, мұғалім сол тұста тоқталып балалар бірлесе отырып шағын әңгіме құрастыады. Бұл балалардың бойында сыни ойлауды, сөздік қорды, сөзбен сөзді байланыстырып құрдастарына еркін ойын айта алуды дамытады. Шағын әңгіме құрастыруда балалар күнделікті өмірмен байланыстырып жаңа идеяларды айтып береді.

«Бумеранг», 2-4 минут ішінде топ құрамында педагог сұрақтар дайындайды. Нәтижесінде осы сұраққа сіз өзіңіз қалай жауап бере едіңіз деп жауап бергісі келеді? Бұл сұраққа сіз жан-жақты бере аласыз деп ойлаймын деп педагог білім алушының өзінен жауап алады.

Қорытынды. Егер де, мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту белгілі бір мақсатқа негізделіп ұйымдастырылса, соғұрлым балалардың дұрыс сөйлеу дағдылары қалыптасып, оң нәтиже бермек. Қазіргі жағдайда мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын 4К моделіне негіздей отырылып жүзеге асырылса баланың коммуникативті тілдік дағдысы тиімді дамиды. Балалардың коммуникативті дағдылар деңгейінің жоғары болуы өзгермелі қоғамға бейімделуге икемді, елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторы болып саналады және табысты өмір сүруге кепілдік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
2. *Философиялық энциклопедиялық сөздік /Л.Ф. Ильичева, Н.П. Федосееваның редакциясымен – М.: Білім беру, 2001. – 840 б.*
3. *Энциклопедический социологический словарь. – М., 1995. – 286 с. Галигузова, Л.Н., Смирнова Е.О. Қарым-қатынас сатылары: бір жастан жеті жасқа дейін. – М., 1992.*
4. *Лисина, М.И., Смирнова, Р.А. Мектепке дейінгі балалар арасындағы қарым-қатынас қажеттілігі мен себептері [Мәтін] / Я.Л. Коломинскийдің редакциясымен. – Минск: Сила, 2005. –194 б.*
5. *Выготский, Л.С. Баланың даму психологиясы [Тест] / Л.С. Выготский. – М.: Смысл, 2004. – 512 б.*
6. *Сомкова О.Н. "Табыс" бағдарламасы. Білім беру саласы «Коммуникация» / О.Н. Сомкова // Мектепке дейінгі тәрбие. - 2011. - № 9. – 22-33 бб.*

7. Жуков, Ю.М., Петровская, Л.А., Растянников, П.В. Қарым-қатынастағы біліктілікті диагностикалау және дамыту./ Ю.М. Жуков, Л.А. Петровская, П.В. Растянников. – Киров, 2001. – 142 б.
8. Вишнякова С.М. Кәсіптік білім беру: Сөздік. Түйінді түсініктер, терминдер, өзекті лексика / С.М. Вишнякова. – М.: НМЦ СПО, 1999. – 538 б.
9. Дубина Л.А. Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік біліктілігі: ойындар мен жаттығулар жинағы / Л.А. Дубина. – М.: Книголюб, 2006. – 64 б.
10. Платонов К.К. Балалардың дұрыс сөйлеуін тәрбиелеу [Мәтін] / Р.Е. Левина. – М.: Акад. пед. ғылым, 2008. – 91 б.
11. Петров, А.А. Тіл, сөйлеу, сөйлеу қызметі / А.А. Петров. – М.: Просвещение, 2005. – 214 б.
12. Зайцева К.П. Компетентность в общении. Социально-педагогический тренинг. – М., 1989. – 325 с.
13. Ынтықбаева А.Б. Формирование основ профессионально коммуникативных умений и навыков у будущих учителей: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1992. – 34 с.
14. Локтева Е.В. Формирование социально-коммуникативных навыков у детей старшего дошкольного возраста с задержкой психического развития: дисс. ... канд. пед. наук. – Нижний новгород, 2007. – 190 с.

МРНТИ 14.25.09

Ж.А. Жұмабаева¹, Г.И. Уайсова¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ПӘНДЕРІН МЕТАПӘНДІК ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Біз мақаламызда "метапән", "метапәнділік" ұғымдарына түсінік беріп, метапәндік тұрғыда оқыту мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасадық. Сонымен қатар бастауыш сынып пәндерін метапәндік тұрғыдан оқытуға арналған әдіс-тәсілдер мен жаттығу түрлерін қарастырдық. Егер бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыдан оқыту теориялық тұрғыдан негізделіп, оның әдістемесі жасалса, онда бұл оқушылардың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына және тілдік дағдыларды жете меңгеруіне мүмкіндік береді. Осыған орай бастауыш сынып мұғалімдеріне пәндерді метапәндік тұрғыда оқыту туралы түсінік беру жұмыстары жүргізілді. Ал оқушылар үшін арнайы тапсырма үлгілері жасалып, тәжірибеден өткізілді. Соның нәтижесінде ұсынылған метапәндік нәтижелерге қол жеткізу үшін арнайы тандалған әдістеме, жаттығулар жүйесі мен тапсырма үлгілері бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деген қорытынды жасалды. Бұл өз кезегінде оқушылардың тұлға ретінде жан-жақты дамуына жол ашады.

Түйін сөздер: метапән, метапәнділік, метапәндік тәсілдеме, метапәндік нәтиже, метапәндік сабақ.

Жұмабаева Ж.А.¹, Уайсова Г.И.¹
¹ҚазНПУ им Абая, г. Алматы, Қазақстан

ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЕ ПРЕДМЕТОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ЧЕРЕЗ МЕТАПРЕДМЕТНЫЙ ПОДХОД

Аннотация

Поэтому в нашей статье мы проанализировали работу ученых, которые изучали понятия «метапредмет», «метапредметный подход». В то же время мы обсудили методы и подходы к обучению предметов начального класса через метапредметный подход.

Если методология преподавания предметов в различных предметных областях начального образования будет основываться на теоретическом подходе и будет принята его методология, это позволит ученикам развивать казахский язык, а также овладевать языковыми навыками. В связи с этим учителям начальной школы были даны разъяснения относительно метапредметного подхода. И также специально был разработан шаблон заданий для школьников и были протестированы. В результате был сделан вывод о том, что выбранная методология, система обучения и модели задач позволяют проводить

метапредметное обучение по предметам начального образования для достижения предлагаемых результатов. Это, в свою очередь, способствует всестороннему развитию школьников как личность.

Ключевые слова: метапредмет, метапредметность, метапредметный подход, метапредметный результат, метапредметны урок.

Zh.Zhumabayeva¹, G.Uaisova¹
¹KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan

PROBLEMS TEACHING PRIMARY SCHOOL SUBJECTS THROUGH A META-SUBJECT APPROACH

Abstract

Therefore in our article we analyzed the works of scientists who studied the concept of "Meta-subject", "interdisciplinary approach." At the same time, we discussed methods and approaches to teaching primary school subjects through a meta-subject approach.

If the methodology of teaching subjects in various subject areas of primary education is based on a theoretical approach and its methodology is adopted, this will allow students to develop the kazakh language, as well as master language skills. In this regard, primary school teachers were given explanations about the meta-subject approach. And also a special task template was developed for schoolchildren and tested. As a result, it was concluded that the chosen methodology, training system and task models allow conducting meta-subject training in primary education subjects to achieve the proposed results. This, in turn, contributes to the comprehensive development of students as a person.

Keywords: meta-subject, meta-subject approach, meta-subject result, meta-subject lesson.

Кіріспе. Бүгінгі таңда әлемдік білім беру парадигмасының негізгі идеялары бүкіл өмір бойы өздігінен білім алуға және өзін өзі жетілдіруге дайын, әрі қабілетті, қоғамдағы өскелең қажеттіліктерді ескере отырып шығармашылықпен жасайтын жоғары білікті мамандар даярлау, тұлғаны жан-жақты дамыту, оқушылардың бастамашылдығы мен өзіндік танымдық қызметін дамыту болып табылады. Мектеп түлегі жаңа жағдайда бағдарлауға, мәселелік міндеттерді өздіктерінен шешуге, өз еңбегінің нәтижелерін дұрыс бағалауға мүмкіндік беретін әмбебап біліктердің жинағын игеруі тиіс.

Білім берудегі *мұндай нәтижелер* білім беру үрдісінде оқытудың пән-білімдік үлгісінен зияткерлік-қызметтік немесе ой қызметіне өту метапәндік тәсілдемені қолдану барысында мүмкін болады.

"*Метапән*", "*метапәнділік*" түсініктерінің өзге елдердің білім беру саласында танымалдылығына қарамастан, олардың ғылыми қолданысы көне грек ойшылы Аристотельдің кезінен белгілі. Ұғымның көп жылғы тарихына қарамастан, осы күнге дейін оның бірыңғай түсіндірмесі жоқ, әртүрлі ғылыми мектептер оны түрліше түсіндіреді.

Метапәндік тәсілдеме ХХ жүз жылдықтың соңында ерекше мағынаға ие бола бастады, қазіргі таңда Ресей Федерациясы [1], Беларусь Республикасының бастауыш, негізгі және орта (толық) жалпы білім берудің Федералды мемлекеттік білім беру стандарттары [2] негізіне алынып жүр. Бұл тәсілдеменің тиімділігі А.Г. Асмолов [3], Ю.В. Громько [4], [5], Н.В. Громько [6], А.В. Хуторский [7], Е.Я. Аршанский [8], О.В. Петунин [9], В.Р. Имакаева [6], Л.В. Квитова [10] және басқа ресей ғалымдарының көптеген еңбектерінде қарастырылып, эксперименттік тұрғыдан дәлелденген.

Ғалымдар өз еңбектерінде метапәндік оқытудың негізгі ұғымдарына анықтама беріп қана қоймай, сонымен бірге білім беру тәжірибесіндегі метапән тәсілін іске асырудың негізгі технологияларын, әдістері мен тәсілдерін сипаттайды. Сонымен қатар білім берудегі метапәндік тәсілдеме түрлі ғылыми пәндердің бытыраңқылығы, бөлшектенуі, байланыссыздығы мәселесін шешу үшін дайындалды деген қорытындыға келеді.

Ю.В. Громько білім берудегі метапәндік тәсілдеме мәселелерін қарастыра келіп, метапәндік тәсілдеменің педагогикадағы ой қызметтік әрекетке бағдарланатынын және білімді пәндерге бөлудің қолданыстағы тәжірибесінен әлемді тұтас бейнелік қабылдауын, тар пәндік қызметтен пәндік қызметке өтуін қамтамасыз ететіндігін атап өтеді. Сонымен қатар ол метапәндік мазмұн деп нақты оқу пәніне қатысы жоқ, керісінше, кез келген оқу пәнінің аясында оқыту үдерісін қамтамасыз ететін әрекетті түсінеді [6].

Г.А. Андрианова [11], А.Д. Король [6], С.Г. Полищук [6], Т.В. Свитова [6], Ю.В. Скрипкина [6], А.В. Хуторскийдің [7] ғылыми жұмыстарында талдау кезінде оның идеяларына сәйкес метапәндік деп әртүрлі ғылымдардың (оқу пәндері) білімдерінің (фактілер, заңдар, заңдылықтар) арасындағы ішкі

байланысты анықтау, нақтылау және ой елегінен өткізу түсіндіріледі. А.В. Хуторский метапәнділікті оқу пәндерінен кетіп қалу емес, олардан тыс шығу ретінде сипаттайды. «Метапән – бұл пәннің немесе бірнеше пәндердің артында тұрған дүние, ол олардың негізінде және біруақытта олармен түбегейлі байланыста болады», - дейді [7].

С.В. Галянный пікірінше, метапәндік сабақтың негізгі әдістемелік ұстанымдары:

- субъектілеу (білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының тең құқылығы);
- метапәнділік (нәтижеге жетудің жалпы тәсілдерін қалыптастыру);
- іс-әрекеттік тәсіл (іздеушілік және зерттеушілік іс-әрекеті барысындағы білім алушылардың дербестілігі);
- рефлексиялылық (өзінің іс-әрекетін білімге қатысты қайта талдау қажет болатын жағдай);
- импровизациялылық (педагогтың сабақты өткізу кезінде оның барысын өзгерту мен түзетуге дайындығы) деген пікірге келеді [12].

Зерттеудің әдіснамасы: Бүгінгі күні білім беру тәжірибесі неліктен метапәндік тәсілдемені іске асыруды қажет етеді? Міне, осы сұраққа жауап іздеп көрдік.

Біріншіден, ғылыми білімнің қызу дамуы басталды, бұрын білім беру нақты білім беру аумақтарының мамандарын даярлауға бағдарланды. Бұл оқу пәндерінің бөлшектенуіне алып келді. Әлдебір әмбебаптық, әлемді қабылдаудың тұтастығы жоғалып кетті. Бірақ технологиялық процесс ашықтықты, ақпараттанушылықты, бір мезетте білім игеру мүмкіндігін берді.

Екіншіден, метапәндік тәсілдеме оқушының, студенттің даму тұтастығын ғана емес, білім беру үдерісінің барлық сатыларының сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, метапәндік тұрғыдан келу білім берудің пәндік мазмұнын қайта ұйымдастыруды ұсынады, онда білім – есте сақтауға арналған мәліметтер емес, жеке тәжірибелік әрекетте саналы түрде пайдалануға арналған білімдер ретінде қарастырылады.

Төртіншіден, метапәнділік педагогтың перспективамен жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Бұл жағдайда педагог серіктес, тьютор рөлін алады [12].

Метапәндік тәсілдемені қолданып білім беру үдерісін ұйымдастыру қандай нәтиже береді?

Ресей Федерациясының білім және ғылым министрлігі 17 желтоқсан 2010 жылдың №1897 [URL: <http://standart.edu.ru>] бұйрығымен бекітілген Федералдық мемлекеттік жалпыға білім беру стандартының «Требования к результатам освоения основной образовательной программы основного общего образования» атты II тарауында лингвистикалық дамытуға қатысты пунктте 12 метапәндік нәтиже қарастырылған. Оның төртеуі оқушылардың тілі және сөйлеуімен байланысты. Олар мынадай:

- ұғымды анықтау, жалпылау, топтастыру, топтастыру үшін негіздеме және өлшемдерді өзіндік таңдау, себеп-салдарлық байланыстар орнату, логикалық талқылау, ойқорытындылар (индуктивті, дедуктивті және аналогия бойынша) жүргізу, құру, тұжырымдар жасау;
- оқу және танымдық міндеттерді шешу үшін үлгілер мен сызбалар, білгілер мен символдар қолдану және түрлендіру, құру білігі;
- білім беру және өздігінен білім алу үдерісінде тұлғаның зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуда тілдің анықтаушы рөлін түсіну;
- тіл туралы ғылыми білімді жүйелеу және кеңейту; лингвистиканың базалық ұғымдарын, тілдің негізгі бірліктерін және грамматикалық категорияларын меңгеру [1].

Метапәндік нәтижелер – оқушының оқу үдерісі барасында меңгерген оқу әрекеттері (танымдық, реттеуші, коммуникативті). Метапәндік нәтижелерді қалыптастыру негізінде оқу әрекетінің барлық компоненттерін (танымдық және оқу мотиві, оқу мақсаты, оқу міндеті, оқу іс-әрекеттері мен амалдар) толыққанды меңгеруді көздейтін «оқи алу қабілеті» жатыр.

Метапәндік білім беру нәтижелері оқушылар бойында мыналар дамытылады деп болжайды:

- философиялық және жалпы пәндік мектеп пәндерін оқу кезінде саналы түрде пайдалану есебінен түрлі пәндік аумақтардағы сенімді бағдарлану;
- ақпараттық-логикалық сипаттағы негізгі жалпы оқу біліктерін, дербес оқу қызметін ұйымдастыру біліктерін, ақпараттық сипаттағы негізгі әмбебап біліктерді, білім алудың негізгі әдісі ретінде ақпараттық үлгілеуді, ақпараттың түрлі түрлерін жинау, сақтау, түрлендіру және беру үшін ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану біліктері мен дағдыларының кең спектрін, зерттеу қызметінің, виртуалды эксперименттер жүргізудің базалық дағдыларын, жаңа аспаптық құралдарды игерудің тәсілдері және әдістерін, балалар және ересектермен өнімді әрекеттестік пен серіктестіктің негіздерін меңгеру [13].

Зерттеу барысында Ресей Федерациясының «Мемлекеттік білім беру стандартында» метапәндік нәтижелерге қойылатын талаптары ретінде мыналарды алға тартатындығын аңғардық (бастауыш мектеп мысалында):

- оқу мақсаты мен міндетін қабылдау және сақтау, тәжірибелік міндетті танымдыққа өз бетінше түрлендіру қабілетін меңгеру;
- қойылған міндетке және оны іске асыру талаптарына сәйкес өз әрекеттерін жоспарлау, бақылау және бағалау білігі;
- оқу әрекетінің жетістігін/сәтсіздігін түсіну білігі;
- танымдық және тұлғалық рефлексияның бастапқы нысандарын игеру;
- ақпарат пен коммуникацияның түрлі құралдарын пайдаланумен ақпараттық, танымдық және тәжірибелік әрекетті жүзеге асыру білігі;
- зерттелетін объектілер мен процестердің үлгілерін құру үшін ақпарат ұсынудың белгі-символдық құралдарын, оқу және тәжірибелік міндеттерді орындау сызбаларын пайдалану білігі;
- тектік-түрлік белгілер бойынша салыстыру, талдау, жалпылау, ең қарапайым жіктеуді жүргізу, аналогияны анықтау, белгілі түсініктерге жатқызу білігі;
- пәнаралық түсініктерді игеру [1].

Метапәндік тәсілдеменің ең басты ерекшелігі тәсілдемені білім берудің түрлі пәндік салаларында жүзеге асыруға болады. Осы мәселе төңірегінде де зерттеулер, талдаулар жүргізілген. Солардың бірі С.И. Львова және В.В. Львовалардың «Используем знания русского языка на других уроках» құралында қарастырылады. Бұл құралда ұсынылған тапсырмалар орыс тілі сабағында алған білімдерін әртүрлі пәндік салаларда қалай пайдаланылатыны көрсетілген [14]. Төменде солардың кейбіреуіне тоқталып көрейік.

Мысалы: «Тарих» пәні. 101-жаттығу. «Археология», «хронология», «астрономия» сөздерінің лексикалық мағынасын түсіндір. Ежелгі дәуір тарихы курсына бұл терминдердің қалай қолданылғанын түсіндір.

«Математика» пәні. 83-жаттығу. Оқулықтан бес бұйрық сөйлемді тауып жаз. Оқулықта берілген мәтіндегі олардың ролін анықта.

Тапсырмалар лингвистикалық ұғымды, тілдік құбылысты бейнелейтін қосымша материалды табумен байланысты болуы мүмкін.

Осыған орай, әдебиеттері мен нормативтік құжаттарға талдаулар жүргізудің негізінде өзге шет елде тілді метапәндік тұрғыдан оқыту мәселесі қарастырылғанымен, отандық зерттеулерде бұл мәселенің жеткілікті деңгейде зерттелмегендігін байқаймыз.

Осының салдарынан «метапәндік тәсілдеме», «пәнаралық байланыс», «интеграция» ұғымдарының ара жіктері айқандалмауы арасында және қазақ тілін оқытудың метапәндік тәсілдемесін жүзеге асырудың теориясы мен практикасы арасында қарама-қайшылық туындап отыр.

Сондықтан біз алдымызға бастауыш білім берудің түрлі пәндік салаларында қазақ тілін оқытудың метапәндік тәсілдемесін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу мақсатын қойып отырмыз.

Егер бастауыш білім берудің түрлі пәндік салаларында қазақ тілін оқытудың метапәндік тәсілдемесі теориялық тұрғыдан негізделіп, оның әдістемесі жасалса, онда бұл оқушылардың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына және тілдік дағдыларды жете меңгеруіне мүмкіндік береді деп болжам жасауға болады.

Бүгінгі таңда метапәндік оқыту қажеттілігі айқын, себебі мектепте баланы неге оқыту керек болса, ол – шығармашылық ойлау. Мектептегі балалар мұғалімнен немесе оқулықтардан бұрын біреудің ашқан жаңалықтарын біліп қана қоймай, олардың өздері аталмыш жаңалықтарды қайта аша алатын немесе өзіндік жаңалықтарды жариялай алатын кезде ғана қызығушылықпен оқитын болады. Егер кеменгерлік жаңалықтың ашылу жағдайы «нақты» ақиқат секілді өзекті түрде сыныпта қайтадан ұсынылып және бастан кешірілетін болады, ал алынған білім енді ешқашан ұмытылмайды. Себебі «адамның өзінің көзі жететін қорытындылар, біреудің бастан кешкендеріне қарағанда оны көбірек сендіреді» (Паскаль). Осы жағдайда ғана оқушылар мектеп партасында отырып, нағыз зерттеуші-алғашқы жаңалық ашушыларға айналады.

Зерттеу нәтижесі. Зерттеу жұмысымыздың субъектілері Алматы қаласы №76 және №176 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімдері мен бастауыш сынып оқушылары (30) болып табылады.

Зерттеу жұмысында қойылған мақсатқа жету үшін келесідей әдістер қолданылды: зерттеу жұмысы мәселесі тұрғысынан философиялық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге талдау, жинақтау, педагогикалық басылымдар мен нормативті құжаттарды, озық педагогикалық үлгілерді жалпылау, меңгеру, сауалнама, салыстырмалы талдау, эксперимент жүргізу, практикалық жұмыстар, оның нәтижелерін бағалау, көрсеткіштерді математикалық өңдеу және жалпылау.

Эксперимент барысында мұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді.

Мұғалімдер төмендегі сұрақтарға жауап берді.

1. «Тәсілдеме» ұғымын қалай түсінесіз?

2. Оқыту үдерісін ұйымдастыру барысында қандай тәсілдемелерді негізге аласыз?

3. «Метапәндік тәсілдеме» ұғымымен таныссыз ба? (Ия / Жоқ)

4. «Метапәндік тәсілдеме» ұғымы жайында не білесіз?

5. «Метапәндік тәсілдеме» ұғымы шеңберінде біліміңізді қанша баллға бағалар едіңіз? (1-ден 10-ға дейінгі шкаламен)

6. «Метапәндік», «пәнаралық байланыс», «кіріктіру» ұғымдары бір бірімен өзара байланысты ма? Неліктен?

7. «Метапәндік тәсілдеме» негізінде бастауыш мектептің түрлі пәндік салаларында қазақ тілін қалай оқытуға болады? Өз тәжірибеңізден мысал келтіріңіз.

8. Бүгінгі күні жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында әзірленген оқулықтарда метапәндік тапсырмалар қаншалықты кездеседі? 1-2 мысал келтіріңіз.

Сауалнама қорытындысы бойынша сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің

20% тәсілдеме ұғымымен таныс екендігін өздерінің жауаптары арқылы дәлел болды. Бірақ та оқыту үдерісін ұйымдастыру барысында қандай тәсілдемені негізге алып отырғандығы жайында сұрақтың қиындық тудырғандығын 28% байқаймыз. Метапәндік тәсілдеме ұғымымен мұғалімдердің 42% таныс. 42% көрсеткіштің тек 5% ғана бұл тәсілдеме жайында түсініктерінің дұрыс бағытта екендігін байқауға болады. Метапәндік тәсілдеме жайында білімдерін 1-ден 10 баллдық шкаламен бағалау тұрғысынан қойылған сұраққа мұғалімдердің 48% 5-7 балл аралығында бағалағандығын көреміз. Метапәндік, пәнаралық байланыс, интеграция ұғымдырының бір-бірімен не себептібайланысты деген сұраққа жауап беруде қиындық тудырғанын білдік. Ал, 7 және 8 сұрақтарға мүлдем жауап бере алмағандығы мұғалімдерге осы тәсілдеме жайында әдістемелік көмек көрсетуді қажет етеді.

Осы көрсеткіштерді өзгерту үшін бастауыш сынып мұғалімдеріне «Метапәндік тәсілдемені қолданудағы бастауыш сынып мұғалімдерінің күзиреттілігі» атты семинар өткіздік. Семинарда тақырып төңірегінде толық ақпарат берілді, негізгі ұғымдар түсіндірілі, диспут, шағын ойын, жеке, топтық жұмыс түріндегі практикалық жұмыстар ақпараттық технологияның түрлі құралдарын қолданыла отырып ұйымдастырылды. Осы семинардағы ең маңыздысы басқа пәндер аясында қазақ тілін меңгертуге мүмкіндік беретін метапәндік тәсілдеме жайында жаңа білімдер бірілді. Семинар соңында жоғарыда айтылған барлық терминдер барлық бастауыш сынып мұғалімдеріне таныс болды, оқыту үдерісінде метапәндік тәсілдемені қолдануға деген үлкен ұмтылыс пайда болды.

Оқыту үдерісінде метапәндік тәсілдемені қолдануды одан әрі дамыту үшін арнайы әзірленген «Бастауыш сыныптарда білім берудің түрлі салаларында қазақ тілін оқытудың метапәндік тәсілдемесін жүзеге асыру әдістемесі» атты әдістемені қолдандық.

Бұл әдістеменің негізгі артықшылығы оқушылар түрлі ақпарат құралдарымен жұмыс жасай отырып қазақ тілін үйренуге мүмкіндік ала алады, алынған ақпараттарды өзара байланыстырып өмірде қолдануға жаттығады.

Сонымен қатар қазақ тілін меңгеруге қызығушылық танытқан балалар саны анықталды. Метапәндік тәсілдеме негізінде ұйымдастырылған сабаққа дейінгі және сабақтан кейінгі оқушылардың білім көрсеткіштерін анықтау үшін диагностика жүргіздік. Нәтижесінде оқушылардың түрлі пәндерде тілдік материалдармен жұмыс жасай алу біліктері, қызығушылықтары анықталды.

Біз сондай-ақ зерттелетін құбылыстың ерекшелігін көрсететін бастауыш сынып оқушыларының толерантты қарым-қатынасын дамытудың әдіснамалық тұғырларын анықтадық. Біз басшылыққа алған әдіснамалық тұғырлар, толеранттылықты тәрбиелеуге дайындық процесінде болашақ мұғалімде толеранттылықты қалыптастыру қажеттілігімен анықталады және осы зерттеудің тұжырымдамалық идеясымен байланысты. Осындай ортада толерантты өзара әрекеттесу тәжірибесін ала отырып, бастауыш сынып оқушысы әлемге толерантты көзқарасты нығайтады, толерантты қарым-қатынас мәдениетін дамытады, осылайша балалардағы толеранттылықты тәрбиелеуге дайындық процесіне саналы түрде жақындайды.

Жоғарыда айтылғандар толеранттылық моральдық категория деп тұжырымдауға мүмкіндік береді, өйткені ол адамның рухани мәдениетінің сапасын құрайтын бірқатар белгілерді ұсынады: өзінің ұлттық мәдениетіне жататындығын түсіну және басқа біреудің мәдениетін түсіну; моральдық таңдауды жүзеге асыру; өзін басқа біреудің орнына қоя білу; жауап беру; мәдениетаралық диалогқа кедергі келтіретін қатаң санаттардан, стереотиптерден және пікірлерден аулақ болуды көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана, 2012, 14-желтоқсан (дата обращения: 03.09.2020).

2 Декларация принципов толерантности Организации Объединенных Наций, утверждена резолюцией 5.61 генеральной конференции ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 года. URL: <http://www.tolerance.ru/toler-deklaraciya.php> (дата обращения: 03.09.2020).

3 Цепкова И. Толерантность как составляющая культуры Мира // Толерантность, веротерпимость, свободомыслие - основа культуры Мира: Материалы междунар. науч.-практ. конф. – Алматы, 2006. – 194 с.

4 Советский энциклопедический словарь / Гл. ред. А.М. Прохоров. – 2-е изд. – М.: Сов.энцикл., 1983. – 1600 с.

5 Рюмина Л.Ю. Библиотека психологии и педагогики толерантности // Вопросы психологии. – 2002. – № 2. – С. 130-131.

6 Петрицкий В.А. Толерантность — универсальный этический принцип // Известия СП лесотехнической академии. – СПб., 1993. – С. 139-151.

7 Лекторский В.А. О толерантности // Философские науки. – 1997. – № 3, 4. – С. 14-18.

8 Асмолов А.Г., Солдатова Г.У. О смыслах понятия «толерантность» // Век толерантности: Науч.-публ. вестн. – 2001. – № 1.

9 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: «Полиграфия – сервис К0», 2012. – 316 б.

10 Шаяхметова М.Н. Болашақ педагогтердің этникалық толеранттылығын қалыптастыру. 13.00.08. пед.ғыл.канд. ...автореф. – Қарағанды, 2009. – 23 б.

11 Кучерова М.А. Понятие толерантности и его содержание в современном культурном контексте // Толерантность в культуре и процессе глобализации. – М., 2010. – С. 34.

12 Қартбаева Ж.Ж. Оқушыларда толерантты мінез-құлықты қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері. 13.00.01. пед.ғыл.канд. ...автореф. – Астана, 2008. – 24 б.

13 Мамедова П.И. Толерантность — основной принцип мирного сосуществования // Евразия. – 2003. – № 6. – С. 70-75.

14 Убниязова Ш. Оқыту үдерісінде интеграция негізіндегі студенттердің толеранттылығын қалыптастыру филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2013. – 170 б.

15 Moldir Seidina, Irina Karabulatova, Zinaida Polivara, Anastasia Zinchenko. A publicist discourse of the islamic organizations of the central federal district of russia and the issue of tolerance. CENTRAL ASIA AND THE CAUCASUS Journal of Social and Political Studies //-2017. –V.18. Iss.1. – P.109-118.

16 Мануїлов Ю.С. Концептуальные основы средового подхода в воспитании // Вестник Университета Российской академии образования. 2003. № 1. – С. 36-68.

МРНТИ 14.07

Г.Ф. Арынова¹, Г.И. Уайсова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушысы дамуының әлеуметтік-педагогикалық жағдайы қарастырылған. Әр жастың өзіндік психологиялық, физикалық және әлеуметтік даму деңгейі болатыны айтыла келіп, сырты әлеуметтілік балалардың ішкі әлеуметтілігін дамытудың басты шарты екені көрсетілген. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамытуда мектептегі оқу іс-әрекеті жетекші рөл атқаратыны және сол арқылы баланың қоғаммен негізгі қатынастары жүзеге асырылатындығына тоқталған.

Ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, кез-келген жастың нақты, ерекше және қайталанбайтын әлеуметтік даму жағдайы болатыны және дәл осы жағдай балаларды алға жылжытудың формасы мен жолдарын анықтауға мүмкіндік беретіні айтылған. Сонымен қатар баланың дамуы көбінесе қоршаған орта жағдайларына байланысты болатындықтан, олардың бұл дамуды ынталандыруы немесе керісінше тежеуі мүмкін екені баяндалған.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, даму кезеңдері, әлеуметтік-педагогикалық жағдай, оқу іс-әрекеті, интеллектуалды даму деңгейі, оқушы тұлғасы, қарым-қатынас.

Арынова Г.Ф.¹, Уайсова Г.И.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В статье рассматриваются социально-педагогические условия развития учащихся начальных классов. Каждый возраст имеет свой уровень психологического, физического и социального развития, а также, отмечено, что внешний социальный фактор является основным условием развития внутренней социальности у детей. Школьная деятельность играет ведущую роль в развитии социального интеллекта учащихся начальных классов и, следовательно, в формировании основных взаимоотношений ребенка с обществом.

По мнению ученых, любой возраст имеет свое уникальное и неповторимое условие социального развития. Именно эти условия позволяют определить формы и пути развития детей. Поскольку развитие

ребенка часто зависит от условий окружающей среды, эти условия могут как стимулировать развитие, так и тормозить.

Ключевые слова: начальные классы, периоды развития, социально-педагогические условия, школьная деятельность, уровень интеллектуального развития, личность учащегося, взаимосвязи.

G.G. Arynova¹, G.I. Uaisova¹
¹Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan

SOCIO-PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR DEVELOPING PRIMARY SCHOOL PUPILS

Abstract

This article examines the socio-pedagogical conditions for developing of primary school pupils. Each age has its own level of psychological, physical and social development, and it is also noted that the external social factor is the main condition for the development of internal sociality in children. School activities take a leading role in the development of the social intelligence of primary school pupils and, therefore, in the formation of the child's basic relationship with society.

According to scientists, any age has its own unique and unrepeatable condition for social development. It is these conditions that make it possible to determine the forms and ways of development of children. Since a child's development is often dependent on environmental conditions, these conditions can both stimulate and inhibit development.

Keywords: primary school, periods of development, socio-pedagogical conditions, school activities, level of intellectual development, student personality, relationship.

Кіріспе. Бастауыш сынып оқушысының жасы психологиялық кезеңдеу тұрғысынан алғанда 6 жастан 11 жасқа дейін созылады (А.Н. Леонтьев, Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин және басқалар), педагогикалық кезеңдеу тұрғысынан – 6 жастан 10 жасқа дейін (Я.А. Коменский, Б.Д. Лихачев, И.П. Подласый және т.б.). Әр жастың өзіндік психологиялық, физикалық және әлеуметтік даму деңгейі болады. Педагогикалық кезеңдеудің негізі, бір жағынан, жеке тұлғаның психикалық және физикалық даму кезеңдерінен, ал екінші жағынан, дамудың жүретін жағдайларынан тұратындығын атап өткен жөн. Ғалымдар бұл жиынтықты дамудың әлеуметтік жағдайы деп атайды.

Л.С. Выготскийдің айтуынша, сыртқы әлеуметтілік (әлеуметтік өзара әрекеттесу, әлеуметтік орта) бүлдіршіндердің ішкі әлеуметтілігін көрсетудің шарты болып табылады. «Интериоризация» термині сыртқы күйдің ішкі күйге өту процесінде қолданылады. Қарым-қатынас, әлеуметтік таным және бірлескен іс-әрекет арқылы жеке тұлғаның сыртқы әрекеті ішкі психикалыққа айналады, ал сыртқы талаптар іштей тежеуге айналады, ал іс-әрекеттің құралдарын, мотивтері мен мақсаттарын басқа адамдардың ықпалынсыз субъект өзі игереді және анықтайды. Адамның санасында «орныққан», интериоризацияланған білім, мінез-құлық тәсілдері, әрекет ету нормалары мен әдістері экстериоризациялануы мүмкін, яғни айналадағыларға ұсынылып, басқа адамдармен бірлескен іс-шараларында қамтылуы мүмкін [1, 102].

Л.С. Выготский бүлдіршіндердің психологиялық дамуы әлеуметтік орта жағдайында іске асатындығын айтады. Бұл бір жағынан, баланың дамуының шығармашылық күші бастау алатын әлеуметтік бағытталған процесс екеніне баса назар аударды. Осы тәсілге байланысты Л.С. Выготский «дамудың әлеуметтік жағдайы» терминін енгізді, ол әр жас кезеңіне тән болатын және оның барлық барысында психикалық дамудың динамикасын анықтайтын дамудың ішкі процестерін сыртқы жағдайлармен байланысты, сонымен бірге осы кезеңнің соңында пайда болатын жаңа, ерекше психологиялық формацияларды ерекше үйлестіру деп атап көрсетті [1, 90].

А.Н. Леонтьев оқушының әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі объективті орнын анықтайтын субъект пен қоршаған орта арасындағы байланыс түрінде дамудың әлеуметтік жағдайын, сондай-ақ қоғамның оған қоятын сәйкесінше талаптарын қарастырып, дамудың қандай да бір «идеалды формасын» анықтайды. Дамудың әлеуметтік ахуалы белгілі бір жастағы бала мен әлеуметтік орта арасындағы қатынастар жүйесі ретінде, белгілі бір кезеңде дамуда болатын барлық динамикалық өзгерістердің бастапқы нүктесі ретінде әрекет етеді [2, 420].

Кез-келген жастың нақты, ерекше және қайталанбайтын әлеуметтік даму жағдайы болады. Осыны ескеру арқылы ғана белгілі бір психологиялық өзгерістердің қалай пайда болатынын және дамитынын түсінуге болады, бұл балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты дамудың нәтижесі болып табылады

[3,112]. М.В. Матюхинаның пікірінше, бастауыш сынып оқушылары дамуының әлеуметтік жағдайы, балалар мен ересектер арасындағы қазіргі қатынастар жүйесі баланың осы жас кезеңінде дамуы барысында болатын барлық өзгерістердің бастауы болып табылады. Бұл әлеуметтік дамудың жағдайы балаларды алға жылжытудың формасы мен жолдарын, олардың іс-әрекет түрлерін, алынған психикалық қасиеттерін, өмір сапасы мен түрін толығымен анықтайды.

Негізгі бөлім. Дамудың осы әлеуметтік жағдайында іс-әрекеттің жетекші түрі (типi) пайда болады және қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі баладан мектеп оқушысына ауысу оқушының әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орнының, бүкіл өмір қалпының айтарлықтай өзгеруімен сипатталады. Мектепке қадам басу – бұл өмірдің бетбұрыс кезеңі, жаңа өмір салты мен іс-әрекеттің жаңа жағдайына, қоғамдағы позицияға, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа ауысу кезеңі. Оқу міндетті қоғамдық маңызды іс-әрекетке айналады, ол үшін мұғалім, отбасы және мектеп алдында жауап береді. Оқушының өмірі барлық білім алушыларға бірдей қатаң ережелер жүйесіне бағынады. Осы кезеңде баланың қоғамда да, отбасында да мәртебесі өзгереді, ол – бұл кезеңде жауапты тұлға, оқушы. Оқушының үйренетін тиімді байланыс құралдары басқа адамдардың оған деген қатынасын анықтайды [4, 110].

Бастауыш сынып жасында оқу, яғни білімдерді игеру жетекші іс-әрекеттік сипатқа ие болады. Л.С. Выготскийдің пайымдауынша, оқу іс-әрекеті – теориялық білім, білік және дағдыларды игеруге бағытталған оқушы іс-әрекеттерінің бірі [1, 78].


В.В. Давыдов оқу іс-әрекетінің қажеттілігі мен себептерінің бір түрі – бұл ақиқатқа теориялық қатынас және соған сәйкес бағдарлау әдістері деп атап өтті. Осы жас кезеңінде баланың психикасының дамуында болатын маңызды өзгерістер дәл осы оқу іс-әрекетімен анықталады. Бұл жағдайда психикалық дайындық мектеп жасына дейінгі баланың мектепте оқуды бастау үшін қажетті даму деңгейі тұрғысынан қарастырылады және ол өз кезегінде организмнің физиологиялық жүйелерінің жетілуімен тығыз байланысты.

Д.Б. Элькониннің пікірі бойынша «оқу іс-әрекеті мектеп жасында жетекші іс-әрекет болып табылады, өйткені, біріншіден, сол арқылы баланың қоғаммен негізгі қатынастары жүзеге асырылады және жеке психикалық процестер дамиды» [5, 319]. Д.Б. Эльконин мотивация, оқу міндеттері мен операциялары, бақылау, бағалау сияқты оқу қызметінің компоненттерін анықтады. Атап айтқанда, ол өзіндік жұмыс тәсілдерінің көмегімен білімдерді игеруге көмектесетін танымдық мотивтерді, өзін-өзі жетілдіруді және жауапкершілікті дамытатын, айналадағы адамдармен қарым-қатынаста әлеуметтік позицияға ие болуға және олардың мақұлдауына ынталандыратын әлеуметтік мотивтерді жатқызды. Жеке мотивтер жақсы баға алуға және мадақталуға мүмкіндік береді [6, 98].

Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті – жас ұрпақты қоғамдық қатынастар жүйесіне, ашық ұжымдық қызметке енгізудің негізгі тетіктерінің бірі, оның барысында кез-келген ұжымдық іс-әрекеттің негізі болып табылатын құндылықтар мен нормалар сіңіріледі. Оқыту сонымен қатар кіші жастағы оқушылардың бойында жаңа біліктердің, қасиеттердің дамуына ықпал етеді, мысалы: жеке және интеллектуалды рефлексия, психикалық процестердің еріктілігі, ішкі әрекет жоспары.

Сегіз жасқа қарай оқушының интеллектуалды даму деңгейі ересек адамның дамуынан едәуір жоғары болады (Л.С. Выготский, М.М. Кольцова, С.Лупан). Негізгі өзгеріс психикалық процестердің еркін сипатына байланысты, яғни бастауыш сынып оқушысы қабылдауды, ойлауды, есте сақтауды, белгілі бір деңгейде эмоциясы мен қиялын басқаруды үйренеді. Оқушының сыртқы өмірін қайта құрылымдау дамыған сайын оның ішкі психикалық өмірі қайта құрылады. Алайда бұл даму көбінесе қоршаған ортаның жағдайларына байланысты болады, олар бұл дамуды ынталандыруы немесе керісінше тежеуі мүмкін [7, 19].

Бастауыш сынып оқушысының әлеуметтік дамуындағы келесі аспектіні атап өткен жөн. Егер мектепке дейінгі балалық шақта оның қоғамға қосылуы – ең жақын ортасы – отбасына, содан кейін ғана жақын қоғамды қабылдауға ұласады [1-сурет]:



1 -сурет. Әлеуметтік даму және таным салалары

Әлеуметтік дамудың келесі кезеңінде бұл көрініс біршама өзгереді.

Оқушы үшін ең жақын маңызды орта – бұл оның білім алу ортасы (сынып) және мұғалімі (бірінші мұғалімі). Бұл өзгеріс әлеуметтік жағдайды түсінуге де әсер етеді. Дәл осы қоршаған ортаның субъектіге қатынасы көп жағдайда бізде болып жатқан барлық нәрсеге деген көзқарасымыз бен мінез-құлқымызды қайта қарауға мәжбүр етеді. Сондықтан кіші мектеп жасында бала әлеуметтік әсер мен ықпалға сезімтал.

Мен психологтардың ғылыми зерттеу еңбектерінде, өмір тәжірибесінің өзі де мектептегі білім берудің басталуы бала дамуының әлеуметтік жағдайының түбегейлі өзгеруіне әкелетінін растайды.

Мектепке дейінгі жастан кіші мектеп жасындағы оқушыға ауысуы жеті жас дағдарысымен байланысты болуы кездейсоқ емес. Дағдарыстың басталуы, әдетте, баланың мектепке қабылдануымен сәйкес келеді, мектепте оқи жүріп, ол белгілі бір жауапкершіліктің жүктелгенін түсінеді және оны қабылдауға дайын, өйткені ол ересек болуға талпынады, бірақ бар білімі мен дағдылары ол үшін әлі жеткіліксіз екенін түсінбейді. Мектепте оқу кезеңі жақындаған кезде балалар өздерін мектеп оқушылары, мектеп өмірінің қатысушылары ретінде қабылдай бастайды, өздерінің әлеуметтік «Мені» туралы бірінші рет біле бастайды.

В.Н. Дружининнің пікірінше, жеті жылдық дағдарыс көбінде баланың әлеуметтік «Менін» түсінуімен байланысты. Бұл баланың психологиялық портретінің өзгеруіне, оның әлеуметтік ортамен қарым-қатынас жасау тәсілінің айтарлықтай қайта құрылуына әкеледі. Мектепке дейінгі жаста ойын барысында немесе ересектердің қолдауымен ғана көрініс табатын баланың еркіндігі 6-7 жастан бастап баланың ішкі жетістігіне айналады, өмірінің түрлі салаларына тарайды.

И.В. Дубровинаның анықтамасына сәйкес, бұл – жеке тұлға құрылымы мен белсенділігінің ерекше түрімен, сонымен қатар баланың өзіне және айналасындағы адамдарға деген қатынасымен сипатталатын дамудағы жетістік [8, 315]. Балалар тәуелсіз болады, белгілі бір жағдайларда қалай әрекет ету керектігін өздері таңдайды және т.б. Мінез-құлықтың бұл түрінің негізі осы жаста қалыптасатын әлеуметтік қатынастар, қалыптасатын моральдық мотивтер болады. Осы жаста балалар қоғамдық ұстанымдарды бойына сіңіреді және белгіленген заңдар мен ережелерді сақтауға бейімделеді.

Адамның ішкі позициясы – бұл бастауыш мектеп жасындағы баланың негізгі игерген жаңа қасиеті. Л.И. Божович ішкі позиция – бұл барлық жас кезеңдерінде адамның әлеуметтік позициясына қатынасын анықтайтын өзіндік сана-сезімнің белгілі бір түрі. Осыған қарамастан, балалық шақтағы ішкі позиция, әдетте, жеке ерекшеліктерден гөрі жас ерекшелігіне байланысты, сондықтан жас – нормативтік сипатқа ие. Оқушының позициясы – баланың қоғамдағы жаңа позициясы міндетті, әлеуметтік маңызды және әлеуметтік бақыланатын білім игеру іс-әрекетінің пайда болуымен сипатталады [9, 250].

В.С. Мухинаның пайымына сәйкес, мектеп табалдырығын аттау және білім игеру сияқты жаңа әлеуметтік жағдаймен байланысты балалардың тұрмыс-тіршілігі қатаяды, яғни бүлдіршіннен жауапкершілікті, ерікті және тәртіпті болуды талап ететін қатаң қалыптағы қатынастар әлеміне енеді.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушы міндеттерден басқа жаңа құқықтарға ие болады, атап айтқанда: оқу құралдарына ие болу құқығы, ересектердің құрметіне. Оқушы «қоғамдық» объектіге айналады және әлеуметтік маңызды құқықтар мен міндеттерге ие, оны орындай отырып, ол қоғамның бағасына да ие болады [10, 415].

Дәл осы жаңа жағдайларда оқушының ішкі позициясы қалыптасады, яғни бұл жерде жаңа деңгейде әрекет ететін танымдық және ересектермен қарым-қатынас жасау қажеттілігінің өзара тығыз байланысуынан туындайтын оқушының қоршаған ортаға деген жаңа қатынасы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушылары туралы көптеген еңбектерде оқудың ішкі детерминанты болып табылатын баланың жеке инстанциясын сипаттайтын осы ұғым қолданылады (Н.И. Гуткина, Д.В. Любовский, М.Р. Гинзбург, Т.А. Нежнова және т.б.). Сонымен Н.И. Гуткина оқушының ішкі позициясының пайда болуын баланың жаңа білімді игеру қажеттілігінің пайда болуымен ғана емес, сонымен бірге танымдық қажеттілікті жүзеге асыра отырып, ересектермен жаңа әлеуметтік қатынастарға түсу қажеттілігі арқылы түсіндіреді. Бұл баланы білім игеру іс-әректіне қосу арқылы мүмкін болады. Оқу жетістігі баланың әлеуметтік мәртебесін арттырады және ересек адамдармен қарым-қатынастың жаңа деңгейін қамтамасыз етеді [11].

Л.И. Божович «бала тіршілік ететін объективті қатынастар қалай және қандай жағдайда ол үшін қарым-қатынасқа айналады (яғни ол үшін жеке мәнге ие болады), ондағы ересек адамдар (мұғалім, тәрбиеші) қандай рөл атқарады?» және осы қатынастар болған кезде баланың жеке қасиеттері қалай қалыптасады» деген сұрақтар қойды. Бұл сұрақтар бастауыш сынып оқушысына қатысты [9, 61].

Л.С. Выготский «оқыту дамудың алдында жүреді және оны алға жетелейді» деген [11, 5]. Бұл дегеніміз бастауыш сыныпта балалар әлеуметтік талаптарға сай болуды ғана емес, сонымен қатар оқушы, білім алушы сияқты жаңа рөлді игереді, оған бейімделу кезеңінен өтеді. Бастауыш сынып оқушысы үшін дамудың әлеуметтік жағдайының өзгеруінің мәнін ересектермен қарым-қатынасы, олармен қарым-қатынас жасаудың рөлдік репертуары құрайды.

Стандартты емес жағдайда өзін-өзі игере алмайтын оқушылар стандартты емес мінез-құлыққа ие болады. М.Тышқованың ойынша, бастауыш сынып оқушылары қимыл-қозғалыс әрекеттерін басқаруды қажет ететін жағдайларда үлкен қиындықтарға тап болады; бастауыш сынып оқушылары басқа сынып оқушыларына қарағанда мақсатты іс-әрекеттерден жиі ауытқиды; олардың қиындықтарға қатысты реакциясы, әдетте, әрекеттен және нәтижеге жетуден бас тартумен сипатталады. Бастауыш мектеп оқушылары өздерінің жетістіктерін асыра бағалайды және сонымен бірге, өз сәтсіздіктерін бағалай алмайды («перцептивті қорғаныс» деп аталады).

Оқушының жеке басында қиындықтар тудыратын жағдайлар: мектептің немесе мұғалімнің ауысуы; үлгеріміне байланысты ұзақ қобалжулар; мұғалімнің авторитарлығы және оқушы үлгерімінің төмен болуы, оқу материалын игере алмаған жағдайда бір тәсілді баса пайдалануы.

Осындай мән-жайлар оқушының бойында жағымсыз қасиеттерді дамытуға ықпал етеді. Психологтар оқушының іс-әрекеті (дидактогендік факторлар) оның мектепке бейімделе алмауының себептері емес, нәтижесі болатындығын ескертеді. Жеке жағдайларды терең клиникалық талдау келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді: мектепте оқушының дезадаптациясының себептері оқушының жеке басының ерекшеліктерінде жатыр. Осыған байланысты бірдей білім беру жағдайында кейбір балалар дидактогенез әсеріне тұрақты болып келеді, ал кейбіреулері тіпті өте әлсіз психогендік жағдайларға сезімтал болады [12, 27-33].

Көріп отырғанымыздай, оқу қызметін меңгеру барысында бала мектепте белгілі бір баға алады, бұл оның «Мен-тұжырымдамасын» қалыптастыруда өте маңызды. Баланың өзін-өзі бағалау деңгейіне жақын адамдардарының оның жеке тұлғанысын қабылдауы тәуелді. Бұл баланың әлеуметтік рөлін, әлеуметтік қатынастардағы жаңа позициясын түсінудегі маңызды кезең. Бір-бірін қабылдаудың ең жоғарғы деңгейі өздерін тепе-тең бағалайтын ортада байқалады, төмен деңгейі өзін-өзі төмен бағалайтын ұжымда қалыптасады, яғни адамдар өзін төмен бағалайтын адамдарды қабылдамайды. Өзін, өзгелерді және басқаларды қабылдау арасында аса тығыз байланыс барын ескеру керек.

Өзін қабылдаудан басқа, айналадағы адамдардың, әсіресе жақын адамдардың қабылдауы өте маңызды. Жаңа адамдармен таныса алмау және бұрыннан танысымен тіл табыса алмау – бұл ауытқу белгілерінің бірі. Басқаша айтқанда, жағымсыз «Мен-тұжырымдама» белгілі бір әлеуметтік адаптациямен байланысты. Бұл жағдай әр түрлі жолмен көрініс табуы мүмкін: сондықтан көбінесе өзін төмен бағалайтын оқушылар құрдастарының арасында білінбейтін болуы мүмкін, мектеп пен қоғамдық өмірге қатысқысы келмейді, олар өздерін қорғай алмайды және жалпы өз пікірін айтуға қорқады.

Осындай оқушылар құрдастарының арасында сөз айтуға қысылады, ұялады, сыртқы өмірден оқшауланады. Нәтижесінде басқалармен өзара әрекеттесуі шиелене түседі. Өзіне деген сенімділігі жеткіліксіз, құндылығын білмейтін оқушыға ықпал ету оңай, нәтижесінде олар үшін шешімді басқа адамдар қабылдайды және бұл жағдайда оның басқалардың көңілінен шығуға деген ұмтылысы өте зор болады. Басқа адамдарды құрметтеу үшін, ең алдымен, өзін адам ретінде құрметтеу қажет. Өзіне сенбейтін оқушы өзгелерге сене алмайды. Әр адам басқалардан бөлінген бөлек әлем [13, 305].

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы мен зеректігі негізінен оқу процесінде қалыптасатыны анық, сондықтан оларды мақсат қоюға, міндеттерді тұжырымдауға, өзін-өзі ұстай білуге және өзін-өзі

басқаруға үйрету маңызды. Ол үшін оқушыны өзі туралы тиісті білімге ие болуға және өзін бағалай білуге үйретуіміз керек. Өзін-өзі бақылауды дамыту – оқытудың маңызды сапасы. Мектепке келу, жаңа іс-әрекеттің – оқудың пайда болуы өзін-өзі бағалаудың келесі кезеңін анықтайды.

Жас ерекшеліктеріне байланысты бастауыш сынып оқушылары өзін-өзі бақылауды негізінен ересектердің басшылығымен және осы процесте құрдастарының қатысуымен жүзеге асыра алады. Бастауыш мектеп жасындағы балада өзіндік сана-сезімнің дамуы біртіндеп артып келе жатқан өзіне деген талап пен сыншылдықта көрінеді. Бірінші сынып оқушылары өздерінің оқу әрекеттерін негізінен оң бағалайды, ал сәтсіздіктер өздеріне тәуелді емес жағдайлармен түсіндіріледі. Бастауыш мектептің 2, 3 және 4 сынып оқушылары онсыз да өздеріне сынай қарайды және мектептегі жетістіктерді ғана емес, сәтсіздіктерді де бағалайды. Егер бірінші сынып оқушысының өзін-өзі бағалауы сыртқы бағалауларға және ересектердің оған деген көзқарасына байланысты болса, 2, 3 және 4 сынып оқушылары өз жетістіктерін өз бетінше түсінеді, объективтілікке қабілетті, кейде олар мұғалімнің бағасын да сынга алады.

Өзін-өзі бағалау тұрақты болған кезде бастауыш сынып оқушысының оқу іс-әрекетінде ынта, таным күшейеді. Бұл – бастауыш мектеп оқушысының әлеуметтік дамуындағы белгілі жетістік.

Бастауыш сынып оқушылары өздерін және айналасындағы адамдардың мінез-құлқын бағалауға қатысты адамгершілік нормаларын басшылыққа ала бастайды. Балада азды-көпті тұрақты мораль идеялары дамиды, өзін адамгершілік тұрғысынан реттеу қабілеті дамиды.

Т.В. Архиреева бастауыш сынып оқушыларында «Мен-идеал» ұғымдарының аз өзгеретінін, аз дараланатынын және негізінен әлеуметтік нормаларды ғана игеретіндігін баса айтады. Бірінші сыныптан үшінші сыныпқа көшу кезінде мектеп оқушыларының бойында өзін-өзі сынау деңгейі жоғарылайды, бұл әсіресе мектептегі үлгерімінде айқын көрінеді. Бастауыш сынып оқушыларының арасындағы өзін-өзі бағалаудың рационалды және эмоционалды компоненттерінің үйлесуі «Мен-нақты» және «Мен-идеалдың» біртіндеп алшақтауына алып келеді және ол өзін-өзі құрметтеу сияқты субъективті бағалау компонентінің қалыптасуымен байланысты.

Бастауыш сынып оқушысы өзін-өзі бағалау идеясындағы «жақсы - жаман» логикасындағы «ақ-қара» идеясынан біртіндеп алшақтайды. Уақыт өте келе ол «жақсы оқушы» мен «жақсы» арасында айырмашылықтар барын түсінеді; «жақсы» мен «қабілетті, ақылды, ұқыпты, өзін қорғай алатын» арасындағы айырмашылықты да түсіне бастайды. Дәл осы жаста осындай айырмашылық туралы білуі норма болуы керек. Сонымен бірге оқушының нақты мінез-құлқы, оның қасиеттері мен іс-әрекеттері әлеуметтік нормалармен және идеялармен сәйкес келмеуі мүмкін [14, 29-37].

Қорытынды. Сонымен, оқыту процесі баланың оқу іс-әрекетінің мазмұны мен сипаттамаларын белгілейді. Бастауыш мектеп оқушыларының әлеуметтік интеллектісінің қалыптасуы мен дамуы оқу, тәжірибе мен білімді кеңейту арқылы жүреді. Сол себепті қазіргі мектептегі білім берудің басты мақсаты қоршаған социуммен әр түрлі, оңтайлы өзара әрекеттесуге, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге дайын тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бастауыш сыныптардағы оқу жағдайы олардың әлеуметтік интеллектісі қалыптасатын және дамитын жағдайлар туғызуы керек. Бастауыш сынып оқушысының интеллекті – бұл оқушының игеретін әлеуметтік білім, қабылдау, эмпатия, өзара әрекеттесу және т.б. негізінде дамитын қоршаған тіршілік кеңістігінде түрлі маңызды міндеттерді шеше отырып (әлеуметтік және жеке) бағдарлай алу қабілетінің ажырамас бөлігі.

Бастауыш сынып оқушыларында көптеген бірқатар жағымды өзгерістер орын алады, бұл – оқу іс-әрекеті мен қоршаған әлемге деген танымдық талпынысты қалыптастыруға, өзін-өзі реттеу және ұйымдастыру дағдыларын дамытуға аса қолайлы кезең. Мектептегі оқытудың нәтижесінде балалардың дамуының барлық салалары сапалы түрде өзгереді, қайта құрылады. Олардың өзін-өзі тануы қарқынды дамып, нығайып, жаңа құндылықтармен толықтырылады. Балалардың мәдени сөйлеуді меңгеруі оларды психикалық және ақыл-ой дамуының жаңа кезеңіне бағдарлайды. 7 жастан 11 жасқа дейін балалар өздерінің, әрине, әлеуметтік ықпалға ұшырайтын тұлға екенін түсіне бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Виготский Л.С. *Вопросы детской психологии*. – СПб.: Союз, 1997. – 220 с.
2. Божович Л. И. *Проблемы формирования личности*. Избр. пси-хол. тр. /Л.И. Божович; под ред. А.А. Бодалева. – М.: Изд-во Моск. психол.-социал. ин-та. – Воронеж: МОДЭК, 1995. – 350 с.
3. Матюхина М.В. *Психология младшего школьника*. – М.: Просвещение, 1976. – 208 с.
4. *Основы педагогики и психологии младшего школьника [Текст] / А.Ю. Нагорнова [и др.]. – Ульяновск: Изд-во УлГПУ, 2012. – 329 с.*
5. Эльконин Д.Б. *Избранные психологические труды*. – М.: Педагогика, 1989. – 560 с.

6. Сапогова Е.Е. Психология развития человека. – М.: Аспект Пресс, 2005. – 460 с.
7. Баранова Э. А. Диагностика познавательного интереса у младших школьников и дошкольников. – СПб.: Речь, 2005. – 128 с.
8. Возрастная и педагогическая психология. Учеб.пособие для студентов пед. вузов / [сост. И.В. Дубровина и др.]. – М.: Академия, 2003. – 368 с.
9. Божович Л.И. Проблемы формирования личности [Текст]: избр. пси-хол. тр. / Л. И. Божович; под ред. А.А. Бодалева. – М.: Изд-во Моск. психол.-социал. ин-та; Воронеж: МОДЭК, 1995. – 350 с.
10. Мухина В.С. Возрастная психология: детство, отрочество, юность [Текст]: хрестоматия / В. С. Мухина, А.А. Хвостов. – М.: Академия, 2007. – 624 с.
11. Гуманистические тенденции в развитии непрерывного образования взрослых в России и США [Текст] / под общ.ред. М.В. Кларина И.Н. Семенова. – М.: ИТПиММО РАО, 1994. – 189 с.
12. Тышкова М. Исследование устойчивости личности детей и подростков в трудных ситуациях // Вопросы психологии. – 1987. – № 1. – С. 27-33.
13. Хрипкова А.Г. Мир детства: младший школьник. – М.: Педагогика, 1981. – 400 с.
14. Архиреева Т.В. Становление критического отношения к себе у детей младшего школьного возраста [Текст] / Т.В. Архиреева // Вопросы психологии. – 2005. – № 3. – С. 29-37.

МРНТИ 14.35.09

А.Қ. Ахметова¹, Л.О. Бірімгазина¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ӘБЛАХАТ ЕСПАЕВ ӘНДЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелері қарастырылған. «Қабілет», «шығармашылық», «шығармашылық қабілет» ұғымдары ғалымдардың еңбектері бойынша әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты ашылып зерттелген.

Ұмытылып бара жатқан ата-бабаларымыздан мирас болып қалған, қанымыз бен тамырымызға сіңген ізгі қасиеттерді қайта жаңғырту мәселесі де тысқары қалмаған. Атап айтқанда, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, әдет-ғұрыптарымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз өн бойымызда мәңгілікке қалуы керек.

«Рухани жаңғыру» аясында тәрбиелеу мәселесіне сай келетін Әбілахат Еспаев әндерінің мектептегі музыка бағдарламаларында қаншалықты қолданыста екендігіне толық талдау жасалынған. Әсіресе, музыка сабағы бойынша композитордың әндері бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту көзделген. Авторлар композитор әндерінің мазмұнын, сипатын, тақырыптарын жете аша зерттеген.

Түйін сөздер: шығармашылық, тәрбие, дидактика, оқыту, білім беру, ұстаным, әдіс, ойын, қабілет, музыка сабағы, өлшем, ән жанры, импровизация.

Akhmetova A.K.¹, Brimgazina L.U.¹

¹ Kazakh national pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan

PROBLEMS IN THE DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF STUDENTS OF PRIMARY CLASSES THROUGH A.ESBAEV SONGS.

Abstract

The article considers the development of creative abilities of young students. The concepts of "ability", "creativity", "creative ability" are studied in detail in the work of scientists.

Also, there was discussed the issue and the question of regeneration of virtues, inherited from our forgotten ancestors, rooted in our blood and roots. In particularly, our national traditions, language and music, literature, customs, especially, our national spirit must always remain in our heart.

In the framework of "Spiritual Revival" is a detailed analysis of the use of the song by Abilahata Espaeva in school music programs, which correspond to the problem of education. In particular, the composer's songs in music lessons are intended for the development of creative abilities of young schoolchildren. The authors thoroughly studied the content, character and theme of the song of the composer.

Keywords: creativity, upbringing, didactics, training, education, position, method, game, ability, music lesson, size, genre of song, improvisation.

Ахметова А.К.¹, Бримгазина Л.У.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Республика Казахстан

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПОСРЕДСТВОМ ПЕСЕН А.ЕСПАЕВА

Аннотация

В статье рассматривается развитие творческих способностей учащихся начальных классов. Понятия «способности», «креативность», «творческие способности» подробно исследуются в трудах ученых.

Не осталась без внимания и вопрос возрождения добродетелей, унаследованных от наших забытых предков, укоренившихся в нашей крови и корнях. В частности, наши национальные традиции, язык и музыка, литература, обычаи, одним словом, наш национальный дух должен оставаться навсегда в наших сердцах.

В рамках «Духовного возрождения» проводится подробный анализ использования песен Абилахата Еспаева в школьных музыкальных программах, которые соответствуют проблеме воспитания. В частности, песни композитора на уроках музыки предназначены для развития творческих способностей младших школьников. Авторы досконально изучили содержание, характер и тематику песен композитора.

Ключевые слова: творчество, воспитание, дидактика, обучение, образование, позиция, метод, игра, способность, урок музыки, размер, жанр песни, импровизация.

Кіріспе. Қазіргі қоғам түрлі әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерге қалай қарау керек екендігін білетін белсенді және креативті адамдарды қажет етеді. Сондықтан мектепке үлкен рөл жүктеледі, себебі қоғамға оқушылардың шығармашылықтарын дамытып отыратын ізденіс үстіндегі ұстаздар керек. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі адамзат тарихының тереңінен бастау алады. Абай Құнанбайұлы қара сөздерінде баланың дүниеге келгендегі қабілеттерін дамытып, шыңдап отыру қажет екендігін, себебі олардың сонда ғана пайдаға асатынын айтқан. Керісінше назардан тыс қалған қабілеттілер жойылып, жоқ болатынын жазған [1].

«Білім беру туралы» Заңда білім беру жүйесінің «тұлғаның шығармашылық, рухани, адамгершілік және дене мүмкіншіліктерін дамыту, адамгершіліктің және салауатты өмір салтының берік негізін қалыптастыру, жеке дамуға жағдайлар жасай отырып интеллектті байыту» секілді міндеттері көрсетілген [2].

Еліміздің ертені, ұлтымыздың болашағы – жастарды «Рухани жаңғыру» аясында тәрбиелеу – тәрбиенің басты міндеттерінің бірі [3].

«Сондықтан қазіргі заманда ұрпағымызды төл мәдениетіміздің негізінде тәрбиелеу – өзекті мәселе. «Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті», - деген Тарақты Акселеудің пікіріне қосыламыз, себебі болашақта жас жеткіншектерді тәрбиелеудің бірден-бір жолы – төлтума мәдениет [4].

Қайта жаңғыру жолында ата-бабаларымыздан мирас болып қалған, қанымызға сіңген, тамырымызды бойлаған ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз қажет. Әсіресе, біздің ұлттық дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, ырым-тыйымдарымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгілікке қалуы керек.

Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттері қарастырылған еңбектерді талдай отырып, әлі ауқымды да тереңірек қарастыру қажеттігі байқалады. Музыкалық педагогика мәселелеріне қатысты арнайы шыққан әдебиеттерде шығармашылық қабілеттердің жалпы білім беретін мектептерде пайдаланылуын және толық зерттелгенін таба алмадық.

Осы орайда, ұмытылып бара жатқан, ән жанрымен айналысқан Әбілахат Еспаевтың алатын орны ерекше, себебі оның әндері халықтық, ұлттық негізде жазылған, тіпті мазмұны жағынан қазіргі заман

талаптарымен үндесіп жатыр десек те болады. Сондықтан оның әндері арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту көзделіп отыр.

Зерттеудің әдіснамасы. Шығармашылық қабілеттерді талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуы талап етеді.

Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық-тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратынын атап көрсетеді.

«Қабілеттер – білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері» - дейді А.В. Петровский [5]. Академик Т.Тәжібаев «қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауында көрінетін адамның жеке қасиеті», - деп жазады [6].

Қабілеттер жалпы және арнайы деп бөлінеді, арнайы қабілет дегеніміз – іс-әрекеттің қандайда бір арнайы түрімен айналасуда (мысалы: әдебиет, сурет өнері, музыкалық және т.б.) жоғары нәтижелерге жетуге түрткі болатын жеке адамның қасиеттер жүйесі. Негізінен бұл екі қабілеттер де жалпы мен ерекшенің арақатынасы ретінде қарастырылады. С.Л. Рубинштейн оны былай деп сипаттаған: «адамның қабілеттері шындығында әрқашан жалпы және арнайы қасиеттерінің белгілі бір бірлігінде берілген» [7].

Қабілеттердің даму, қалыптасу ерекшеліктері жайлы жазылған Қазақстандық психолог ғалымдардың еңбектерінің құндылығы өте зор. Бұған Ж.Аймауытовтың «Жан дүниесі және өнертандау», М.Мұқановтың «Ақыл-ой өрісі», С.М. Жақыпов, Қ.Жарықбаевтың еңбектері дәлел.

Ә.Алдәуратовтың басшылығымен жарыққа шыққан «Жалпы психология» оқулығында авторлар «қабілеттер – бұл адамның жеке ерекшелігі, яғни бір адамды екінші адамнан ерекшелендіретін психологиялық қасиет» деп түсіндіріп, қабілет түрлерін жан-жақты терең зерттеген [8].

«Музыкалық қабілеттің психологиясы» атты еңбектің авторы Б.М. Теплов «тек ерекше интеллектуалды және эмоционалды ғана қабілетті музыкант бола алады» - деген пікірді айтады. Б.М. Теплов еңбегінің ең басты құндылығы негізгі музыкалық қабілеттер, ладтық және ырғақтық сезім, мелодиялық, гармониялық, «абсалютті» есту сынды жеке адамға тән іс-әрекеттерді детальды түрде қарастырады. Оның пікірінше, қабілет үнемі даму, қозғалыс үстінде ғана емес, арнайы бір өнер (музыка) түрінде дамығанда ғана маңызды.

Сонымен қатар психологтар қабілеттердің деңгейлерін анықтады: *репродуктивті* (өнімсіз) – іс-әрекетті, не білімді берілген үлгі бойынша қабылдай, меңгере алу деңгейі. *Шығармашылық* – жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Олай болса, қабілет дегеніміз – іс-әрекеттің табыстылығының деңгейі мен жүзеге асу мүмкіндігі тәуелді болатын жеке адамның қасиеті.

Ал «шығармашылық» сөзінің төркіні «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. Олай болса, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық – қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», - деп түсіндіріледі" [9]. Демек, шығармашылық әрқашан сапалы жаңа, нақты рухани және материалдық құндылықтар жасайтын адам іс-әрекетінің даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Шығармашылықтың сипаты мен көрінісі көптеген факторларға байланысты. Негізінен бұл факторлар үш үлкен топқа бөлінеді:

- бірінші топқа табиғи нышандар мен жеке тұлғаға тән қасиеттер және ерекшеліктер жатады;
- екінші топқа шығармашылық қабілеттердің қалыптасуы және оның қалыптасуына әлеуметтік ортаның әсер ету түрлері мен формалары жатады;
- үшінші топқа шығармашылық әлеуеттің (шығармашылық көріністердің) дамуының іс-әрекет сипаты мен құрылымына тәуелділігі жатады.

«Шығармашылық» ұғымын талдай отырып, біз шығармашылық қабілеттер басқалар сияқты тұқым қуалаушылық факторларға тәуелді деген тұжырымға келеміз, бірақ қоғамның да едәуір әсері бар.

Демократиялық педагогиканың классиктері де (И.Г. Песталоцци, Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский, Ы.Алтынсарин және т.б.) жеке тұлғаның өзінің белсенділігіне, оның шығармашылық – қайта құру іс-әрекетіне үлкен мән берген.

Сонымен, шығармашылық қабілеттер – шығармашылық тұрғыда бір адамды екінші адамнан ажыратып тұратын жеке психологиялық ерекшелік. Яғни оқу іс-әрекетінен шығармашылық іс-әрекеттің айырмашылығы – баланың өзін-өзі тәрбиелеуге, өз ойларын жүзеге асыруға бағытталған жаңа бағыттарды іздеуі. Мысалы, оқу іс-әрекетінде күнделікті сабақтар болып жатса, шығармашылық іс-

әрекетте бала іздену жұмысымен айналысады. Оқу іс-әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық іс-әрекет алға қойған мақсатты шешу барысында нәтижеге жетеді.

Музыкалық педагогика мен психологияда шығармашылықтың тәрбиелік мәнін жоғары бағалаған бірқатар теориялық және практикалық еңбектер баршылық. Олар атақты кеңес ғалымдары мен педагогтары: Б.В. Асафьев, Б.Л. Яворский, Б.М. Теплов, П.П. Блонский, Л.С. Выготский, М.Румер, Н.Черноиваненко, Н.А. Ветлугина, О.А. Апраксина және т.б.

Н.А. Ветлугинаның мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттері жайлы зерттеулік еңбегі ерекше маңызды. Балалардың әншілік шығармашылығымен айналысқандар В.Баршева, К.Головская. В.Баршева балалар шығармашылығын музыкалық сауаттылық бойынша берілген білімді меңгерудің белсенді әдісі деп анықтаса [10], ал К.Головскаяның пікірінше, оқушының шығармашылығы «музыкалық сауаттылық негізінде әуен, өлең, аспаптық шығармаларды шығаруда балалардың бастамасынан көрінеді» деп түсіндіреді [11].

Ғалым, педагог О.А. Апраксина музыка сабақтарын түзуге, құрастыруға қатысты және әдіс-тәсілдерді таңдауда жалпы дидактикалық, сондай-ақ эмоционалдық пен саналылықтың, көркемдік пен техникалықтың бірлігі принциптеріне сүйенудің, сөйтіп шығармашылықты дамытудың қажеттігі жайлы құнды ұсыныстар жасады.

Қазақстандық ғалымдар, музыка сабағы бағдарламаларының авторлары М.Х. Балтабаев, Б.М. Бекмұхамедов, А.Райымбергенов, Ш.Б. Құлмановалар да ғылыми еңбектерінде мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттеріне аса назар аударды.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ халқының өнер саласындағы ән жанры өмірдің көптеген қырлары мен құпияларын суреттейді. Олай болса, оқушыларда әншілік өнер туралы ұғым-түсініктерді қалыптастыру – ұлттық тәрбиенің негіздерінің бірі. Тіпті, оқушылар кейбір әндерді білгендерімен, оның ішкі ерекшеліктерін түсінбейді. «Ән – өмірдің шежіресі, өмірдің сәулесі, музыка біткеннің негізі, керегетасы, халықтың игілігі мен ақыл-парасаты» деп А. Толстой бекер айтпаған [12].

Әбілахат Еспаевтың музыкалық шығармаларына өз уақытында Өмірбек Байділдаев, Жоламан Тұрсынбаев және т.б. лайықты бағаларын берді. Әсіресе, Әбілахат Еспаевтың өмірі, қызметі, таланты толығымен суреттеліп, кейбір шығармаларына біраз зерттеулер болғанымен, оның шығармашылығының педагогикалық табиғаты зерттелмеген.

Әбілахат Еспаев әндерінің тақырыбы сан алуан халық шығармашылығының сазымен үндес, сонымен бірге жаңа толқынды, эмоциялы, шабытты болып келеді. Композитордың Отан-ананың, бейбітшілік пен достықты арқау ететін туындыларында азаматтық, патриоттық үн, қазақтың әзіл-күлдіргі дәстүрі, лирикалық әуендер әдемі үйлесім тауып, тыңдаушысын еліктіріп, сүйсіндіріп отырады. Оның З.Қабдолов сөзіне жазған «Туған ел», І.Мәмбетовтің өлеңдері бойынша шығарған «Республика туралы жыр», «Октябрь жұлдыздары» сынды әндері кезінде қазақ кеңес композиторлары шығармаларының ең үздіктерінің бірі ретінде аталған еді.

Ал Н.Шәкеновтің өлеңдеріне жазған Отанды, бейбітшілікті жырлаған әндері құлаққа жағымды, жеңіл, мелодиялық бояуы әсерлі. Әсіресе, «Солдат сәлемі» әнінен бояуы анық, айтуға жеңіл, жорық әндеріне ұқсас әуенді байқаймыз. Ал марш екпінді, көтеріңкі жігермен салтанатты рухта жазылған, әділетті, достықты жырлаған «Бейбітшілік сақталады» әні кеңес елінің белгілі композиторлары И.Дунаевский, В.Соловьев-Седой, А.Новиков, В.Мурадели және т.б. бейбітшілікке арналып шығарылған әндерімен рухтас, үндес. Интернационализмге, отансүйгіштікке шақыратын бұл әнді кезінде Роза Бағланова орындап, бүкіл дүние жүзіне таныстырған.

Еліміздің ерлігіне, Отанымыздың достық, бірлігіне, ұлылығына арналған «Гүлденген өлке», «Қазақстан нұрлы аймақ», «Сәулетті Қазақстан» секілді салтанатты ән-хорлары да бар.

Әсіресе, Жамбылдың өлеңіне жазылған, шалқыған шаттыққа толы мажорлы әні «Одағым – бақыт ордасы» Бүкілодақтық ән конкурстарында таңдаулы жүлдеге ие болып, композиторға лауреат атағы берілді.

Жұртқа танымал Әбілахат Еспаевтың «Қайдасындар, достарым» әні әншілердің репертуарларынан ешқашан тысқары қалмаған және де бұл әнді білмейтіндер өте сирек.

Бастауыш сынып оқушыларының (7-10 жас) музыка сабағын ұйымдастыруда баланың барлық организмінде қарқынды өсудің болатынын міндетті түрде ескерген жөн. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін анықтай отырып, Г.С. Тарасов олардың бойында кездестірілетін құбылыстарды анықтады: • бытыраңқы, ұйымдастырылмаған музыкалық тәжірибе; • вокальдық-есту қабілеті (кейде қозғалтқыш-есту қабілеті де) координациясының жеткіліксіздігі; • есту қабілетіне қатысты оқиғалар көрініс әсерінің басым болуы; • боялған рахаттық (гедонистически) сезімге бейімделу; • эмоциялық күйді ауыстырудағы қажеттілік, ерекше албырттық, эмоционалдық күйді бақылаудың жоқтығы; • тікелей күйзеліске бейімделу, қарым-қатынас ситуациясындағы (ересектермен, музыка шығармаларының кейіпкерлерімен) эмоциялық сәйкестендіру; • сезімді сезінуге, образға сүйене отырып

қарым-қатынасты, іс-әрекетті реттеу, бірақ сөзде емес (сөз соңынан нақты көріністі “көруге” ұмтылу; бар образдарды, балалардың ойын-сауығын қортындылай алатын сол сөздерді артық көру); • тек субъективті қызықтыратын, “маңызды” себептердің жолында интеллектуальдық-жігерлі реттеу; • тұлғалық доминанта (басым): түрлі формаларда (дыбыстық, көруде, қозғалтқыш және т.б.) өзін көрсетуге ұмтылу.

Мектептегі музыка сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту ең басты мәселе. Импровизациялау (суырыпсалмалық) музыка сабағында өте маңызды, яғни «импровизация» латын сөзінен аударғанда «ойланбаған жерден, аяқ астынан, кенеттен» деген мағына береді, бұл музыканы түрлендіру деген сөз. Бұл оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамытудың бірден бір түрі.

Барлық қабілет түрлерінің дамуын қамтамасыз ететін ең негізгі фактор – іс-әрекет, олай болса, балалардың негізгі іс-әрекеті – *ойынды* белсендіре отырып, шығармашылық қабілетті дамытуға болатындығы әбден анық.

Ж.Ж. Руссо тәрбиенің мақсатын сөз ете отырып, баланың шығармашылық тұлғасын көрсету керектігін атап өтті. Ол алғаш рет оқытудағы шығармашылық, ізденімпаздық ұстанымын көрсетіп берді [13]. Ал М.Жұмабаевтың ойынша, ойын тәрбиенің негізгі элементі деп тұжырымдалады [14].

А.С. Макаренконың айтуынша, ойын баланың жаңа ортаға тезірек үйренуіне мүмкіндік береді [15]. Ю.К. Бабанский – ойынды бастауыш сынып оқушыларының барлық әрекеттерін ынталандырудың түрлері мен әдістері ретінде ұсынады [16].

